


Рахыш Нәшкенқызы



Ұлытауда тағзым





Рахыш Нәшкенқызы

Ұлытауға тағзым

Ғылыми танымдық деректер



АЛМАТЫ 2009
"ЕЛ-ШЕЖІРЕ"

ББК 63.3 (5 Қаз)
Н 32

Нәшкенқызы Р.

Н 32 Ұлытауға тағзым. – Алматы: “Ел-шежіре”, 2008.
– 224 бет.

ISBN 978-601-7011-26-0

Кең байтақ қазақ даласының барша өңірі, әрбір тұспағы ерекше қасиетті екені дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Яғни, алаш жұртының сан мыңдаған жылдық тарихынан үзбей сыр шертетін, халқымыздың ерлік пен даңққа толы өткені мен бүгінгі, үмітті келешегін үзбей жалғастырып жатқан тарихи аймақтардың орны ерекше. Солардың бірі және бірегейі – Ұлытау! Шежірелі тау Қазақ халқының басын қосқан, кешегі Алтын орданың діңгегін ұстаған Едіге батырдың сүйегі осында жатуының өзі бекерден бекер емес.

Рахыш Нәшкенқызының “Ұлытауға тағзым” кітабы өткен мен бүгінгі тарихи сабақтастығын арқау етіп, бірегей өңірдің қайталанбас сипатын көз алдыға әкелетін құнды еңбек.

Кітап көпшілік қалың оқырмандарға арналған.

Н $\frac{0503020905}{00(05)-08}$ –2008

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7011-26-0

© Нәшкенқызы Р, 2008
© “Ел-шежіре”, 2008

ОЙЛЫ ОҚЫРМАНҒА БІРЕР СӨЗ

Құрметті оқырман! Бүгін өздеріңізбен қауышып отырған осынау кітап — ерекше кітап. Ерекше кітап дейтінім, біріншіден, бұл кітаптың кейіпкерлері жазушының қиялынан туған, жиынтық әдеби бейнелер емес, нақты өмірде бар немесе болған адамдар, яғни күнделікті өмірде өздеріңізбен қоян - қолтық араласып, тізе қоса еңбек еткен, бір жердің топрағын басып, бір жердің ауасын бірге жұтып жүрген жандар.

Екіншіден, кітап авторы тарихи деректерге толы, бірер мағұматы мол дүниелердің басын қосқан. Қысқа мерзімді сапармен экзотикалық шетелдерге саяхат жасап келген соң ат үсті жазылған кітап емес, үш жүздің басын қосқан киеліжер Ұлытауда өмірге келіп, бар санаулы ғұмырын туған жеріне арнаған үлкен жүректі қазақ қызының перзенттік махаббатының белгісі, кітап аты әйгілі тұрғандай — Ұлытауға тағзымы.

Үшіншіден, бұл — Рахыш Нәшкенқызының тырнақалды туындысы, оны жаңа қаламгерлік қырынан елге таныстыратын тұңғыш еңбегі. Шенеуніктер шеруінде жүрген қатардағы лауазымды қызметкер емес, аудан, облыс деңгейіндегі үлкен басшылық баспалдақтарына көтерілген ұлт жанды болған қайраткерінің өз толғаныс, тебіреністері, көзбен көргендерімен көкейге түйгендері, өмір белестерінде кездескен түрлі тарихи тұлғалар жайлы парасат — пайымы, естеліктері, ұзақ жылдар бойы тірнектеп жинап — тергендері. Тіптен өзінің Ұлытауына қатысты ән-күйлер де бұл кітаптан лайықты орын тапқан.

Төртіншіден, “Отан от басынан басталады” демекші, отбасылық шежірені тарқата отырып, тамыры тарих тереңіне кеткен әулетінің тарихынан да сыр шертеді, оларға қатысты ел аузында жүрген аңыз - әңгімелерді де назардан тыс қалдырмайды. Қарға тамырлы қазақ осы кітап арқылы өзінің ата-баба, шыққан тегіне

катысты да талай тың деректерге де кезігері хақ. Өз тарихы, шыққан түбін тілге тиек етуі автордың рушылдығын емес, “жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер” деген қағидаға беріктігін байқатса керек. Қыз да болса, ер азаматтай атқа қонып, ел билігіне ерте араласқан Рахыш жетіатасынан тарағандардың емес, жеті жұрттың қамын ойлап, қолынан келген қамқорлығын мұқтаж жандардың ешбірінен аямайтын қарындасымыздың бірі. Оған дәлел, осы кітапқа енген, түрлі газет журналдарда әр жылдары Рахыш Нәшкенқызы жайлы жазылған мақалалар, сұхбаттар, ел-жұрттың жылы лебіздерімен арнау өлеңдері. Елге белгілі ақын-жазушылардың шын ықласпен оған берген қолтаңба — автографтары. “Мен сондаймын”, “мен мұндаймын” деп өзін-өзі мақтайтын авторларды күнделікті өмірде кездестіріп те қаламыз. Рахыш Ыдырысова ондайлардан аулақ, сыпайы, әдепті, мәдениетті автор.

Бесіншіден, бұл кітап уақыт өте келе кейінгі толқын жастар үшін, әсіресе өлке тарихын тереңірек білуге ынтызар оқушылармен студенттер үшін таптырмас оқу құралы, көмекші оқулық іспетті болатынына күмәніміз жоқ. Фото — суреттердің өзі автордың бай да, жанжақты өмірінен хабардар етеді.

Алтыншыдан, қаржысы мол адамның ақша төлеп біреуге жаздырған кітабындай сылдыр, сұлу сөздер тізбегінен құралған сабын көбігіндей құр қампиған кітап емес, әр сөзі тайға таңба басқандай, айтар ойы айқын, ұстаған бағыт бағдары белгілі, жүректен шығып, жүректерден орын алатын дүние.

Жетіншіден, біз тұсауын кескелі отырған осы кітаптың сапары сәтті, қадамы құтты болсын!

Игі ниетпен, академик Төрекелді ШАРМАНОВ

ҚОЙНАУЫ ТАРИХҚА, БАУЫРЫ БАЙЛЫҚҚА ТОЛЫ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰТ МЕКЕНІ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Ұлытау — табиғаты бай, жағалай көк орман көмкерген көз тартар көркем, ауасы жұпар, нағыз жерұйық мекен. Бұл таудың биіктігі — 1134 метр. Ұлытаудың ұлы атануы тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, тарихтың үлкен оқиғаларында бүкіл ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан Ұлытау атанған. Тарихымыздың алтын тұғыры болған, байтақ тарихымызды кеудесінде сақтай алған қасиетті жер — Ұлытау.

Ұлытау өңірінің жазы жайлы, салқын самал соғып, жаныңды жадыратып, бойыңды сергітіп тұрады. Ал қысы өте қатал, ақ түтек боранды, сықырлаған сары аязды болып келеді. Ұлытаудың бір өзінде ғана 21 дара, 91 бұлақ бар. Ұлытаудан Жаңғабыл, Үлкен жыланшық, Терісбұтақ, Қаракенгір, Жезді, Тамды атты күміс сулы алты өзен бастау алады. Осы өңірде балығы тулап, құс базары шулаған 21-ден астам айдын көл бар. Ұлытау жерінде өсімдіктің де көптеген түрлері өседі. Ұлытау даласы аңдарға да бай бай өлке. Жазығында ақ бөкендер ақтылы қоймен бірге жайылса, асқарында елік, қарақұйрық, арқарлар асыр салады. Ал орманында ор қояндар ойнақтап, қамысында қабандар, қаға берісінде қасқыр, сілеусін, қызыл алтай түлкі мен қарасақ сынды аңдарды кездестіресіз.

Сонымен бірге, Ұлытау—қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған тарихынан сыр шертетін шежіре тау.

Қаншама кең болса да аспан асты,
Бірліктің басталған жер бастамасы.
Көк төбе, жер ортасы осы — Ұлытау,
Қазақтың бір кездегі астанасы,—

деп ақын жырлағандай...

Бауыры байлыққа, қойнауы тарихқа толы, Арқаның асқары, қасиетті қарт Ұлытау қашаннан қазақтың жер-ұйығы, құт мекені, көшесіз көне астанасы болған. Ел арасында “Ұлытауға бардың ба, ұлар етін жедің бе?” деген қанатты сөз бар. Бұл елдің осы Ұлытауға деген сүйіспеншілігінен, алыста жүрген бауырларымыздың қасиетті жерге деген сағынышынан туған болса керек. Қия шыңдарында қыраны мен ұлары мекендеп, арқары мен тау текесі асыр салған, жазығында құланы мен киігі жортқан Ұлытау өңірінде талай-талай тарихи маңызы зор жиындар өткені аян. Солардың бірі ғасырлар қалтарысында қалып қоймай, бізге жеткен шындық: осы тауда үш жүздің ел қамын ойлаған игі жақсылары бас қосып, тарыдай бытыраған қазақ халқының басын біріктіріп, көшпелі елді көшпелі елге айналдыру, қазақтың шетсіз, шексіз кең даласына көз алартып, қапы қалдырып, сан соқтырып жүрген жаудан елді, жерді қорғауда тұтас бір күшке айналып, бірігіп соққы беру, ел тізгінін берік ұстау жөнінде ақыл қорытар алқалы мәжіліс өткізген. Сондай мәжілістерде ұлы істер тындырылып, ұлы мақсаттары жүзеге асқан дуалы ауыз халық даналары бұрын “Көрітау”, “Көктөбе”, “Мүзбел” аталынып келген бұл тауға қарап тұрып: “Сенде ұлы іс тындырылды, енді сенің атың Көктөбе емес, “Ұлытау” болсын” деген екен. Сөйтіп бұл жерде елдік пен ерліктің туы көтерілген. Міне, сондықтан да Ұлытау барша қазақ баласы үшін нағыз жерұйық, құт мекен болып табылады.

Ұлытау аймағындағы мәдени ескерткіштер, тас мүсіндер шоғыры, тастағы таңбалар мен ою-өрнектер, сонымен қатар алыстан мұнарланып көзтартар мавзолейлер мен мазарлар біздің халқымыздың ғажайып өнерін, үлкен шеберлігін көрсететін дүние. Әсіресе, біздің өңірдің Зыңғыр таудағы тастарға салынған бейнелер, Барақкөл мен Жетіқыз жазығындағы тас мүсіндер, Алашахан, Жошыхан, Домбауыл, Бескүмбез, Төртқара, Дүзен мавзолейлерін аралап көргенде ата-бабаларымыздың өнеріне таңданбасқа шараң жоқ. Мавзолейлер мен мазарлардың құрылысы, кірпіштерінің құрамында, қалану әдісі мен олардың өзара байланыстырылуында (бір де бір шегесіз),

өрнектері мен бояуларының өзінде үлкен құпия сыр жатыр. Адамды көруге де ынтықтыратын сол құпиялар ғой деп ойлаймыз. Бұның бәрі өткен ғасырда өмір сүрген, қарапайым қазақ халқының, ата-бабаларымыздың үлкен қол өнер шеберліктерін айғақтайды. Ұлытаудың бай мәдени-тарихи ескерткіштері мен тас мүсіндер шоғыры, оның ашық аспан астындағы алып мұражай-музей екендігінің нағыз дәлелі.

Ұлытау—ұлы топырақ. Жерінің үсті тарихи музей сияқты болса, жерінің астын асыл кендердің қоймасы деп атаса да артық емес. Бұл аймақты көруге сан мыңдаған адамдар сабылып келіп, ұмытылмас әсер алып қайтып жүр. Олар жоғарыда аталған ескерткіштерді көріп, Едіге, Айбас батырлар мен Тоқтамыс хан жатқан биік тауға шығып, ізінен қан шұбырған Ақсақ Темірдің Тоқтамысты шабуға келе жатып, осы таудың баурайында 200 мың әскеріне бір-бір тастан тасытып, жасанды тау тұрғызып, басына тас балқытатын пеш салдырып, талдан көмір жасап, метеорит тасын балқытып, атын жаздырып қалдырған. Бұл тастан мынадай жазуды оқуға болады: “Тарихтың жеті жүз тоқсан екінші қой жылы. Жаздың ара (шілде) айы. Тұранның сұлтаны Темірбек екі жүз мың әскерімен Тоқтамыс ханға соғысқа жүреді. Бұл жерден өтіп бара жатып, белгі болсын деп осы жазуды қалдырды. Тәңірі нәсіп берсін. Иншалла, тәңірі бұл кісіге рахым қылып, барша адам есіне алып жүрсін.” (Ақселеу Сейдімбектің “Күңгір-күңгір күмбездер” кітабынан)

Бұл орын “АЛТЫН шоқы” аталып кеткен, Ұлытауға ат басын тіреген кез келген мейман оны тамашалап қайтады.

Міне Ұлытаудың төбесі керемет биік болмағанымен, атағын асқақтатып, атын шығаруға оның тарихының қазақ халқының тарихымен өзектестігі себеп болды. Бұл Ұлытауда Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаевтың бесінші атасы Кеңгірбай т.б. атақты адамдар болған.

Егер де Ұлытау сөйлеп кетсе, халқымыздың өткендегі өмірінен сыр шертіп, талай ойранды оқиғаларды көз алдына әкеліп, тарихымызға қанықтырар еді. Бұл өңірден Аманкелді Имановтай батыр, Әліби

Жанкелдин, Әділбек Майкөтов, Иса Дәулетбеков, Сабыр Шәріпов сияқты революционерлер шықты. “Ерлік-елге мұра, ұрпаққа-ұран” дегендей бұлар артында өшпес мұра, өлмес өнеге қалдырған қазақ халқының адал да, асыл ұлдары еді.

1939 жылдың қазан айының 18-ші жұлдызында ҚазақССР-і Жоғарғы Советінің Указымен (бұрын Қарсақбай ауданына қарап келген) Ұлытау өз алдына аудан болып, бөлініп шықты. Аудан сол уақытта “Талап”, “Желдіадыр”, “Қызыл ту”, “Қара адыр”, “Қызыл коммуна”, “Бірінші май”, “Калинин”, “Сталин”, “Большевик”, “Лениншіл”, “Жігерлі”, “Бостандық”, “Үлгілі”, “Айыртау”, “Бірлік”, “Қызыл дихан”, “Комсомол”, “Октябрь”, “Қызыл шың”, “Коммуна”, “Қазақстан”, “Үлкен бұлақ”, “Алғабас” деп аталатын 23 колхозды біріктірген болатын.

1940 жылдың 21-ақпанында I-аудандық партия конференциясында аудан партия ұйымы құрылған. Сол жолы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Аманжол Нұрманов сайланады. Ал, аудандық атқару комитетінің төрағасы – Әбіл Рахимов, комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып Н.Мамаев деген азаматтар сайланып қойылады.

Осы кезден бастап, Ұлытау өңірінің өркендеуіне зор үлес қосып, оның нығайып, берік орнығуына айрықша еңбек еткен ардақты ағаларымыз: Шенеу Далабаев, Үдербай Шорин, Иманжан Жылқайдаров, Көкше Жәутікөв аттарын мақтанышпен атай аламыз. Сонымен қатар ауданның байлығын молайтып, ортақ қазанды толтырып, еңбекті ұйымдастыруға белсене кіріскен сол кездегі селолық Советтер мен колхоз төрағалары: Жантілеу Анаров, Әбдіраш Әлібаев, Нұрпейіс Асылбаев, Торғай Атабаев, Құрмаш Айманов, Әділбек Әлімханов, Аймағанбет Әбеев, Омар Айранбаев, Нұрпейіс Асылбаев, Тілеу Аманов, Біләл Әбеев, Құрмансейіт Баймағанбетов, Машайық Балдуов, Дүйсенбек Бекембаев, Базарбек Байболов, Кәтжан Байділдин, Кенжебек Байқадамов, Әжігелді Бақберген, Әжібек Бақберген, Құдайберген Бекболатов, Қасымбек Бейісов, Қасым Бәймендинов, Құдабай Бекболатов, Естай Дүйсен, Нәшкен Ыдырысов,

Қамза Жанжігітов, Баттал Дәуімбаев, Жалмағанбет Мұқанов, Қалқұл Тоқболатов, Нәби Шопағұлов, Әбжаппар Сүлейменов, Төлепберген Қодықов, Балтабай Қазыбаев, Әділбек Кеңгірбаев, Әне Сағынбаев, Әбдіғапар Малкелдин, Сұлтанбек Таубаев, Қоныс Мыңбаев, молдабай Кеңесов, Ахмет Қодаров, Әшім Ермағанбетов, Есжан Құлынбаев, Кәрібай Найманбаев, Жүнісбек Смайылов, Есілбай Әбдіғалиев, Өтепбай Рысмағанбетов, Дихан Жұмабеков, Қыпшақбай Құлахметов, Төлеген Әбенев сынды ата-ағалар қиын кезде ел басқарып, ұлы істердің ұйытқысы болды.

Ұлытау топырағында туып, Ұлы Отан соғысына аттанған, сонда ерлікпен қаза тапқан жалынды публицист-жауынгер — Баубек Бұлқышев пен қазақтан шыққан алғашқы әскери ұшқыш Серікбай Асатовтардың өмірі бүгінгі ұрпаққа үлгі болатынын айтпаса да түсінікті жәйт.

Осы ата-ағаларымыздың ерлік даңқын жалғастырып, бейбіт өмірде шаруашылықтың шабындығын (қоғамдық малға жем-шөп дайындап жүріп) оттан қорғаймын деп өрт жалынына оранып, жас жанын құрбан еткен Толқынбек Ермағанбетов пен ауғанстанда интернационалдық борышын өтеу кезінде ерлікпен қаза тапқан (19-ақ жасында) Ғибадат Құттыбаев та Ұлытау топырағында туып өскен азаматтар еді.

“Ел басына күн туып, етігімен су кешкен” кезеңде, Ұлы Отан соғысы жылдарында, осы жоғарыда аттары аталған ауыл азаматтарының басым көпшілігі қолына қару алып, ортақ Отанымыз Кеңестер Одағын фашистік жаудан қорғауға аттанғанда, ауылдың ауыртпалығы әйелдер мен қарттарға, бұғанасы бекіп, буыны қатпаған балаларға түсті. Ұлытау өңірінен Отан қорғауға 1750-ге жуық азамат аттанғандығын білеміз. Сол бір қиын шақта, ауыл ауыртпалығын қайыспай көтеріп, бір өзі екі адамның жұмысын атқарып, жеңісті жақындатуға үлес қосқан аналарымыздың қатарында: Ақшп Әлманбетова, Кенжекүл Әлімбекова, Инжу Дүйсенбаева, Қалыш Шопағұлова, Ырқайла Жанұзақова, Хадиша Қазығұлова (*менің өзімнің анам*), Жекен Сейтенова, Үміт Әбішева, Базаркүл Еділбаева, Баңарам Жаппасбаева, Шәкен Бекмурзина, Көкен Тыныш-

тықбаева, Әсия Мастанова, Зейнеш Шағырова, Бибажар Қонысова, Күлназия және Әзиза Бейсекеевалар болған еді.

Сондай-ақ, соғыстан жаралы болып оралса да, бейбіт заманда халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында да еңбек етіп, кейін көз жұмған ардагер аталарымыз бен ағаларымыздың қатары да аз болған жоқ. Олар: Кенжебек Андағұлов, Ермағанбет Бекмағанбетов, Зейнел Ыдырысов, Қарабатыр Бөлекбаев, Мөжен Оразбеков, Әлиакпар Жабағин, Иген Әділбеков, Әлмағанбет Мұқышев, Көпей Нұржанов, Арғынғазы Балмағанбетов, Бексейіт Есмаханов, Мұса Есімбаев, Алтай Омаров, Ибаділдә Қыдырбеков, Жәкіш Әбішев, Хасен Достанов, Балпақ Дәуләшев т.б.

Ұлытау ауданының 70 жылдық тарихында, оның мәдениеті мен экономикасын дамытуға өзіндік үлес қосып, жоғары мемлекеттік наградаларды иеленген азаматтар да баршылық екеніне мақтанамыз. Атап айтсам, Түсіпбек Меңдібаев, Токберген Ахметов, Бөкен Мышанов, Мыңбай Берденов сынды ағалар “Социалистік Еңбек Ері” атағын иеленген, өз кезінде Есмағанбет Шоқтаев, Золотой Бегимов деген ағаларымыз “Ленин” орденінің иегері болған еді. Бұл кісілердің қатарын Құрманәлі Әбілғазинов, Әбіш Сұлтанов, Зейнолла Әбілдин, Қазинаш Тоқпанбетова, Бәтима Берденова, Гүлбану Сүлейменова, Гауңар Әбенова, Қарашаш Оташева, Несібелді Қоғамбаева, Роза Жұмабекова, Бейсенкүл Досмағанбетова, Нұрқаш Ысқақов, Ыбырахым Байболов, Бақыт Досанов, Қоянбай Сейтмағанбетов, Нысанбек Қырықжігітов, Түсіп Қарақойшын, Талғат Нәшкенов есімдерімен толықтыруға болады.

Аудан мектептерінде жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, көптеген шәкірттердің өмірден өз орындарын тауып, “кірпіш болып қалануына” үлестерін қосқан, Кеңестер Одағы мен Қазақстан Республикасы оқу ісінің озаты, Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім атағына және басқа да жоғары үкіметтік наградаларға ие болған Ерғалиев Баракбай, Күлән Сатаева, Ғайнура Еришева, Соня Усманова, Мәрия Қожақбаева, Далапраз Жүнісова, Есен Қаратаева, Рә-

піш Нәшкенова, Сара Оңдыбаева, Күлзия Мұсабекова, Шоқан Оспанбеков, Айман Шадирова, Орынбек Қазанғаров, Шәрипа Сағадиева, Мәрия Бердалина, Тұрсын Қаленова, Үрімтем Бөрібаев, Әбуләйіс Ғазизов, Үмітжан Оспанова, Тұрар Алпысбеков, Залифа Шошақова, Тұрар Омаров, Гүлнар Бегаева, Досым Дүтбаев, Жеңіс Жүндібаева, Түркен Оспанова, Сәлияш Тәшмағанбетова, Әубәкір Әбдірахманов сынды ұстаздар аудан халқы мен шәкірттерінің және олардың ата-аналарының алғысына бөленген жандар.

Ұлытау топырағында туып, өсіп-өнген, аудан мақтаншына айналған, атақ-даңқтары Қазақстан аймағына ғана емес, Кеңестер Одағы мен шет мемлекеттерге танылған қайраткер, ақын-жазушы, ғалым, академик-жерлестеріміз: Әбдісамат Қазақбаев, Мұқан Иманжанов, Айтмұханбет Абдуллин, Мұхаметжан Қаратаев, Зәуре Омарова, Төрекелді Шарманов, Камал Смайылов, Әбулақап Райымбеков, Қоңыратбек Құрманбаев, Өмірхан Байқоңыров, Мәтен Рахымбеков, Ғабдолла Мейрамов, Әбдеш Ерғалиев, Жүрсін Ерманов, Әлихан Бөйменов тауының өрлігін, бабасының ерлігін, даласының дархандығын бойына сіңіріп өскен ұлытаудың ұландары.

Менің сүйікті ауданыма, бұл күнде 70 жыл толып отырғанына орай, айтпай кетуге болмас. Осы жылдар ішінде қиылыспай жатқан істің қисынын тауып, елді еңбекке жұмылдыра білген, халықтың мұң-мұқтажын дер уақытта шешіп, аудан экономикасы мен мәдениетінің дамуына көп үлес қосқан басшы қызметтегі жандар болды. Бұл кісілер өздерінің білімдері мен өмір тәжірибелерін тек Ұлытау халқының өсіп-өркендеуіне, ауданның гүлденуіне жұмсаған. Сондықтан да басшы қызметтегі ардагер-азаматтардың атын атап кеткенім артық болмас деп ойлаймын. Олар, аудандық партия комитетінің бірінші хатшылары: *Аманжол Нұрмақов, Жақан Сүлейменов, Қорабай Елеусізов, Төкен Ысқақов, Сыздық Рахымбеков, Төлеубек Қашқынбаев, Ібіжан Рақымжанов, Мейрам Абақанов, Жаманқұл Шайдаров, Сағадат Дүйсебеков*, әкімдері: *Серік Тілеубаев, Баттал Мұқыш, Рысқали Әбдікерем, Жаңбырбай Дәрібаев* пен аудандық Совет атқару комитетінің төрағалары: *Әбіл*

Рахымбеков, Смақ Ержанов, Қабі Нұрмағанбетов, Әбдіғалым Сәтқожинов, Шәкір Қолдасбаев, Мұқажан Жұмажанов, Төлеу Түлкібаев, Кәрібай Өтеев, Әбдіхамит Қоңырқұлжынов, Сабыржан Досанов, Самат Оспанов, Сайлау Обайдуллин, Шахман Асансейітовтер еді.

Ұлытауда 1981-1995 жылдары аралығында қызмет еткенімде көптеген іскер, тәжірибелі партия, Кеңес қызметкерлерімен әріптес болдым. Олар Ұлытау ауданының оқу, денсаулық сақтау, мәдениет және экономика салаларының дамуына өзіндік үлестерін қосып, із қалдырған жандар. Сонымен бірге, ауданда “Тау гүлі” атты көркемөнерпаздардың хор ұжымы мен “Сарлық самалы”, “Ұлытау” фольклорлық-этнографиялық ансамбілдерінің және Аманкелді, Қаракенгір ауылдарында “халықтық” атағы театр ұжымдарының қалыптасуына ықпал еткен әріптестерім: Сәндібек Құлжабаев, Мұрат Бәйменов, Жолаушы Қасымбеков, Серік Нұржанов, Күләш Дүйсенбаева, Күлбан Нұрғалиева, Шакар Досанова, Сабыр Омаров, Майра Серкебаева, Жарқынбек Бөлендин, Еркін Түсіпбеков, Елтынды Дүйсенбаев, Серік Өткелбаев, Жаңбырбай Дәрібаев, Мөрлібек Мұратбаев, Қозы-Көрпеш Байтоқов, Қоңыр Смағұлов, Гүлмаржан Дүйсенбаева, Әли Қаңтарбаев, Зура Тоқпанбаева, Аспандияр Жарасбаев, Анаркүл Тәжікейқызы, Серікжан Ғабдулахитов, Ахат Құрмансейітов, Мұрат Әбдуалиев, Әйгерім Кеңгірбаева, Марат Ауашев, Байбатыр Шманов, Талғат Сейтжанов (өйгілі халық ақыны Нияз Ожановтың немересі, жалғыз ұлы – Сейтжаннан қалған тұяқ) Шамкен Үрістемов, Сәттібек Қорғанбеков, Орынтай Шманова, Ерғазы Толысбаев, Әлімбек Жандарбековтармен тонның ішкі бауындай, бір от басының баласындай, өзара сыйластықта еңбек еттік.

Ұлытаудың тумасы, ұзақ жылдар аудандық “Ұлытау өңірі” газетінің редакторы қызметін атқарған Мағзұмбек Машайықов :

Жоқ ешкім достық туын құлата алған,
Тау емес қалған мұра бұл атамнан.
Үш жүзі бауырында басын қосты,
Көктөбе содан бері Ұлы атанған.

Бұл таудың басы аласа, даңқы биік,
Ғасырлар сырын жатыр ішке түйіп.
Ат басын Асанқайғы тіреген жер,
“Құт мекен осы екен” деп шын жерұйық.

Отырардан басталған “Жібек жолы”,
Қарт Ұлытаудың ортасын өтер қиып.
Басында ел қорғаған батыр жатыр,
Асынған бес қаруын сауыт киіп.

Шешімгі ел тағдырын осы жерде,
Үш жүздің даналары басын жиып.
Исі қазақ баласы қасиетгі,
Ұлытауға тағзым етер басын иіп.—

деп жырлағандай ...

Жер тарихы – ел тарихы. Ұлытау – ежелгі қоныс, ескі жұрт қана емес, жаңаша түрленген, тарих зердесі жаңаша оқылған Ұлы Даланың ұлағатты кітабы. Мұнда қай кезде де ісі қазақтың басы қосылған. Мұндай тарихи талайлы жерде үш жүздің баласы бас қосып, бөтуаласып, жалпы жұрттық іске, жалпы ұлттық үрдіске бел буған. Еуропаны Рим үстемдігінен азат еткен, арғымағын Дунайға суарған ғұн көсемі Еділ патша батысқа жасаған ұлы жорығын бастарда Ұлытаудың басында абыздардан бата алған. Оғыз қағанның бүкіл түркі жұртын билеген көсемі Қарахан жаз жайлауы Ұлытауда, қыс қыстауы Қарақұмда болған. Ұлытау – ұлт мақтанышы, ол – қазағымның елдігінің, бірлігінің символы. Ұлытау тарихы – ұлы тарих, басы бағзыға кететін баян. Ұлытаудың көгілдір тауы, табиғаты көз қуантар көрікке толы. Ұлытаудың ұлы атануы тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, тарихтың үлкен оқиғаларында бүкіл қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан **Ұлытау атанған**.

Мен осындай киелі топырақтың төл перзенттерінің бірі болғанымға тәубе етемін. Осынау жинақ – менің Ұлытауыма тағзымым деп қабылдаңыздар, ағайын! Тойларыңыз тарқамасын! Той тойға ұлассын дегім келеді!

Ізгі тілекпен, Рахым НӨШКЕНҚИЗЫ

ЕЛБАСЫ ҰЛЫТАУ ТУРАЛЫ

Қызмет бабымен талай-талай тарихи тұлғалармен жүздестім. Қазақ елінің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та ұлылар мекені — Ұлытауға тағзым етті. 1993 жылдың қыркүйегінде Жезқазған облысына келген сапары кезінде Елбасы Ұлытау ауданын аралап, тарихи орындармен танысып, Ұлытау селосының іргесінде, қазақ халқының тұтастығын бейнелейтін Ескерткіш орнатылатын жерде аудан еңбеккерлерімен кездесіп еді. Мемлекет басшысының сол келгендегі сөзі әлі күнге жадымда жаңғыруда:

Құрметті халайық, ағайын-бауырлар! Кешеден бері шала бүлініп, әр түкпірден жиналып менімен кездесу үшін, осындай қошемет көрсету үшін, келіп тұрғандарыңызға шын жүректен алғыс айтамын. Ата-бабамыз армандаған, жерімізді сақтап қалу үшін, еліміздің елдігін сақтап қалу үшін, қазақ халқының тәуелсіздігі жолында құрбан болған бабаларымыздың арманына жетіп, еліміз тәуелсіз болып, өз Туымызды, Әнұранымызды тағайындап жатырмыз. Құдайға шүкір жүз елуден астам мемлекет Қазақстанды, қазақ ұлтын танып, қанатымыз кеңінен жайылып, елдігімізді білдіріп жатырмыз. Ә, дегенде шашылып жатқан қазақтың басын құрау үшін бүкіл дүниежүзі қазақтарының Құрылтайын өткіздік. Өздеріңіз білесіздер, құрметтеп мені сол Құрылтайдың басшысы етіп сайлаған болатын. Содан бері, мінеки, біраз уақыт өтті, амандық болса биыл тәуелсіздігіміздің екінші жылын атап өтеміз.

Айтайын дегенім, тәуелсіздікті сақтап қалу үшін (сыртқы жаудан да, ішкі жуадан да) ең алдымен бабаларымыз өз қазақ халқының бірлігін аңсаған. Қазақ халқы бытыраған кезде елдігінен айырылған, қазақ халқының басы біріккен кезде, бұл халықты жау ала алмаған. Біздің халықтың көне тарихын алатын болсақ, мынау Сарыарқа даласында жатқан мың тарау жол

сияқты, кейде тарап кетеді. содан кейін бір құдықтың басына келіп қосылатын мың тарам жол сияқты басы қосылады. Сонда мемлекет болады, ел болады. Бірлігі тұрғанда мемлекет ешқашан да жоғалмайды. Халықтың дәрежесі мен еңсесі әруақытта жоғары болады. Сол кезең қазір келді. Сол кезеңді елдің есіне түсіру үшін, сол ата-бабаларымыздың жүрген жерін ойлауымыз керек.

Кешегі келеңсіз күндерде бабадан қалған сөзден жаңылып, бағзыдан қалған ізден адасып қала жаздаппыз... Қасиетті орыннан қалғаны Ұлытау мен Ордабасы. Бауырында бабалардан түскен із әлі сайрап жатыр. Басында бабалар дауысы әлі саңқылдап естіліп тұр. Енді сөзден жаңлып, ізден адасар еш ретіміз жоқ. Өткенде Ордабасында бүкіл халықты жинап үлкен мерейтой өткіздік. Әрине Ұлытаудың орны басқа. Біздің Ұлытауымыз бен Ордабасымыз досымызға да, дұшпанымызға да ұялмай көрсетер айбарымыз, ардағымыз, асылымыз. Ұлытауда өз кезінде қазақ халқының үш дана биі ортақ жауға қарсы тұру үшін елдің басын жинап, бас сардарды сайлап, жауға қарсы қойып, қантөгіс қырғында еліміздің тәуелсіздігін сақтап қалған.

Ал оның басы осы Ұлытауда басталған болатын. Тарихты жөндеп, бүгін таласып жататын уақыт емес. Оны тарихшылар жөндей берер. Осы күні неше түрлі еңгімелер айтылып жүр. Әр ауылда, әр облыста өздерінің жағдайымен айтады. Ата-бабадан қалған деректер бойынша ең бірінші қазақтың басы қосылған жері — осы жер. Мұның өзінің тарихи мағынасы бар. Ұлытаудың басына ылғал жиналып, төңірегі көгерген кезде бүкіл қазақ жайлауға келеді екен. Шақырып жатудың қажеті жоқ, өздері жиналады. Осы жерде қазақ халқының әр руының, әр тайпасының, әр ауылдың әкімдері жиналып өздерінің басшыларын сайлаған. Сондай сайлаудың ең басы ХІғасырдың басында болған дейді. Халық жиналып, өзінің ханын сайлап, киізге салып көтерген жері осы екен. Сондықтан біз де солай деп есептеуіміз керек. Қазақтың басы қосылып, ел болып отырғаны мың жылы бұрын десек, ешқандай қиянаттық болмайды. Есім ханнан кейінгі деректер бойынша Едігені хан сайлаған — Ұлытау, Тоқтамыс ханды сайлаған да — Ұлытау. Бабаларымыздың ойлаған ойы мен арманына әрдайым

табынамыз. Сол жолды алға қарай апарамыз. Біздің тарихымыз үзілмейді, әрі қарай жалғаса береді, алға қарай жүре береді, – деп айтқым келіп тұр.

Біз тәуелсіздікті жариялауын жарияладық. Саяси тәуелсіздігіміз бар, ал енді аяғымыздан тік тұрып нағыз тәуелсіз мемлекет болуға бірталай көмек керек. Біраз жылдар керек. Асығып-саспау керек. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Барлық ұлттың өкілдерімен бірге Қазақстанның экономикасын көтеріп жатырмыз. Өз халқымыздың өсуі үшін, қазақ халқының болашағы үшін елдің достығы, елдің бірлігі керек. Ел бір болса, ауыз бірлігіміз болса, бүкіл Қазақстанда тұратын барлық ұлттың өкілдері Қазақстанды Отаным деп санайтын болса елдің іші тыныш болса, сонда жақсы жағдайға қолымыз жетеді амандық болса. Қолымызда егемендік тұрғанда, мемлекетіміз тәуелсіз болып тұрғанда қазақтың өзі кеңшілігін көрсетіп, Қазақстандағы негізгі ұлт ретінде басқа ұлттарға қамқорлық көрсететін кезі келді. Соның ішінде өз халқымыздың, қазақ халқының басы бір болмаса ешқандай егемендікті біз қолға ұстап тұра алмаймыз. Сондықтан менің талай жерде айтып жүрген сөзім бар. Тағы да сіздердің алдарыңызда тұрып, қасиетті де киелі Ұлытаудың етегінде мына Ескерткіш орнататын, елді бірлікке шақыратын құлпытасының жанында тұрып айтарым: біз баяғы өткен ғасырдағы, соның ар жағындағыдай, ру-руға бөлініп, жүз-жүзге бөлініп, әр ру өз батырын сайлаған пәледен құтылыуымыз керек. Елдің басы бірікпесе быт-шыт болып кетеміз. Онда көлденең көк атты келеді де басқарып кете береді. Солай болған. Сол саясатты патша үкіметі де, одан кейінгі Кеңес империясы да жүргізген. Бізді жан-жаққа бөліп, ұлтымызды әлсіретті. Содан кейін кім басқарғысы келсе сол басқарды. Менің замандастарым, үлкен аталар мен ағаларымыз ұрпақты тәрбиелегенде бірлікке, Отанын сүйуге, халқын сүйуге, халқына аянбай еңбек етуге тәрбиелеуі керек. Ұлт – тек қана менің өз басыма керек мәселе емес, халыққа керек, елге, жерге керек. Осындай ұшы-қиырсыз, ұшан-теңіз даланы, осындай кең байлықты ата-бабамыз атпен жүріп-ақ қорғап бізге жеткізді. Біз осы қалпында сақтап, әрі қарай дамыту үшін



Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановқа Ұлытау селосында
қойылған ескерткіш



Ұлытау ауданының орталығы



9 мамыр Жеңіс күніне арналған салтанат. Ұлытау, 1990 ж.



Ұлытау аудандық партия және комсомол комитеттерінің аппарат қызметкерлері. 1983 ж.



Ұлытау «Хан ордасы». 15 қыркүйек, 1993 ж.



Ұлытаудың ұланы, қоғам қайраткері,
бауырымыз Әлихан Бәйменов



Ұлытаулық жерлес ағамыз, академик,
қайраткер Төрегелді Шарманов



Бітімбай Бекмағанбетов, Гүлбану Сүлейменова, Рахыш Нәшкенқызы, Күлпаш Хафизқызы Фариза Оңғарсынованың туған күнінде. Алматы, 23 желтоқсан, 1989 ж.



Мадина Ералиева



Мақпал Жүнісова



Рахыш Нәшкенқызы Жезқазған облысының «Дарынды» оқушы-балалармен бірге Елбасы қабылдауында.
Алматы, 27 мамыр, 1997 ж.



Мемлекеттік қызметкерлердің білімін жетілдіру курсының тыңдаушылары. Астана, 2003 ж.



Республикамыздың вице-министрлері Иманғали Тасмағамбетов пен Нағашыбай Шәйкеновтың қатысуымен өткен аймақтық кеңесте түскенбіз. Көкшетау, тамыз, 1995 ж.



Елбасымен кездесуге қатысқан дарынды оқушылармен Президент Н.Ә.Назарбаевтың мұражайын аралап жүрген сәтіміз. Алматы, 1997 ж.



Менің сүйікті актрисаларым: Роза Өшірбекова, Лидия Каденова, актерым Досқан Жолжақсынов, үйімде қонақта. Жезқазған, 1997 ж.



Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Аппаз Қаражігітов пен оқырмандар: Мұратбек Жұмабеков, Дастан Ыбыраев, Рахыш, Ерлан Аймұрзинов, Әубәкір Смағұлов



Сүйікті ұстазым Хакима Тайырқызымен бірге туған күніме арналған кеште. Жезқазған, 1998 ж.



Серәлі Қожамқұлов атындағы театр артистері: Серік Бұлақбаев, Әбілқасым Шоманов, Досжан Жанботаев, Райхан Ыбыраева т.б.



Қазақтың тұңғыш ғарышкер ұлы, аты әлемге әйгілі Тоқтар Әубәкіровпен бірге (С.Сейфуллиннің 100 жылдығына арналған мерейтой күнінде). 1994 ж.



Әріптестерім: Мейрамбай, Кәмеш, Ольга, Ерлан



«Ұлытау өңірі» газетінің қызметкерлерімен, «Баспасөз» күні құрметіндегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сағдат Дүйсебековтың қабылдауынан соң... 1986 ж.



Мұғалімдердің тамыз маслихатынан соң, аудан басшылары: Сабыржан Досанов, Рахыш Нәшкенқызы, Серік Тілеубаев, Шакар Досанова, Замира Шашақова, Зекен Игенбаев, Аспандияр Жарасбаев «Жас мамандармен» кездесуде. Ұлытау, 1990 ж.




«Жігіт сұлтаны 2003» байқауын ашып беру міндетім еді ғой...



8-наурыз, Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатта отырмыз. Алма Осерова, Елена Карабалакшина, Нина Козицина, Елизавета Жабағенова, Рахыш. 2000 ж.



Түрегеліп тұрғандар (солдан оңға қарай): Мұрат, Маймуна, Өсемгүл, Рахыш, Өубөкір. Отырғандар (солдан оңға қарай): Мұса, Күлзия, Марат, Рахат, Бірімжан.



Анам Хадишаның бауырлары нағашыларым. Отырғандар (солдан оңға қарай): Бәтеш, Рахыш. Түрегеліп тұрғандар (солдан оңға қарай): Нұрғали, Қуандық. 1978 ж.



Украиндық бауырлар Ұлытауда қонақта. 1989 ж.



Ұлытаудағы наурыз мейрамы. 1990 ж.

не істеуіміз керек? Демократиялық мемлекет болу үшін, жаңа экономикаға түсу үшін, дүниежүзіндегі мемлекеттерге өзімізді сыйлатып құрметтеуі үшін, олармен тереземіз тең болуына талпынып, еңбек етуіміз керек. Жамандықтан аулақ, жақсылыққа жақын болғанымыз жөн. Бірі-бірімізге көмектесіп өмір сүрген жөн. Нарық заманы, қиын-қыстау жағдай деп қорқып, үркудің қажеті жоқ. Қазақ халқының өрісінде малы, қоржынында ұны болса ешқандай қиыншылық заман тумайды. Бұл күнде еркіндікті беріп жатырмыз, қанша мал ұстаймын, жер алып үй саламын десе де халықтың еркінде. Жұмыс істеген еңбек еткен адам бұл күнде жаман тұрмайды. Жезқазғанның жер асты қойнауындағы байлықты осы уақытқа дейін өзіміз жұмсап қызығын көріп пе едік? Мінеки бұған да қолымыз жетіп отыр. Осы байлықтың барлығын елдің игілігіне жұмсайтын болсақ, біз әр уақытта жаман жағдайда болмаймыз.

Мына жерге болашақта қойылатын үлкен ескерткіш жолдың үстінде болғаны дұрыс. Әрі өткен, бері өткен көпшілік, қазақ халқының мың жыл бұрынғы бірлігіне куә болсын. Сол бірлік болашақта неше мың жыл жылдарға жалғаса берсін. Біздің болашақ ұрпақ, бала-шағамыз, немере-шөбелеріміз бізді есіне алып, ел бірлігін сақтаған, егеменді ел жасаған туды қолына берік ұстаған бабаларымыз деп әруақытта еске алып жүретін болсын.

Жаңа Хан ордасында болдық. Алашахан, Жошыхан басына бардық. Мынау бұрын-соңды аяқ баспаған жерді аралап жүрміз. Қазақстанның киелі, аруақты жерлерін аралап қуат алу мақсатында. Өмір оңай емес, атабабамыз солтүстікте жатқан Ресей мемлекетімен, оңтүстікте жатқан Орта Азиялық ағайындармен дос болып жатырмыз. Осылай көршілермен тіл тауып, ұрыспай, соғыспай ат төбеліндей қазақты ешқандай апатқа ұшыратпай, қанын төкпей сақтау үшін халықтың болашағын көздеген саясат жүргізіп жатқан жағдайым бар. Сіздер оны дұрыс түсінеді, қолдайды деп сенемін. Сол қолдау маған шабыт береді, аманшылық болса жағдай дұрысталып, айналамыз тыныштықта болса, алар белесіміздің бәрі алда, иншалла, бәрімізді аруақ қолдасын!

Көп рахмет Сіздерге, аман-сау болыңыздар! Барлықтарыңыздың жан ұяларыңызға, туған-туысқандарыңызға, дос-жарандарыңызға шын жүрегімнен жақсылық тілеймін! Бақытты болашақ тілеймін! — деген еді Қазақ Елінің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы.

Р.С. Президенттің сондағы сөзі жарияланған Жезқазған облыстық “Сарыарқа” газетінің, 1993 жылдың 18 қыркүйегіндегі 179-санын көзімнің қарашығындай сақтап жүрмін. Өйткені бұнда менің туған жерім, кіндік кесіп, кір жуған ата қонысым жайлы шын жүректен шыққан тебіреніс сезіледі.

ҰЛЫТУДАҒЫ БІРЛІК МОНУМЕНТІНІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА

Ардақты ағайын, құрметті бауырлар!

Бүгін біз ел өміріндегі тарихи маңызы зор, айтулы оқиғаның куәсі болғалы тұрмыз. Қазақ жерінің қақ төрінен бұдан былай мемлекетіміздің тұтастығы мен халықтарымыздың бірлігін паш етіп, ұлы құндылықтарымызды ұдайы есімізге салып тұратын Бірлік Монументі бой көтермек.

Бұл ескерткіштің осынау Ұлы Дала төсіндегі көне де қасиетті Ұлытауда орнатылуы кездейсоқ емес. Ұлытау— қазақтың көне ғасырлық тарихында ұлан-ғасыр оқиғаларды бастан өткерген, ел басына күн туған шақтарда халқымызға пана болған, хандарымыз өз ордаларын, билеріміз бен батырларымыз бастарын қосып, елдік мәселелер ді шешкен, киелі де құнарлы өрі қазыналы өлке.

Біз, бүгінгі ұрпақ, тәуелсіздігіміз нығайған тұста осынау қастерлі мекенге лайықты құрметімізді көрсетіп, арнайы ескерткіш орнатуға міндетті едік. 1993 жылы болып өткен Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы кезінде осындай бөтуаға келген болатынбыз. Осы ой-ниетіміздің орындалуымен баршаңызды құттықтаймын!

Бұл ескерткіш бүгінгі және келер ұрпақтарды өткен

тарихымызды қастерлеуге, ынтымақ-бірлігімізді арттыра беруге қызмет ететін болсын.

Бұл ескерткіш тағдырдың айдауымен дүниенің төрт бұрышында шашырап жүрген бауырларымыздың есіне өлемде Қазақстан сияқты өздерінің бай да байтақ Атамекені бар екенін, соған тілектес әрі қамқор болып жүру өздерінің парызы екенін естеріне салып тұратын болсын.

Бұл ескерткіш азаматтарымыз алыстан арнайы іздеп келіп, өздерінің Отан мен халық алдындағы борыштарын сезініп соларға адал қызмет етуге жігерленіп аттанатын қасиетті нышанға айналатын болсын деп тілеймін!

*НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті
2005, 13 қыркүйек*

* * *

Айта кетерлік жайт, 2005 жылдың 15 қыркүйегінде Қазақстанның қасиетті һәм киелі ұлы төрі, кезінде ұлтымыздың саяси-әлеуметтік орталығы болған Ұлытау баурайында “Мемлекет тұтастығы мен Қазақстан халықтары бірлігі монументінің” ашылуы алдында Сәтбаев қаласындағы Шынболат Ділдебаев атындағы “Кеншілердің” мәдениет сарайында “Қазақ мемлекеті мен ұлт тұтастығының қалыптасуындағы Ұлытаудың тарихи орны” деген тақырыпта өткен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда белгілі мемлекет, қоғам қайраткері—Кәкімбек Салықов ағамыз “Ұлытау — ел бірлігінің қасиетті ордасы” атты баяндама жасап, ескерткіштің ашылу салтанатына жиналған көпшілік алдында “Ел бірлігінің белгісі” деген арнау-өлеңін оқыды.

ЕЛ БІРЛІГІНІҢ БЕЛГІСІ

Көкшетау мен Ұлытау, Ордабасы,
Бірлік үшін тіл жетпес зор бағасы.
Үшсеуінің Ұлытау төрінде тұр,
Елдің көне саяси астанасы.

Аңызға да, сән берер ертегіге,
Қасиетті Ұлытау етегінде
Ел бірлігі белгісі орнатылды,
Құлаш жайған аспанда ерке күнге.

Тау бөктері төсіне нұр тасыған,
Ғаламатты көргенде қыр басынан
Төрткүл дүние көзіңе елестейді,
Таңғажайып ескерткіш тұрпатынан.

Бүгін лаулап жалыны жанған бірлік,
Табысымен өлемді таңдандырдық
Ауыр күнде Елбасы әдейілеп,
Өзі орнатқан белгіні жандардық.

Ырым, көде, ақ тілек түштеп келді,
Хандар ізін жаңарту-күт деп сенді.
Тарих-ана аттанды сандығына
Он екі жыл бұл күнді күткен белгі.

Ұлы ескерткіш атағы жаңғырады,
Құрмет тұтып, бар қазақ сән қылады.
Мемлекеттік рәміз атанады,
Ту, Елтаңба, секілді Әнұраны.

Ел бірлігі белгісі орнағаны,
Ол сәттілік қазаққа жол қадамы.
Тәуелсіздік бұл да бір шын айғағы,
Ұлытаудың өруағы қолдағаны.
Қазақ деген өрлесе ұлы қауым,
Әр өңірін қалайша ұмытатын.
Ат аунатып Көкше мен Алатауда,
Атыраулатып жайнай бер, Ұлытауым!

*Кәкімбек Салықов.
Ұлытау, 2005 жыл*

Ән-шашу

1989 жылдың 18-19-ы тамызы күндері Ұлытау ауданының құрылғанына 50 жыл толуы салтанатпен атап өтілді, сол тойға шашу ретінде ақын Фариза Оңғарсынова мен сазгер Жағыпар Әлімханов осы әсем әнді тарту етті. Бұл тамаша ән осы салтанатта тұңғыш рет орындалды, орындаған Ұлытаулық әнші-өнерпаз – Мұрат Әбдуалиев *(ол кезде Мұрат аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметінде еді, бүгін де Ел Ордамыз-Астана қаласында қызмет етуде.)* Осынау сырлы сазды, терең мағыналы әнді тек Ұлытаулықтар ғана емес, күллі қазақстандықтар тебірене шырқауда.

Сөзін жазған Фариза Оңғарсынова
Әнін жазған Жағыпар Әлімханов

ҰЛЫТАУЫМ

*Қойылған ескерткіштей нұр күніме,
Ұқсайтын туған жердің кіндігіне.
Киелі бір өлке бар қазағымда,
Ту тіккен тірлігіме, бірлігіме.*

Қайырмасы:

*Тілімнің бесігі,
Жырымның бесігі,
Көңілдей кеңдігімен,
Ерлігі, елдігі
Жадымда өшпейтін, еңселі Ұлытауым!*

*Ұлытау ұлылықтың байрағындай,
Даланың алтын жалы, айдарындай.
Қастерлі, қасиетті тағдырымның,
Қалдырған тарихтарға айғағындай.*

Қайырмасы:

*Ұлытау – күн дидарлы, сырлы аймағым,
Сен жайлы шырқап салар тынбайды әнім.
Ата салт, ана дәстүр-қасиетіңнен,
Нәр алған суалмайтын жыр қайнарым.*

ҰЛЫТАУ

Ойлы, орта екпінде

mf

Кенет шапшан, дүркірете

mf

The musical score consists of ten staves of piano accompaniment. The first staff begins with the tempo marking *mf* and includes the instruction 'Ойлы, орта екпінде' (Thoughtful, moderate tempo). The score features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several dynamic markings, including *mf* and *f*. The piece includes first and second endings, indicated by bracketed numbers 1 and 2. The key signature is one flat (B-flat), and the time signature is 2/4. The score concludes with a final *f* dynamic marking.

Шәміл Әбілтаев—профессионал күйші. Бүкіл одақтық конкурстың лауреаты. Шәміл Әбілтаевтың “Ұлытау күйі” 1975 жылы концерттік сапармен келгенде шығарылған.

...”Ұлытау” күйі—бұл туған жердің өткендегі шежірелі тарихы мен бүгінгі қиялдай ғажайып келбетіне көңіл көзіе зерделету арқылы шабытты тебіреніс үстінде туған күй,— деп жазады белгілі ғалым, өнер зерттеушісі, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбеков. Ұлытау төңірегіне күйші-суреткер көзімен үңіліп көрсек, алдымен Арқаның айдарындай болып бөлек жаратылған Ұлытаулың табиғи бітімінің өзі кімді болса да немкетті қаратпайды ғой. Егер осынау қасиетті таудағы Едіге батырдың сүйегі қойылған шыңға шығып, төңірекке зер салсаңыз Сарыарқаның апай төсіне біткен анар-таудың тораптарымен торланып, Арғанаты адырларымен апшылып, Қияқты қырларымен қарпылып, Байқоңырдың белдерімен бастырылып, Қарақұмның шөлдерімен көмкеріліп жатқанын көреміз. Ал, Ұлытаудың қолтық-қойнауына, күз-қиясына төңірегіне назар аударғанда — қазақ халқының аспан астында жатқан тарихи музейін көргендей боламыз. Ғасырлар құпиясының куәгеріндей болып күндік жерден қақырая көрінген мазарлар, әсем айшықты мавзолейлер, мәңгі тыныштыққа шомған ақ сұр бейіттер, тарих соққысынан қалған ісік сияқты дөңкиіп-дөңкиіп жатқан алып құрылыс қалдықтары, шежіре сырды ішіне бүгіп қатып қалған сәукелелі тас-қыздар мен бес қаруын асынған тас-батырлар, осынау тылсым тыныштыққа жан бітіріп, сөйлетіп жіберетін кілт сияқты беймәлім жазулар мен ғажайып ою-өрнектер, қырдағыны көңіл көзімен болжап тартқан төте жолдар - “хан жолдары”, “керуен жолдары”, күні бүгінге дейін аңыз-әңгімелермен қойындасып жатқан үңгір-окоптар... бәрі-бәрі өзінің бүткіл бітім-болмысымен, ғажайып сұлулығымен, ет жақын ерекшелігімен халық тарихын үн-түнсіз мәлім еткендей.

Мұнан да өткен ғажайып әсер Ұлытаудың бүгінгі дидарына зер салғанда баурайды. Қақырайған қарт мазардың түбінен космос кемелері ғарышқа аттанып жатқанын көргенде, осыдан үш мың жыл бұрын мыс

балқытқан үй орнындай ғана разрез орнына дүние жүзіндегі ең озық технологиямен жарақтанған алып комбинаттың салынғанын көргенде, қоянның жымындай бұраңдаған керуен жолдарының үстін жапқан тас жолға күміс қанат лайнерлердің қонып жатқанын көргенде, көшпелі елдің қара қосы тігілген жұртқа ақ шаңқан үйлі әсем қаланың орнағанын көргенде, тағы да мың сан жаңарып-жаңғыруларды көргенде жүрек шіркін толқиды, тебіренеді. Бұл тебіреністі Шәміл Әбілтаевтың музыка тілімен “Ұлытау” күйін тыңдағанда анық аңғарасың. Шәмілдің “Ұлытау” күйі өткен мен бүгінді қатар шолып, уақыттың артықшылығын, бүгінгі жарқын өмірді осылайша бедерлейді, — деп аяқтаған Ақселеу ағамыз Ш.Әбілтаевтың “Ұлытау” атты 1979 жылы жарық көрген “күй жинақ” кітабына жазған алғы сөзін.

ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАНДАРЫ ЖАЙЫНДА БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ...

Ұлытау жері мен топырағы қасиетті де киелі соған сай, бұл жерден біртуар дарынды да қабілетті, парасатты, отансүйгіш, бір сөзбен айтқанда “сегіз қырлы, бір сырлы” азаматтарды дүниеге әкелген. Бұл меніңше табиғи заңдылық, солай болуы тиісті де. Біздің дана қазақ халқымыз “көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра” деген ғой. Мен бұл тарауда біреу білсе де біреу біле бермейтін, кіндік қаны Ұлытауда тамған — бірі ұшқыш, бірі ақын, жазушы, журналист, спортшы, бірі дәрігер, бірі инженер, қаржыгер, сәулетші, енді бірі ғалым және мемлекет, қоғам қайраткері жерлестер жайында айтпақпын. “Атың барда жер таны, асың барда ел таны” дегендей партия, Кеңес органдарында, өкімшілік аппаратында қызмет еткен жылдарымда, осы ұлытаулық тумалардың көзі тірі көпшілігімен, жекелеген жерлестеріммен жақын-таныс болып араласа білдім.

Ал өткен ғасырда өмір сүріп, артына өшпес мұра қалдырған, өмірден өтіп кеткендері жайында үнемі іздену мен оқып-тоқудың, олар туралы мағлұматтар білуге құштарлығымның арқасында жиі-жиі терген, жазып-сызғандарымды пайдаланып отырмын. Мен жазғалы отырған азаматтар өз аймағымызға ғана емес, негізінен Кеңестер Одағы мен Қазақстан Республикасына, тіптен алыс-жақын шет елдерге де танымал жандар. Қазіргі ұрпақтың және біздерден кейінгілердің де, осы азаматтар жайында, хабардар болуының еш артығы бола қоймас деген ойдамын.

І.ҰЛЫТАУДАН ШЫҚҚАН МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Байменов Әлихан Мұхамедияұлы, 1959 жылы туған, Ұлытаудың тумасы. Қоғам қайраткері, мамандығы инженер-механик, техника ғылымының кандидаты. 1981-1992 жылдар аралығында Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалында оқытушы, аға оқытушы, кафедра доценті, факультет деканының орынбасары қызметтерін атқарған. 1989-1994 ж.ж. Жезқазған облыстық Кеңесінің депутаты, 1992-1994 ж.ж. Жезқазған облыстық әкімшілігі басшысының орынбасары, ал 1994-2001 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің депутаты, ҚР Еңбек министрінің орынбасары, бірінші орынбасары, Президент әкімшілігі жетекшісінің орынбасары, бөлім меңгерушісі, Премьер-Министрі кеңесінің жетекшісі, Мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттік төрағасы, Қазақстан Республикасының Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрі.

Қоғамдық жұмыстары: “Невада-Семей” қозғалысының Жезқазған облыстық бөлімшесінің жетекшісі, Жезқазған облыстық “Ұлытау” қозғалысының жетекшісі бола жүріп облыстың экологиялық және әлеуметтік жағдайына байланысты маңызды іс шаралар ұйымдастырды. 1993-1994 жылдары Жезқазған облыстық “Қазақстан Халық бірлігі” одағының төрағасы, 1995-2000 ж. Қазақстан халықтар ассамблеясы төрағасының орынбасары, Адам құқықтары бойынша комиссия мүшесі, 2001 жылдан “Қазақстанның демократиялық таңдауы” қоғамдық бірлестігі саяси кеңесінің мүшесі. Бүгін де “АҚ ЖОЛ” Демократиялық Партиясының төрағасы.

Қазақбаев Әбдісәмет (1898-1959) Ұлытау ауданының Алғабас кеңшарының тумасы. Қазақстанның Кеңес және қоғам қайраткері. 1924 жыл мен 1937 жылдар аралығында Ақмола ауданында ауылдық Кеңестің хатшысы және төрағасы болып қызмет еткен, одан соң Ақмола аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары, Қарағанды облыстық атқару

комитеті төрағасы қызметтерін атқарған. Ә.Қазақбаев 1938-1947 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесін Президиумының төрағасы, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшесі болған. Әбдісәмет Қазақбайұлы өз кезінде Қазақстан компартиясының I, II, III- съездерінің және БК(б)П 18-і съезінің делегаты, сонымен қатар 1-2 сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесі мен ҚазақССР Жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайланған. Әбдісәмет Қазақбаев 2 мәрте Ленин орденімен наградталған. Алматыдағы Калинин көшесіндегі 154-ші үйде Әбдісәмет Қазақбайұлына мемореалдық тақта орнатылған, Жезқазған қаласында Ә.Қазақбаев атында көше бар.

Мен Әбсәмет Қазақбаевтың қызы Күлән Қазақбаевамен 1971 жылы Қыздар педагогикалық институтын бітіріп, жолдамамен Жезді қалашығындағы мектеп-интернатқа мұғалім болып келгенімде бірге қызмет жасаған едім. Күлән апай ол жылы мектеп-интернат директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары екен. Мамандығы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, менің де мамандығым осы пән еді, мүмкін сол сәйкестіктен бе, ол кісімен тез-ақ тіл табысып, қоян қолтық араласып жұмыс істеп кеттік. Күлән апайдың бойынан қарапайымдылық, тәрбиелілік, инабаттылық, ибалылық көзге көрініп тұрады. Ол кісі биязы мінезімен, үнемі жастарға қамқор болуымен, үлгілі отбасынан, қасиетті азаматтың жанұясынан екендігін аңғартады.

Жанайдаров Мейрам (1846-1921) Ұлытау ауданының Терісаққан болысында туған. Мейрам Жанайдаров — этнограф, мұсылманша, орысша хат білім алған. Өз заманында болыс болып, ұзақ жыл ел билеу ісіне араласқан. Қазақ халқының мәдени мұраларын зерттеумен айналысып Ресейде өткен этнографиялық көрмелерге қатысқан. Қазақ киіз үйін, зергерлік бұйымдар мен киім-кешегін, ер-тұрманын, қару-жарағын, ит жүгіртіп, құс салған, ат жарыстырған салт-дәстүр насихаттаумен шұғылданып, ірі мұражайларға тегін экспонаттар өткізген. Өзінің ата қонысы Терісаққан өзенінің бойынан еуропалық үлгіде қызыл кірпіштен екі қабатты үй салдырған. Мейрам бабамыз қазақ киіз

үйінің құрылысына өзіндік жаңалық енгізіп, жылжымалы терезелер орнаттырған. Осы киіз үй Ресей патшасы қазақ сахарасын аралауға келген сапарының құрметіне және Романовтар әулетінің таққа отыруының үш жүз жылдығының құрметіне арналған Омбы қаласында өткізілген көрмелерге (1868, 1891, 1913) экспонат етіп тігілген. Сонымен қатар, Мейрам Жанайдаровтың 1876 жылы шығыстанушылардың халықаралық 3-конгресінің көрмесіне арнап, Санкт-Петербургке жіберілген терезелі киіз үйінің бір нұсқасы қазір Ресейдің мемлекеттік этнография мұражайында сақтаулы. М.Жанайдарұлы жылқы тұқымын асылдандыруға қосқан үлесі үшін 8 рет Батыс Сібір әскери генерал-губернаторының жұлдесіне ие болып, 1891 жылғы көрмедегі ат жарыста бірінші жүлдені Николай II-нің қолынан алған. Жанайдаров Мейрам егде тартқан шағында қажылық парызын өтеп қайтқан.. Мейрам қажы “Мың бір түнді” өлеңмен жырлап, 1895 жылы “Дала уалияты” газетінің бірнеше санына бастырған, одан кейін де екі рет 1986 және 1994 жылы жарық көрген. М.Жанайдаров қазақ шежіресі жинап, кітап етіп бастыру туралы мақаласы 1912 жылы “Айқап” журналында жарияланса, “Үш дос поэмасы”, Мүсіліма қызбен айтысы т.б бір топ өлеңдері Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы.

Жанайдаров Сейілбек Мейрамұлы (1884-1929) Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, заңгер-қаржыгер. 1913 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітіргеннен кейін Ресейдің Витебск губерниясында қаржы саласының тексерушісі болып қызмет атқарған. Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, А.Бірімжановтармен бірге Ресейдегі Ақпан, Қазан төңкерістері қарсаңында қазақ даласында етек алған ұлттық демократиялық қозғалысқа белсене араласқан. Сейілбек Мейрамұлы 1916 жылы Витебскіден елге оралып, Атбасар қаласында салық инспекторы болып қызмет істей жүріп, сол жылдары майдан жұмысына алынған қазақ жастарына көмек көрсету ісіне де ат салысқан. Ал 1917 жылғы шілдеде Орынборда өткен I-ші жалпықазақ съезіне Ақмола облысынан делегат болып қатысқан. Одан соң сол жылдың 5 мен 13 жел-

тоқсаны аралығында болған II-ші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметі мүшелігіне сайланады. 1918 жылы Әлихан Бөкейхановтың жарлығымен Сейілбек Жанайдаров Ақмола облысының соты болып тағайындалған. Бұдан кейінгі жылдары, өмірінің ақырына дейін Қазақ автономиялы республикасының Орынбордағы республикалық қаржы халық комиссариатының алқа мүшесі, халық комиссарының орынбасары, халық комиссары болып қызмет атқарған.

Омарова Зәуре Садуақасқызы, 1924 жылы туған. Ұлытау өңірінен шыққан қоғам қайраткері, осы аймақтың тұңғыш тау-кен инженері мамандығын алған қазақ қызы. Зәуре Садуақасқызы 1948 жылы Днепр-опетровск тау-кен институтын бітірген. Еңбек жолын Қарағанды көмір комбинатында бастап, ауысым бастығы, кейін шахта бастығы қызметіне дейін көтерілген. Кезінде Қарағанды қаласындағы телеорталықтың және басқа мәдени сауық құрылыстарының салынуына атсалысқан. З.С.Омарова 1954 жылдан бастап, қатарынан алты рет ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. ҚазақКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, төрағасы, ҚазақКСР Әлеуметтік Министрі, ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің бөлім бастығы болып қызмет етті. Зәуре Омарова “Ленин” және Еңбек Қызыл Ту (2 рет) және Құрмет белгісі ордендерінің иегері.

Шарманов Төрекелді Шарманұлы, 1930 жылы Ұлытауда дүниеге келген. Төрекелді Шарманұлы әлем бойынша Халықаралық тамақтану орталығын құрған алғашқы қазақ азаматы және Ресей Медицина ғылымдары Академиясының академигі (1988ж.), Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Академигі (1994ж.), 1967 жылдан медицина ғылымдарының докторы, профессор (1968ж.). Төрекелді Шарманов Қарағанды медицина институтын 1955 жылы тамамдап, сол жылы аспирантураға түскен, аспирантураны бітірген соң 1958 жылы туған жері, Ұлытауға келіп аудандық

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, КСРО Денсаулық министрлігі Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтының кафедра меңгерушісі қызметінде болған. 1988 жылдан бері КСРО МҒА-ң тамақтандыру аймақтық проблемалары ғылыми орталығының (қазіргі Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Тамақтану институты) директоры. Т.Шарманов үш рет Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты болып сайланған, 1995 жылдан Профилактикалық медицина академиясының президенті, Қазақстан және Орта Азия республикаларында нутрициологтар мектебінің негізін қалаушы, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Тамақтану институтын ұйымдастырушы. Төрелелді Шарманұлы Қазан революциясы, Халықтар достығы, “парасат” ордендерінің иегері.

Төрелелді Шарманұлының зайыбы – Күлзия Асқарқызы да дәрігер-рентгенолог еді (өкінішке орай 2003 жылы дүниесалды), ал баласы Алмаз 1960 жылы Ұлытауда туған, әке-шеше жолымен медицина ғылымының докторы, халықаралық денсаулық сақтау саласының зерттеушісі-үйлестіруші, Америка Құрама Штатының Джона Хопкинса Университетінің профессоры.

Смайылов Камал Сейтжанұлы (1932-2003), Ұлытаудың Кішітау бауырайында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдаған. Камал Сейтжанұлы университет бітірген соң 1954 пен 1960 жылдар аралығында республикалық “Лениншіл жас” газетінде әдеби қызметкер, “Лениншіл жастың” Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі, бөлім меңгерушісі болып істеген. Одан соң Камал аға “Білім және Еңбек” журналының редакторы, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары болып сайланды, ҚазақССР Министрлер Советінің Киноматография жөніндегі Мемлекеттік Комитеті председателінің бірінші орынбасары болып тағайындалды. 1971-1989 жылдары “Мәдениет және тұрмыс”, “Қазақстан коммунисті”, “Ақиқат” журналдарының редакторы, “Қазақ фильм” директоры, республикалық мемлекеттік кино және мемлекеттік телерадио комитеттерінің төрағасы, Министрлер

Кеңесі мәдени бөлімінің меңгерушісі және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі болды. К.С.Смайылов—өнертану ғылымының кандидаты, бірнеше мәрте Қазақстан Журналистер одағының төрағасы болып және тоғызыншы, он бірінші сайланған ҚазақССР Жоғарғы Советінің депутаты болып та сайланды. Камал Сейтжанұлы СССР Кинематографистер одағының мүшесі, көптеген публицистикалық, ғылыми-көпшілік, сын-зерттеу мақалалар жинағының авторы. “Өмірдің өзімен өлшесек” кітабы үшін Қазақстан Жазушылар одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығын алған, екі рет “Құрмет белгісі” орденімен және бірнеше медальдармен наградталған.

“Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі!” дегендей Камал аға шын мағынасында, нағыз Ұлытаудың түлегі еді. “Болатын баланың бесіктен иығы шығып жатады” де йді ғой халық. Камал ағаның атасы Смайыл мен Баубек Бұлқышевтың атасы (Бұлқыштың әкесі) Байқоңыр бірге туған екен. Баубекке Камал ағайдың өз әкесі Смайыл — ауыл мұғалімі сабақ берген көрінеді. Баубек Бұлқышев Ұлытаудан Қарсақпайға, Қарсақпайдан Алматыға аттанған кезде, Камал ағай “...мен 3-4 жастардағы бала едім” деп жазады өзінің Баукең туралы естелігінде.

Камал ағай зайыбы Әдинамен үш баласынан төрт немере сүйген жандар. Сұм ажалдың Камал ағаны кенеттен 2003 жылы арамыздан алып кеткені өкінішті-ақ.

Жанасов Жәңгір (1920-1999) Ұлытауда туған. Еңбек жолын 19 жасында Қарсақбай аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушілігінен бастаған. Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысқан, соғыс ардагері. Соғыстан келгеннен кейін Қарсақбай мыс зауыты партбюросының, Жезқазған, Балхаш қалалары мен Жаңарқа ауданы партия комитетінің хатшысы, Жезқазған қалалық атқару комитетінің төрағасы, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы Жезқазған кен металлургия комбинаты директорының орынбасары, одан соң Жезқазған облысы құрылған 1972 жылдан зейнеткерлікке шыққанша Жезқазған облыстық атқару комитеті

төрағасының орынбасары қызметінде болды. Жәңгір Жанасұлы Жезқазған-Ұлытау өңірінің экономикасын, халықтың тұрмысы мен мәдениетін көтеруге үлкен үлес қосқан. Ж.Ж.Жанасов екі мәрте “Қызыл Жұлдыз”, “Отан соғысы”, “Еңбек Қызыл Ту” “Құрмет белгісі” ордендерімен, “Еңбектегі ерлігі үшін медалімен” ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамоталарымен марапатталған азамат болатын.

Асылбеков Ошақбай, 1929 жылы Ұлытау ауданының Қарсақпай кентінде дүниесігін ашқан. 1952 жылы С.М.Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетін, ал 1969 жылы Қарағанды политехникалық институтын бітірген. Екі бірдей мамандық иесі: журналист, құрылыс инженері. 1952-1963 жылдар аралығында газет қызметкері, мектеп инспекторы, кәсіптік-техникалық училище директорының орынбасары қызметтерін атқарған. 1963 жылдан партия, Совет, кәсіподақ салаларының қызметкері болып еңбек еткен. 1973 - 1985 жылдары Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Ошақбай ағамыздың Жезқазған қаласына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз десек болады. Қаланы көгалдандыру, халыққа мәдени-әлеуметтік қызмет көрсету т.б. көптеген ел есінде қаларлықтай игі істер атқарған. Міне, біздің Ұлытаудың ұлдары осындай азамат деуге нағыз тұрарлық мақтаныш тұлға!!! Кезінде “Еңбек Қызыл Ту”, “Құрмет белгісі” ордендері мен ҚазақКСР Жоғары Кеңесінің құрмет грамоталарымен марапатталған. Жезқазған қаласының Құрметті азаматы. Ұзаққа созылған ауыр науқастан 2004 жылы қайтыс болып кетті.

Ошақбай Асылбекұлының зайыбы—Ләмиға Әбсалыққызы Асылбекова да Ұлытау ауданы Терісаққан ауылының тумасы. Еңбек жолын бастауыш сыныптарда сабақ беруден бастаған, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының түлегі. Ләмиға Әбсадыққызы Жезқазған қаласындағы №8 мектепте оқу ісінің меңгерушісі, №26 мектептің директоры қызметтерін атқарса, Жезқазған облыс болып құрылған жылы (1972ж.) білім беру ісі, жоғары мектеп және ғылыми мекеме қызметкерлерінің, алғашқы облыс-

тық кәсіподақ комитетінің төрайымы болып сайланған. Л.Ә.Асылбекова Халық Шаруашылығы Жетістіктер Көрмесінің алтын медалінің иегері, “Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі”. Ләмиға төтей мен Ошақбай-аға, барша Жезқазған халқы үшін жарасымды да үлгілі отбасы, ол кісілер Серік және Гүлім есімді ұл-қызды тәрбиелеп, өсіріп, жеткізіп, немере сүйіп отырған жандар еді. Ұзаққа созылған ауыр науқастан 2004 жылы Ошақбай Асылбекұлы дүниеден өтті. Қазіргі таңда Серік те, Гүлім де аналары Ләмиғатөтеймен Астана қаласында тұрып жатыр. Серік—инженер, Гүлім—дәрігер, медицина ғылымының кандидаты Денсаулық сақтау министрлігінде бөлім басқарады.

Қалмағанбетов Жәлел Шубайұлы (белгілі халық ақыны Тайжан Қалмағанбетұлының немересі), 1934 Ұлытауда туған. Елімізге кеңінен танымал қоғам қайраткері, ірі өндіріс ұйымдастырушысы. 1955 жылы Мәскеудегі М.И.Калинин атындағы Алтын және түсті металл институтын, 1973 жылы Жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолын Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатының кеніштерінде кен шебері, участок, бөлім және карьер бастығы қызметтерінен бастап, Жезқазған облыстық кәсіподақ Кеңесінің төрағасы, Жезқазған облыстық партия комитетінің хатшысы болып сайланбалы органдарда қызмет еткен. 1977-1988 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің ауыр өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, кейіннен Жезқазған облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, Жезқазған облысы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды. Қазіргі уақытта зейнеткер. Жәлел Шубайұлы екі рет ҚазақКСР Жоғарғы кеңесіне депутат, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің мүшесі болып сайланған, сонымен қатар екі мәрте “Еңбек Қызыл Ту”, бір рет “Құрмет белгісі” ордендерімен марапатталған.

Қожамсейітов Сағындық Үсенұлы, 1941 жылы Ұлытаудың Кішітау ауылдық округінде туған. Алматыдағы

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университет) мен Алматы жоғары партия мектебін журналистика мамандығы бойынша бітірген, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Барлық еңбек жолы Жезқазған-Ұлытау өңірінің мәдени-әлеуметтік дамуымен тығыз байланысты. Ең алғаш еңбек жолын 1957 жылы Ұлытау аудандық “Коммунизм туы” газетінде жауапты хатшы болып бастаған, содан 1975 жылға дейін Ұлытауда партия қызметкері болып еңбек етті. Ал 1975 жылдан Сағындық Үсенұлы Жезқазған облыстық партия комитетінде жауапты қызметте: лекторлар тобының жетекшісі, насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерінде болды. Қазір Жезқазған қалалық мемлекеттік мұрағаттың директоры. С.Ү.Қожамсейітов “Құрмет белгісі” орденінің иегері, Ұлытау ауданы мен Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

Ибаділдин Жұмамәділ, 1950 жылы туған, Ұлытаудың тумасы. 1973 жылы Қарағанды политехникалық институтын “Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс” мамандығы бойынша тамамдағаннан Жезқазған қаласында еңбек жолын бастаған. Жезқазғанда инженер, бас инженер, қалалық атқару комитеті күрделі құрылыс бөлімінің бастығы, атқару комитеті төрағасының орынбасары, қалалық жоспарлау комиссиясының төрағасы, қалалық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Жезқазған облыстық атқару комитетінің халыққа тұрмыстық қызмет көрсету басқармасы бастығының орынбасары, бастығы, “Ұлытау” бірлескен кәсіпорынының бас директоры қызметтерін атқарған. 1985 жылдың 18 қаңтары мен 2005 жылдың наурызы аралығында Жезқазған қаласының басшысы. Жұмамәділ Ибаділдаұлы Сәтбаев (2001ж.), Түркістан (2004ж.), Жезқазған (2005ж.) қалаларының Құрметті азаматы. “Астана” ескерткіш медалі мен “Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10 жыл” мерекелік медалімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің “Алтын Барыс” белгісі бар Алғысының иегері.

Болатбеков Сарқыт Жанғонұлы, 1929 жылы Ұлытау ауданында туған азамат. Алматының халықтық шаруашылық институтын (қазіргі уақытта Тұрар Рысқұлов атындағы қазақ экономикалық университеті деп аталады), бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша бітірген.

Жалпы еңбек жолын Байқоңыр көмір ошағында қатардағы жұмыскерліктен бастаған Сарқыт Жанғонұлы Жезқазған кеніштерінде, кен металлургия комбинатында бухгалтер, қаржы бөлімінің бастығы, Жезқазған облыстық тұтынушылар одағының төрағасы, Жезқазған кен металлургия комбинаты директорының, “Қазақмыс” холдинг компаниясы президентінің орынбасары қызметтерін атқарған. 1985 жылдан зейнеткер. ҚазақКСР Жоғары Кеңесі Құрмет грамоталарымен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Болатбеков Сарқыт Жанғонұлының зайыбы – Нұрайша Рысбайқызы Асқарова да Ұлытаудың өз тумасы 1936 жылы дүниеге келген. Сарқыт Жанғонұлы екеуі алты бала тәрбиелеп өсірген. Бұл күндері балалары Астана, Алматы, Жезқазған қалаларында сан салалы мамандық иесі болып, абыроймен еңбек етуде. Олар егеменді еліміздің аяғын нық басып, тік тұруына, дамуына, өсуіне, көркеюіне өзіндік үлестерін қосып жүрген жандар.

Танабаев Мұса Тұрманұлы, 1965 жылы Ұлытау өңірінде дүниеге келген. Мамандығы кен өндірісінің экономисі. Экономика ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын Сәтбаев қаласының кен өндіретін шахталарында қатардағы маман ретінде және комсомол комитетінің хатшы болып бастаған. 1995 жылдан мемлекеттік қызметте: Жезқазған қаласы әкімі аппаратының маманы, экономика бөлімінің бастығы, қала әкімінің экономика саласы бойынша орынбасары қызметтерін атқарған. 2006 жылдың ақпан айынан Жезқазған қаласының әкімі қызметінде.

Байжанұлы Уәйіс (1796-1876), Сарыарқа-Ұлытауға ғана емес, Сібір және Сыр бойы қазақтарына белгілі би, қоғам қайраткері. 1831 жылы найман тайпасының Бағаналы тармағынан тұңғыш рет болыс болып сайланған екен. Кенесары ханның 1837-1847 жылдардағы

ұлт-азаттық көтерілісін белсене қолдаушылардың бірі болған. Сол үшін патша үкіметі тарапынан қуғынға да ұшыраған.

Уәйс Байжанұлы басқарған ел атамекендерінен қуылып, казактар иелігіне өтіп кеткен жер тек 1858 жылы Ұлытау станицасы жабылғаннан кейін барып бағаланыларға қайтарылған. Бұл мәселе Уәйс пен Ерден Сандыбайұлының табандылығы мен қайрат-жігерінің арқасында ғана оң шешімін тапқан. Уәйс Байжанұлы өз заманында талай дауда топқа түсіп, ерқашан әділетті шаруаны ғана қуып, буынсыз жерге пышақ ұрмайтындығымен қазақ арасында айрықша беделге ие болған.

II. ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ, МӘДЕНИЕТ, ӘДЕБИЕТ, ӨНЕР САҢЛАҚТАРЫ

Қалмағанбетов Тайжан (1878-1937) Ұлытаудың Айыртау бөктерінің Қаратал деген елді мекенінде дүниеге келген. Ақынның әкесі Қалмағанбет елге сыйлы, Ұлытау төңірегіне беделді болып, молдалық құрған тақуа адам. Анасы Мейіз қазақтың ұлы сазгері, әйгілі “Такку” әнінің авторы, сыршыл ақын қайталанбас әнші Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының туған өлкесі. Тайжан Қалмағанбетұлы жасынан Арқаның Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері, Балуан Шолақ, Шәрке сал, Ыбырай тәрізді әнші-ақындарының репертуарын игеріп, өзі де ән шығарып айтуға дағдыланған. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа үн қосқан. 1926 жылы Шеген, 1930-1936 жылдары Болман, Иманжан тәрізді Арқаның белгілі ақындарымен айтысқа түскен. А.В.Затаевичке бірнеше ән жаздырған. Сарыарқаның дүлдүлі, Ұлытаудың бұлбұлы, Қарсақбайдың ақыны Тайжан Қалмағанбетовтың ерекше дәуірлеген кезі 1934 жылдан басталды, сол жылы республикалық көркем өнерпаздар құрылтайында ең биік дәрежеге жеткен. Тайжан ақынның қара сырнайы қияға қанат қақтырып, аспандағы ұшқан құсты теңселткен үздік дауысы ел жүрегіне жылдам қонғаны нағыз өрлеу шағы туғандығы емес пе? Тайжан Қалмағанбетов 1934-1936

жылдары халық өнерпаздарының республикалық слетіне, 1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіне қатысқан. Мәскеудегі “Үлкен театрда” кеңес үкіметінің сол кездегі көсемдерінің көзінше өткен алғашқы ақындар мен әншілердің концертін бастау Тайжан Қалмағанбетұлының үлесіне тиді. Бұл сапардан Жамбыл Жабаев орденмен оралса, Тайжан Қалмағанбетов Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасымен марапатталады. Гармоньдатқан өжет ақын, ақиық қырандай шарықтап тұрған шағында қазақ халқының ұғымындағы әрі әнші, әрі сазгер нағыз ақын қандай болатынын айдан анық танытты. Кезінде “Ленин мавзолейінде”, “Сүйікті Серго”, “Тайжан әні”, “Ыбырайға” тәрізді ән-термелері грампластинкаға түсірілген. Тайжан-ақын Сыр бойын, Жетісуды аралап Нартай, Орынбай, Қазанғап, Әлібек ақындарға кездесіп, ұстаздық еткен. Тайжан Қалмағанбетұлының “Ой ағысы” атты өлеңдері мен айтыстарының жинағын азамат Сүтемген Бүкіров 1984 жылы шығарса, кейіннен 2004 жылы Кәкімбек Салықов “Сақ-сақ күлсін сырнайым” деген атпен бастырып шығарған.

Тайжан бабамыздың өзінің “Ризашылық” деген өлеңінен:

*Ұлытаудың ұрпағы білікті ермін,
Өлең сөздің асылын іріктедім.
Нағашым Ыбырайдан бата алған соң,
Дүниенің есігінен кіріп келдім,*

сонымен қатар “Өзім жайлы” атты өлеңінің мына бірер шумағынан Тайжан Қалмағанбетовты халқы қадірлеп “ақын Тайжан” деп атап кеткендігі және нағашысы Үкілі Ыбырайға еліктеп сырнай мен домбыраның арасында сұлу саз ырғағын нақышына жеткізе орындаушы, ерен әнші, әрі ағыл-тегіл төкпелі ақын екендігін тану қиын емес қой деп ойлаймын.

*Сұрасаң менің атым ақын Тайжан,
Ән-жырмен алты алашқа жайған атын.
Төгілген сырнайымның сазды үніне,
Қалықтап аспанда аққу айналатын.*

*Мен емес жабы жортаң, текірегін,
Жеті ордан қатарсалса секіремін.
Қиялым өлең-жырдың топан суы,
Қайнары әсем өннің көкірегім*

Ожанов Нияз (1882-1953)-халық ақыны. Ауыл молдасынан оқып хат таныған. Жасынан өлең-жырға әуес болған азамат. 1938-1946 жылдары аудан, облыс, республика көлемінде өткен айтыстарға белсене қатысып: Ақайдар, Әлмағанбет, Болман, Иманжан, Нұрғали т.б. ақындармен айтысқан. Нияз Ожанов бабамыздың “Қожа мен қыз”, “Қойшы мен қыз”, “Қара адыр мен үлкен бұлақ айтысы”, “Екі пионердің айтысы” атты жазба өлеңдері айтыс үлгісінде жазылған. Ал енді “Жігіт сыны”, “Мысал өлең”, “Нақыл сөз Нияздан”, “Бірлігі күшті”, “Әсем жаз” өлеңдерінде мақал-мәтелдерді, нақылдарды қолдана отырып адамгершілікке үндесе, “Ауыл таңы”, “Отанға көмек берейік”, “Біздің жыр” т.б. шығармалары жылдары отаншылдық рухта жазылған. Нияз ақынның әр жылдардағы өлең-жырлары, толғау-термелері, айтыстары Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы.

Нияз атаны менің көзім көрді, 1952 жылы біздерді (анам мен аға-апа, бауырларымды) Терісаққаннан нағашыларымыз: Қамзақан мен Құсайын Ұлытауға көшіріп алған еді. Сонда Нияз атамен бір қораның астында, яғни қоржын үй деиді ғой, тұрдық. Мен 4-5 жастағы бала болсам да, есімде қалғаны Нияз ата ұзын бойлы, ақ шоқша сақалды, арықша келген кісі еді. Ұдайы атына мініп алып Ұлытаудың орман-тоғайын аралап, қарақат, қой бүлдірген, сиыр бүлдіргендерді теріп әкеліп ауыл балалары біздерге таратып жүретін. Біздер де баламыз ғой, Нияз атаның тоғайдан келуін торауылдап, жеміс-жидегін асыға күтетінбіз, көрші-қолаңның және жалпы барша ауыл балалары, сөйтіп мәз-мейрам болушы едік. Ол кісінің үйіндегі әжеміз атадан біраз кейін қайтыс болды. Нияз атаның жалғыз ұлы— Сейтжан ағай 1954 жылы ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болған. Ал Нияз атаның қыздары

Дәметкен, Дәмежан атты апайлар және Сейтжан ағайдың зайыбы – Кәмпит тәтей мен балалары: Махмұт, Марат, Талғаттар осы Жезқазған-Ұлытау өңірінде ғұмыр кешуде.

Жылқайдаров Иманжан (1886-1973) Иманжан Жылқайдаров жастайынан өлең-жырға, домбыраға құмар болған. 7 жасқа дейін үлкен шешесі Бұлдықараның тәрбиесінде болып, танымал күйші Сәмбеттен домбыра үйренген. Ескіше хат тануына әкесі Жылқайдар елеулі ықпал еткен. Араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін ұстазы Әмірғали Құлтибайұлынан үйренген. Иманжан ата шығыс дастандары мен хиссаларын түпнұсқадан оқи жүріп сол үлгіде алғашқы өлеңі “Тұлжиханғаны” жазған. Ауыл арасында ақындық, жыршылық аты шыға бастаған соң айтысқа да түсе бастайды. Қалқа, Болман, Нияз халық ақындарымен сөз сайысқа түскен. Жылқайдаровтың Қалқа ақынмен айтысы шеберлігін, тапқырлығын, дарындылығын айғақтайды. Ақан Сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Аманкелді Иманов, Әліби Жангелдиндермен достық қарым қатынаста болған. Иманжан ақынның “Ұлытау”, “Кейінгі жастарға”, “Балалық”, “Немереме”, “Айға сапар”, “Туысқандар қол қойды” өлеңдері “Жастарым, жайна” деген атпен 1953 жылы жинақ болып шыққан. Көптеген өлеңдері Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Жамбыл Жабаев, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сынды әйгілі тұлғаларға арналған. Науайдің “Іскендірдің даусы”, “Раз қызы Фаридаға” атты туындыларын парсы тілінен, сондай-ақ әл-Фарабидің де жекелеген шығармаларын аударған. Иманжан Жылқайдаров “Шақшақұлы Ер Жәнібек”, “Әділбек” деген эпикалық дастандардың авторы. Иманжан ақын қаламынан мысқыл, жұмбақ, жаңылтпаштар да туған.

Иманжан Жылқайдаров – халық ақыны, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасының иегері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

Қунақұлы Омар (1887-1967) Халық ақыны, Тайжан ақынмен ілесе жүріп, айтыстарға түскен. 1925 жылы Жамбыл Жабаевпен айтысып, бата алған. Түркістанда

Шораяқтың Омарымен танысқан (1911ж.), 1929-30 жылдары Созақ ауданына қарасты Құмкент ауылында бір қыс бойы қасында болып көптеген қиссалар үйренген. Олардың қатарында “Орақ-Күлше”, “Ұры қарға”, “Кер бие”, “Көрұғлы” дастандары бар. Ақынның баласы Аманжол Омаровтың құрастыруымен “Ұлытаудың қаршаға ақынымын” атты өлеңдер жинағы жарық көрген.

Еламанұлы Сералы (1809-1902) Ұлытауда туған, XIX ғасырдағы атақты қазақ сәулетшілерінің бірі, қағазға түсірілген үлгі бойынша ғимараттар тұрғызған халық шебері. Сәулет өнерін қазақ жеріндегі мешіт, мавзолей құрылыстарынан үйрене отырып (Ахмет Яссау ескерткіші, Алаша хан мен Жошы хан күмбездері), ілгері дамытты. Осы үлгіде кешендер салды. Сералы Еламанұлы қазақ сахарасында күйдірілген кірпіштен тұрғызылған құрылыстардың алуан (тұрғын үй, мешіт, медресе, күмбез, кешен) түрін жасады. Ол салған құрылыстар Ұлытау төңірегінде, Торғай, Тамды, Теріс-аққан, Кеңгір өзендері бойында жиі кездеседі. Сондай құрылыстардың ең сәулеттілерінің бірі – Сарысу өзенінің Кеңгірге құяр сағасындағы Жандәулеттің қызыл үйі. Үйдің жалпы құрылысы қырда салынатын тұрғын үйлердің жобасымен құрылған: кең, төбесі жадағай, шатырсыз. Едені бар бірнеше бөлмелі, қонақ күтуге арналған бөлмесі де бар. Қабырға қалауын тұтасымен Алаша хан күмбезінің үлгісімен өрнектеген. Кірпішті ақ, қоңыр, қызыл түспен күйдіре білген Сералы Еламанұлы үй қабырғасын ілулі кілем түріне ұқсатып нақыштаған. Ұлытау іргесімен ағатын Жаңғабыл өзені бойындағы Төртқараның күмбезі, Жүзденнің күмбезі (Қаракеңгір өзені бойында) де Сералының қолынан шыққан. Дүзеннің де күмбезі Алаша хан күмбезіне ұқсас. Сералы Еламанұлы баулыған шәкірттері Көтібарұлы Ахмет пен Тілеуқабылұлы Тобақабыл сәулет өнерін өркендету жолында көп еңбек сіңірді. Бұлар да жоғарыда айтылған күмбездерді, тұрғын үйлерді салуға араласып, ішкі өрнектерін жасасқан.

Баймұхамедұлы Мұхамедия (1902-1984) Ұлытау ауданының оңтүстігіндегі білеугі өзенінің бойында дүниеге келген. Әкесі Уайсұлы Баймұхамед (*Баймен*

аталып кеткен) арабша білімі бар кісі болған. Қарнақ медресесін бітірген. Мұхамедияның шешесі Достәуірқызы Рахия да арабша білімді болған. Мұхамедия 14 жасына дейін ауылда өз атасы Уайс қажыдан, әкесі Баймұхамед молладан арабша білім алған. 14 жасынан 22 жасына дейін Жаңақорғанның “Ақтас” мешітіндегі медреседе оқып, оны үздік бітірген. 1937 жылға дейін ауылы Өзкентте араб тілінен сабақ берген. 1937-1949 жылдары Жезді аудандық паспорт столының бастығы, Ұлытау аудандық қаржы бөлімінің бастығы, осы ауданның тұтынушылар қоғамының төрағасы қызметтерін атқарып, Қарсақбай теміржол станциясынан зейнеткерлікке шыққан. Мұхамедия Баймұхамедұлы 1982 жылы Жезқазған облыстық атқару комитетіне барып, Жезқазған қаласында мешіт ашуға рұқсат алады. Содан соң 1983 жылдың 6 мамырында мешіт ашып, осы тұңғыш ашылған мешіттің, алғашқы имамы болып (діни бірлестіктердің жиынында), Мұхамедия қожа Баймұхамедұлы сайланған.

Иманжанов Мұқан (1916-1958), Ұлытаудың “Қызыл үй” қыстағында дүниеге келген. Мұқан Иманжанов — жазушы. Халық ақыны—Иманжан Жылқайдаровтың баласы. Мұқан Иманжанұлы Алматыны есеп-санақ техникумында оқыған. Республикалық радиотарату комитетінде, “Социалистік Қазақстан”(қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, “Пионер” (бүгінгі Ақ желкен”) журналында бөлім меңгерушісі қызметінде болған. Мұқан Иманжановтың тұңғыш әңгімелер жинағы “Жастық” деген атпен 1948 жылы жарық көрген. Мұқан өз шығармаларында бала тәрбиесіндегі мұғалімдердің рөлін айырықша бағалап “Алғашқы айлар”(1950) повесін, “Таныс қыз” (1952)атты әңгімелер мен романын арнаған. 1956 жылы тың игерушілер өмірінен жазылған “Тыңдағылар” әңгіме және очерктер жинағы жарық көрді. Мұқан Иманжанұлының “Көк белес” (1960) романы, “Өркен” (1980) атты мақалалар мен естеліктер, балаларға арналған “Шаңғышылар” әңгімелер кітаптары шыққан. М.Иманжанов драматургия саласына да қалам тартқан. Соның дәлелі “Жас өмір”(1948), “Менің махаббатым”(1954) повесі мен пьесалар жина-

ғы, “Сөнген шам” (1957) сатирлық комедиясы. Мұқан Иманжанұлы “Қызыл Жұлдыз” орденінің иегері. Мұқан Иманжанов Баубек Бұлқышевтың жан досы болған. Баубектің Мұқанға жазған хаттары достық жайындағы жалынды поэма іспеттес. Ол хаттарды тебіренбей оқи алмайсың.

Мұқан Иманжановтың зайыбы Рәзия Рүстембекова 1926 жылы Ақмола қаласында дүниеге келген. Филология ғылымының кандидаты, доцент болып Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік педагогикалық институтында қазақ әдебиетінен, әдебиет теориясынан сабақ берген. Драматургия, әңгіме жанрына арналған проблемалық мақала, сын-рецензиялары жинақ болып жарияланған. Рәзия Рүстембекова Мұқан Иманжанов пен Баубек Бұлқышев шығармаларын жариялап, түсініктеме, алғысөздер жазған. Р. Рүстембекова көркем аудармамен де айналысып, “Үнді ертегілері” (1958), “Тамаша адамдар өмірінен” шағын әңгімелер, Дмитрий Гулия әңгімелерін (1957) аударған. Рәзия жеңгей Мұқан екеуінің балалары Мақсұт пен Рүстемді өсіріп, тәрбиелеп жеткізген жан. Ол кісі 2003 жылы дүниеден өтті.

Сейілов Жақсыкелді, (1949-1997) Ұлытаудың Алғабас кеңшарында дүниеге келген. Әнші, сазгер, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, бүкілодақтық саяси әндер конкурсының (1971), республикалық “Жігер” фестивалінің (1979), Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арналған бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының (1985), Шәмші Қалдаяқов атындағы конкурстың лауреаты. Жақсыкелді Сейілов Жезқазғанның №8 орта мектебінде, Жезқазған құрылыс техникумында ән-күй сабағының мұғалімі, аты әйгілі вокальды-аспапты

“Қаракөз” ансамбілін ұйымдастырушы, әрі “Жезкиік”, “Байқоңыр”, “Ой, тамаша”, “Ән-көңілдің ажары” ансамбльдерінің көркемдік жетекшісі болып, Жезқазған облыстық зағиптар қоғамының төрағасы, сонымен бірге Сәтбаев қаласында “Арман”, Жайрам поселкесінде “Сарыарқа” ансамбльдерін құрған.

Жақсыкелді Сейілов өз кезінде Өзбекстан, Қырғыз-

стан, Түркіменстан, Қарақалпақстан, Монғолия, Литва, Германия, Исландия елдерінде өнер көрсеткен. Жақсыкелді Сейіловтың әндерін Бағдат Сәмедігова, Роза Рымбаева, Нұрғали Нүсіпжанов сынды танымал әншілермен қатар жезқазғандық орындаушылар Әбдуахит Елібаев, Роза Байбосынова, Ахмедия Есмұқанов, Гүлшарат Елібаева айтып, халық арасына кеңінен таратып жүр. Ж.Сейілов “Ұлытау”, “Ана туралы баллада”, “Жезкиік”, “Жезқазған қаласының (ән ұраны)маршы”, “Әке туралы ой”, “Кездесу мен қоштасу”, “Неге солай”, “Сол тілегім”, “Алматым-ғажайып қаласың”, “Бейбітшілік таңы”, “Нан туралы баллада”, “Дала жолы” халық арасына кеңінен тараған әндердің, сондай-ақ “Жезкиік” әндер жинағының авторы.

Еңсебаев Көбейсін, 1942 жылы туған. Журналист, ақын, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. 1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, 1981 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолы Жезді аудандық “Октябрь туы” газетінде корректор, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерінен басталған, одан соң Қарағанды облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің Жезқазған қаласы мен Жезді ауданы бойынша меншікті тілшісі, Ұлытау аудандық “Ұлытау өңірі” газетінің (1973 ж.) алғашқы редакторы, Жезқазған облыстық теле-радио комитетінде Бас редактор, “Жезқазған туы” (кейіннен “Сарыарқа” деп аталған) бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, “Жезқазған түсті металл” ғылыми-өндірістік басқармасының баспасөз орталығының бастығы, Өмірхан Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің “Ұлағат” газетінің редакторы қызметтерін атқарған. Көбейсін Еңсебаев “Сырымды айтам” өлеңдер жинағының авторы.

Ерман Жүрсін Молдашұлы, 1951 жылы Ұлытау ауданының Сәтбаев кеңшарында туған. 1975 жылы Қазақтың Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін және 1982 жылы Алматы Жоғарғы партия мектебін бітірген. Жүрсіннің еңбек жолы Жезді

аудандық “Октябрь туы” газетінде тілшіліктен басталған, одан соң ұзақ жылдар (1971-1981ж.ж.) Жезқазған қалалық, облыстық телерадиокомитетінде редактор, Бас редактор, кейіннен 1982-2003 жылдары “Жұлдыз” журналында, “Қазақ әдебиеті” газетінде бөлім меңгерушісі қызметтерімен жалғасқан. 2003 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінде “Айтыс” зертханасының меңгерушісі қызметінде, 2006 жылдан бері Қазақ радиосының директоры болып қызмет етуде. “Ұлытауға бардың ба?”, “Жанартау”, “Армысың, арайлы таң” өлеңдер жинағының авторы. Ақын Жүрсін Молдашұлы Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасының Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі елімізде айтыс өнерін жаңғыртып жүрген азамат.

Жүрсекең зайыбы Бақытжамал (Шамкен) екеуі екі қыз—Қызғалдақ, Ардақ, бір ұл—Дарханнан 5-6 немере сүйіп отырған жандар. Балалары білімді, тәрбиелі де, үлгілі азаматтар. Бақытжамал екеуміз бала кезден бірге өстік, әлі күнге отбасылық аралас жандармыз: қызық қуаныш, тойларда әрдайым біргеміз. Қазақта мақал бар ғой, әсіресе аса жақын таныс емес біреулермен кездескенінде, “Сенің кім екеніңді танып білейін, досыңды айтшы” деген, сондайда мен батыл түрде Бақытжамал деп жауап берер едім.

Сейітқазинов Мұханбетқали, 1956 жылы Ұлытаудың Шеңбер ауылында туған. Еңбек жолын 1981 жылы Жезқазған педагогикалық институтының көркемсурет және графика факультетін бітірген соң жоғарғы оқу орнының жолдамасымен “Алғабас” кеңшарында мектеп мұғалімі болып бастаған, 1983-1986 жылдары “Шеңбер” кеңшарында комсомол комитетінің хатшысы, сол кеңшарда кәсіподақ комитетінің төрағасы, ауыл әкімі, бүгінде “Шеңбер” ауылындағы өзі оқыған №2 Қорғасын орта мектебінде мұғалім. Мұқаш айтыс өнеріне 1989 жылы келген, сол жылы Алматы қаласында алғаш ұйымдастырылған республикалық Наурыз айтысына қатысқан 67 ақынның ортасынан жарып шығып жүлделі ІІІ орынды иеленсе, 1990 жылы Алматы-Қызылорда, Шымкент-Жезқазған облысара-

лық ақындар айтысында I орын алды. Мұқаш Сейітқазинов Сәкен Сейфуллиннің туғанына 100 жыл толуына (1994ж.), Бөгенбай батыр, Ағыбай батырларға арналған республикалық, ҚазақКСР-ң 70 жылдығына арналған халықаралық айтыстардың жүлдегері, "Ақтұма" (2003ж.) жыр жинағының авторы.

Омаров Әнуар Серікбайұлы, 1968 жылы Ұлытау ауданының Алғабас кеңшарында туған. Әнуар Серікбайұлы (белгілі халық ақыны Омар Қунақұлының немересі) республикаға танымал айтыскер ақын. Еңбек жолын Жезқазған облыстық "Сарыарқа" газетінде тілшіліктен бастаған. 1998-2002 жылдар аралығында Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармонияның директоры, Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары, 2003-2005 жылдары "Ақ жол" демократиялық партиясының Жезқазған филиалында аппарат жетекшісі. 2006 жылдан Жезқазған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы қызметінде. Ә.Омаров ең алғаш 1990 жылы Ұлытауда ұйымдастырылған оқушы-ақындардың айтысына қатысып айтыс өнері жолына түскен. Әнуар 1991 жылы Алматы қаласында өткен Мұқағали Мақатаевтың 60 жылдығына арналған студенттердің республикалық айтысында, Павлодарда (1992ж.), Петропавлда (1999 ж.) өткен республикалық айтыстарда жүлделі I-ші орынды иеленсе, 2000 жылы Сәтбаев қаласында Шынболат Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайының ашылу құрметіне ұйымдастырылған республикалық айтыста Бас жүлдені қанжығасына байлаған ақын.

Райымбеков Әбулақан, 1923 жылы Ұлытау ауданының "Ұлытау" совхозында туған. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын, жазушы-журналист. Алматының С.М.Киров атындағы университетінің филология факультетінің журналистика бөлімін 1958 жылы тамамдаған. Еңбек жолын Қарсаұбай аудандық мемлекеттік банкісінің бухгалтері қызметінен бастаған, одан соң Жезқазған аудандық "Қызыл кенші" газетінің әдеби қызметкері, жауапты хатшысы, редактордың орынбасары болып бастаған. 1966 жылы "Жұмысшы табы қазақ совет поэзиясында" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Бірнеше өлеңдер мен

поэмалар жинағының авторы, олар: “Өлендер мен поэмалар”(1961ж.), “Тау ұлы”(1963ж.), “Жездария”(1969ж.), “Қазақ поэзиясындағы жұмысшы бейнесі (монография)”(1971ж.), “Құрыш білек” (1975ж.), “Жұмысшы мәртебесі (монография)”, “Жұмысшы мәртебесі”(1980ж.), “Күштар көңіл”(1983ж.)

Әміралин Әбілқасен, (1912-1991) жылы Ұлытау ауданы Алғабас ауылдық округінде дүниеге келген. Ұлытау-Жезқазған өңірінен шыққан тұңғыш журналист. Аудан орталығы Қарсақпай болып тұрған жылдардағы “Қызыл кенші”, Ұлытау аудандық “Коммунизм туы” газеттерінде редактор, Қарағанды облыстық “Советтік Қарағанды” газетінің бөлім меңгерушісі, Жезқазған облыстық телевидениесінде Бас редактор болып қызмет жасаған. “Жамалым жаным, амалым наным”, “Жөкей сот”, “Май сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер” атты фельетондары әлі күнге ел аузында. 1943 жылы Болман мен Шашубай айтысын ұйымдастырған, өзі ақын Иманжан Жылқайдаровпен (Мұқан Иманжановтың әкесі) айтысқан. 1985 жылы жазылған “Арқада туған алып” атты публицистикалық шығармасы қара шаңырақ Қарсақпай-Жезқазған өнеркәсібінің дамуына арналған. Қазақстан Журналистер одағының ең алғашқы мүшелерінің бірі.

Майлин Жәнділдә Тәжіұлы (1949-1998) Ұлытаудың Қаракеңгір ауылында туған. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Суретшілер одағы Қарағанды облыстық кеңесінің мүшесі, республикалық “Жігер” фестивалінің лауреаты болған. Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының көркемсурет және графика факультетін бітірген. Еңбек жолын Жезқазғандағы №8 мектепте сурет пәнінің мұғалімі болып бастаған. Одан соң Қазақстан Республикасы Суретшілер одағы Қарағанды бөлімшесінің Жезқазған қаласындағы көркемөнер шеберханасында суретші-безендіруші, ал 1977 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Жезқазған педагогикалық институтында (қазіргі Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті) ассистент, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болып еңбек етті. Жәнділдә Тәжіұлы Майлин Санкт-Петербургтегі И.Е.Репин атындағы кескіндеу, мүсіндеу

және сәулет институтында (1979), Москвадағы В.И.Суриков атындағы көркемсурет институтында (1985) белгілі суретші Мыльниковтың шеберханасында дәріс алды. Жанділде Тәжіұлы көркемсурет өнерінің түрлі жанрларында шығармашылық туындылар жасады. Олардың қатарында Абылай хан, Абай, Жамбыл, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов портреттері, пейзаждар, натюрморттар, тақырыптық композициялар және абстаркциялық туындылар бар. Ж.Майлин салған Жамбыл Жабаевтың портреті Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік көркемсурет галереясының Алтын қорына алынған. Ж.Т.Майлин Жезқазған өңірінде бейнелеу өнерінің кәсіптік деңгейде дамуына үлкен үлес қосқан азамат еді, өзі еңбек еткен Жезқазған университетінде Майлин атындағы ғылыми-әдістемелік кабинет ашылып, мемориалдық тақта қойылған.

Қожахметов Бахтияр Сапарбекұлы, Ұлытаудың Шеңбер ауылының тумасы. Бахтияр Жезқазғанның тарихи-археологиялық мұражай директоры болып қызмет етіп жүргенде “Алтай-Дунай” халықаралық археотнологиялық экспедициясын ұйымдастырған. Экспедицияның мақсаты— Ұлы Дала белдеуін түйемен жүріп өту арқылы әлем жұртшылығының назарын Еуразия даласын мекендеген халықтар тарихындағы ықпалдастыққа аудару, Еуразияның ежелгі тарихы мен қазіргі Еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үрдістерді насихаттау. Осы идеяның авторы және экспедиция жетекшісі де Бахтияр Сапарбекұлы Қожахметов. Саяхатшылар 3 кезеңнен тұратын 5500 шақырымдық экспедиция сапарын 1999 жылы 3 мамырда Алтай өлкесіндегі Құлындыдан (Ресей) бастады. **Бірінші кезең** (1999ж.) Павлодар, Ақмола, Қостанай, Челябині облыстары, Башқұртстан, Орынбор, Батыс Қазақстан жерлерін, **екінші кезең** (2000ж.) Саратов, Воронеж (Ресей) жерлерін, **үшінші кезең** (2001ж.) Украинаның 11 облысын қамти отырып, Венгрия жерінде аяқталды. Бас аяғы үш кезеңде 426 елді мекен қамтылды. Экспедициясының негізгі құрамы мына төмендегідей болды: Қожахметов Б.С., Иванова Н., Бірімбетов С., Подчиненов В., Постановов М. Әр ке-

зендерде Жезқазған қаласынан Зиновьева С., Лиханов В., Шакирова А., Үмбетова Б., Аппазова Т., Кундиков О., Қожахметов Қ., Сұлтанов Ә., Таукенов А., Ұлданов С. қатысып жүрді.

Мырзабеков Батырбек Тыныштықбайұлы, 1948 жылы Ұлытауда туған. 1972 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдаған, Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшесі, ақын, Қазақстан Журналистер одағының Сейілхан Асқаров атындағы сыйлығының лауреаты. Батырбек Мырзабеков еңбек жолын 1967 жылы Ұлытау селолық клубтың директорлығынан бастаған, Жезді аудандық “Октябрь туы” газетінде әдеби қызметкер, “Ұлытау өңірі” газетінде бөлім меңгерушісі, Ұлытау аудандық атқару комитетінде жауапты қызметкер болып еңбек еткен. Кейінгі уақытта “Жезқазған туы” газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, “Сарыарқа” газетінде редактордың орынбасары, 1999-2004 жылдары тәуелсіз “Наз”, “Дауа” газеттерінің бас редакторы болған. Батырбек Мырзабеков “Тас бұлақ”, “Ұлытаудың ұлымын” атты жыр жинақтары мен “Ұлытау—ұлттың ұясы” тарихи-көркем, публицистикалық кітаптың авторы. Батырбек Тыныштықбайұлы Мырзабеков Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

Байжігітов Спандияр Алдабергенұлы, 1959 жылы Ұлытау ауданының перзенті. Спандияр Алдабергенұлы ағаштан түйін түйеді, мүйіз, қайыстан ұлттық бұйымдар жасайтын қолөнер шебері. С.А.Байжігітов Жезқазған педагогикалық институтының көркемсурет және графика факультетін бітірген. Спандияр Алдабергенұлының әртүрлі тақырыптық композицияға жасалған бұйымдары қалалық, облыстық, республикалық көрмелерге қойылған. С.А.Байжігітовтың Москва, Югославия, Ереван, Ялта, Бендера жерлерінде өткен көрмелерде жұмыстары кәсіпқой мамандар тарапынан жоғары бағаланған. Қазіргі уақытта Спандияр Алдабергенұлы Жезқазған қаласының суретшісі.

ІІІ. ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ТАНЫЛҒАН ҰЛЫТАУЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ МЕН ЛЕНИН ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРЛЕРІ

Баймағанбетов Балаби (1890-1970) Ұлытаудың Киров ауылдық кеңесі аумағында туған. Бала кезін жалшылықта өткізген Балаби Баймағанбетов 1929-1937 жылдары Қарсақбай мыс қорыту зауытында жұмыскер, кейін “Өркен” колхозында шопан болған. Республикадағы таңдаулы шопандар қатарында аталған Балаби Балмағанбетовке КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12-ші шілдедегі жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілген. Сөйтіп Ұлытау-Жезқазған аймағында алғашқы Социалистік Еңбек Ері болған кісі.

Қазығұлов Қамзақан (1901-1956) Ұлытау ауданы, Терісаққан ауылында туған. Біздің анамыз Хадиша Қазығұлқызының ағасы. Бұғанасы қатпай, он екі жасынан ағылшындар ашқан Байқоңыр шахтасында жұмыс істеген, кейіннен Жезқазған поселкесінде шахтер болып кен қазып, Ұлы Отан соғысы жылдарында (әскерге алынбай броньмен қалдырылған) атқарған еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталған жан еді. Өмірі ауыр тұрмыс қиыншылығымен өткендіктен де болар, төсек тартып, жатып, ауырмастан заматта жүрегі тоқтап қалып дүниеден елу бес жасында қайтыс болды.

Мышанов Бәкен, 1929 жылы Ұлытау ауданының Қаракенгір кеңшарында дүниеге келген. Еңбек жолы аға шопандықтан басталған, ұзақ жылдар бойы жоғары еңбек көрсеткіштеріне жеткен жан. Жоғары еңбек жетістіктері үшін Бәкен Мышановқа 1966 жылы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілген. Б. Мышанов “Ленин” ордені мен “Орақ пен Балға” алтын медалінің иегері. Бұл күндері Бәкен ағамыз құрметті демалыста, еңбек бейнетінің зенетін көріп отырған зейнеткер.

Берденов Мыңбай (1930-1985) Ұлытау ауданының Малшыбай селолық округінде туған. Алғабас кеңшарында еңбек жолын жұмысшы болып бастаған Мыңбай Берденов өмірінің соңғы күніне дейін осы ауылда

аға шопан болып өткен еді. Сол еңбегінің арқасында Мыңбай аға VIII сайланған ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1982 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, “Ленин” ордені мен “Орақ пен Балға” алтын медалі қоса тапсырылды. Мыңбай Берденов Үш мәрте “Ленин” орденімен, Қазан революциясы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған, сондай-ақ М.Берденов ҚазақКСР-і мал өсіру ісінің еңбек сіңірген шебері атағының иегері.

Омаров Ғазиз Омарұлы (1925-2002) Ұлытау ауданы, Қаракенгір ауылының тумасы. Ауылдан шыққан кен-инженері, Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ісін жалғастырған шәкірттерінің бірі. Қазақ кен-металлургия институтының тау-кен факультетін 1949 жылы бітірген. Ғазиз Омарұлы кен өндіру ауысымының мастерінен ірі шахта проходкалау тресінің басқарушылығына дейінгі жолдан өткен. Одан соң Жезқазған кен басқармасы партия комитетінің хатшысы, бірнеше рет қалалық, облыстық кеңестің, ҚазақКСР Жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайланған. Ғ.О.Омаров екі мәрте “Ленин” орденімен, сонымен қатар Еңбек Қызыл Ту, Октябрь Революциясы, “Құрмет” ордендерінің де иегері. Кезінде Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атақтарына ие болған азамат. Бұл күнде Жезқазған шахта проходкалау тресіне Ғазиз Омарұлының аты берілген, Жезқазған қаласында Ғазиз Омаров атында көше бар.

Сүлейменов Әбілжан Әбдіжаппарұлы (1932-2004) Ұлытаудың тумасы, Жоғары білім алған ауылшаруашылығының маманы. Қатардағы есепшіліктен басталған еңбек жолында совхоздың партия комитетінің хатшысы, бас есепшісі, шаруашылық директоры қызметіне дейін көтерілген жан. Ширек ғасыр бойы Ұлытау ауданында өзінің туған ауылы, Алашахан, Жошыхан, Домбауыл кесенелері орын тепкен, “Сарыкенгір” совхозында директор болып еңбек етті. Еңбегінің жемісі сол ауылшаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер атағына ие болумен қатар, Құрмет белгісі орденінің де иегері. Жеңгеміз Гүлжамал екеуі он бала тәрбиелеп

өсіріп, “ұлын ұяға, қызын қияға” орналастырып он үш немереге ата болды. Жетпіс үшке қараған шағында науқастан қайтыс болды. Әбілжан Әбдіжаппарұлының бұл ресми деректерден басқа да көпті көрген, тарихқа, әдебиет пен мәдениетке өте жүйрік білімдар азамат екендігі жөнінде, қазақтың біртуар ақын қызының жоғарыда келтірілген “Ұлытау қызы” очеркінде Фариза Оңғарсынова терең жазғандығын атап өткім келеді.

IV. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАН ҰЛЫТАУ ҰЛАНДАРЫ

Асатов Серікбай Ерсейітұлы – әскери ұшқыш, Ұлытаудың Кішітау баурайында Аманкелді атындағы совхоздың “Сарлық” бөлімшесінде 1913 жылы дүниеге келген. Совет Армиясы қатарына 1932 жылы өз еркімен барып, 1933 жылы ұшқыштар даярлайтын еліміздің бірінші әскери авиация мектебін бітірген. 1940 жылы жетінші алысқа ұшатын бомбылаушы авиация полкінің звено командирі ретінде ақ финдерге қарсы соғысқа қатынасып, “Жауынгерлік ерлігі үшін” медалімен наградталған. Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен бастап. 750-авиация полкінің эскадрильясы командирінің орынбасары, неміс фашистерімен күресте талай ерлік көрсеткен. 1941 жылдың 11 қыркүйегінде Қызыл Ту орденімен наградталған. Берлинді бомбылауға барған сапарында 1942 жылдың 27 мамырында өртенген самолетін жау әскерінің үстіне түсіріп, батырлықпен қаза тапқан. Серікбай Асатовтың жұбайы Ирина Акимовна Асатова өз кезінде Баубек Бұлқышевпен де таныс аралас болған. Баубек Бұлқышевтың шығармаларын жинақтап “Заман біздікі” деген атпен құрастырып шығарған Сейілхан Асқаровқа жазған мына хаттан білуге болады. *“Баубек Бұлқышев Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін I-Москвалық пролетарлық мотоатқыштар дивизиясының құрамында әскери міндетін өтеп жүрген шақта үйімізде жиі болып тұрды, күйеуімді туған ағасындай сыйлайтын, мені де құрмет тұтатын Серікбайдың қаза болғаны туралы хабарды естігенде, бізге жұбаныш хат жазып, қолынан келетін бар*

көмегін беруге дайын екенін білдіріп, Алматыға қоныс аударуға кеңес берген еді. Бірақ біз кездейсоқ жәйіттерге байланысты Қазақстан жеріне жете алмай қалдық та, соғыс жеңіспен аяқталғанша Чувашияда болдық”.

(И.А.Асатованың 1971 жылғы
15 қарашадағы хатынан)

* * *

Баубек Бұлқышевтың Мұқан Иманжановқа 1942 жылдың 24 шілдесінде жазған хаты да бұған толық дәлел бола алды ғой деп ойлаймын. “**Мұқанжан! Менің туысым, ұшқыш, орденді капитан Серікбай қайтыс болыпты. Бүгін әйелінен хат алдым. Ол: “Қайда барарымды білмеймін, Серікбайдың туған жеріне барсам ба екен”, – дейді. Сұм өлімнің таппайтын адамы болсайшы – жалғыз Серікбайды да алып кетті. Отан оған екі рет награда беріп еді, ол Әуе флотының көрнекті бір командиріне айналып еді. Жауыз Гитлердің қарақшыларымен күресте 27 май күні ұрыста қаза тауыпты. Ішің қимайды, жүрек тулайды. Амал не, қазақтан шыққан мұндай летчик-капитан аз-ақ қой. Серікбайдың өлімі қазақ халқының патриоттары үшін ауыр қайғы. Әсіресе туысы мен үшін.**

Мұқан, Ираға Алматыға бар деп ақыл бердім. Ол орыс қызы, ол – қазақ жігітінің досы, ол – біздің бауыр, мен оны ренжіткім келмейді. Алматыдағы жігіттер оны орналастырар деп сенемін. Ол саған барады, редакцияның адресін бердім. Үйіңе орналастыр, кіргіз, маған істеймін деген жақсылығыңды соған істе, бауырым Мұқан. Оны жетімсіретпеңдер. Ол туыс деп майданнан мені тапты, мен сені тауып отырмын. Сен оны күтіп ал, оның тек бір кішкене қыз баласы бар – Рита деген, басқа ешкімі жоқ. Фамилиясы – Асатова Ирина Акимовна.”

Сейілхан Асқаров Баубек ағамыздың “Заман біздікі” деген кітабының (1990 жылы басылып шыққан) соңында “Хаттарға берілген түсініктер” деген тараудың 498-бетінде мынадай да анықтама келтіріпті: “И.А.Аса-

това қазіргі кезде қызы — Рита Серікбайқызы Асатова-мен және немересі Серікбаймен *(атасының құрметіне солай атаған)* Москва қаласында тұрады.”

Міне, біздің мақтанышымыз Серікбай Асатов осындай азамат еді.

Баубек Бұлқышев, 1916 Ұлытаудың баурында туған. Публицист-жазушы Баубек Бұлқышев шығармаларын қазақ, орыс тілдерінде жазған жан, әдебиетте жарқ етіп көрініп, тез сөнген. Баубектің шағын өмірі әрі аянышты, әрі қызықты. Жаңа сілтеп келе жатқан қаламы еске түссе ойға өкініш оралады, ал дауылды өмірі, ерлік ісі, еске түссе бойынды мақтаныш сезімі билейді. Б.Бұлқышев жастайынан алғыр, өжет болып өскен. Баубек алғашында ауыл мектебінде оқып сауатын ашқан, одан кейін оқуына жақын туысы Сейтжан Смайылов *(Камал Сейтжанұлы Смайыловтың әкесі)* көп ықпал жасаған. Баубектің әкесі Бұлқыш Байқоңыров *(Байқоңыр мен Смайыл бірге туған көрінеді)* пен анасы Бәтима көзі ашық, жазу-сызудан хабары бар, көңілі ояу адамдар болыпты. Баубектің әкесі сөзге шешен, ділмар, орақ ауызды, от тілді кісі. Ал шешесі Бәтима сызылтып, сыңғырлатып ән салғанда өз тыңдаушысын тамсандыратын болған.

Б.Бұлқышев Қарсақбайдағы фабрика-зауыт мектебін бітірген соң Алматы сауда қаржы техникумында оқи жүріп көптеген өлеңдер мен “Балалық шақ” поэмасын, “Ауылдан Алматыға” өңгімесін жазған. Ұлы Отан соғысына дейін “Лениншіл жас” газетінде әдеби қызметкер, “Қазақстан пионері” газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет істеген. Баубек Бұлқышев Қызыл Армия қатарына Алматыдан 1940 жылдың бірінші мартында аттанған. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап майданда болып, Москваны қорғау, Украинаны азат ету шайқастарына қатысты. Баубектің жазушылық таланты соғыс жылдары жарқырай көрінді. Публицистикалық өршіл, отансүйгіштік рухы айқын туындылары “Комсомольская правда” газетінде үзбей жарияланып тұрды. Әйгілі “Өмір мен өлім туралы”, “Мен өмір сүргім келеді”, “Өмір-біздікі”, “Зұлымдық пен махаббат”, “Шығыс ұлына хат”, “Тыңда, Кавказ!” мақалаларын көрнекті жазушы Ғабит

Мүсірепов аударып республикалық “Социалистік Қазақстан” газетінде жариялады.

Баубек Бұлқышев 28 жасында Ұлы Отан соғысында опат болды. Отанымыз үшін шайқаста 1944 жылы 3 февральда қаза болған аға лейтенант Баубек Бұлқышев Днепропетровск облысы, Софиев ауданы, Ново-Юльевка селосындағы бауырластар бейітінде жерленген. Қысқа ғана ғұмыр кешкен Баубек аққан жұлдыздай зымырап, қазақ аспанынан жарқ етіп өте шықты. Халық өзінің асыл ұлдары, талантты перзенттері арқылы әлемге танылады, Баубек Бұлқышев туған халқын Кеңестер одағына танытқан тамаша перзенттерінің бірі. Баубек-ақын, журналист, жазушы-прозашы, жалынды публицист, патриот. Баубектің өмірі, отансүйгіштік қасиеті, өмірге құштарлығы өскелең жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

Әлиакпаров Қаппас Ысмағұлұлы, Ұлытау ауданының Терісаққан ауылында 1918 жылы дүниеге келген. Қаппас Ысмағұлұлы атамыз Ұлы Отан Соғысына қатысқан ардагер. 1939 жылы Финляндиямен соғыс басталысымен, Шымкент ауылшаруашылық техникумында оқып жүргенде, әскер қатарына шақырылған. Соғыста жүріп жау қолына тұтқынға түседі. Алайда, тұтқыннан қашып шығып, жау тылына барлау жүргізу үшін арнайы жасақталған отряд құрамына кіріп, Кеңес Одағының Батыры барлаушы Николай Иванович Кузнецовтың байланысшысы болған. Қаппас Әлиакпаров I Украина майданы 60-армияның 177 атқыштар полкінің құрамында Польша қаларын азат етуге де қатысқан. 1945 жылы Берлинді алу үшін болған ұрыста ауыр жараланған Қаппас Ысмағұлұлы Львов қаласында ауруханаға түседі. Қаппас атай 1946 жылдың 15 наурызында жарақатынан айығып, Кеңес әскері қатарынан босаған соң “Киев-Мәскеу-Ташкент” поезына отырып елге жеткен еді. Қ.С. Әлиакпаров I дәрежелі Отан соғысы орденінің, “1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін”, “Отан соғысы партизанына”, “Кеңестер Одағының Маршалы Жуков” медальдарының иегері. Жезқазған қаласының Құрметті азаматы. Ұлы Отан соғысы салған жарасы мен қарттық Қапекеннің денсаулығына әсер етпей қойған жоқ, 2003 жылы 85-ке қараған шағында дүниеден өтті.

Алданазаров Тұрсын (1922-1998) Ұлытаудың Кеңгір ауылдық округінде туған. Өз еркімен тіленіп барып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1953 жылы Свердлов қаласында еңбекақы есептеу және төлеу жөніндегі арнаулы оқу орныны бітірген.

Кеңес дәуіріндегі қысымға қарамастан отыз жасында өз бетімен араб тілін меңгеріп, ислам діні мен мәдениетін насихаттаушы болған. Діни лауазымы-ишан. 1995 жылы Мекке-Мәдинеге қажылық сапармен барып қайтқан. Тұрсын Алданазаров екі мәрте “Отан соғысы”, сондай-ақ “Қызыл Жұлдыз” ордендерімен жеті медальмен марапатталған.

Мәденов Сабыр (1924-2001) Ұлытаудың тумасы, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1942 жылы әскер қатарына алынып, Жапониямен болған ұрыстарға да қатысқан. 1975 жылға дейін Қарулы Күштер қатарында қызмет етті. Запастағы полковник, өмірінің соңына дейін Ө.А.Жезқазған университетінде аға оқытушы қызметінде болды, қазақ тілінде жазылған экономика саласы бойынша екі оқулықтың авторы. Сабыр Мәденовтың есімі Жезқазған қалалық құрмет тақтасына енгізілген. Сонымен бірге С.Мәденов “Қызыл Жұлдыз”, II-ші дәрежелі “Отан соғысы” ордендерінің және бірнеше медальдардың иегері.

Алданазаров Тұрсын (1922-1998) Ұлытаудың Кеңгір ауылдық округінде туған. Өз еркімен тіленіп барып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1953 жылы Свердлов қаласында еңбекақы есептеу және төлеу жөніндегі арнаулы оқу орныны бітірген.

Кеңес дәуіріндегі қысымға қарамастан отыз жасында өз бетімен араб тілін меңгеріп, ислам діні мен мәдениетін насихаттаушы болған. Діни лауазымы-ишан. 1995 жылы Мекке-Мәдинеге қажылық сапармен барып қайтқан. Тұрсын Алданазаров екі мәрте “Отан соғысы”, сондай-ақ “Қызыл Жұлдыз” ордендерімен жеті медальмен марапатталған.

Тоқтамұлы Қойшыбек 1920 жылы Ұлытаудың Қаракеңгір өзені бойындағы “Сарықамыс” деген жерде туған. Ауыл мұғалімінен сабақ алған. Кейіннен Жезқазған қалашығындағы (Рудник поселкесі) орта мектепте оқыған. Қарағанды педагогикалық инсти-

тутын бітірген. 1941-1949 жылдары Шығыс шекара күзетінде қызмет еткен. 1949 жылы Жезқазған түсті металл комбинаты комсомол комитетінің хатшысы, 1952 жылы Қарсақбай ауднадық партия комитетінің нұсқаушысы, 1955-1990 жылдары аралығында №1 Жезқазған тау-кен кәсіптік техникалық училищесінің директоры, Жезқазған мыс құрылыс тресі кәсіподақ комитетінің төрағасы, осы трестің тұрғын үйлерді жылумен қамту орталығының бастығы қызметтерін атқарып зейнеткерлікке шыққан. Республикада бірінші болып Сәтбаев қаласында қазақ тілі мұражайын ұйымдастырған ақсақал. Қойшыбек Тоқтамысұлы “Бала дауысы”, “Ана дауысы”, “Ата дауысы”, “Дала дауысы”, “Баба дауысы” кітаптарының авторы. Қойшыбек Тоқтамысұлы Сәтбаев қаласы мен Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

У.ҰЛЫТАУДЫҢ ҒЫЛЫМ ҚУҒАН ҰЛДАРЫ МЕН ҚЫЗДАРЫ

Қаратаев Мұхамеджан Қожасбайұлы (1910-1995) Ұлытаудың Кішітау баурайында Қорғантас қыстағында дүниеге келген. М.Қ.Қаратаев-Алматының қазақ мемлекеттік Абай атындағы институтын бітірген (1933 ж.), Қазақстан Республикасының халық жазушысы, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, “Асулар алда” атты монографиясы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алған. Қаратай Қожасұлының өмірі мен еңбек жолы ғылыммен, әдебиетпен тығыз байланысты болған. Қазақ әдебиетінің даму тарихын, теориясын, мақсат-мұратын, қалыптасуын зерттеумен шұғылданды. Осы саладағы еңбегі жоғары бағаланып, М.Қ.Қаратаев “Еңбек Қызыл Ту”, “Халықтар Достығы”, “Құрмет белгісі ордендерімен марапатталған” азамат.

Байқоңыров Әмірхан Аймағанбетұлы (1912-1980) Ұлытаудың тумасы, көрнекті ғалым және қоғам қайраткері, ірі инженер. Еңбек жолын Ә.А.Байқоңыров Қарсақпай мыс зауытын салу құрылысында бастаған.

Өмірхан Аймағанбетұлы Қарсақбай ФЗУ-н тамамдаған соң, сол уақытта комбинаттың Бас геологы қызметінде жүрген, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың геологтарының бригадасында бұрғылаушы болып орналасқан. 1935 жылы Ө.А. Байқоңыров Қаныш Имантайұлының ұсынысымен Қазақ кен-металлургия институтына оқуға түседі. 1940 жылы Қазақ кен-металлургия институтының (қазіргі Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті) кен инженері мамандығы бойынша бітірген соң туған өңірі Жезқазғанға жолдамамен жұмысқа келген. Техника ғылымының докторы, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі-Өмірхан Байқоңыров Ленин орденінің иегері, сонымен қатар бірнеше Құрмет грамоталары мен медальдармен наградталған. Сол наградаларының ішінде Халық Шаруашылығы Жетістіктері Көрмесінің алтын медалі, I-ші дәрежелі “Шахтер даңқы” белгісі де бар. Өмірхан ағай “Қазақстан жоғарғы мектебінің еңбегі сіңген қызметкері” болып табылады. Бұл күндері, бұрынғы Жезқазған педагогикалық және тау-кен институттарын біріктірілу арқылы 1996 жылдың 7 мамырында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №573 Қаулысына сәйкес құрылған, Жезқазған қаласындағы университет Өмірхан Аймағанбетұлы Байқоңыровтың атында.

Абдулин Айтмұхамед (Айтжан) Абдоллаұлы, Ұлытаудың Қаракенгір өзені бойында 1924 жылы туған. Ата-анасы есімін Айтмұхамед қойыпты, алайда бұл есім ресми құжаттарда ғана сақталғандығы болмаса, қолданысқа көп еңбеген, сөйтіп күнделікті өмірде Айтжан атанып кеткен. А.Абдулиннің жас шағында оның әкесі Әбділда Сандыбайтегі қайтыс болған, іле-шала анасы Рәбиға Айтұарқызы көз жұмған. Осылайша жастай жетім қалған Айтжан Абдуллин балалар үйіне беріліп, сонда тәрбиеленген. 1941 жылы он алтыдан он жетіге қараған шағында Абдулин Айтжан Батыста Сталинград шайқасына тікелей қатысып, Шығыста соғысты Жапонияда аяқтаған.

А.Абдуллин 1953 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің геология факультетін бітірген, содан күні бүгінге дейін Айтжан Абдоллаұлының еңбек жолы ҚазақКСР Ғылым Академиясы және Геологиялық ғы-

лымдар институтымен тығыз байланысты. 1958 жылы кандидаттық, 1971 жылы докторлық диссертациясын қорғаған, ал 1973 жылы профессор деген ғылыми атаққа ие болған. Республикалық Ғылым академиясы жүйесінде Айтжан Абдоллаұлы лаборанттан институт директоры лауазымына дейін көтерілді, Жер туралы ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы, Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті қызметтерін атқарды. 1975 жылы Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, 1979 жылы толық мүшесі (академигі) болып сайланды.

Айтжан Абдоллаұлы— Қазақстанның көрнекті ғалымы, геология — минерология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ғылым қайраткері, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Айтжан Абдуллин “Қазан төңкерісі”, “Еңбек Қызыл Ту”, бірінші дәрежелі “Отан соғысы”, екі мәрте “Қызыл Жұлдыз”, “Құрмет” ордендерімен марапатталған, “Қазақстанның құрметті инженері” атағы бар, сондай-ақ бұл кісінің есімі Алматы қаласының “Алтын кітабына” жазылған.

Асансейітов Шахман, 1941 жылы туған Ұлытаудың тумасы. Ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты. Алматының малдәрігерлік институтының инженер-зоотехник факультетін бітірген. Еңбек жолын Ұлытау ауданында зоотехник болып бастаған “Алғабас”, “Ұлытау” совхоздарының директоры, Ұлытау аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы, халық депутаттары аудандық Кеңесінің төрағасы, Ұлытау ауданы әкімінің (ауылшаруашылығы саласы бойынша) орынбасары қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта зейнеткер.

Тоқпамысов Мүсілім, 1936 жылы Ұлытау ауданында туған. 1959 жылы Қарағанды политехникалық институтын тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірген, техника ғылымдарының кандидаты. Мүсілім Тоқпамысұлы “Қияқты” Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің президенті, 50-ге тарта ғылыми еңбек пен 4 монографиялық еңбектің авторы.

Әбдіраман Шәмшиден Әбдіраманұлы, Ұлытаудың Кішітау баурайында 1937 жылы дүниеге келген. Шәмшиден Әбдірахманұлы техника ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымының докторы. Қазақтың Ұлттық Техникалық Университетінің 1960 жылғы түлегі, кен инженері. 1964-1969 жылдары Жезқазғанның кен орындарында инженер болып қызмет етсе, 1967-1972 жылдар аралығында Алжир мемлекетінің кен өндірісі “Айн-Барбар” кен байыту комбинатында Бас инженерлік қызмет атқарған. Бүгінде 1972 жылдан Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақтың Ұлттық Техникалық Университетінде доцент, профессор.

Жайсаңбаев Ниязғали Әбдіғалиұлы, 1940 жылы Ұлытау ауданының Сарлық ауылында туған. Техника ғылымдарының кандидаты (1971ж.), Ниязғали Әбдіғалиұлы еңбек жолын 1957 жылы Жезді марганец кен басқармасында жұмысшыдан бастаған. Одан соң Қарағанды политехникалық институтының Балхаш қаласындағы филиалында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан, сондай-ақ Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған қаласындағы филиалында директор, 1990 жылдан қазіргі уақытта Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің кафедра меңгерушісі, профессор қызметінде. Н.Ә.Жайсаңбаев-Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, Еңбек ардагері және ЖезУ-дің “Алтын белгі” медалінің иегері, 48-ден астам ғылыми еңбек пен зерттеу мақалаларының авторы.

Жәлелов Өміртай, 1943 жылы Ұлытау ауданының Аманкелді совхозында туған. 1965 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогика институтының физика-математика факультетін бітірген. Өміртай Жәлелұлының еңбек жолы 1965 жылы Қарсақбай, Жезді поселкелерінде физика-математика пәнінің мұғалімі ретінде басталған. 1973жылдан Қарағанды политехникалық институтының Жезқазғандағы филиалында ассистент, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі. Қазіргі таңда Ө.А.Байқоңыров атындағы университетінің профессоры, педагогика ғылымының кандидаты, 50-ден астам ғылыми мақалалар мен зерттеулердің авто-

ры, сонымен қатар Еңбек ардагері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

Сауқымов Өмірзақ, 1946 жылы Ұлытау ауданының Алғабас кеңшарында туған. 1969 жылы Алматы ауылшаруашылық институтын агроном мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын институт бітірген соң өзінің туған ауылында агрономдықтан бастаған, 1972-1975 жылдар аралығында Қазақ ауылшаруашылық институтында аспирант. Аспирантура бітірген соң 1976 жылдан 2003 жылға дейінгі уақытта Жезқазған облыстық тәжірибе станциясында бөлім меңгерушісі, директоры, №2 мектепте химия және биология пәнінің мұғалімі. Ал қазіргі уақытта (2003 жылдан) Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде география кафедрасының меңгерушісі. Өмірзақ Едігеұлы ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты (1977ж.), 20-дан астам ғылыми еңбектің авторы.

Мұхтарова Сағыныш Қонысбайқызы, 1973 жылы Ұлытау ауданының Терісаққан ауылында туған. Жезқазған педагогикалық институтын 1995 жылы бітірген, сол жылдан бастап осы оқу орнында еңбек жолын қазақ әдебиеті кафедрасында ассистент, аға оқытушы қызметінен бастаған. “Қазақ тарихи прозасындағы би-шешендер образы “ тақырыбында 2000 жылы кандидаттық диссертация қорғаған. Сағыныш Мұхтарқызы Шеңбер-Терісаққан өңірі тумаларының арасынан шыққан тұңғыш ғалым, ғылым кандидаты десек те болады. Ол 10-нан астам ғылыми-әдістемелік жарияланымның және “Қазақ тілі лексикологиясынан пысықтау жаттығулары”, “Қазақ тарихи прозасындағы би-шешендер образы” оқу құралдарының авторы. 2005 жылдан бері Астанадағы Л.Гумелев атындағы Евразия университетінде қызмет етуде.

Аманжолов Сейтқали, 1955 жылы Ұлытауда туған. 1980 жылы Жезқазған педагогикалық институтын “Бейнелеу өнері және сызу” мамандығы бойынша бітірген. 1992 жылы “I-IV сыныптардағы тақырыптық сурет сабақтарында оқушыларды даралыққа үйрету ерекшеліктері” тақырыбында кандидаттық, ал 2004 жылы “Бейнелеу өнерін оқытуда төменгі сынып оқушыларын даралай оқыту” деген тақырыпта докторлық

диссертациясын қорғаған ғалым. Сейітқали Аманжолов, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі, 1996 жылдан Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, 2002 жылдан “Ресей Федерациясы Педагогикалық білімдер халықарарлық ғылым академиясының корреспондент мүшесі”, педагогика ғылымының докторы. Жеке шығармашылық жұмыстары Алматы, Астана, Қарағанды, Жезқазған, Москва қалаларында көрмеге қойылған.

Зейнуллин Әбдікәрім Әбжалелұлы, 1957 жылы туған. Қазақтың политехникалық институтын 1979 жылы бітірген. Еңбек жолын 1979 жылы Шығыс Жезқазған кенішінің №57 шахтасында тау-кен шеберінен бастаған. 1982 жылдан ғылым жолына түсіп, Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалында кіші ғылыми қызметкер, тау-кен өндірісі кафедрасында ассистент, Москва тау-кен институтында аспирант, Жезқазғанның Ө.А.Байқоңыров атындағы университетінде проректор қызметтерін атқарған. Әбдікәрім Әбжалелұлы-техника ғылымының докторы, профессор Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің Құрмет белгісінің иегері. 2001 жылдан бері Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінде ғылым департаменті директорының орынбасары, Астана қаласындағы Л.Гумилев атындағы Евразия университетінде қызмет етуде. Ө.Ә.Зейнуллин 3-4 патенттің, бірнеше оқу құралдарының, 50-ден астам ғылыми жарияланымның авторы.

Мақашев Байжұма Қатираұлы, 1959 жылы Ұлытау ауданы Алғабас елді мекенінде туған. Қарағанды политехникалық институтын бітірген соң еңбек жолын 1981 жылы Жезқазған жолаушы тасымалдау кәсіпорнында бастаған, одан соң Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалында (қазіргі уақытта Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті) пайдалы қазбаларды жер астында өңдеу кафедрасында ассистент, оқытушы, доцент қызметтерін атқаруда. 1995 жылы “Дизельді двигателдерді қалыпқа келтіру тәсілдері мен құралдарын жасау” тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Байжұма Қатираұлы-бүгіндері докторлық диссертация жазу үстінде.

Жайнабекова Мехрибану Әбсадыққызы, 1956 жылы Ұлытау ауданының Сарыкентір совхозында туған. 1976 жылы Қазақ мемлекеттік С.М.Киров атындағы математика факультетін бітіріп келгеннен Жезқазған педагогикалық институтында еңбек жолын бастаған Мехрибану Әбсадыққызы (1996 жылдан бері Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті болып аталады) бұл күнде осы университеттің математика кафедрасының меңгерушісі, доцент, физика-математика ғылымдарының кандидаты, 30-дан астам ғылыми кітап пен мақалалардың авторы, 2000 жылдан “Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі”.

Жолдыбаев Шахман Серікбайұлы, 1961 жылғы Ұлытаудың тумасы. Қарағанды политехникалық институтының азаматтық құрылыс инженері мамандығы бойынша бітірген. Ш.С.Жолдыбаевтың еңбек жолы 1983 жылы Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалында ассистенті болып бастаған, 1991-1993 жылдары Москва қаласындағы тұрғын үй құрылысын жобалау орталығы ғылыми зерттеу институтының аспиранты, 1993 жылдан техника ғылымының кандидаты, қазіргі уақытта Ө.А.Байқоңыров атындағы университеттің өндірістік құрылыс кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, доцент Шахман Серікбайұлы 30-дан астам ғылыми еңбек пен зерттеу мақалаларының авторы бокстан спорт шеберлігіне кандидат, II категориялы альпинист.

Жанғабылова Зәуре Қалымжанқызы, 1968 жылы Ұлытау ауданының Сарлық ауылында туған. Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 1991 жылы бітіріп келгеннен З.Қ.Жанғабылова еңбек жолын Жезқазған кен-технология институтында лаборант болып бастаған. 1993-98 жылдары ассистент, аға оқытушы, 1998-2000 жылдар аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ізденушісі, ал 2002 жылдан қазіргі уақытта Ө.А.Байқоңыров атындағы университеттің қазақ тілі кафедрасында аға оқытушы, филология ғылымының кандидаты, ондаған ғылыми зерттеулер мен мақалалардың авторы.

VI. ОҚУ, БІЛІМ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, СПОРТ САЛАЛАРЫНДА ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЕТКЕН ҰЛЫТАУЛЫҚТАР

Шыңғысов Қабден (1930-2000) Ұлытау ауданының Малшыбай ауылында туған. Еңбек жолын 1948 жылы Жезқазған поселкесіндегі №7 мектепте бастаған. Қабден Шыңғысұлы 1955 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын тамамдаған. 1963-1970 жылдар аралығында Жезқазған қалалық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1973-1986 жылдары Жезқазған облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі, одан кейін өмірінің соңына дейін Жезқазғандағы №5 орта мектепте директоры қызметтерін атқарған. Қ.Шыңғысов “КСР және КСРО оқу ісінің үздігі” белгілерімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Шенеуова Нәписа Шенеуқызы (1931-2005) Ұлытауда туған. Нәписа Шенеуқызының еңбек жолы 1957 жылы Қарағанды педагогикалық институтының химия және биология факультетін бітіргеннен кейін басталған. 1957 жылдан 1963 жылға дейінгі аралықта Жезқазғанның №8 орта мектебінде қатардағы мұғалім болып қызмет еткен. Одан соң 1963 жылдан 1996 жылға дейін табан аудармай осы №8 мектепте директор болды. Нәписа Шенеуқызы 1998 жылы Қазақстан әйелдерінің II-ші съезіне делегат болып қатысқан. Н.Шенеуованың көп жылғы табысты еңбегі жоғары бағаланып, “Ерен еңбегі үшін” медалімен, “Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің озық қызметкері” белгісімен, “Құрмет белгісі” орденімен, “Қазақ КСР еңбек сіңірген мұғалімі” атағымен, “Еңбек ардагері” медалімен наградталған.

Шенеуова Нәписаның жұбайы—Қорғанбеков Ибрагим 1923 жылы Ұлытау ауданының “Үлкен бұлақ” ұжымшарында туған. Қарсақбайдың ФЗО-сын бітірген, 1942 жылы әскерге алынып, Қырымды азат ету үшін болған ұрысқа қатысқан. Ленинград әскери училищесін тамамдаған. Ауған және Қытай шекараларында МҚК-нің жүйесінде офицер шенінде қызмет

етті. Ибргим Қорғанбеков Ұлы Отан соғысының ардагері, II-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Байзақова Тамара Қомытбайқызы, 1933 жылы Ұлытауда дүниеге келген. Қарағанды педагогикалық институтының химия және биология мамандығы бойынша бітірген. Қатардағы мұғалімнен мектеп директорлығына дейін көтерілген ұстаз. Тамара Қомытбайқызы Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі, “Ана даңқы” ордені мен “Еңбек ардагері” медалінің иегері.

Мұқанов Өмірбек, 1930 жылы Ұлытауда туған. Алматыдағы Қазақ мемлекеттік медицина институтын үздік дипломмен бітірген. Медицина ғылымының кандидаты, 1954 жылдан Қарсақпай, Жезқазған ауруханаларында хирург болып еңбек еткен. Өмірбек Мұқанұлы 1961 жылы Жезқазғанда ашылған медициналық училищенің алғашқы директоры, 45 ғылыми еңбектің, 7 кітаптың авторы.

Досанов Әбдірахман Кәрімұлы, 1945 жылы Ұлытау ауданында дүниеге келген. 1969 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітіргеннен Жезқазған қаласының ауруханаларында еңбек етіп келеді. Әбдірахман Кәрімұлы жоғары санаттағы хируруг-дәрігер. Осы жылдар ішінде 12-13 мыңнана астам сәтті операциялар жасаған. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің грамотасымен бірнеше мәрте наградталған, “Ерен еңбегі үшін” (1987 жыл) медалінің иегері.

Әбенова Зәбира Тайқызы, Ұлытау ауданының Сарыкеңгір кеңшарында 1943 жылы туған. 1967 жылы Қарағанды медициналық институтын бітіріп, жолдамамен Жезқазғанның қалалық, одан соң облыстық көпсалалы ауруханасында көз дәрігері болып еңбек еткен. Зәбира Тайқызы қатардағы окулистен Жезқазған қаласында алғаш микрохирургиялық әдіспен операция жасайтын дәрігер, қалалық, облыстық бас офтальмолог дәрігер, көз аурулары бөлімшесінің меңгерушісі дәрежесіне дейін көтерілген. Еңбек еткен 30 жылдың ішінде 10 мыңнан аса адамның көз жанарын емдеп аурудан айықтырған. Одақтық офтальмологтар съездеріне бірнеше

мәрте делегат болып қатысқан, іс тәжірибесін ондаған дәрігерге үйреткен. Қазіргі уақытта зейнеткер. Зәбира Әбенова—Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген дәрігер, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі.

Оралов Серік, 1949 жылы Ұлытау ауданы, Қарсақпай кентінің тумасы. Қарағанды медицина институтын бітіріп келгеннен Жезқазған-Сәтбаев қалаларының ауруханаларында дәрігер-хирург (оташы) болып жемісті еңбек етуде. Жоғары дәрежелі дәрігер. Ішек құрылысы органдарындағы лапроскопиялық хирургияны терең игерген маман. 1993 жылдан бері Сәтбаев қаласындағы медициналық-санитарлық бөлімшесінің хирургия бөлімін басқаруда. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.

Әлиакпаров Мұханбет Қасымұлы, 1947 жылы Ұлытаудың Қарсақбайында туған. Мұханбет Қасымұлы еңбек жолын Қарсақбай мыс зауытында жұмыскер болып бастаған. 1974 жылы Қарағанды педагогикалық институтының денешынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіргеннен соң Жезқазғанда құрылыс техникумының денешынықтыру пәнінің мұғалімі, Жезқазған педагогикалық институтында оқытушы, әрі бокс жаттықтырушысы, кейіннен Жезқазған облыстық “Қайрат” спорт қоғамының төрағасы. М.Қ.Әлиакпаров 1993 жыл мен 1997 жылдар аралығында Жезқазған облыстық жастар ісі, туризм және спорт басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметінде болса, Жезқазған облысы жабылған 1997 жылдан бүгінгі күнге дейін Жезқазған қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры болып еңбек етіп келеді.

Мұханбет Қасымұлы — бокс жаттықтырушысы және спортшы ретінде, осы жылдар ішінде Жезқазған қаласында жасөспірім жеткіншектерді тәрбиелеп, спорттың бокс түрінен көптеген спортшы-жастардың жоғары көрсеткіштерге жетуіне еңбек сіңіріп келеді. Олар: Э.Бондаренко—Кишинев қаласында 1982 жылы жасөспірімдер арасында өткен спартакиада чемпионы, Г.Медетов—СССР спорт шебері, 1983-1984 жылдары екі мәрте бокстан ҚазақКСР ерлер арасында өткен бі-

ріншілігінің жүлдегері, Н.Ербосынов—1993 жылы бокстан өткен бірінші Қазақстан Республикасы чемпионатының жүлдегері, кикбоксингтен Дүниежүзі және Европа чемпионы, Қазақстан Республикасының спорт шебері.

1996 жылы бокс жаттықтырушысы—Мұханбет Қасымұлының үш бірдей (тәрбиеленушілері) шәкірттері А.Адамбаев, Д.Бөлтірік, Н.Мырзабаевтар жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан Республикасы біріншілігінің жеңімпазы болды.

Абзал Адамбаев, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы чемпионы, 2003 жылы Душанбе қаласында өткен Орталық-Азия ойындарының қола жүлдегері, Қазақстан Республикасының спорт шебері, сондай-ақ бокстан Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командасының мүшесі. Ал Мұханбеттің шәкірті — Д.Бөлтірік болса 1989 жылы Қостанай қаласында өткен Қазақстан Республикасы чемпионатының жүлдегері, 1999-2001 жылдары Қазақстан Республикасының ең мықты боксшылары турнирінің жүлдегері, Қазақстан Республикасының спорт шебері.

Мұханбет Қасымұлы — жоғары категориялы жаттықтырушы, Жезқазғанда спортты дамытуға, елге танымал боксшыларды тәрбиелеп шығаруға қосып жүрген үлесі үшін “Қазақстан спортына сіңірген еңбегі үшін” (1998ж.) құрмет белгісімен марапатталып, бокстан “Қазақстан Республикасының ұлттық дәрежедегі төрешісі” (1995ж.), “Қазақстанның құрметті спорт қайраткерің (2004ж.), бокстан “Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы” (2007ж.) атақтарына ие болған спортшы-азамат. Сонымен қатар бірнеше рет Жезқазған, Қарағанды облысы әкімінің, облыстық мәслихаттың грамоталарымен бірге Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне Қарағанды облысы әкімінің дипломымен мараптталған.

М.Қ.Әлиакпаровпен зайыбы Орынтай Оңдыбаева (Орынтай менің бір партада отырған класстас досым, сонау балалық шағымыздан жұбымыз жазылмаған, егіз қозыдай бірге өсіп, қазірге шейін біте қайнасып келе жатырмыз) екі қыз, екі ұл тәрбиелеп өсіріп, “ұлдарын ұяға қондырып, қыздарын қияға ұшырып”, төртеуін

де аяқтандырып отырған берекелі отбасы, үлгілі жанұя иелері. Балалары мен келін-күйеу балалары түгелдей оқыған, жоғары білімді, егемен еліміз Қазақстанның көркейіп, өсіп-дамуына өзіндік үлестерін қосып бірі—Астанада, екіншісі—Алматыда, үшіншісі—Өскеменде, яғни Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етуде.

Әшірбеков Әділер Шәріпбекұлы, 1960 жылы Ұлытаудың Қаракеңгір кеншарында туған. Бокстан спорт шеберлігіне кандидат, жаттықтырушы. Түркия, Оңтүстік Корея мемлекеттерінде өткен халықаралық турнирлерде қола жүлдеге ие болған боксшы — Елдос Сайдалинді тәрбиелеген бапкер.

VII. ҰЛЫТАУДА ТУЫП, ЖЕЗҚАЗҒАН-ҚАРСАҚБАЙДА ӨНДІРІС ИНЖЕНЕРІ, ШАХТЕР, БАЙЫТУШЫ, МЕТАЛЛУРГ БОЛЫП ЕҢБЕК ЕТКЕНДЕР ЖӨНІНДЕ

Тоқтыбаев Абдірахман Ұлытау ауданы Жанкелді ауылдық округінде 1913 жылы туған. 1930-1932 жылдары Жезқазған мыс комбинаты жанындағы фабрика-зауыт шәкірттігі оқуын бітіргеннен кейін Жезқазған кенішінде тау-кен істері жөніндегі нұсқаушы болып қызмет атқарған. 1935-1941 жылдары Қазақ кен-металлургиялық институтында оқып, тау-кен инженері мамандығын алған. Өндірістің білікті маманы ретінде барлық қызметі Жезді марганец кенішін салу және дамытумен байланысты. Партбюро хатшысы, Жезді кен басқармасының басқарушысы, кейіннен Жезді марганец кен басқармасының директоры болды. Абдірахман Тоқтыбаев Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі ордендерінің иегері.

Елемесов Сұлтан 1924 жылы Ұлытау ауданында туған. Еңбек жолын Қарсақпай металлургия зауытында теміржолда машинист болып бастап, жезқазған мыс қорыту зауытында балқытушы, аға конверторшы болып ұзақ уақыт жұмыс атқарған. 1973 жылдың 23 ақпанында Жезқазған зауытында ең алғашқы қара мыс балқымасын алған. Бұл ол жылдары ел көлеміндегі үлкен оқиға болған. Сұлтан елемесов ҚазақССР Жо-

ғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасының, сондай-ақ “Еңбек Қызыл Ту” орденінің иегері.

Баржақсин Қамаш Нұржанұлы, 1927 жылы Ұлытауда туған. 1948 жылы Абай атындағы Алматы педагогика институты, 1975 жылы Қазақ политехникалық институтын бітірген. Еңбек жолын Қамаш Нұржанұлы Ұлытау аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметінен бастап, мемлекеттік қауыпсіздік комитеті қызметкері, Жезқазған қалалық коммуналдық шаруашылық меңгерушісі, “Вторресурс” өндірістік дайындау кәсіпорнының директоры қызметтерімен жалғастырған. Баржақсин Қамаш Нұржанұлы “КСРО мемлекеттік техникалық жабдықтау ісінің үздігі”, “Милиция үздігі” атақтарына ие болған азамат. Қ.Н.Баржақсин есімі республикалық “Алтын Құрмет” кітабына жазылған, сонымен қатар “Еңбек Қызыл Ту” орденімен марапатталған.

Асатов Садық Қасымұлы, Ұлытаудың Сәдір ауылында 1933 жылы туған, мамандығы тау-кен инженері. Садық Қасымұлы Қазақтың кен-металлургия институтының түлегі. Еңбек жолын Жезқазған кен-металлургия комбинатының №51 шахтасында кен мастери болып бастаған. Кейін шахта бастығы, кенші директоры, Жәйрем-кен байыту комбинатының Бас директоры. Ақындық қабілеті мен дарыны бар, 2001 “Құштарлық” атты өлеңдер жинағы бар. “Қазан революциясы”, “Еңбек Қызыл Ту”, “Құрмет белгісі” ордендерінің иегері. Садық Асатов есімінде Сәтбаев қаласы мен Жәйрем кентінде көшелер бар. Өмірхан Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің үздік студентіне С.Қ.Асатов атындағы шәкіртақы тағайындалған. Садық Қасымұлы 1990 жылы дүниеден өткен.

Әміров Біләл, 1936 жылы Ұлытаудың Терісаққан ауылында туған. 16 жасынан бастап еңбек жолын Қарсақбай мыс зауытында ұстаның көмекшілігінен бастаған. “Жезқазған түстіметалл” комбинатында үзбей 46 жыл еңбек еткен. Қалалық Кеңестің екі мәрте депутаты. Есімі облыстық даңқты еңбекшілер кітабына енгізілген. “Еңбек Қызыл ту” орденінің иегері. Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

Ысмағұлов Тұрмұханбет, 1938 жылы Ұлытаудың Ешкіөлмес елді мекенінде туған. Т.Ысмағұлов Қарағанды политехникалық институтын энергетик мамандығы бойынша бітіргеннен Жезқазған кен басқармасында бөлімше механигі, кеніштің энергетигі, Жезқазған қалалық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Сәтбаев атқару комитетінің төрағасы, Жезқазған облыстық кәсіподақ кеңесінің төрағасы, “Жезқазғантүстіметалдар”, “Қазақмыс” акционерлік қоғамының Бас энергетигі қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта “Қазақмыс” акционерлік қоғамының энергетика жөніндегі кеңесші. Тұрмұханбет Ысмағұлов екі мәрте “Құрмет белгісі” орденімен марапатталған, Жезқазған және Сәтбаев қалаларының Құрметті азаматы.

Әбдіраманов Мұхаметқали, 1938 жылы Ұлытау ауданының Айыртауында туған. Ақын Тайжан бабамыздың да кіндік қаны тамған жер. Мұхаметқали 16 жасынан бастап Қарсақбай мыс зауытында бастаған. 1961 жылдан Жезқазған кен байыту фабрикасында бригадир қызметін үзбей атқарып келеді. “КСРО құрметті металлургі” атағы мен “Еңбек ардагері” медалінің иегері.

Әбитов Ибаділда Садуақасұлы, 1944 жылы Ұлытауда туған. Өз кезеңінде ауылдан шыққан жастар арасында сирек кездесетін мамандық иесі инженер-энергетик. 1962 жылдан Жезқазған қаласындағы көптеген өндіріс орындарында энергетик, “Қазақмыс” корпорациясының Бас энергетигі болып жұмыс атқарған. 1997 жылдан күні бүгінге шейін “Қалалық электр торабы” ашық акционерлік қоғамының Бас инженері қызметінде Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

Жабегенова Елизавета Қазанғанқызы, 1945 жылы Ұлытау ауданы Қарсақпай елді мекенінде дүниеге келген. Қазақ политехникалық институтын бітірген. 1968 – 1990 жылдар аралығында Жезқазған қаласында кеңестік партия, кәсіподақ ұйымдарында қызмет еткен. 1990 жылдан зенеткерлікке шыққанша “Қазақмыс” корпорациясының тамқтандыру және азық-түлік басқармасының директоры. Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

Томпаев Әбдірахман, 1950 жылы Ұлытау ауданының Аманкелді кеңшарында туған. Еңбек жолын 1970 жылы әскер қатарынан келген соң, Жезқазған мыс қорыту зауытының балқыту цехында жұмыскер болып бастаған. Одан соң аға шебер, анод бөлімшесінің бастығы қызметтерін атқарған. Әбдірахман Томпаев КСРО-ң Құрметті металлургі, КСРО Түсті металл министрінің Құрмет грамотасы мен Кәсіподақтар комитеті сыйлығының иегері. Ә.Томпаевтың есімі Жезқазған қаласының Құрмет кітабына және Қазақстанның Алтын кітабына жазылған. Жезқазған қаласының Құрметті азаматы. Үш мәрте Жезқазған облыстық Кеңесінің депутаты болып сайланған. “Қазақмыс” корпорациясы келісім комиссиясының мүшесі.

СӨЗ ТҮЙІНІ

Ұлытау дегенде, Томирис, Еділ, Кетбұға, Домбауыл, Шақшақ Жәнібек, Ер Едіге, Тоқтамыс хан, Шыңғыс хан, Жошы хан, Ақсақ Темір, қазақтың ең ұлы ханы Абылай, соңғы ханы Кенесары да еріксіз елестейді, сонымен қатар Кеңгірбайлар, Қабанбайлар, Бөгенбайлар, Ағыбайлар, айбынды Төлек батырлар көз алдына келеді. Бұлар жәй тегін елестер емес.

Ұлытаудың ұлылыққа татырлық ұлы істерін де еске түсіру артық болмас деп ойлаймын. Ол атақты Аңырақай айқасының заңды сыңары болып табылатын, Ұлытау өңірінде болған Бұланты айқасы. Ұлытау өңіріндегі Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл кесенелері қаншама сыр шертеді. Ұлытау даласынан көшпенді елдің көне әуезін көкірекке ұйытып Қорқыттың қобыз сарыны естіліп, Сүгірдің “Жезкиігі” мен Жақсыкелдінің “Жезкиігін” жалғастырады.

Ұлытау—барша қазақтың, әсіресе халқымыздың ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың сүйікті өлкесі. Ұлытау және оның ұландары дегенде, қазақтың данышпан, ғұлама ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты айтпай өтуді өзіме күнә деп санаймын. Себебі ол кісіден елді, жерді кастерлеуді үйренгеніміз абзал.

Қаныш Имантайұлы Сандыбай өулетін, атақты Ер-

ден батырды қанша қадір тұтса, барлық ұлытаулықтарға, өсіресе 1932 жылдағы ашаршылықта қолқабысын орасан зор тигізді. Барлаушы, кеншілігі, әйгілі ғалымдығы бір төбе, Қаныш Сәтбаев әкеміздің адамгершілігін сөз етсек Ұлытау-Қарсақпай-Жезқазған өлкесінің көзкөрген адамдары ішкен асын жерге қойып, ақ батасын арнайтыны даусыз.

Қарт Ұлытау сонау бағзы заманғы мұз дәуірінен кейін кең жазықта Орал таулары, Көкшетаулармен бірге жердің бетін ашқан, тұңғыш бой көрсеткен көне де көсем таулардың қатарына жататыны аян. Академик Қаныш Имантаұлы Сәтбаев айтқандай “Ұлытау-Қазақстанның геометриялық орталығы”, яғни өзгеше айтсақ жер кіндігі.

Ұлытау жерінің біртуар ұлы, ел арасында “Сарымолда” атанған Балмағанбет Балқыбайұлының тамаша ақын екенін де енді біліп жатырмыз. Осы ақсақалдың немересі—Қанат Сұлтанұлы Балмағанбетовпен (Жезқазған қаласы әкімінің аппаратында ішкі саясат және өлеуметтік сала бөлімінің басшысы болған кезімнен) 1997 жылдан қызметтес болдым.

Қ.С. Балмағанбетов өте іскер, білімді, қабілетті, парасатты азамат. Көп жылдар Жезқазған қаласы әкімінің бірінші орынбасары қызметінде болған, 1999 жылдан бері Сәтбаев қаласының әкімі қызметінде. Қанат Сұлтанұлы “Әкім бол, халқыңа жақын бол” деген қағиданы берік ұстанып жүрген басшы дер едім, ол әр уақытта үлкенге ізетті, кішіге қамқор жан.

Сырт көз байқағыш қой, Сәтбаев қаласының халқы да Қанат Балмағанбетовты өте-мөте құрметтеп сыйлап, қатты қадір тұтатындығын көріп те жүрмін.

Бұл сөзімнің дәлелі сол, осыдан 7-8 жыл бұрынғы кезеңмен салыстырғанда, кейінгі жылдары Сәтбаев қаласының көркі, бет-бейнесі, халқының мәдени-тұрмыстық, өлеуметтік жағдайы өте көп өзгерді, қалада зәулім ғимараттар бой көтеріп келеді. Қанат Балмағанбетов әкім болып барғалы бері қаланы көгалдандыру, абаттандыру жайына айрықша көңіл бөліп жатқаны көзге көрініп тұр. Бұл істерде де қатардағы басшы ретінде, өз ісіне берілген, халқының нағыз жанашыры, қарапайым Қанат Сұлтанұлының қолтаңбасы айқын байқалады.

Сонымен қатар, Қанат Сұлтанұлы уақытпен санаспай, қала халқының жағдайы үшін күн демей, түн демей еңбек етуге еш шаршамайтын азамат. 2007 жылдың қараша айында Сәтбаев қаласында “Сырда туып, қырда өскен” жыршы, термеші-ақын Шынболат Ділдебаевтың туғанына 70 жыл толуына арналған республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылды, сонда жиналған жұртшылық қала басшысы Қ.С.Балмағанбетовке шексіз ризашылықтарын білдіргенінің де куәсі болған едім.

Ұлытаудың ұландары жайындағы азды-көпті білгендерім мен жиған-тергенімді оқырманға ұсына отырып, қорыта келе айтайын дегенім, өткен жылы

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры, педагогика ғылымының докторы, профессор, академик, Қазақстан Республикасы Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қоғам қайраткері, танымал ақын — Жұмағали Жөкейұлы Наурызбайдың бастамасымен және тікелей ұйымдастыруымен “Ұлытаудың ақындары” (2007ж.) деген атпен бүгінгі күнге дейін аты-жөндері аса белгісіз (өлең-жырлары жинақталмаған), көпшілікке танылмай келген, ұлытаудың тума талант ақындарының жыр жинағы құрастырылып баспадан шықты. Жұмағали Жөкейұлы бір ғана бұл емес, сан-салалы іс шараларға ұйытқы болып жүрген азамат. Соның бірі—2005 жылдың 15 қыркүйегінде “**Қазақ мемлекеті мен ұлт тұтастығының қалыптасуындағы Ұлытаудың тарихи орны**” деген тақырыппен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияны ұйымдастырып, өткізген де азамат Ж.Ж.Наурызбай болды.

Төменде осы конференцияның ашылу салтанаты мен жабылуында Жұмағали Наурызбайдың сөйлеген сөзі: *“Ардақты ағайын! Қадірлі қонақтар! Алаш Алаш болғалы еншімізге бұйырған Атажұрттың ырзықты топырағында мұзбалағы бұлт тілген мұзарт шыңды таулар мен қалың тоғай-қара орман; самалы ме сағымы қойындаса ұштасқан салқамтөс сақи Дала мен толқын ұрған жағалауы көкжиекпен жалғасқан көкше теңіз—шалқар көл; көркемдігі көз суырған бетегелі беткей мен алдаспанның жүзінде айтылған ердің сертіндей мәрт*

болмысты сексеуілін қорыған шағыл Құм-шәргез шөл бір-біріне ұласа, бірін-бірі қормалдаса орнықса, ол—қайырлы мекен, құт қонысқа жаратылыс дарытқан жарасымды сурет қана емес.

Ол—көсем ойлы бабалардың туған жер топырағына көшкен арман-аңсары.

Ол — Ел бірлігі жолында түн ұйқысын төрт бөліп ат үстінде күн кешкен Кетбұғыдай кемел ойлы ерлердің ұрпағына қалдырған аманты.

Аманатқа адалдық-көшелі перзент парызы.

Алаш жұртының бақыты сонда-алмағайып заманалар көшінде тозаң қонбай, шаң баспай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан аманат-арман — Тұтастық пен Бірлікке алғаусыз қызмет жасауды өмірлік мұрат, азаматтық парыз деп білген біртуар Білгеұлдардан кенде болып көрген емес.

Бүгін де өнеге көрген текті ұрпақ ата-баба аманатын ардақтаудың тағы бір жарқын үлгісін көрсетуге жиналды. Ол—Президентіміздің тікелей бастамасымен қарт Ұлытауда “Қазақ мемлекетінің тұтастығы мен халықтарының бірлігі монументінің” бой көтеруі және Өткенге тәу ету етіп, Ертеңге ұлағат ұсынар осынау тағылымды істің аясында республикалық деңгейде осы ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұйымдастырылуы.

Осы тұста 1993 жылдың қыркүйегін есімізге оралтсақ, ынтымаққа үндеген толағай ескерткішке лайықты орын қасиетті Ұлытау екендігін тиянақтаған Белгі тасты қою сәтінде Нұрсұлтан Әбішұлы: “Ұлытау тарихы аз айтылып жүрген жоқ. Соның бәрін жинақтап, кітапқа түсіру керек” деген пікір айтқан еді. Елбасының зиялы қауымға салмақ артқан сол бір сөзінің үдесінен табылуда бүгінгі ғылыми жиын ізашар болар деп ойлаймыз.

Жиын барысында ұшқан құстың қанаты талар ұлан даланың кіндігінен қоныс тепкен көне жұрт—Ұлытаудың тамырлы тарихын ой арқауына ала отырып, өткеннің тағылымына бүгінгі ұрпақ көзімен үңілуге, ұлағатын зердеде жаңғыртуға, тапқанымызды бүгіннің пайдасына, ертеңнің игілігіне айналдыруға ықылас қоярымызға сенемін. Олай болса, бүгінгі жиынға рақам болған Ұлы-

таудың қатпарлы тарихын ұлықтай отырып, бабалар аманатын ұмытпайық!

Біқылым заманнан ынтымаққа үндеген абыз жұрт, несібелі мекендегі жинынымыз жемісті болсын, ағайын!

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Тарихи Ұлытау жерінде ашылғалы отырған бірлік символындай болған монументтің салтанатты аясында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұйымдастырылуына ұйтқы болған Қарағанды облысының әкімі Камалтин Ескендірұлы Мұхаметжанов мырзаға зор алғысымызды білдіреміз.

Енді конференциямыздың қадірлі қонақтарымен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы — Әбдікәрімов Оралбай

2. Қазақстанның Халық жазушысы, даңқты қаламгеріміз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сенатор — Әбіш Кекілбайұлы

3. Көрнекті қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Төтенше және өкілетті елшісі, академик — Жолдасбеков Мырзатай

4. Қазақтың қабырғалы ақыны, қоғам қайраткері, жезкиік жырлары Жезқазған-Ұлытау үшін аса қымбат ағамыз — Салықов Кәкімбек

5. Алаштың аяулы ақын қызы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы — Оңғарсынова Фариза

6. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, КСРО халық өртісіс — Рахмадиев Еркеғали

7. Ұзақ жылдар Ұлытау — Жезқазған жерінде еңбек еткен, қадірлі ағамыз ақылшы ақсақалымыз, қайраткеріміз — Жұмабеков Қамза Бижанұлы

8. Қарағанды облыстық Мәслихатының хатшысы, есімі, еңбегі Жезді өңірі жұртшылығына етене таныс ағамыз — Медиев Қасымбек

9. Қазақтың белгілі қаламгерлері, ұлтымыздың рухани игіліктерінің жанашырлар, мемлекеттік сыйлықтың иегерлері — Тарази Әкім, Сейдімбек Ақселеу, Салғарин Қойшығара

10. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары — Нығматуллин Ерлан Зайролла

ұлы, Аяшев Райымбек, Нехорошев Владимир Анфианович

11. Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты — Ақылбай Серік

12. ҚР Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі, мәдениет, өнер қайраткері — Касейінов Дүйсен Қорабайұлы

13. Ұлытау — Жезқазған өңірі үшін айрықша еңбек сіңірген ел азаматтары, мемлекет қайраткерлері — Нағыманов Қажымұрат, Көпеев Мұхаммед

14. "Астана хабары" газетінің бас редакторы — Мағжан Садыханов

15. Есімі Жезқазған жұртшылығына жақсы таныс азамат, профессор — Садықов Тілеген

16. Ұлытау жеріне орнатылған "Қазақ мемлекетінің тұтастығы мен халықтарының бірлігі" монументінің авторы — Төреқұлов Тимур

17. Халықтар бірлігінің жаршысындай болып келген қадірлі қонақтарымыз Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшелері: Керейбаев Ануар Бикмуханбетович, Ким Лилия Михайловна, Майсюк Анатолий Васильевич, Мамедов Агиф Гамиль-оглы, Рожков Валерий Николаевич, Тутаков Алви Алаудинович, Тварионас Виталий Иванович, Фаликович Михаил Яковлевич

Аты аталған қадірлі меймандарымызға Ұлытау, Жезқазған, Сәтбаев халқының атынан шексіз алғысымызды білдіреміз. Конференцияға қатысып отырған Ұлытау-Жезқазған өңірі азаматтарына да рахметімізді айтамыз.

Осымен "Қазақ мемлекеті мен ұлт тұтастығының қалыптасуындағы Ұлытаудың тарихи орны" деген тақырыпта өткізілетін республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияны ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

* * *

"Ардақты ағайын! Толғамды ойларды тоғыстырған салиқалы жиынымыздың мәреге жетер сәті де жақындады.

Бірнеше сағатқа созылған жиын барысына осы тұста ой көзін жүгіртіп, аңдағанымызды қысқа қайырыммен түйіндер болсақ — Өткеннен өнеге алдық, Бүгіннің бар мен жоғын екшедік, Ертеңнің бет-бағдарын аңдадық. Кеше мен Бүгінді сабақтастыра салыстырдық, Бүгін мен Ертеңді жалғастырар жол жобаны межеледік.

Сүйініштісі сол — көне тарихтың әлі де беймәлім сырларын тануға құштар зерделі жұрттың ойына қозғау салдық, жас ұрпақтың бойында туған жерге құрмет, Отанға сүйіспеншілік сезімдерінің жетіле, кемелдене түсуіне әсер еттік, халықтық қасиеттеріміздің тереңіне бойладық.

Қай-қайсымызды да енжар қалдырмаған дәлелді де дәйекті ойлар күні ертеңгі құнарлы зерттеулерге бастау боларына баршамыздың көңіліміз сенді.

Сенімдеріңіз серпінді істерге жол ашсын.

“Қазақ мемлекеті мен ұлт тұтастығының қалыптасуындағы Ұлытаудың тарихи орны” тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның өз жұмысын аяқтағанын хабарлауға рұқсат етіңіздер!”

Ж.Ж.Наурызбай Ұлытауға арнап бірнеше өлең-жыр жазған, оларға ән де арналған. Міне, осындай азаматтарды қалайша Ұлытаудың ұлы деп атамассың?!

Ал енді Қуаныш Ахметов жайында айтып өтпеуім жөн болмас деп есептеймін. Қуаныш Ахметұлы кен инженері, ақын, аудармашы, журналист, Алматы индустриалдық техникумын және Ленинград политехникалық институтын бітірген соң жолдамамен Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы Жезқазған кен металлургия комбинатына жұмысқа келген. Қуаныш Ахметовтың кіндік қаны Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында тамғанымен, ол азаматтың Ұлытауға сіңірген еңбегі өз тумаларынан асып түседі.

Ол Ұлытаудың тарихын терең зерттеп, “Ұлы даланың Ұлытауы” (1998, 2001) атты екі томдық кітап, “Замана заңғарынан — С вершины времени” (2001), “Кенесары хан Ұлытау өңірінде” (2002) атты танымдық-публицистикалық кітаптар жазып, Алматы, Омбы, Астана қалаларындағы баспалардан шығарған. Кейінірек 2006 жылы “Менің Қазақстаным” сериясымен Астанадағы “Фолиант” баспасынан Қуаныш Ахметов-

тың “ҰЛЫТАУ” деген атпен көркем суретті альбом кітабы жарық көрді.

Қ.Ахметов Вьетнам халқының көсемі Хо Ши Миннің өлеңдерін, неміс жазушысы Вилли Майнктің “Марко Полоның таңғажайып сапары” деректі кітабын, орыс поэзиясының “алтын дәуірінің белгілі өкілдері” К.Ф.Рылеев, В.К.Кихельбекер, А.И.Одоевский сияқты декабрист ақындардың өлең-дастандарын, сібірлік атақты ақын П.П.Ершовтың “Сүзге сұлу” тарихи дастанын, ресейлік жазушы О.Г.Чистовскийдің Жезқазған өңірі жайлы баяндайтын “Жапан дала жан-жағың...” хикаятын қазақ тіліне аударған. Қ.Ахметов “Қарлығаш”, “Жетіген”, “Қос арна”, “Көзайым” атты жыр жинақтарының авторы.

Қуаныш Ахметов – Қазақстан Журналистер одағының Саттар Ерубаяев атындағы сыйлығының лауреаты, “Түркістанға – 1500 жыл” айдарымен ЮНЕСКО бағдарламасы бойынша өткен халықаралық әдеби конкурстың жүлдегері, Кенесары хан атындағы республикалық сыйлықтың иегері, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

Қадірменді оқырманым менің! Өкінішке орай, мен осы жоғарыдағы тарауды жазып біткен соң, 2008 жылдың 10-шы ақпанында Астана қаласынан Қуаныш Ахметовтың жүрегі тоқтап қалды деген суық хабар жетті. Бұл жағдай барша Жезқазған-Сәтбаев-Ұлытау халқын есеңгіретіп жіберді. Тамаша азамат, кенші-ақын, жазушы-журналист, үлкен жанұяның отағасы – Қуаныш Ахметұлының 62-ақ жасқа қараған шағында мезгілсіз қаза болғанын естігенде өз басым да қатты уайымға батқаным рас. Адам сенбейді екен себебі, сол көз жұмарынан 8-9 күндей бұрын ғана, турасы – 28-қаңтар күні кешкілік “Рақыш! Жазып жүрмін деген кітабың не жайда? Мен өзім Сайлаухан Нәкеновтың жерлеуіне келгенмін, ол жерден сені көре алмадым ғой неге?... Рақыш, сен танысың ғой, осы Жезқазғандағы көп салалы ауруханада қызмет ететін Тамара Ашотқызы Агамованы (тәжірибелі, білгір маман-терапевт), сол кісіден ауруханада он шақты күн жатып ем алдым, ертең автобуспен Астанаға үйге кетемін”, – деп телефон шалған...

Қуаныш Ахметұлы табиғатынан жан-жағына жарық пен жылу сеуіп жүретін азамат еді... Соның бір дәлелі десем де болады, менің жазып-сызып жүрген осы кітабым жайлы сұрап телефон шалуы және қай баспаға, кімге жолыққаным жөн болатындығы жайында (*“Алматыға барып “Алаш” баспасының директоры — Дидахмет мырзаға жолық, мен жіберді дерсің, өзім де ол кісіге телефон шалып ескертемін, менің атымнан осындай адам өзіңе жолығады” деген*) ақыл кеғес берген. ...Қазір ойлап отырсам, Құдай бірдеңе сездірді ме екен, Дидекеннің ұялы және жұмыс телефондарының номерлерін жазып алшы деді.

ҰЛЫТАУ ҚЫЗЫ

Туған халқымыз ежелден мекен етіп, айшылық жерге ат шаптырып, бірінен-бірі хабар үзбей, бір шетіне жау тисе, екінші шеті жайбарақат жатпай атқа қонған, қасиетті қазақ топырағының әр бұрышы маған киелі бесіктей сезіледі. Алдымен, ауылды, аймақты танытатын-сол топырақтың перзенттері, адамдар. Бұрын аяқ баспаған жерге бара қалғанда, алдыңнан жақсы адамдар кезіксе, кейіннен сол аймақтың бүкіл халқы, үлкені мен кішісі түгелдей әлгі жақсы адамдардай болып елестейді. Немесе керісінше.

Жезқазған өңірі мен үшін қасиетті де, қастерлі мекен. Оған себеп болған осы аймақтың әр нүктесінде туып-өсіп, жаны нәзік те, кең, дүние танымы, өресі мен өнегесі биік болып ер жеткен абзал жандар. Олар көп. “Жезқазған” деген сөзді құлағым шалып қалса, мен ерекше елжіреген сезім, ілтипатты ықыласпен сол адамдарды еске аламын. Аман жүрсе екен деп тілеймін. Елдіктің, қазақы болмысты биік адамгершіліктің, көрегенділіктің қасиетін сіңірген сондай адамдар өз орныныда аласармай жүрсе, халқымыздың тірлігі де абыройы да жасай береді деп үміт етемін. Олар: Сағадат Дүйсебеков, Әбілжан Сүлейменов, Бітімбай Бекмағанбетов, Қайыржан Мәдиев, Қуаныш Нәшкенов секілді азаматтар, Кұлпаш, Рақыш, Шәрипа, Күләш, Кұлбан, Гүлбану сынды қыз-келіншектер.

Мен Жезқазған аймағындағы елдің бәрі осы кісілер секілді деп ұғамын.

Менің “Ұлытау қызы” деп аталатын мақаланы жазуыма да осы адамдар себеп болды, “Ұлытауым” атты өлеңнің тууы да сондықтан.

Рақыш Нәшкенқызы лауазым жағынан алғанда аудандағы ең үлкен әкім емес-аудандық кеңес атқару

комитеті төрағасының орынбасары. Қазіргі заманда ең қиын жұмыс — орынбасардың жұмысы — әркім өз участогіндегі істің бәрін алаңсыз шешсін деп билік беріп қоятын басшы бұл күнде сирек. Өзімше тон пішемін деп басшыларға жақпай, жалаң аяқ қалу да кездесіп жатады. Әр халықтың мұң-мұқтажын қанағаттандырар іс тындырып, әрі басшылардың да көңілінен шығып отыру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Екі оттың ортасында күйіп-жанбай-ақ, басшылардың емеурінін орындап, өздігінен бас қатырып іс тындырмай “ашық құлақтан, тыныш құлақ” деп жүретін орынбасарлардың ірілі-ұсақты мекеме, шаруашылықтардан бастап, аудан, облыс, тіпті республикалық деңгейінде жиі кездесетіні сондықтан. Бұл — алдымен адамның ұяттылығына, қандай іске де жаны ауыратын адамгершілік-парасатына, іскерлігіне байланысты. Апталық, айлық курстардан қанша рет өткізіп алсаң да қабілетсіз, икемсіз адамнан көреген, білгір қызметкер шыға қоюы қиын-ақ. Кімнің неге қабілеті барын біліп алмай, жастай дайындалмай, басшы кадрларды өмір жолы толтырылған қағазға қарап іріктеу секілді саясаттың түп тамырымен қателігі, қаншама жылдардан бері, шағын шаруашылықтан бастап, бүкіл қоғамды сүріндіріп келеді. Сонда да бұл жүйе тарамыстай созылып, өміріміздің буын-буынын әл матап отыр.

Ақын-жазушы деген — өзіне дерт тілеп алып жүретін халық: елдікті, қазақтың қанына сіңген адамдық, көрегендік, ақылмен ойлап іс ету секілді қасиеттерді қай азаматтан байқай қалса, соған далиып, бүкіл қазақ ақылды болып кеткендей қуанады. “Анау облыстың пәлен деген ауданының, түген деген мектеп директоры бар екен, нағыз азамат, халыққа тұлға болар жігіт деп осыны айт!” — деп, бір-біріне қуана хабарлап, сүйінші сұрасып әбігерленеді. Жақсы-жаман болса да, бізде де сол көп жазғыштың біреуіміз: ақша қуған, күні түсетіндерден басқаға көзі түспейтін пысықтардың заманында көкірегінде жылт еткен ойдың сәулесі бар ұл мен қызды қазақтың қай ауылынан көрсек те, өлген әкеміз тіріліп келгендей боламыз да қаламыз.

Рақыш сіңіліміз өз деңгейлестерінің арасында ал-

ғыр басшы екенін, сөзінен ісі көп, жұлқынып алға шығып, “мына шаруаны мен тындырып жатырмын!” — деп көзге түсуге ұяты жібермейтін, халқымыздың елдік намысын өз қамынан биік қояр азамат екенін, Ұлытау жерінде оның жанына ерген шұғыл сапарларымыз кезінде байқағанбыз.

Бірде Кәрібай Ахметбеков, Бексұлтан Нұржекеев және мен — үшеуіміз Жезқазған қаласына оқырмандармен кездесуге үш күндік сапармен бардық. “Ұлытауды көрмесек, Жезқазғанда болып едік деуіміз ұят, Факе, обкомға айтып, көлік сұрап алыңыз”, — деп әлгі екі бауырым мені қайрап қояды. Халқымыздың елдік туын көтерген тұғыры — Ұлытауға бару, Едіге мен Тоқтамыстың басына тағзым ету өзімнің де көптен бергі арманым еді.

Облыстық партия комитетінің босағасынан өту де қияметтің қыл көпірі екен. Облыс басшысы—Давыдовтың кез-келген кейуана, келімсек, баса-көктемесін деген жарлығы болса керек-идеология бөлімінің нұсқаушысы қарсы алғанның өзінде босағадағы милиция қызметкерлері “кімсіңдер сендер?” деген кейіпшен өрең жіберді. Бөлімдегілер “машина жағы қиындау еді, анау еді, мынау едіні” тізбектей бастағасын, бұрын комсомолда істеген кезінен жүзі таныс еді деп, хатшы Сырым Сапарғалиевқа кіріп, өрең дегенде Ұлытауға баратын машина сұрап алғанбыз.

Сол жылы Рақышты бірінші көргем: мұғалімдердің тамыздағы аудандық жиынын өткізіп жатыр екен, басталып кеткеніне қарамай, мен де қатынастым. Өңі жұқалтаң, талдырмаш келген қыз бала сөйлеп тұр.

... “Ұлытауда тек қазақтар тұрады, өйткені жан рахатын іздеп, жүктерін арқалап келетін басқа ұлт өкілдері ақша жинап, қос-қос машина алып, арқалап келген жүктерін артып кететіндей, молайтатын мекендерге ғана жайғасады. Ұлытауда ондай ағыл-тегіл байлық, шашылып жатқан ақша немесе отын-үйде, су үйде (жұмыстан келгенде екі қолды жылы суға малып отырар) жайлы жағдай жоқ. Бірақ қашан жер аударылғанша, жұрт аударар қазақ жоқ. Қазақ мектептерінде оқығандардың инабат, ұяты боғанымен, дүниетаным, білім деңгейлері орыс мектебін бітірген-

дерден төмен деген пікір бар. Бұл біреудің жәйдан-жәй айта салған сөзі емес. Мұның түбінде шырқыраған шындық жатыр. Бұл шындықтың қатпарлы қалтарысты себептері көп болуы керек. Бірақ әр мұғалім мен халықты тәрбиелеп отырмын, ертеңгі күні халық азаматтарының қандай болуы менің бүгінгі еңбегіме ғана байланысты деген ойды бір сәт те естен шығармауы керек-ақ...”

— Бұл кім?— дедім сөзіне сүйсінгенімнен шыдай алмаған мен аудандық Мәдениет үйі залының соңғы қатарында отырған көп мұғалімнің бірінен.

— Аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Рақыш Ыдырысова...

Ауданның әр шаруашылығында сүт дайындайтын кухня, малшылар үшін қазіргі заманға лайықтап салынған монша бар екен. Мектеп балаларына 200 грамнан тегін сүт беріледі. Бұл — республикамыздағы Ұлытау секілді ылғи қазақ мекендеген аудандардың көбінде өлі күнге дейін жүйелі арнаға түспеген жағдай. Бірде электр жоқ, екінші күні су жоқ, үшінші күні моншашы ауырып қалып, әйтеуір сүріншек аттай кібіртіктеп келе жатқан жай.

Ұлытау-киелі мекен. Аяқ бассаң, тарихи орын. Бірақ мал, егін, шөп деп жүргенде, кез-келген басшы өткен-кеткен өмір түгілі, күні кеше өзекті мәселе болған жәйдің бәріне көңіл аударып, бас қатыра бермейді. Қазақ халқының мәдениеті, ғылыми, әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар біраз азаматтар осы Ұлытау аймағында туып, тәрбие, білім алған. Тіпті әр ауылға бір музей тұрғызса да, артық етпейтіндей. Мұхаметжан Қаратаев, Баубек Бұлқышев, Мұқан Иманжанов, Төрекелді Шарманов, Камал Смайылов — ел намысын ту етіп көтерер қаншама азамат шықты?

Алашахан, Жошыхан зираттары да осындағы “Сарыкеңгір” шаруашылығының территориясында. “Сарыкеңгірдегі” директор Әбілжан Сүлейменов те - көрегендігі, іскерлігі жөнінен, қазақтың болған-толған замандарынан қалған жақсыларының көзіндей адам. Әдебиетіңізді жаңғақша шағады. Шаруашылықта жүрген еңбеккерлерден бастап, техника, ғылым саласындағы зиялы азаматтар, тіпті мұғалімдерге дейін,

ауызға шайнап берер дүниелер болмаса, шын мәніндегі көркем шығарманың тереңіне бойлай бермейді. Көбіне лай судың бетіндегі қалтқыдай, әркімнің пікірі бойынша өлшеп-пішіп жүріседі. Әбекең тарихи немесе әдеби кітап секілді: қазақтың даласын алдына жайып қояды да, әдебиеті мен мәдениетін, өмірі мен тіршілігін, ақын мен жырауын, ханы мен биін, батыры мен бақсысын—түгел айтып беруге бар. Жезқазған жеріне келген жолаушының дені дерлік Ұлытауға, оның ішінде “Сарыкеңгірге” Жошыхан, Алашахан зираттарына соқпай кетпейді. Әбекең кейбір басшылардай шаруа бар деп сылтау табуға тырыспай, немесе орынбасарын жібере салмай, бәрін өзі қабылдауға тырысады, мән-маңыз беруге дағдыланған.

“Қаракеңгір” шаруашылығының директоры Әліпбек Бекетаев та-ел ағасы болуға әбден лайық адам. Басшы атаулының көбі малың түгел ме, жем-шөбің бар ма, егіннен қанша өнім аласың деген сұрақ-талаптарды ғана біледі. Мал бағып, егін еккендердің рухани жан дүниесінде не болып жатыр, тұрмыс-тіршілігі, үй-жайы, бала-шағасының жағдайы қалай? — бұл олар үшін маңызсыз мәселедей. Тіпті бала-шағасының амандығын сұрасаң, біртүрлі ыңғайсызданып, “үкіметтің жұмысы тұрғанда, бала шағаны сұрағаны несі” дегендей сыңай байқатады. Әлекең қай шаруашылықта жүрмесін, әуелі әр семьяның жай-күйінен, ауылдың мәдениетінен бастайды. “Өнерге, спортқа басты мән берілген жерде, жастар арасындағы былғаңбай бос жүріс, төбелес, қырғиқабақтық секілді көріністер болмайды” дейді. Аманкелді атындағы шаруашылықта бірнеше жыл директор болды, халық театрын ұйымдастырды. “Қаракеңгірге” келгелі де біраз іс тындыруда. Ауданда отырып алып аузыңмен орақ орғанмен, істің шешілетін түйіні сол шаруашылықтарда ғой.

Қазір қай жерге барсаң да, ауданның бірінші басшысынан басқаны көзге ілмейтін, орынбасарлардың пікіріне шекесінен қарайтын бастықтарға жиі ұшырасатын болдық. Бірінші басшының емеурінінсіз қыбыр ететін әкім-қара ілуде біреу.

— Біздегі шаруашылық, мекемелерде мәніс білетін,

жөн білетін басшылар, — дейді Рақыш Нәшкенқызы, менің кереғайлау пікірлерімді күлімсірей тыңдап.

— Көбі жастар, ұсыныс айтсаң, үтір, нүктесіне дейін қойып беріндер, — деп отырмайды, әрі қарай өздері іліп әкетеді.

“Шеңбер” шаруашылығынан бір ана хат жазыпты. Бес баласы бар. Күйеуі қайтыс болған. Өзі жалғыз ілікті, бөлімшеде тұрады. Балаларының киініп ішінуіне айлығы жетпейді. Хатты оқып шыққанда, Рақыштың өз өмір тарихы көз алдынан өтіп, жүрегін дір еткізгендей болды.

“Шеңбер” — өзінің туған жері. Соның “Құрылыс” деген қыстағында дүниеге келіпті. Айнала таулы-тасты, өзен, тоғайлы жер. Ауыл сыртына шықсаң, бүлдіргеннен аяқ алып жүргісіз еді. “Торғай” деген өзені бар. Рақыштың бала кезінде бұл өңірде қорғасын шығатын, кәдімгі кеніш болатын. Бірақ өнімі аз болды ма, әйтеуір қорғасын таситын темір жол салынбай, ақыры кейіннен кеніш жабылып қалды. Әкесі Нәшкен жастай дүние салды. Анасы Хадиша ісмер кісі еді. Бірер малына қосымша, елге пальто, бешпет тігіп, шиедтей сегіз баласын асыраған. Тіпті оқуларын кем етпей, білім де берген. Ол кезде жиюлы байлық болмаса да, адамдар қазіргіден гөрі мейірімділеу еді. Жан дүниелері кең, бір-біріне деген жанашырлығы да мол болатын. Бір ошақтың қайғысын, тауқыметін ауыл болып көтерісетін. Қазір қалаға немесе астанаға бара қалсаң, жанұшырып, сіркелері су көтермей жүрген біреу. Осы құлық ауылға да жақындап қалып жүр-ау. Әлгі келіншектің хат жазуы да тегін емес. Баяғы заманда ел ішінде отырған мұндай семьялар көмектесіндер деп ауданға хабар жібермейтін. Қазіргі ауылдарда да ешкімнің ешкіммен ісі болмай барады. Ел іші ғой-аштан өліп, көштен қалмаспыз деген қазақы уғымға дәл бүгін сенім арта қою қиын.

Басқа, басқа шиедтей сәбилерді азаматсыз өсірудің не екенін Рақыш жақсы біледі. “Егінді” шаруашылығында комбайын, трактор бөлшектерін камтамасыз ету жұмысында жүрген ағасы Аманай (Амандық) қаладан жүк машинасымен мотор және басқа да қажетті заттарды алып келе жатып, қатты жаңбырдың астында,

өзі рульде келе жатып, машинасы сайға тайғанағанда кузовқа тиелген мотор кабинаны басып қалып қаза болған. Егіннің қызған кезі болатын. Орақтың кезінде екі комбайын бірдей тоқтап тұр, қалай да жабдықтарын жеткізуім керек деп ертемен аттанған Аманайдың сол күні кеште сүйегін әкелгенде, үйелмелі-сүйелмелі алты сәбиімен аяғы ауыр күйінде қалған жеңгесі Розаны жұрт адам болмайды ғой бейшара деп еді. “Шеңбер” шаруашылығының директоры Жүсіп Усабеков өзімен (Рақышпен) бірге оқыған, түсінігі бар, ойлы азамат.

Рақыш аудандық кеңестің төрағасы Серік Тілеубайұлына кіріп, әлгі хаттың жөйін, шаруашылықтарды аралап қайту керектігін, Аманкелді атындағы шаруашылықта өткелі отырған “Қырық бірінші жылдың келіншектері” деген кітап оқушылар конференциясына да қатынасатынын айтты. Жан тыныштығынан ада болған қазіргі заманда кітап оқу да сирек құбылысқа айналып барады. Аманкелді шаруашылығының директоры — Жақыпбек Дайыров телефон шалып, “Сарлық самалы” ансамблінің жаңа репертуарын тыңдап, кітап оқушылар конференциясына қатынасуын ұсынып еді. Арғы жағындағы “Егінді” шаруашылығына да соға келген дұрыс. Аудандағы тәуір шаруашылықтардың бірі-осы “Егінді”. Шаруашылық басшысы ешкімге болмасын демейін, пейілі кең азамат. Бір жерде басшы болып көп отырған біреулер бастықтыққа әбден еті үйреніп, көзінің алды ісініп, жүрегі майлана бастайды ғой. Бітекең ағамызда мұндай май басу ауруы жоқ, жаны жұқа жан. Әлі есінде, өткен жылы Бекмағанбетов Бітімбай ағай аудандық кеңеске келіп:

— Егін, егін деп жүргенде, ауылдың мәдени жағын естен шығарып алғандаймыз. Анау Аманкелді, Қаракеңгірде халық театры ма, ән-би ансамбльдері ме — думандатады да жатады. Шынымды айтайын менің қолымнан келмейді. Бізге өнерден хабары бар жігіт жіберіңдер,—деген. Содан кейін аудандық кеңес, аудандық комсомол ұйымының хатшысы, әнші, өнерпаз жігіт Мұрат Әбдуалиевті партия ұйымының хатшысы етіп жіберген. “Ұшықтай сала жазылдың ба” демекші, жас жігіт шаруашылыққа етене араласып, жан-

жағына қарасын дегелі біраз болды. Енді көзбен көріп қайтпаса болмайды.

Ауданның әр шоқысына дейін Рақышқа жақсы та- ныс: туып-өскен жері, қай шаруашылықтың жағдайы қандай деңгейде—бәрі алақанында. Мектепте, Қазақ- тың Қыздар Педагогикалық Институтында оқып жүр- генде, партия, кеңес қызметкері болу ойына да келген емес. Бұл салаға келуіне себепші болған— 1980 жылы Ұлытау аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып келген Жаманкүл Шайдаров деген азамат.

Ол кісі келсімен, қай жерде Ұлытаудан шыққан ұл-қыздар бар, соларды іздендер, жергілікті кадрларды көтеруіміз керек деген принцип қойды. Рақыш ол кезде облыстық мұғалімдердің білім жетілдіру институтында Жезқазғанда жұмыс істейтін. Мұның ойлы, тынды- рымды қасиеттерін осы жұмысында байқаған Күлбан Нұрғалиқызы Ұлытау аудандық партия комитетінің өзі басқаратын идеология бөліміне нұсқаушылыққа шақырды. Аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Күләш Мұхтарқызы Дүйсембаева өте талап еткіш тәрбиеші болды. Оның үстіне, бірінші хатшы Жаманкүл Шайдаров идеология саласына қатты көңіл бөлетін. Көркем өнерпаздардың аудандық үйір- мелеріне әзірліктерін әр сенбі сайын өзі қатынасып көретін. Ауылды көгалдандыру, сенбіліктер ұйымдас- тыру, қазақтың салт-дәстүрлерін тұрмысқа енгізу, бі- рінші басшы осының бәрін өзі қадағалап отыратын. Жаманкүл Шайдаровтан кейін бірінші хатшы болып келген Сағадат Дүйсебеков те идеологияға үлкен мән берді. Іскерлік, ұйымдастырғыш қабілет, нені болса да соңғы нүктесіне дейін жеткізу секілді қасиеттерге тәрбиелеген осындай басшы аға-апалар.

Ірілі-ұсақты іс-шараларды әйтеуір өткізе салу бар да, мәнді, келісті етіп, қатысушыларды шен-шекпен, лауазымына қарап бөлмей, әрқайсысына көңіл бөліп, ойдағыдай өткізу бар.

1989 жылы — Ұлытау ауданының жарты ғасырлық тойы өткізілді. Мен де сол мерекеге қатынасып, елдің қуанышты сәттеріне куә болғаным бар еді. Суы тапшы, шаруашылықтары шалғай, Ұлытау секілді мал баққан елге қазіргі жетпестік заманында той өткізу оңай шаруа

емес. Сол жолы Мәскеуден, Алматыдан шақырылған қонақтар бар, үш жүздің басы қосылып, елдіктің туын көтерген замандағыдай сән-салтанаттың куәсі болып еді.

Рақыштың үндемей жүріп, көп істі тындыратын азамат екенін сол жолы байқап ем. Елдің елу жылдық тарихы ғана емес, сонау қазақтың ел болып ту көтерген кезінен бергі шежірелердің бәрі киноның кадрлеріндей (театрландырылған көрініс арқылы) көз алдымыздан өткен. Әрбір шаруашылықтың өнерпаздары, айтыскер ақындары екі күн бойы көне көкірек Ұлытаудың баурайын думанға бөлеген.

Той өткізу — елге сын. Қазақтың ежелгі жөн-жоралғы, салт-дәстүрін өткізуді ұмытқан халықтың бүгінгі ұрпағына екі есе қиындықтар жүктелді. Қай жерлерде ашып-шашып той жабдығын төккенімен, ұйымдастырудағы, тамақтың молдығымен өлшенбейтін көңіл мен мән-мәніс төңірегіндегі орашалықтар жұрттың ықыласынан шыға бермейді. Бұл ретте Ұлытаулықтар жер жағдайының қиындығына, экономикалық мүмкіндіктерінің тапшылығына қарамастан, халқымыздың ата-бабалар заманынан қалған дәстүрлерін қаз-қалпында жалғастырып келеді.

Ұлытау аймағының да көгала үйректерін ұшырған көлдері тартылып, бір кездегі шолпыдай сылдыраған бұлақтары соқыр көзден шыққан тамшыдай суалып, ғарышты игерушілердің отты құралдарының шарпуынан сирей бастаған орман-тоғайлары селдіреп, көз алдымызда көркінен айырылып барады. Қысы қатты, өрі ұзақ. Жазы ыстық. Жаңбыры да сирек.

Ұлытау-халқымыздың өмірбаян шежіресінің айнасы. Оның әр тасын, әр бұтасын тарихымыздай қас-терлеп, ұрпаққа көрсетер музей-аймаққа айналдыруға ауданның жағдайы келмейді. Бұл — ел, үкімет болып ойластырылуға тиісті жәй.

Ал, Ұлытауда еңбекке, бейнетке толы өмір бар. Арманы биік, жолы бұралаң, жаны адал адамдар бар. Қарапайым, қайырымды, кедей адамдар. Олар құлазып жатқан қасиетті аймағымыздың тіршілік тамырын жалғастырып жүр. Атақ үшін, жақсы көріну үшін емес.

Ел мен Ардың алдындағы перзенттік парыздарын өтеуде. Солардың бірі — РАҚЫШ НӘШКЕНҚЫЗЫ ЫДЫРЫСОВА.

*“Лениншіл жас” газеті
(1991 жылғы 6-шілде)*

МҰҚАҒАЛИ МҰҢ ШАҚҚАН ФАРИЗАНЫҢ СІҢІЛІСІ

Жезқазған қаласы әкімі аппараты ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Р.Н. Ыдырысованың “Мысты өңір” газетінде халқымыздың аяулы қызы Мәдина туралы естелік-сұхбаты жарияланғалы бері оқырмандар тарапынан жылы пікірлер жиі айтылыуда.

“... Алтын шыққан жерді белден қаз” демей ме халқымыз. Мәдинадай әншіге ана бола білген Рақыш Ыдырысованың Мұқағали мұң шаққан Фаризаға сіңілі болып сіңіп кетуі, сөз арасында елеусіздеу айтылғанымен, көңіл аударып әңгіме қыларлық жағдай сияқты”... Немесе, “Меніңше кім көрінгенге көңілі кұлай бермейтін, мінезі күрделі Ф.Оңғарсынова сынды атақты ақынның қаламына ілініп, очеркіне кейінкер болу, қала берді оның “Қызғұмыр” атты жаңа кітабынан ойып тұрып орын алуы — Рақыш Нәшкенқызының осал жан еместігін көрсететіндей”. “Өмірде өте қарапайым, күнделікті тірлікте елеусіздеу жүретін, аз сөйлеп, көп іс тындыратын Рақыш қарындасымыздың арқалы ақын Фаризамен алғаш рет қалай танысып, жақын араласқаныңыз жайлы тереңірек білгіміз келеді”, — деген оқырман өтініштерін қалай аяқасты етерсің?!

— Фариза апаймен ең алғаш қалай танысқаныңыз жайлы әңгімелесеніз.

— 1971 жылы Алматы мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын бітіріп, жолдамамен Жезді поселкесіндегі мектеп-интернатқа қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін мұғалім болып орналастым. Жұмыстан бос уақытымның көпшілігін көркем әдеби кітап, ақындардың өлеңдерін оқуға жұмсайтынмын. Ол жылдары газет-журналдарды көп-

теп жаздырып алатын кезең еді ғой. “Ленишіл жас” (қазіргі “Жас Алаш”), “Қазақ әдебиеті” газеттері мен “Жұлдыз”, “Жалын”, “Мәдениет және тұрмыс” (қазіргі “Парасат”), “Қазақстан әйелдері” журналдарын тұрақты (қазір де) жаздырып алып оқимын. Осы газет-журнал беттерінде жарияланған Фариза апайдың өлеңдер топтамасы ерекше ой-серпін беріп, бір күні отыра қалдым да сол кісіге хат жаздым. Өлеңдерін оқығанымды, ұнағанын айта келіп, жақынырақ танысқым келеді деген ойымды да жасырғаным жоқ. “Қазақтың ақын қыздарының ішінде, әрине Аққұштап Бақтыгереева, Тұрсынхан Әбдірахманова, Қанипа Бұғыбаева, Марфуға Айтқожина, Күләш Ахметова т.б. ақын қызкеліншектер, замандас, апаларымның да шығармаларын үнемі оқып жүремін. Бірақ солардың бөрінен ерекше, Фариза апай, мен үшін дарасыз. Өлеңдеріңіздің оттылығы мен тұнып тұрған сезіміңізбен мені өзіңізге тәнті еттіңіз. Қысқасы қазақтың ақын-қыздарының ішінде өте батыл және қарапайым тілмен Мұқағали Мақатаев айтқандай “күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіңе қайтарамын” дегендей-ақ, Фариза апай, Сіз қазақтың мен сияқты, менің сол кездегі жасымдағы 22-23-тердегі, қыздарының айтқысы келген ойларын дөп тауып өлеңге айналдырады екенсіз” дегендей сөздер жазғаным есімде. Хатымды “танысу хат” деп бастағанмын. Ол жылдары Фариза апай “Қазақстан пионері” газетінің редакторы болып істейтін, сол мекен-жайға хатымды салып жібердім. Бірер аптаның ішінде апайдан жауап хат келді. Шынымды айтсам жауап келеді деген ойым болған жоқ. Алайда, Факеннің өлеңіне, жырына, ақындығына сондай бір ерекше құрмет, әдемі әсер алғандығымнан, танысқым келген соң жазғанмын, бірақ имандай шыным жауап жазады деп ойлағаным жоқ.

Алғашқы жауап хат әлі күнге өзімде сақтаулы. Бірақ өзімнің хатымның көшірмесі де, түп нұсқасы да қолымда қалмапты, бірден почтаға салып жібердім ғой.

Фариза апай менің танысу хатыма жауап хатында былай депті: “Айналайын Рақыш, сенің хатыңды алдым, бізге, яғни редакцияға, жеке өзіме де күн сайын жүздеген хаттар келіп түседі. Алайда, солардың ішінде

сенің хатың шыншылдығымен есімде қалып, жауап жазбауды өзіме күнә деп қабылдадым да жауап жазып отырмын. Сол күнделікті келіп түсіп жатқан хаттардың бәріне жауап жазу мүмкін емес, ал енді өзің жайлы ештеңе жазбапсың; кімсің, жас шамаң нешеде, қайда жұмыс істейсің, әлде оқушысың ба, студентсің бе?..” дегендей сауалдар қойған екен. Жауап хат алармын деген ойым жоқ болғанымен, жауап келгеніне қатты қуандым.

Сол уақыттан бері байланысымыз үзілген жоқ. Күні бүгінге шейін хат, телефон арқылы немесе барыс-келіс дегендей араласып жүріп жатқан жәйім бар...

Ең алғаш 1986 жылы Жезқазған облыстық кітап-құмарлар қоғамының шақыртуымен осы Жезқазғанға келгенде де қаладан қайтпай “Ұлытауға Рақышқа баруым керек”, – деп ат басын бұрған-ды. Ол жолы жол серік болып Кәрібай Ахметбеков пен Бексұлтан Нұржекеев сынды жазушы ағаларымыз да ере келді. Кейіннен осы сапарынан соң, “Лениншіл жас” газетінің (1991 жыл, тамыз) бетінде “Ұлытау қызы” деген очеркі жарық көрді.

ШЕГІНІС: *“Бірде жазушылар Кәрібай Ахметбеков, Бексұлтан Нұржекеев және мен – үшеуміз Жезқазған қаласына қаласына оқырмандармен кездесуге үш күндік сапармен бардық. “Ұлытауды көрмесек, Жезқазғанда болып едік деуіміз, ұят. Факе, обкомға айтып, көлік сұрап алыңыз”, деп әлгі екі бауырым мені қайрап қояды. Халқымыздың елдік туын көтерген тұғыры Ұлытауға бару, Едіге мен Тоқтамыстың басына тағзым ету өзімнің де көптен бергі арманымеді. Сол жолы Рақышты бірінші көргем: мұғалімдердің тамыздағы аудандық жиынын өткізіп жатыр екен, басталып кеткеніне қарамай мен де қатыстым. Өңі жұқалтаң талдырмаш келген қыз бала сөйлеп тұр:*

– ... Ұлытауда тек қазақтар тұрады, өйткені жан рахатын іздеп, жүктерін арқалап келетін басқа ұлт өкілдері ақша жинап, қос-қос машина алып, арқалап келген жүктерін артып кететіндей молайтатын мекендерге ғана жайғасады. Ұлытауда ондай ағыл-тегіл байлық, шашаылып жатқан ақша, немесе отын үйде, су үйде-жұмыстан шаршап келгенде екі қолды жылы

суға малып отырар жайлы жағдай жоқ. Бірақ қашан жер аударылғанша, жұрт аударар қазақ та жоқ. “Қазақ мектептерінде оқығандардың инабат, ұяты болғанымен, дүние таным мен білім деңгейлері орыс мектебін бітіргендерден төмендеу” деген пікір бар. Бұл біреудің жәйдан-жәй айта салған сөзі емес. Мұның түбінде шырқыраған шындық жатыр. Бұл шындықтың қатпарлы қалатарысты сеюептері көп болуы керек. Бірақ әр мұғалім, мен халықты тәрбиелеп отырмын, ертеңгі күні халық азаматтарының қандай болуы менің бүгінгі еңбегіме ғана байланысты деген ойды бір сәт те естен шығармауы керек-ақ...

— Бұл кім? — дедім сөзіне сүйсінгенімнен шыдай алмаған мен аудандық Мәдениет үйі заланың соңғы қатарында отырған көп мұғалімнің бірінен.

— Аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Рақыш Ыдырысова...

(Фариза ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ
“Ұлытау қызы” очеркінен)

— Фариза апайдың “Ұлытауым” деген өлеңіне жазылған ән — елдің ең сүйікті әндерінің бірі. Сол өлең ақынның Ұлытауға ең алғаш рет келгенінде туған дүние ме еді?

— 1989 жылы Ұлытау ауданының құрылғанына 50 жыл толу салтанатына орай үлкен мерекелі іс-шара ұйымдастырылды, соған арнайы сыйлы қонақ ретінде аудан тойына шақырдым. Фариза апай құралақан келген жоқ, “Ұлытауым” атты өлеңін жазып әкелген екен, соны оқыған жергілікті композитор Жағыпар Әлімханов ән жазды. Алғаш рет бұл әнді Әбдуалиев Мұрат деген азамат (ол жылдары Ұлытау аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы еді) орындады. Бұл той Фариза апайдың біздің елмен, аудан азаматтарымен қоян-қолтық жақынырақ, тонның ішкі бауындай араласып кетуіне де себеп болды.

ШЕГІНІС: “1989 жылы Ұлытау ауданының жарты ғасырлық тойы өткізілді. Мен де сол мерекеге қатынасып, елдің қуанышты сәттеріне куә болғаным бар еді.

Суы тапшы, шаруашылықтары шалғай Ұлытау секілді мал баққан елге қазіргі жетпестік заманында той өткізу оңай шаруа емес. Сол жолы Москвадан, Алматыдан шақырылған қонақтар үш жүздің басын қосып, елдіктің туын көтерген замандағыдай сән-салтанаттың куәсі болып еді.

Рақыштың үндемей жүріп көп істі тындыратын азамат екенін сол жолы байқап ем. Қазақ халқының мәдениеті, ғылымы, әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар біраз азаматтар осы Ұлытау аймағында туып, тәрбие, білім алған. Тіпті әр ауылға бір музей тұрғызса да, артық етпейтіндей. Мұхаметжан Қаратаев, Баубек Бұлқышев, Мұқан Иманжанов, Камал Смайылов, Төрелді Шарманов сынды ту етіп көтерер қанша азамат шықты! Алашахан, Жошыхан зираттары да осындағы “Сарыкеңгір” шаруашылығының территориясында. “Сарыкеңгірдегі” директоры Әбілжан Сүлейменов те көрегендігі, іскерлігі жөнінен қазақтың болған-толған замандарынан қалған жақсыларының көзіндегі адам. Әдебиетіңізді жаңғақша шағады. Шаруашылықта жүрген еңбеккерлерден бастап, техника, ғылым саласындағы зиялы азаматтар, тіпті мұғалімдерге дейін, ауызға шайнап берер дүниелер болмаса шын мәніндегі көркем шығарманың тереңіне бойлай бермейді. Көбіне лай судың бетіндегі қалтқыдай, әркімнің пікірі бойынша өлшеп-пішіп жүріседі, Әбекең тарихи немесе әдеби кітап секілді: қазақтың даласын алдыға жайып салып қояды да, әдебиеті мен мәдениетін, өмірі мен тіршілігін, ақыны мен жырауын, ханы мен биін, батыры мен бақсысын. — түгел айтып беруге бар. Жезқазғанға келген жолаушының дені дерлік Ұлытауға, оның ішінде “Сарыкеңгірге” — Жошыхан, Алашахан зираттарына соқпай кетпейді. Әбекең кейбір басшылардай шаруа бар деп сылтау табуға тырыспай немесе орынбасарын жібере салмай, бәрін өзі қабылдауға тырысады, мән-маңыз беруге дағдыланған.

“Қаракенгір” шаруашылығының директоры Әліпбек Бектаев та — ел ағасы болуға әбден лайық адам. Басшы атаулының көбі малың түгел ме, жем-шөбің бар ма, егініңнен қанша өнім аласың деген сұрақ-талаптарды ғана біледі. Мал бағып, егін еккендердің рухани жан-дү-

ниесінде не болып жатыр, тұрмыс-тіршілігі, үй-жайы, бала-шағасының жағдайы қалай-бұл олар үшін маңызсыз мәселедей. Тіпті бала-шағасының амандығын сұрасаң, біртүрлі ыңғайсызданып, “үкіметтің жұмысы тұрғанда, бала-шағаны сұрағаны несі” дегендей сыңай байқатады. Әлекең қай шаруашылықта жүрмесін, әуелі әр семьяның жай-күйінен, ауылдың мәдениетінен бастайды. “Өнерге, спортқа басты мән берілген жерде, жастар арасындағы бұлғаңбай бос жүріс, төбелес, қырғиқабақтық секілді көріністер болмайды” дейді ол кісі. Аманкелді атындағы шаруашылықта бірнеше жыл директор болды, халақ театрына ұйымдастырды. “Қаракеңгірге” келгелі де біраз іс тындыруда. Ауданда отырып алып аузыңмен орақ орғанмен, істің шешілетін түйіні сол шаруашылықтарда ғой”.

(Фариза ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ
“Ұлытау қызы” очеркінен)

— Сіз ғана емес, аудан азаматтары да Фариза Оңғарсыновамен кейінірек қатысып тұрған шығар?

— Әрине. Сол жылы желтоқсан айында Фариза апай мүшел жасқа толып, соған шақырды. Сол кездегі Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты—Гүлбану Сүлейменова, “Егінді” совхозының директоры—Бітімбай Бекмағанбетов деген ағамыз, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы—Сағадат Жапабайұлы Дүйсебековтың өзі жұмыс бастылыққа орай бара алмайтын болған соң, жұбайы Күлпаш Хафизқызын қосты. Осы құрамда (мен болса-болмаса да) үлкен делегация Алматыға бардық. Желтоқсан айының ауа райы жәйсіздеу болып, біз отырған ұшақ мезгілінен кештеу қонды. Дегенмен, той енді басталып жатқан мезгілде біз де жеттік.

Алматыда тұратын және республикамыздың барлық облыстарынан көптеген ақын-жазушылар шақырылған екен. Әбділдә Тәжібаев, Әбіш Кекілбаев т.т. не керек өңкей халқымыздың бетке ұстар біртуар азаматтары мен азаматшалары, туған-туыс, дос-жарандары да бар.

Фариза апайдың туған күніне 50 жасқа толуына

арналған кешті Серік Әбдірахманов пен Зейнолла Қабдолов жүргізіп отырды.

Ең айтып өтерлік бір жайт, Факең сол кеште біздерді айрықша жеке таныстырып, алғашқы құттықтау сөз кезегін де ұлытаулықтарға берді...

Хат арқылы танысумен басталған менің жеке байланысым Фариза апай екеумізді туған бауырдай етіп жіберді.

1991 жылы Ұлытауда, жерлесіміз, публицист-жауынгер, жазушы — Баубек Бұлқышев пен белгілі қаламгер, жазушы — Мұқан Иманжановтың 75 жылдық тойына да Қазақстан Жазушылар Одағының мерекелік комиссиясы құрамында да Фариза апай келді.

1992 жылы Торғай облысы басшыларының шақыруымен наурыз айында Арқалық қаласына келмекші болып, бір күні Фариза апай маған телефон шалды. “Рақыш, Алматыдан жол серік етіп ертіп баратын адамның қисыны келмей тұр, Арқалық Ұлытауға жақын емес пе, сен сол жақтан келсең қалай болады, маған жол серік болып”, — деген ұсыныс айтты. Наурыздың 11 мен 14 аралығында Торғай облысында Фариза апаймен бірге кездесу кештеріне қатысқаным күні бүгінгідей көз алдымда. Арқалық қаласындағы жоғары және арнаулы орта оқу орнының студенттерімен, Амантоғай, Аманкелді, Жанкелді аудандарының халқымен кездесулер өткізіп, ел ішінде болып қайттық. Сонда Факең үнемі әйел-апалардың, қыз-келіншектердің тұрмыс-тіршілігін тәптіштеп сұрап, аудан, облыс басшыларына осы топтағы адамдарға қамқорлық, жағдай жасауды айырықша өтінетін.

— Сіздің осыншама жыл Фариза Оңғарсыновамен тығыз байланыста болуыңыздың себебі неде деп ойлаيسىз? (Мақсат мүдде ортақтығы ма, мінез ұқсастығы ма, әлде көзқарастарыңыз ба?)

— “Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай” демеп пе еді Жамбыл бабамыз. Сондай-ақ менің осы өмірде пір тұтар, идеалым — Фариза апай. Ақын Фариза, апа Фариза мен үшін ерекше жан. Мені баурайтыны, танысу хат жазуыма да себеп болғаны — өлендері, поэзиясы. Өз басым қазақ тілі мен әдебиеті маманы болғандығымнан ба, әйтеуір сол Факеңнің

өлеңдерін оқып өскендігімнен бе, әйтеуір ерекше көремін ол кісіні. Бізді осыншама жыл байланыстырып жүрген де өлеңнің киелі құдіреті болар деп ойлаймын. Өлеңдеріне талдау жасап, пікір талас тудырмақ емеспін. Алайда, үлкен сүйінішпен айтарым Факеңнің өлеңдері сондай жатық, дөп түсетін, көңілден, сенің айтқың келген ойды жыр жолдарына тұсап бере салады. Қара сөзбен шұбалтып, жеріне жететіндей жеткізе алмайтын кейбір кезімді Фариза апай 2-3 шумаққа сыйғызып, барша қазақ қыздарының ойын білдіретініне қайран қаламын. “Әннің де естісі бар, есері бар” деп Абай атамыз айтқандай ақынның да ақыны болады емес пе

Сондықтан мүдде ортақтығы, ой-пікір бірлігі, өмірге, айналаға, іс-әрекеттерге көзқарасымыздың бірлігі шығар бізді табыстырып, осыншама жыл байланысымыздың үзілмей келе жатқаны деп ойлаймын.

Мінезіміз ұқсас деп айта алмаймын, сырт пішініміз бе, жоқ әлде қимыл-әрекетімізде ме ұқсастық бар дегенді айтады сырт жұрт...

— **Өскен ортаңыз, ұшқан ұяңыз жөнінде бірер сөз...**

— Қарапайым шаруа от басынанмын, көп балалы шаңырақ деуге де болады. Сегіз ағайындымыз, мен жетінші баламын. Өзімнен үлкен үш ағам, үш апам, өзімнен кейін сіңілім бар.

— **Адамдар бойынан қандай қасиет іздейсіз?**

— Адалдық, тәрбиелік, және мәдениеттілік, кішіпейілділік, қарапайымдылық.

Ең жаным жек көретін қасиет-өтірік айту, мақтаншақтық, көлгірсу, екі сөйлеу...

— **Сіз ұнататын, шығармаларын сүйіп оқитын қаламгерлеріңіз?**

— Мұхтар Әуезов, Лияс Есенберлин, Жұбан Молдағалиев, Асқар Сүлейменов, Оралхан Бөкей, Қалтай Мұхаметжанов, Әнуар Әлімжанов, Шерхан Мұртаза, Олжас Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев, Кәкімбек Салықов, Әбіш Кекілбаев, Қасым Аманжолов және Фариза апай шығармаларын іздеп жүріп оқимын. Жаңадан шыққан кітаптарын сатып алуға асығамын.

— **Ең жақсы көретін мерекеңіз?**

— Наурыз мейрамы.

— Қолыңыз босағанда немен шұғылданасыз?

— Тоқыма тоқу, іс тігу (құрақ көрпеше, жастықша). Көл жағасында таза ауа жұтып серуендегенді ұнатамын. Театрға барып, спектакль көруден асқан рахат жоқ мен үшін.

— Өмірдегі ұстанымыңыз?

— Үлкенге де, кішіге де, қызметі жоғарыға да, төменге де әділдік, адалдық, қайырымдылық, кішіпейілділік көрсету.

ШЕГІНІС: “Ақын-жазушы деген—сөзіне дерт алып жүретін халық: елдікті, қазақтың қанына сіңген адамдық, көрегендік, ақылмен ойлап іс ету секілді қасиеттерді қай азаматтан байқай қалса, соған далиып, бүкіл қазақ ақылды болып кеткендей қуанады. “Анау облыстың, пәлен деген ауданының түген деген мектеп директоры бар-нағыз азамат, халыққа тұлға болар жігіт деп соны айт!” деп, бір-біріне қуана хабарлап, сүйінші сұрасып әбігерленеді.

Ұлытауда еңбекке, бейнетке толы өмір бар. Арманы биік, жолы бұралаң, жаны адал адамдар бар. Қарапайым, қайырымды, кедейадамдар бар. Олар құлазып жатқан қасиетті аймағымыздың тіршілік тамырын жалғастырып жүр. Атақ үшін, жақсы көріну үшін емес, Ел мен Ардың алдындағы перзенттік парыздарын өтеуде. Солардың бірі — Рақыш Нәшкенқызы Ыдырысова.”

(Фарица ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ
“Ұлытау қызы” очеркінен.)

“Мысты өңір” газеті
2001 жылғы 5-мамыр
Сұхбаттасқан Заря ЖҰМАНОВА

Жұлдыз-ғұмыр

САҒЫНДЫМ, САҒЫМ ЖЫЛДАР...

Таяуда қызмет бабымен Жезқазған қаласындағы өкімшілік ғимаратына бас сұқтым. Қашан да өнерпаздар мен қала зиялыларының қалың ортасында жүретін

ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Рақыш Нәшкенқызы Ыдырысованың оңаша сәтіне сәйкес келген екем. Аман-дық-саулық сұрасып отырғанымызда, жұмыс үстелінің үстінде жатқан Мәдина Ералиеваның фотосуреттеріне көзім түсті.

Көңіл аударғанымды аңғарып қалған екен, “бұдан бірнеше жыл бұрын Мәдинаның өз қолымен тілегін жазып, сыйға тартқан суреттері ғой” деп бірнешеуін қолыма берді де, терең күрсініп:

— Ақындардан — Фариза Оңғарсынованың, әншілерден — Мәдина Ералиеваның орны мен үшін ерекше, — деді. — Біреуі-туған апайымдай, біреуі-туған сипілімдей. Кезінде Фариза апай “Лениншіл жаста” (қазіргі “Жас Алаш”), кейінірек “Қыз-ғұмыр” атты кітабында мен жайлы “Ұлытау қызы” деп көлемді очерк жазған. Ал Мәдинамен бұдан жиырма жыл бұрын танысқан едім.

1980 жылдың тамыз айында Қазақ ССР-іне 60 жыл толу салтанатына орай, Жезқазған қаласына бір топ өнер адамдары келді. Бибігүл Төлегенова, Лев Лещенколардың қатысуымен қала стадионыныда үлкен мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Кешкі концерт алдында, күндізгі сағат 15-тің шама-сында осы қазіргі тұрып жатқан пәтеріме кішкентай ғана қыз бала келді, қолында — Алматыда тұратын студент кезден күні бүгінге шейін байланысымыз үзілмеген, Қазақтың Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында бірге оқыған (төрт жыл бойы, бір бөлмеде тұрғанбыз), досым Мәкеш Аманқызының хаты (ол уақытта Мәдина Қыздар педагогикалық институтын үздік бітіріп, Қазақ ұлттық Ғылым Академиясының аспиранты екен, тұрмыс құрмаған кезі, Мәкешпен бірге “Қарлығаш” жатақханасында тұратын...) Мәдинаның Жезқазғанға іссапарға баратынын естіген соң, әлдеқандай жағдай болып, жәйің болмаса, сол қалада қызмет істейтін курстас досым көмектесер деген ниетпен хат беріп жіберген екен. Ол жылдары мен Жезқазған облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында методикалық кабинет меңгерушісі едім. Келген қыз бала дайын дәмге де қарамастан, асығыстық танытып, аз кем тілдескен соң, нан ауыз тиді де кетіп қалды.

Стадионда мерекелік үлкен концерт болатынын жарнамадан естігенмін, сіңілімді ертіп, соған бардым. Бір уақытта күндіз өзіме хат әкелген, үріп ауызға салғандай, әп-әдемі, нәп-нәзік қыз бала өзіне үлкен баянын асынып, “Ақбаян” әнін шырқап стадион сахнасының төріне шыға келді. Үстіне киген ұлттық киімі де өте сәнді, қонымды, әрі жарасымды болып тұр. Жүргізуші-конференстье “алдарыңызда—Мәдина Ералиева!” деп хабарлады. Өз көзіме өзім сенбеймін: рас па, өтірік пе? Бағанағы кіп-кішкентай, тапталдырмаш қыз—Мәдина екен ғой! Концерт аяқталып, ел тарағасын, өнер көрсеткен әртістердің жолын тосып тұрдым да, Мәдинаға жолықтым. “Жезқазған” қонақ үйіне тоқтаған екен, соған дейін өңгімелесіп, шығарып салдым. Қонаққа шақырып едім, ертең хабарласатын болып уәдесін берді. Айтқан сөзінде тұрып, ертесіне менің пәтеріме қонаққа келді. Қасында біздің облыстық партия комитеті бекітіп берген бір-екі комсомол қызметкерлері бар. Сонымен қалған екі күнін қонақ үйден есеп айырысып, біздің үйде өткізді. Ұшаққа өзім отырғызып салдым. Сол таныстығымыз, байланысымыз, жас айырмашылығымыз болғанымен, жиырма жылға ұласып еді, — деп *Рақыш Нәшкенқызы сәл үнсіз қалды.*

— Соңғы рет Мәдинамен қашан кездестіңіз?—дедім өңгімені әрі қарай сабақтағым келіп.

— 2000 жылдың қыркүйек айында Алматы маңындағы “Ақ бұлақ” санаторийінде дем алып жүріп, Шәмші Қалдаяқовты еске алу концертіне бардым. Концертте Мәдина Шәмші ағайдың екі әнін орындады. Үзіліс кезінде (антракт) сахнаның арт жағынан әдейі барып, гример бөлмесінде отырған Мәдинамен амандастым. Құшақтасып, бір-біріміздің бетімізден сүйіп, шұрқырасып қалдық. Бірақ сол кездесуіміздің соңғы рет екенін қайдан білейін?!... “Тағдырдың салған ісіне, не істерсің, жаным не істерсің?..” деп өзінің салған әніндегідей, тағдырдың, Алланың ісіне еш шара жоқ екен ғой! Ол өмірден ерте кетеді, ол жайлы естелік айтармын, — деген үш ұйықтасам түсіме кірмеген...

Өткен жылдың қарашасы күні түс мезгілінде

радиодан жаманат хабарын естігенде өз құлағыма өзім сенбедім. *Екеуміз де аз кем үнсіз қалдық.*

— Өздеріңіз араласқан жылдарда Мәдина бойынан өзгеден ерекше қандай қасиеттерді байқадыңыз?— деп тағы да Рахаңды сөзге жетеледім

— Мәдинамен араласып жүргенде көңіліме түйіп, көзім жеткен, оның бойынан көрген көп қасиеттерімнің бірі — ол өте қарапайым, кішіпейіл, ашық-жарқын, бауырмал жан еді. 1990 жылдың ақпан айында “Адырна” ансамбілімен Мәдина Ұлытау ауданына гастрольге келді. Қыстың қақаған аязы мен боранына қарамастан аудан совхоздарын аралап, бірнеше концерт қойды. Халық оның дауысына, дарын-талантына сондай айрықша ілтипатпен, сүйіспеншілікпен, және ризашылық сезіммен қарап, қабылдағаны есімде.

Сол жылдың мамыр айында Мәдина “Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі” атағына ие болды. Телефон арқылы да, Алматыда кездескенімде де: “Қасиетті, қарт Ұлытаудың шапағаты тиген шығар... Қыстың көзі қырауда гастрольге барғаным текке кетпеді” дегенді қуанып, мақтанышпен айтып отыратын.

1992 жылдың күзінде Ғабит Мүсіреповтың туғанына 90 жыл толуына орай, Алматыда театрлар фестивалі болды. Онда мен “Алатау” санаторийінде дем алып жатқанмын. Мәдина мен баласы Арсенді ертіп, біздің Жезқазған театры қойған “Қыз Жібек” спектакліне бардым. Жалпы Алматыға іссапармен немесе демалуға барған сәттерімде Мәдинамен ұдайы кездесіп, жолығысып, айтыс өнерін тамашалауға, спектакль көруге жиі барушы едік.

... Ата-анасынан 13 жасында жетім қалған Мәдина сіңілісі Сағираны жетелеп жүріп жеткізіп, өзі де ерте есейді.

Мәдина өзінің құдай берген дауысы мен дарының арқасында, табан ақы, маңдай терімен, ерінбей еңбек етті. Ізденіспен қол жеткізген еңбек жемісін енді ғана көрер шағында жол апатына ұшырағаны өкінішті-ақ!.. — деп Рахаң ойлана отырып қалды да, іле-шала:

Сыйлау керек адамды сыйлау керек,
Сыйлау керек жәбірге қымау керек.

Сыйлау керек сол үшін, ғұмыр бойы
Жүректердің жылуын жинау керек.

Сыйлау керек, кішісін, ірісін де,
Әрине көзі барда, тірісінде,
Сыйлау керек өлген соң тірілердей
Жас ұрпақ — ұл үшін де, қыз үшін де

Адамды тіріде тек бағалайық,
Ардақтап апалайық, ағалайық.
Бас дейік, батыр дейік, биік дейік,
Жоқ болса ожданынына тағар айып.

Тек қана солай болса таласы жоқ,
Е, кімнің кем-кетігі, шаласы жоқ.
Өлген соң өзі жайлы некрологты
Оқуға дананың да шамасы жоқ... —

деп Жұбан Молдағалиев-ағамыз қалай айтқан, ө?
Рақыш Нәшкенқызы өткен күндер елесіне үңілді ме тағы үнсіз қалды.

— Мәдинаның баласымен ара қатынасы жайлы ойға түйгендеріңізді ортаға салсаңыз, — дедім әңгіменің әсерінен арыла алмай.

— Арсенге, оның оқуы мен тәрбиелі болып өсуіне Мәдина айрықша көңіл бөліп отырушы еді. Қайда барса да әдеби кітаптар сатып алып келетін. Сөре толы кітаптардың көпшілігінде “Арсенге мамасынан” деп өз қолтаңбасын қалдырып отыратын. Баласы да өте кішіпейіл, қарапайым, тәрбиелі, — деді *Рақыш Нәшкенқызы ерекше сүйсінген үнмен.*

— Мәдина өмірден өткеннен соң, тірлікте қадірін түсінбеген әріптестері де өкініш білдіре, қайғырып, ол жайлы түрлі естеліктер айтып жүр. Өнердегі әріптестері жайлы не білесіз?

— Бір жолы Кореяға гастрольге барған сапарында Мәдина аяғын сындырып алып, тілін білмейтін жат жерде жалғыз қалып, бір айдай емделуіне тура келеді. Алматыдағы ұлына алған базарлығын өз әріптестерінен беріп жіберіп, хабарын айтуды сұрайды. Алайда, басқарып барған басшылары да, серіктес әнші-әріптестері

де сол күйі баласына хабарласпаған. Бірер айдан соң аяғына гипс салып Мәскеу арқылы Алматыға қайтады. Әбден жол азабын көріп, әрең жетеді. Сөйтсе, баласы — Арсен, бәрінен де бейхабар, мән-жайды өзі келген соң бір-ақ білген.

Осындай жағдайға ұшырағаныны естісімен, арнайы Ұлытаудан Алматыға тартып отырдым. “Әрине, сынықтың көңілін сұрамайды ғой, дегенмен, апалық қамқорлық ниетпен өзіңе барғалы отырмын” деп телефон шалдым. Мәдина телефон шалғанымда қатты қуанып: “Ұшағың беймезгіл уақытта келеді ғой, біздің үйге жалғыз жетуге қорқынышты болар, қасында таныс жолаушы болса, еш қысылмай еркінертіп келе бер” дгенді айтты. Себебі ол кезде, Жезқазғаннан ТУ-154 ұшағы түн мезгілінде ұшып баратын. Ұлытаудың ауылшаруашылық басқармасында бас зоотехник болып қызмет ететін Жанкелді деген азаматты ертіп барғанымда балдақпен жүріп Мәдина өзі есік ашты. Ертеңгі шөйді ішіп отырып, жол серік болып келген Жанкелдіден: “Кімнің үйінен дәм татып отырғаныңды білесің бе?” десем, “білмеймін” дейді ол. “Мына бізге түнімен бәйек болып, қонақ деп құрметтеп отырған әнші Мәдина Ералиева, анау оның ұлы — Арсен” деп таныстырдым.

Кейіннен Мәдинаның қонақжайлылығы мен қарапайымдылығын Жанкелді ауылға келіп, үлкен мақтанышпен үй ішіне, жолдастарына айтып жүрді.

— “Жақсының артынан сөз ереді” демекші, Мәдина көпшіліктің көз алдында жүрген жан болғасын, соңынан ерген әр түрлі алып-қашпа әңгімелерге кейбіреулер иланады. Сондай жел сөздер сізге де жететін шығар?— деген сұрақты қоюын қойсам да, іштей “осыным ыңғайсыздау болған жоқ па?” деп қысылып қалғаным рас.

— Бұның бәрі де бос сөз. Аттай 20 жыл қоян қолтық араласып, сыйласып, апалы-сіңілілі жандай болғанымда, мен оның қолына рюмка ұстағанын көрмеппін. Қателеспесем 1981 жыл болуы керек, белгілі театр режиссері БолатАтабаев пен Мәдина тұрмыс құрды. Екеуінің үйлену тойында болдым. Арсеннің бес-алты айлығында, тағдырдың жазуы болар, екеуінің дәм-тұзы жараспай, ажырасып кетті. Күні бүгінге шейін, екеуі

де екінші рет үйленіп, тұрмыс құрып, некеге тұрған жоқ.

— Сіздің қолыңызда Мәдинамен жақсы қарым-қатынаста болғаныңызды айғақтайтын, естелік болатын қандай белгі бар? — деп ем...

— Осы араласқан жылдарда мына суреттерінен басқа өз дауысымен: “Қадірлі апайым, туысым Рақыш, мен сіздің бақытты болғаныңызды ғана көргім келеді” деп тілек айтып, сыйға тартқан бірнеше үн таспасын қазір де аса қадірлі белгі ретінде ұстап жүрмін, — деді ол мақтанышпен. Екеуміз де кенет үнсіз қалдық. Радиодан: “Сағындым, сағым жылдар, Өтті ғой ағып жылдар” — деп Мәдина сызылта ән бастаған еді..

Өмір төрінен мөлт етіп үзіліп түскенімен, өнер көзінде ән болып қалып қойған қайран Мәдина кіндік қаны тамған Сыр бойын немесе аппақ армандарға қанат қақтырған әсем Алматыны ғана емес, күллі қазақ жұртын өкіндіріп, өксіп кеткені рас...

Сұхбаттасқан

Заря ЖҰМАНОВА

2001жылдың 4-сәуірі

“Жас Алаш” газетінің №48 саны

РАҚЫШ

Қазақтың көрнекті ақын қызы Фариза Оңғарсынованың “Қыз-ғұмыр” атты өлеңдер мен эсселер кітабын қызыға, құмарта оқығандардың бірімін. “Қыз-ғұмыр” деген атының өзі қалай тауып қойылған! Қыз-келіншек, әйел жүрегінің тылсым сырларын, жұмбақ сиқырларын бұл жалғанда кім қалай түсініп, кім қалай бағалайтынын бір Алланың өзі білер. Қызға, ару бойжеткендерге деген айырықша құрмет, бөлек ілтипат әйтеуір, бізде, қазақ халқында бір мысқалдай кеміп, не ортайып көрген емес. Қыз-сұлулықтың, анаұлылықтың символы! Менің білетінім—осы. Фариза ақын бір өлеңінде:

Жарқыраған нұр жамал —
он төртінен туған ай.
Жаны туған сырлы арал
гүл өсетін қурамай.
Құралай көз — тұңғиық,
Жылу да бар, мұң да бар.
Жақсы көрсе нұр құйып,
Жақтырмаса — бұлданар.
Жанындағы сәби де
Сезім соққан бір мүсін.
Мұндай ару әр үйге
Ұялатар күнді шын! —

әйел бейнесін поэзия тілімен әдемі мүсіндейді.

Мен бұл шағын мақаламда ақын апайымыздың өлеңдеріне талдау жасауды алдыма мақсат етіп қойып отырғаным жоқ. “Қыз ғұмыр” кітабына енген эсселердің ішінен менің назарыма ерекше түскені — “Ұлытау қызы”. Эссе кейіпкері өңірімізге белгілі қыздардың бірі, бұрындары Ұлытау аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, одан соң аудан әкімінің

орынбасары қызметтерін атқарып, елдің рухани, мәдени өмірін дамытуға, өркендетуге өзінің күш-жігері, білімі, ұйымдастырушылық қабілеті арқылы лайықты үлесін қоса білген, Фариза апайдың очерк-эссесіне арқау болған Рақыш Нәшкенқызы Ыдырысова болатын.

Ақын көзі де, көңілі де сұңғыла келеді ғой. Рақышты бәріміз де білетінбіз. Бірақ, оның жан сырына, жүрегіне терең бойлай бермеппіз. Ал ақын апамыз соның бәрін қалай тез байқаған?! “Қыз ғұмырдағы” эссесінде ол: “Рақыш сіңіліміз өз деңгейлестерінің арасында алғыр басшы екенін, сөзінен ісі көп, жұлқынып алға шығып, “мына шаруаны мен тындырып жатырмын!” — деп көзге түсуге ұяты жібермейтін, халқымыздың елдік намысын өз қамынан биік қояр азамат екенін Ұлытау жерінде оның жанына ерген шұғыл сапарларымыз кезінде байқағанбыз” — деп жазады. Біз де осы пікірге қосыламыз.

Қасиетті Ұлытауға журналистер жиі барып тұрамыз. Ал бізден басқа қадірлі меймандар толып жатыр ғой. Тіпті Жезқазғанға табаны тиген ақын да, ғалым да, қайраткер де, шетелдік меймандар да ат басын бірден Ұлытауға тіреп, киелі шаңыраққа тәжім еткісі келіп тұрады. Осындайда кеудеге мақтаныш сезімі ұялай түседі екен. Өйткені, Ұлытау — қазақтың ескі астанасы, ұлтымыздың қайнар бастауы. Ұлт бірлігі және тарих жылы деп аталып отырған биылғы жылда мұны ерекше айтуға, ерекше дәріптеуге тиістіміз.

Рақыш — осы Ұлытаудың төл перзенті. Табиғатынан ақын жанды болып өскендігінің әсері шығар, Рақыш Нәшкенқызы өнер адамдарына өте жақын жүреді, журналист, ақын-жазушылар десе, тік тұрып қызмет етуге даяр тұрады. Бұған журналистік сапар кезінде біз де талай куә болғанбыз.

Міне, сол Рақышпен аудан әкімінің орынбасары, одан соң облыстық білім беру департаменті бастығының орынбасары болып қызмет істеп жүргенінде де сыйластық қарым-қатынасымызды үзбесек те, ол туралы газет бетінде ләм-мим деп қалам таратпаған екенмін.

Қазір Рақыш Нәшкенқызы — Жезқазған қалалық

әкімшіліктің ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі. Бұл қызметтің де қыр-сыры көп. Әкім аппаратында қызмет істеу оңай шаруа емес. Әсіресе, халықпен күнделікті тығыз қарым-қатынас жасауда, олардың тыныс-тіршілігін зерттеуде, түрлі жиын, кездесулерді ұйымдастыруда, алқа мәжілістеріне мәселе дайындауға, әйтеуір әкімшіліктің бітіп болмайтын көп шаруашылығының арасында, зыр жүгіріп жүру Рақыш сынды өмірдің үлкен мектебінен шыңдалып шыққан білікті кадрға онша қиындық тудыра қоймасы да мүмкін. Өйткені, әр нәрсенің байыбын түсініп, ақылға салып, жеті өлшеп, бір кесіп жұмыс істеуге дағдыланған Рақыш Нәшкенқызының іскерлігіне аппарат қызметкерлері де тәнті. Ол ұйымдастырушылық, іскерлік қырымен қатар, өзі де кез-келген шаруаны, тапсырманы біреуге ысырып, сілтей салмай, соны тыңғылықты атқаруға жанын сала кірісіп кетеді. Рақышты қағаз жазудың хас шебері десе болады. Әкімдікте баяндама атаулыны қазақ, орыс тілінде салмақты, дәмді етіп жазып, дайындап-шығу кез-келген қызметкердің қолынан келе бермейтін шаруа. Өйткені, сауатты жаза білу — үлкен өнер. Рақыштың бойында бұндай қасиет ертеден қалыптасқан. Рақыш өз өмірінде елге сыйлы, беделді көптеген жақсы ағалар мен апалардың шарапатын сезініп өсті. Сондықтан да Жезқазған облысы мен Ұлытау ауданында басшылық қызметтер атқарған Хақима Жомартбаева, Қабден Шыңғысов, Қайыржан Мәдиев, Жаманкүл Шайдаров, Сағадат Дүйсебеков, Әбілжан Сүлейменов сынды көптеген жаны жайсаң жандардың қамқорлықтарын ешқашан ұмытпайды.

Рақыш үшін Ұлытаудың, оның адамдарының орны бөлек. Туған жер кімге болса да ыстық қой. Ойлап отырса, барлық қызық күндері, қимас сәттері сонда өтіпті. Ұлытаудың ұлылығын, дархандығын, жомарттығын әлі де көкке көтере бергісі келеді. Осыдан артық перзенттік парызы да жоқтай. Ұлытау алдындағы айнымас анты да, ең ізгілікті іс-халқына адал қызмет ете беру болса керек.

Күнделікті қызмет кабинетіне Рақыш бүгін де ерте келді. Бір жұмыстан соң екінші жұмыс қабаттасып

келіп жататын әдеті. Күні кеше ғана Жезқазғанда үлкен жиын өтті. Оны өткізудің бар салмағы тағы да Рақыш Нәшкенқызы басқаратын ішкі саясат бөліміне түсті. Әкімнің баяндамасынан бастап, кейбір орынбасарлар жасайтын баяндамалардың бәрін әзірлеуге Рақыштың өзінің тікелей араласуына тура келеді.

— Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеретін уақыт жетті, — дейді Рақыш Нәшкенқызы ағынан жарыла сөйлеп. Қала әкімшілігінде әзірше іс-қағаздары қазақ, орыс тілінде жүргізіліп келеді. Негізінде мемлекеттік тіл басымдық сипат алуға тиіс. Ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту, адамгершілік, имандылық тәрбиесін басты орынға қою, салауаттылық өмір салтын орнықтыру мәселелері де басты назарымызда. Өткен айлар Президенттің Жолдауынан туындайтын мәселелерге байланысты әртүрлі саланың қызметкерлерімен іскерлік кездесулерге толы болды...

Рас, әкімдікте жұмыс көп. Олардың бәрі де көпшілікпен, көпшіліктің атсалысуымен бітеді. Әр істің басында жөн білетін азаматтар да баршылық. Рақыш Нәшкенқызы солардың бірі, көпшілік адамы. Фариза апайдың очеркіне арқау болған Ұлытау қызының ең жақсы басты қасиеті де осы шығар?! Жұлдызың жоғарылай берсін, Ұлытау қызы!—дегің келеді де тұрады мұндайда.

*“Азия -Транзит” газеті
(1998 жылғы 4 маусым)*

*Ибрагим Бекмаханұлы,
“Азия-Транзит” газетінің меншікті тілшісі*

ДОЧЬ УЛЫТАУ

Из путевого очерка

Ласковой и тихой погоде в Улытау радуются даже собаки, с вечера и всю ночь на пролетгромко переговариваясь друг с другом. Проснувшись рано утром от дружного лая и холода решила согреться. Заварила чай. В дверь постучала. На пороге гостиничного номера появилась высокая стройная женщина.

— Домашний чай вкуснее гостиничного. Идемте ко мне, я живу рядом — через дорогу.

Так я очутилась в гостях у заместителя главы Улытауской районной администрации Рахыш Идрисовой. За завтраком заговорились. Работа руководителя районного масштаба по своему характеру чем-то сродни профессии журналиста, поэтому мы легко нашли общий язык.

Рахыш появилась на свет и выросла на том “счастливом районе земного шара”, который является исторической родиной тюркских народов. Более того — ей довелось стать активным участником и организатором незабываемого события — первоовсемирного курьлтая казахов. Просматривая ее личный архив, я нашла здесь любопытные фотографии, запечатлевшие наиболее яркие моменты пребывания делегации на жезказганской земле. Наверное, впервые в жизни позавидовала обилию автографов и приглашений на съезды конференции, юбилеи.

Оно и понятно: Рахыш курирует вопросы развития культуры, а в этой сфере район достиг немалых успехов за последние годы, особенно после присвоения селу статуса районного центра. Здесь появились, к примеру детская музыкальная школа, котроая вот-вотбудет преобразована в школу искусств. В школе обучают игре на кобызе, фортепиано, баяне, духовых инстру-

ментах. Особое предпочтение отдается, конечно домбре.

Большим и радостным событием в культурной жизни улытауцев стало, несомненно открытие мечети. Заняв половину добротного кирпичного здания, где ранее размещался районный отдел культуры, мечеть вобрала в себя как культурно-просветительные, так и миротворческие функции.

По решению Кабинета министров республики в районе создан историко-культурный и природный заповедник музей "Улытау". Собранне за непродолжительное время экспозиции "переехали" недавно из закутка в добротное здание бывшего районного совета народных депутатов. Проекты, связанные с развитием музея-заповедника и заманчивы, и фантастичны в нынешних условиях острейшего дефицита всего и вся. Но именно с этим музеем в большой степени связано будущее не только Улытауского района, но и области. И работы здесь непочатый край.

Есть у Рахыш еще один важный участок общественной работы. С 1985 года она возглавляет районный женский Совет, являясь его председателем. Это значит: все проблемы женщин, многодетных матерей, ее проблемы. Четвертую часть двенадцати тысячного населения района составляют представительницы прекрасного пола. Среди них немало пенсионеров, инвалидов, матерей-одиночек, нуждающихся в оказании своевременной помощи и поддержки. Ведь выплата одной пенсии или пособия-нынче уже проблема, причем одна из самых актуальных. "Мы стараемся, чтобы у нас ее не было, и пока нам это удастся, — вводит меня в курс своих дел Р.Идрисова. — Льготы, пособия инвалидам — все это выдается без задержек. Сенем, топливом слабые мира сего также обеспечены".

Любым делом правят, люди. А вот как правят, об этом следует судить по результатам их труда. Думаю, что в этом смысле Рахыш Идрисова заслуживает самых добрых слов.

Наша последняя встреча с Рахыш состоялась на днях в областном центре Дома дружбы и культуры народов, где проходил айтыс акынов и конкурс "Анши

балапан”. Рахыш Нашкеновна в Жезказган сей раз восемь самодеятельных артистов. На мой вопрос: “Есть ли успехи?” в свою очередь последовал тоже вопрос: А как же? В конкурсе “Анши балапан заняли третье место. Кроме того, завоевали два поощрительных приза. Каждый из участников получил подарки и сувениры от спонсоров. Так что мы довольны”.

Ну, а еще какие новости?—спрашиваю напоследок. — Еще завтра улетаю в Алматы на запись телепередачи по республиканскому телевидению, посвященную 8-марту.

Я пожалела Рахыш Нашкеновне удачного полета в столицу и благополучного возвращения на родину, где ее, как всегда, ждут неотложные многочисленные дела и люди родного края.

*Беседу вела, журналист — Галина Боярская,
газета “Замандас-Собеседница”
5 марта 1995 года*

БІРІ – ТУҒАН АПАМДАЙ, БІРІ – ТУҒАН СІҢЛІМДЕЙ БОЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ АЯУЛЫ ҚЫЗДАРЫ

Менің өмірімде ақын Фариза Оңғарсынова мен марқұм әнші Мәдина Ералиеваның орны ерекше. Бірі-туған апамдай, бірі-туған сіңлімдей болған қимас жандар. Ағайын-тума да, жақын-жұрағат та емеспіз, таныстықтан басталған сыйластық.

1971 жылы Алматы қыздар педагогикалық институт бітіріп, жолдамамен бұрынғы Жезқазған облысының Жезді поселкесіндегі мектеп-интернатқа қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып орналастым. Жұмыстан бос уақытымның көбін көркем әдебиет оқуға жұмсайтынмын. Күнделікті газет-журнал материалдарын қалт жібермей оқып тұратынмын. Баспасөз беттерінде жарияланып жүрген Фариза апай жырларын жаныма жақын тарттым да қолыма қалам алып: “Қазақтың ақын қыздарының ішінде ... Фариза апай, мен үшін дарасыз, өлеңдеріңіздің оттылығы, қуатты сезіміңіз мені тәнті етті. Сіз мен сияқты қазақ қыздарының (22-23 жасар кезім) булыққан сырларын дөп басып, өлеңге көшіргендейсіз” — деп, жақынырақ таныспақ ниетім барын жасырмай хат жаздым.

Көп кешікпей Алматыдан атақты апайдың өзінен жауап хат алдым. Қыруар шаруалар арасынан уақыт тауып, шалғай бір түкпірдегі қазақ ауылына, қарапайым оқырман қызға хат жазуы, шынымды айтсам, ол мен үшін тосын жайт болды. Фариза апай өз хатында былай депті: “Айналайын Рақыш, сенің хатыңды алдым. Бізге, яғни редакциямызға да, жеке өзіме де хаттар көптеп түседі. Сол күнделікті келіп жатқан хаттардың бәріне бірдей жауап жазу мүмкін емес. Алайда сенің хатың шыншылдығымен есімде қалып,

жауап жазбауды өзіме күнә санап, жауап хат жазып отырмын “ дей келе, менің жас шамамды, оқушымын ба, студентпін бе, кім екенімді, өзің жайлы неге жазбағансың деп сұраған екен... Міне, 35 жылдан бері Фариза апаймен байланысымыз үзілген емес.

1986 жылы Жезқазған облыстық кітапқұмарлар қоғамының шақыртуымен Жезқазған қаласына келгенде, қаладан қайтып кетпей, “Ұлытауға, Рақышқа баруым керек “, деп ауданымызға арнайы ат басын тірегені сол кезде елдің есінде қалатын үлкен оқиғы болды. Осы сапарынан соң “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас Алаш”) газетіне мен туралы “Ұлытау қызы” дегн көлемді очерк жариялады. Кейін сол очеркі өзінің “Қыз-ғұмыр” атты кітабына енді. Ол жылы қатардағы мұғалім емес, ауқымды істердің басында жүрген аудан атқа мінерлерінің бірі едім. Фариза апайдың, қазақ қыздарының бойынан бір жақсылық көрсе, жалпы көпке жариялауға асығатын қасиетін кейін де талай байқадым.

Елі еркелеткен ақын апамыздың еркектер мысын басатын өрлігі де, өзіне жарасатын тентектігі де халықтың көз алдында. Сондай біртуар талантты жанмен туған апамнан бетер тіл табысып, қаншама жылдардан бері сыйласып келе жатқанымды мақтан тұтамын.

Ал, халқымыздың тағы бір аяулы қызы, ұлттық өнеріміздің шырқау көгінде жарық жұлдыз болып жарқыраған қайран, Мәдина...(Мәдина Ералиева) менің туған сіңлімдей болып еді. Ең алғаш екеуміз 1980 жылдың тамыз айында танысқанбыз. Жезқазған қаласына гастрольмен Алматыдан бір топ өнер адамдары келді. Мен ол кезде Жезқазған облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында жұмыс істейтінмін.

Студенттік кезден дос болған, курстасым Қазақ Ғылым Академиясына аспирант болып қабылданған Мәдинамен бір жатақханада бірге тұрады екен. Бөтен қалада жас әншінің жағдайы болмай жатса көмектесерсің деген тілекпен, маған хат жазып жіберіпті. Көгілдір экраннан Мәдинанаы тек ұлттық киіммен көріп жүрген соң, хат әкелген қарапайым, талдырмаш, аласа бойлы қыз баланы ол деп ойлаған да жоқпын. Кешкісін (концертте) конференсье Мәдина Ералиева

деп хабарласымен стадион ішіне жиналған дүйім жұрттың алдына үлкен баянын асынып, күндіз үйіме келіп хат әкеліп берген кішкене қыз шыға келіп “Ақбаян” шырқап қоя бергенде, өз көзіме өзім сенбедім. Концерт аяқталып, ел-жұрт тарағасын, әртістердің жолын тосып тұрып, Мәдинаға жолықтым. Ертесіне менің пәтеріме қонаққа келді. Ол ата-анасынан он үш жасында жетім қалып, сіндісі Сәбираны жетелеп жүріп жеткізгенін сырғып айтқан еді. Кетер-кеткенше менің қасымда қасымда болды. Ұшаққа өзім мінгізіп салдым...

Сол таныстығымыз жиырма жылға созылған еді ғой...Алматыға іс сапармен нмесе дем алуға барған сәттерде Мәдинамен ұдайы кездесіп, айтыс өнерін қызықтауға, концерт пен спектакльдер көруге бірге барушы едік. Онымен араласып жүргенімде көңіліме түйіп, көзімнің жеткені, оның бойынан көрген көп қасиеттерінің бірі—ол өте қарапайым, ашық-жарқын, бауырмал жан еді. 1990 жылдың ақпан айында “Адырна” ансамбілімен Ұлытау аданыныа гастрольге келді. Бұл жылдары мен Ұлытау аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде едім. Қыстың қақаған аязы мен боранына қарамастан алыс-алыс ауылдардың бәрін аралап, бірнеше концерттер қойды. Халық оның дауысына, табиғи талантына сондай үлкен құрметпен, айрықша ілтипатпен қарағаны және Мәдинаны зор сүйіспеншілікпен қабылдағаны есімде. Сол жылдың мамыр айында ол “Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі” атағына ие болды. Кейін “Қасиетті қарт Ұлытаудың шапағаты тиген шығар, қыстың кезі қырауда, гастрольге барғаным текке кетпеді”—деп қуанғаны да күні бүгінгідей көз алдымда...Жалғыз ұлы Арсеннің тәрбиесіне айрықша көңіл бөлуші еді. Қай жаққа іссапармен барса да әдеби кітаптар сатып әкелетін, сөре толы кітаптардың көпшілігіне “Арсенге мамасынан” деп өз қолтаңбасын қалдырып отыратын.

Бір жолы Кореяға гастрольге барған сапарында аяғын сындырып алып, тілін білмейтін жат жерде жалғыз қалып, бір ай емделуге тура келеді. Ұлына алған базарлығын өз әріптестерінен беріп жіберіп, хабарын айтуды өтінеді. Алайда бастап барған басшылары да, басқалары да Арсенге хабарласпай тым-тырыс жатып



Бір туған бауырларым Нәшкенқожа ұрпағы: отырғандар
(солдан оңға қарай): апайым Күлнәзия, ағайларым: Рахат пен
Қуаныш, төтем Рахияш. Түрегеліп тұрғандар (солдан оңға қарай):
Бақытжан сіңілім, апайым Рәпіш, мен – Рахыш,
ағатайым Амандық.



Аудан жастарының «Ұлытау» атты фольклорлық-этнографиялық ансамбілі. Италия, 1994 ж.



Ұлттық тәуелсіздік пен бірліктің белгісі монументіндегі салтанат



Суретте (солдан оңға қарай)
Қанат Балмағанбетов, Нұрлан Нығматуллин, Эдуард Огай








Қалтай аға мен Фаридә тәтә



Хамза аға мен Тұрсын тәтә



Рахат көкем мен жеңгем Үрияш



Жездем Әмірбек, тәтем Рахияш пен балалары: Нұрлан,
Шахмардан, Габит



Ел ағасы Ұлытау – Жезқазған өңіріне белгілі азамат
Мұзафар Аханов пен жұбайы ұлағатты ұстаз,
аяулы ана Шабал Бейсенбекова




Махметқожаұлы Науханбай мен жеңгей Шәйра




Ағам Қуаныш пен жеңгем Күләш




Зейнелқожаұлы Ахат пен жеңгей Зылиха



Апайым Рәпіш пен жездем Төкен



Ағатайым Амандық пен жеңгем Рауза



Абусагазықожаұлы Жаңабай



Сіңілім Бақытжан мен күйеу балам Өмірсерік



Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайына қатысушылар.
Алматы, 1992 ж.



Украина әдебиеті мен өнерінің қазақстандағы күндеріне
қатысушылар Ұлытау жерінде



Облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының ұжымы.
Жезқазған, 1989 ж.



Ауданның белсенді қыз-келіншектері, партия конференциясының
делегаттары. Ұлытау, 1987 ж.



Журналист Галина Баярская Рахышпен сұхбаттасуда. 1995 ж.



Тайжан ақынның туғанына 110 жыл толуына арналған Жезқазған облысының орталығында өткен мерейтой салтанатының төрінде отырмыз. Мағзұмбек Машайықов, мен және Байбатыр Шманов. 1990 ж.



Ұлытау ауданының құрылғанына 50 жыл толу салтанаты. Жиын төріндегі қоғам қайраткері, ғалым ағаларымыз: Мұхаметжан Қаратаев, Төрегелді Шарманов, Камал Смайылов. 1989 ж.

алады. Бірер айдан соң аяғына гипс салып, жол азабын әбден көріп, Мәскеу арқылы елге келгенде, бөрінен бейхабар баласы бір-ақ біледі. Осындай жағдайға ұшырағанын естісімен (сынықтың көңілін сұрауға болмайды десек те шыдамай) Алматыға тартып отырдым. Ол келетінімді телефоннан естіп қатты қуанып еді. Ол кезде Жезқезғаннан ТУ-154 ұшағы түн мезгілінде ұшып баратын. “Жалғыз өзіңіз түн ортасында қалай келесіз, танитын біреу кездессе ілестіріп келіңіз” дегесін, ұшаққа бірге отырған Ұлытаудың бір кісісін ерте барғанмын. Кейіннен ауданға барғанда, балдақпен жүріп, қызмет еткен Мәдинаның қоңжайлылығын, адамгершілігін аузынан суы құри ауылдастарға айтып жүрді...

Ең соңғы рет 2000 жылдың қыркүйек айында кездеске екенбіз. Алматы маңындағы “Ақбұлақ” шипажайында дем алып жүр едім. Шәмші Қалдаяқовты еске алу кешіне барғам, Мәдина сол концертте екі ән орындады. Үзіліс кезінде сахна сыртына әдейі іздеп бардым. Құшақтасып, бір-біріміздің бетімізден сүйіп, шұрқырасып қалдық. Сол кездесуіміздің ең соңғы кездесу екенін қайдан білейін... “Тағдырдың салған ісіне не істерсің, жаным, не істерсің?!..” өзінің салған әніндей тағдырдың, Алланың ісіне еш шара жоқ екенғой. Ол өмірден ерте кетеді, ол жайлы өткен шақпен еске аламын деген үш ұйықтасам түсіме кірмеп еді. Радиода жаманат хабарын естігенде, өз құлағыма өзім сенбедім...

Пешенесіне Л.Толстой айтпақшы “бұл дүниенің тұрғыны емес, қонағы болу бұйырған” адам өмірі: танысасың, жоғалтасың беймезгіл...

Мен қашанда халқымыздың Фариза сын-ды арқалы ақыны мен күміс көмей әншісі Мәдинамен жақын араласып, біріне сіңілі, біріне апа болғанымға қуанамын. Бағалай білгенге бұл да бақыт деп білемін!

*Республикалық “Ел еркесі — Арайлым”
атты журналдың 2006 жылдың
қазан айындағы №1 саны*

“ҰЛЫТАУДЫҢ” ҮНІН САРДИНИЯ ТЫҢДАЙДЫ

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай Ұлытау ауданының “Ұлытау” фольклорлық-этнографиялық ансамблі Италияның Сардиния қаласына фестивалге қатысуға аттанып кетті.

— “Ұлытау” ансамбілінің Италияға сапар шегуіне Қазақстанның шет елдермен байланыс жасайтын достық қоғамы жол ашты. Осыдан екі жыл бұрын қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайы кезінде қандас бауырларымызды Ұлытауға бастап келген осы Достық қоғамының басшысы Жібек Әмірхановаға (бұл кісімен ертеректен, комсомолдық қызметте болған жылдарынан, таныс-білістігім бар болатын...), “Ұлытаудың өнерпаз-азаматтарының шет елге шығып, жер көріп, ел аралап өнерлерін таныстыруға мүмкіндік жасап, көмектессеңіз екен” деген құлаққағыс жасағанмын. Соның нәтижесінде көктемде Италия-Қазақстан достық қоғамынан арнаулы шақыру хат келді. Хатта “Ұлытау” фольклорлық-этнографиялық ансамблін Сардиния аралығындағы қалада өтетін итальяндықтардың фестиваліне қатысуға шақырыпты. Әрине қазіргі уақыттың күрделілігіне байланысты ансамбль шетелге спарға шығуы үшін қаражат таппай біраз қиналды. Осындай тұста оларға аудандағы “Ұлытау”, “Шеңбер” ұжымдық шаруашылықтары көмекке келіп, қолдау көрсетті. Сондай-ақ, біздің ауданды қамқорлыққа алған Сәтбаев қаласының әкімшілігі де өнерпаздардың Италияға сапырына демеуші болуға ниет білдірді. Міне, осы жоғарыда аталып өткен, екі ұжымдық шаруашылық пен Сәтбаев қаласының әкімшілігі ансамбльдің Италияға дейінгі жол ақысын төлеуді өз мойындарына алып отыр. Ол жақта бір жұма боламыз. Ондағы жұмсалатын қаражат түгелдей итальяндықтардың моныныда, — деген еді бізге әуежайда кездесіп, әңгімелескенімізде, өнерпаздарды шетелге бастап бара жатқан Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Рақыш Бұдырысова.

— Сонымен бірге айтып өтейін, “Ұлытау” фольклорлық-этнографиялық ансамблінің құрамында 25 өнерпаз бар. Ансамбль осыдан бес жыл бұрын құрылған, оның репертуары негізінен қазақтың халық әндері мен күйлерінен тұрады. Аудан өнерпаздары бұл сапарда Сардиния халқына Құрманғазы мен Тәттімбеттің күйлерін, Ақан мен Біржанның әндерін тарту етпек. Және де Моцарттың, Бетховеннің шығармалары да орындалмақ. Ансамбль құрамы түрлі мамандық иелеріне тұрады. Бірі — дәрігер, бірі — мұғалім, бірі — механизатор, бірі — құрылысшы дегендей, — деп сабақтады өз сөзін Рақыш Нәшкенқызы Ыдырысова.

Өнерпаздар Италияда жеті күн болады, өнер көрсетеді. Қаланың тарихи-мәдени орындарымен танысып аралау да жоспарланған. Әуежайда қарт Ұлытау қойнауынан Италияның, сонау Сардиния аралындағы қала халқына қазақтың өнері мен мәдениетін таныстыруға аттанып бара жатқан өнерпаздарды салтанатты жағдайда шығарып салу рәсімі жасалды.

Оларға Жезқазған облысы әкімінің орынбасары Жұмағали Жөкейұлы Наурызбаев сәт сапар тілегін былай білдірді: — Бұл біздің облыс өнерпаздарының шетелге алғашқы сапары емес, өткен жылдың өзінде ғана Сералы Қожамқұлов атындағы облыстық сазды-драма театрының әртістері Египетте өткен театрлардың Халықаралық фестивалінен жүлдемен оралды. Енді, міне, бүгін Ұлытау ауданының өнерпаздарын сапарға шығарып салып тұрмыз. Ұлытаулықтар халқымыздың өнерін жат-жұртқа лайықты таныстырып, елге абыроймен оралатынына сенеміз!

Шығарып салу салтанаты кезінде Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары — Қозы-Көрпеш Байтоқов, Ұлытау ауданының әкімі — Серік Тілеубаев та ансамбль мүшелеріне шығармашылық табыс, ақ жол тіледі.

Сөйтіп, Ұлытаудан Италияға өнерпаздар аттанып кетті. Біз де оларға сәт сапар тілейміз!

*Журналист — Сара Смағұлова
“Сарыарқа” газетінің
1994 жылғы 9 қыркүйек*

ҰЛЫТАУДЫҢ МӨЛДІР БІР БҰЛАҒЫ

Астанамыз әманда қонақсыз, оның ішінде өнерпаз қонақсыз болмайды. Алматы өнер вокзалы іспетті: творчество поездарының бірі келіп, бірі кетіп жатады. Олардың арасында аппақ ақ желкен арманмен өнер өлкесіне жаңа-жаңа қадам басқан жауқазын жастар мен бүлдіршін өрендер де аз емес. Міне, солардың бірі—биыл астана жұртшылығына өз өнерлерін көрсеткен “Сарлық самалы” ән-би ансамблі. Өнерпаз ұжымның туған жері — Ұлытау өңірі (Аманкелді совхозы, Ұлытау ауданы, Жезқазған облысы).

Құрамында жүзден аса жас өнерпазы бар ансамбль астанаға өзімен бірге кең байтақ даламыздың сәуір самалын әкеліп, гүл-әндерімен шашау шашып жібергендей болды. Көрермен қуанышқа бөленді...

“Сарлық самалының” қанатының астындағы кіші отау іспетті “Айгөлек” би ансамблі. Бишілер негізінен совхоздағы №3 орта мектебінің оқушыларынан тұрады, олардың арасында төменгі кластың шәкірттері де бар. Ұлытау өңірінің төсіндегі бір мөлдір бұлақ, өнерпаз ұжым жөнінде халық депутаттары аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Рақыш Ыдырысова былайша әңгімелейді:

—Халқымыз қашан да өнерді қадір тұтқан. Біз де сол ата-баба дәстүрін жалғастырып келеміз. Бұл творчестволық сапарымыздың мақсаты — Ұлытау өңірі халқының ән мен жырды еңбекпен қатар өргізіп, бақытты өмір сүріп жатқанын, ұлттық өнеріміздің талантты жас мұрагерлері бар екенін көрсету. Үмітіміз ақталған да тәрізді, астана жұртшылығы бізді ыстық ықыласпен қарсы алды, жастар мен балалардың балауса өнерлеріне жақсы баға берді.

Иә, айтса айтқандай өнерпаз коллективтің Алматыға әкелген ән-би жәрмеңкесі көңілге қуаныш ұялатқандай. Бұған Гүлфира Аяулина, Қырмызы Ерғалиева, Балтабай

Әлтаев, Бекен Сердалиев, Жадыра Тілеубаева, ағайынды Дауылбай мен Тобағабұл Сәбеновтер, Фарида Бижанова, Сәден Құнанабаев секілді жастардың өнері дәлел.

Совхоздың кәсіподақ комитетінің төрағасы Жақия Ысмағұлов өз ауылының тұрғындары, өнерлі ұландары жайлы былайша сыр шертеді:

— “Сарлық самалы” ән-би ансамбілінің өнерпаздары, негізінен “Айгөлек” бишілер ансамблінде дайындық үйрену мектебінен өтеді. Сосын қанаты қатайып, бұғанасы бекіп, үлкен өнер отауына — “Сарлық самалына” жолдама алады. Жалпы совхоз орталығындағы №3 мектеп — өнерпаз жас ұландар мектебі деуге болады. Онда көркемөнерпаздар жұмысы жақсы жолға қойылған. Мектепте домбыра оркестрі, балалар ансамблі бар. Оқушыларға музыкалық, эстетикалық тәрбие беруде мектеп басшылары, оқушылар ұйымы белгілі дәрежеде игі істер атқарып жүр.

Міне, осының нәтижесі — Айгөлектің жетекшісі де — шәкірт, ол — 10 класс оқушысы Жұлдыз Ысмағұлова

Ансамбль мүшелері совхоз, қала берді, аудан басшылықтарының өздеріне көрсетіп отырған материалдық көмегі мен моральдық қамқорлығына дән риза екендігін білдірді. Десе дегендей-ақ, аталған қамқорлықтың бар екенін ансамбльдің 100-ден аса мүшелерінің хор капелласы, бишілер тобы, күйшілер, жеке орындаушылар киген ұлттық костюмдерінің бір-біріне ұқсамайтындығынан, кестеленіп, ұлттық ою-өрнекпен өрнектеліп қымбат маталардан тігілгенінен-ақ көрініп тұр.

Атына заты сай, өнеріне өрені сай өнер теңізіне айналған “Сарлық самалы” ансамбліне де, осы теңізді Ұлытаудан бастау алып үнемі толықтырып тұратын бір мөлдір бұлағы “Айгөлек” би ансамбліне де сәт сапар тілейміз!

Шахан МАХАНБЕТОВ
Республикалық “Пионер” журналының
арнаулы тілшісі, 1989 жыл

ЖЕЗДІДЕГІ ТАУ-КЕН ЖӘНЕ БАЛҚЫТУ ІСІ МҰРАЖАЙЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІМ

Қадірменді халайық, ардақты ағайын! Осы мұражайда ғасыр шертер көптеген экспонаттардың жинақталуына біздің Ұлытау ауданының халқы, аудан еңбеккерлері өз үлестерін қосты. Жаңа Мәкен аға өз сөзінде айтып кетті жас Дәметкен Әнинадан бастап шығармашылық топ басшыларының, “Аманкелді” кеңшарының байырғы тұрғыны Нағима Өмірзақова анамыз өздерінің қолындағы құнды деген қымбат экспонаттарын табыстап өткізді. Біз өзімізге бөлінген бұрышты Ұлытау жайындағы қажетті деректермен толтырдық, Ұлытау тарихын танытады деген тұжырымды ойдамыз. Қолымызда бар экспонаттарымызды әкеліп ораластырдық. Мұның ішінде Ұлытау жөніндегі деректер мен тарихына тоқталып көп айта берсек қасиетті де киелі, аруақты жер екені, оның асты да үсті де тарихқа бай екені осы мұражайға қажетті заттар табылатындығы баршаңызға да аян, белгілі ғой деп ойлаймын.

Өткен жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың келіп Хан Ордасында болып, тағзым етуі бұрынғы қазақты билеген ел хандарының Хан Ордасы болып аталып кеткен жерде ресми түрде болмаса да, бейнелі түрде (символический) ол кісіні таққа отырғызып, шатыр құрып, рәсімдерін жасаған болатынбыз. Бұрынғы хандардың ісін жалғастырып, елімізді жақсылыққа, елдікке жеткізсе екен деген ниетпен Президентіміз табан тіреген Хан Ордадан әкелінген топырақ та бар. Ақсақ Темір аялдаған Алтын Шоқыдан алынған тастар бар, осылардың бәрін біріктіріп, қолдан келгенше көмектесіп жатырмыз. Келешекте де бір-бірімізге деген көмек жалғасын таба береді деген сенімді білдіремін.

Рахыш НӘШКЕНҚЫЗЫ
Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары.

**“ЕЛІ БАР ЕР ЕСІМІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ”, – ДЕЙДІ
РӘЗИЯ РҮСТЕМБЕКОВА АПАЙ**

(Жазушы-жерлесіміз Мұқан Иманжановтың зайыбы)

Рәзия Рүстембекова апаймен кездесуіміздің сәті көптен бері түспей жүр еді. Бұл рет жолым ойламаған жерден болды. Телефон шалған едім үйіне келуімді өтінді. Үлкен адамның сөзін жерге тастамай әрі көптен бері кездесем, жүздесем деген ойымның осы жолы орындаларына қуана отырып айтқан адресі бойынша үйіне келдім. Есікті орта бойлы, қара торы, жылы жүзді Рәзия апайдың өзі ашып, құшақ жая қарсы алды. Амандық-саулықтан соң негізгі келген шаруамды айтып едім ол кісі тіптен қуанып қалды. – Қалқам, сен айып етпе, – деді Рәзия апай қонақ бөлмеге келіп жайғасқан соң. – Шынымды айтсам мен сені қатты өкпелетіп алдым ғой деген ойда жүр едім. Бұған дейін де арнайы бірнеше рет шақырғаныңда мәнейі себептермен бара алмай қалсам да кейіннен соныма қатты өкінетінмін. Әйтсе де шаруа бастылықтан қол үзе алмадым. Оны өзің де түсінесің ғой.

Ол рас, ауданымыздың құрылғанына 50 жыл толу тойы (1989 жылы) мен бауырлас Украина республикасының күні (1990 жылы) өткен кезде де, одан кейін биыл ақпан айында “Ұлытау үні” фестивалі шеңберінде облыс орталығы – Жезқазған қаласында өткен Баубек пен Мұқан ағаларымыздың 75 жылдық мерейтойына да арнайы шақырған болатынбыз. Бірақ Рәзия апай келе алмаған еді. – Сондықтан, бұл жолы бармай қалсам, қос арыстың аруағынан ұятты. Одан кейін ел жүзіне қарар бет қала ма менде? Елі бар ел есімі ұмытылмайды ғой қашан да, ризамын, ризамын, деп Рәзия апай көзіне жас алды.

Дәм ішіліп, дастархан жиналған соң еркін отырып Мұқан ағаның отбасымен жақынырақ таныса бастадым. Қолыма алған альбомдардың әр парағындағы суреттерді асықпай қарай отырып, кейінгі ұрпақтардан

Мұқан ағайға ұқсастықтар іздедім. Рәзия апай да әрбір суреттің өзіне тән тарихтарын айтып, түсініктеме беріп отырды. Әңгіме тиегі ағытылар осы бір оңтайлы сәтті менің де бос жібергім келмей: — Апай, айып етпесеңіз өзіңіз жайлы, отағасы, отбасыңыз жайлы қысқаша әңгімелеп берсеңіз, — дедім Рәзия апайды әңгімеге тартып.

Бір сәт апай үнсіз қалды.

— Өткен күнді еске түсіру кімге оңай дейсің сіңілім, — деді сосын. Әйтсе де Мұқандай арысымның елінен келіп отырсың. Оның үстіне ағаңның орнына тұңғыш келуің, көңіліңді қалдырмайын, — деп бастады апай әңгімесін. Мұқан екеуміз қосыяғанда ол менен он жас үлкен болатын. Екеуміздің отбасылық өміріміз тату басталды. Сол жылдардағы тұрмыстың ауырлығына қарамастан “иш-шәй” десіп көргеніміз жоқ. Бірақ Мұқанның ғұмыры қысқа болды. “Құдайға да жақсы адам керек”, — дейді ғой үлкендер. Мұқан ортамыздан ерте кетті. Мен 32 жасымда екі баламен жесір қалдым. Үлкенім Мақсұт пен одан кейінгі Рүстемімді оқытып ер жеткіздім. Қазір сол екі баламның екеуі де жоғары білім алып, өз алдарына шаңырақ құрып отыр, үш неменрем бар. Басым жас болса да, сол Мұқаннан қалған екі тұяқты ешкімнің есігінде жаутаңдатпайын деп қайтып тұрмыс құрған жоқпын. Күн-түн демей еңбек ете жүріп, қос ботамды ешкімнен кем қылмай өсірдім. Бұған әрине марқұм Мұқанның жолдас-жораларының тигізген көмегі мен ықпалы аз болған жоқ. Ағаңның жора-жолдастарының арасындағы беделі де мықты еді ғой. Ол да жолдастары десе ішкен асын жерге қоятын. Әсіресе, Баубек дегенде шығар жаны бөлек еді. Екеуінің арасынан қыл өтпейді десе болғандай. Баубек майданда жүргенде де өмірінің соңғы күніне шейін екеуінің арасынан хат үзілген жоқ. Олар қазір үйде сақтаулы тұр, — деп Рәзия апай баяу орнынан көтерілді де келесі бөлмеден ықтияттап жиналып белі буылған бір бума хатты алып келді. Қағаздары сарғыш тартса да мұрты кертілмеген үш бұрышты майдан хаттарын қолыма алғанда сол бір отты жылдардағы оқ-дәрі мен түтіннің исін сезгендей болдым.

— Үлкейген адамның ыңқыл-сыңқылы көп болады ғой. Анау бір жылдары қатты ауырып қалып, өзімнің көзім тіріде кейінгі ұрпақтардың бір қажетіне жарар деп осы хаттар мен ағаңның басқа да қол жазбаларын архивке өткізген едім, — деп жалғады әңгімесін Рәзия апай. Кейін тәуір болған соң, оның үстіне ана жолы өзің хабарласқаннан кейін елге барып қалсам керек болар деп қайтып алғаным ғой. Енді бұл жолы осы дүниелердің бәрін сөзсіз ала барамын.

Апай әңгімесін айтып отыр. Ал, менің көз алдыма күзгі суық ұрған жапырақтай өңі солғын, жұқалтаң жігіт елестейді. Ол төрдегі стол алдында иығына костюмін желбегей жамылып қағаз жазып отырғандай. “Мұқан ағадай ел үшін туған азаматтың қорғаны болып, сондай қиын-қыстау кезеңдерде бабын таба білген Рәзия апай қандай мықты едің деймін” оған қарап. Менің бұл ойымды анық сезгендей ол кісі: — Мұқанның жолдастары күні бүгінге дейін “досымыздың осы жасқа дейін өмір сүруі Рәзия сенің арқаң ғой біз, біз саған борыштармыз” деп отырады. Бүгін ойласам 65 жыл өмірімнің рахатпен өткен кезі аз екен. Мұқан дүниеден өткеннен кейін оның отын өшірмеймін деп бел шеше еңбекке кірістім, филология саласын зерттеп біраз еңбектер жаздым. Қазір филология ғылымының кандидатымын. Айтпақшы, Қарағандыда Бақыт Кәрібаева деген бір апаң бар. Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті. Ол да өзің сияқты менімен жиі хабарласып тұрады. Мұқан ағаңның шығармаларын зерттеп жүрген адам. Ертеңгі тойға да менімен бірге бармақшы.

— Апай елге Мақсұт пен Рүстем бауырларымды да ала келетін шығарсыз?

— Әрине ғой. Бірақ Рүстемнің бұл жолы мүмкіндігі болмай отыр. Ал Мақсұт сөзсіз барады... Біз сол күні ұзақ әңгімелестік.

— Елі бар ер есімі ұмытылмайды ғой. Ризамын елге, ризамын, — деді тағы да әуелгі сөзін қайталап Рәзия апай.

*Аудандық “Ұлытау өңірі” газеті
1991 жылғы 8 тамыз*

МӘДЕНИЕТТІ ҚОРҒАЙМЫЗ

Мәдениет — терең ұғым, оның салалары қандай көп болса, қоғамдық өмірден алар орны әр алуан, әрі маңызды. Мәдениет қоғамның бөлінбес бір бөлшегі болғандықтан, оған ондағы әлеуметтік тұрмыстық жағдайдың әсер етуі заңды. Бүгінгі уақыттың қиындығы, күрделілігі қай-қайсымызға болсын белгілі.

Бұрындары біздің ауданда 24 кітапхана, жиырмадан астам мәдениет үйлері бар болатын. Қазіргі болып жатқан өзгерістерге (оңтайландыру) байланысты бүгінде ауданымызда сегіз мәдениет үйі мен селолық мәдени орталықтар, сегіз кітапхана, бір мұражай қоры, бір ән-күй мектебі қалып отыр. Ертеректе әр ферма сайын ашылған кітапхана мен мәдениет ошақтарының бәрі де қаржының тапшылығына жабылып қалды. Қазір мәдениет үйі мен кітапхана кеңшар орталықтарында ғана қалды. Ал, жабылған кітапханалардың кітап қорлары осы кеңшар орталықтарындағы кітапханаларға таратылды.

Енді шалғайдағы шағын ауылдарға аудан орталығынан арнайы жылжымалы кітапхана шығып қызмет көрсетеді. Аудандық мәдениет бөлімінің есебінде бір автоклуб, бір жеңіл автомашина бар, осы екі көлікті тиімді пайдаланып, мәдениет қызметкерлері алыстағы ауыл тұрғындарына мәдени қызмет көрсетуде.

Бұл күндері шаруашылықтар тарап, жекешелендіріліп жатыр. Осы кезеңде мәдени ошақтарды қалай ұстап тұруға болады?.. Бұл сұрақ төңірегінде ойланатолғана келіп, аудандық әкімшілік жер-жердегі селолық әкімдер жанынан мемлекеттік шағын кәсіпорын құруға талпыныс жасауда. Жекешелендірілген шаруашылықтың пайының 10 проценті селолық әкімшіліктерге берілді. Оларға мал, техника бөлінді. Осы игіліктерді игеру арқасында түскен қаржы жергілікті мәдениет ошақтары мен мектептерді ұстауға жұмсамақ.

Әрине бұл жаңадан ғана басталған жұмыс, оның өзіндік қиындықтары да болуы мүмкін екенін біз жақсы түсінеміз.. Алайда жеке шаруашылық иелері өз аяғынан қаз тұрып, күш алып кеткенінше, мәдениет пен оқу-ағарту орындарына көмек беру мен қолдау жасау жұмыстарын осылайша ұйымдастыру қолға алынуда.

Шаруашылықтар тарап, меншік түрі өзгергенімен, ел орнында, халық өз мекенінен ауып, көшіп кеткен жоқ. Ал, ел іші қашан да өнерпазға бай, сол өнерпаздардың басын, осы бір алмағайып тұста бұрынғыдан да біріктіре түсейік, жоғалтып алмайық деген мақсатпен, жер-жердегі өнерпаз ұжымдардың жұмыстарын жандандыра түсуге назар аударып отырған жай бар.

Ауданымызда осы күні “халықтық” атағы бар алты ұжым бар. Сол ұжымдардың өнерін тамашалауға мүмкіндік жасауды күн тәртібінен түсірген емеспіз. Ұлытау халқы әр сенбіні асыға күтіп, биылғы жылдың айтулы оқиғалары Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы, Абайдың 150 жылдық мерейтойларына арналған көркемөнерпаздар ұжымдарының шығармашылық есептерін, себілік кештерді, концерттік бағдарламаларды тамашалайды. Үстіміздегі жылдың қаңтар айында басталған шығармашылық кештерді белгіленген кестеге сәйкес мазмұнды да тартымды дәрежеде ұйымдастырып өткізген: аудандық оқу бөлімі, Аманкелді, Алғабас ауылдары мен аудандық байланыс торабы, ішкі істер, мәдениет бөлімдері және аудандық әкімшілік қызметкерлерінің өнерпаздарына көрермен көпшілік алғыс сезімін білдіріп тарасты. Бұл кештер маусым айының аяғында қорытындыланды.

Жыл сайын ақпан айында облыс орталығы-Жезқазған қаласында өтіп тұратын “Ұлытау үні” фестиваліне осы шығармашылық кештер барысында іріктеліп алынған өнерпаздарға жолдама беріледі. Осындай шығармашылық кештерде ерекшеленіп көзге түскен, бүгін де облыс жұртшылығына да танымал Ардақ Оспанов, Ержан Байболов, Алмат Дүйсенбаев, Данагүл Жыңғылбаева, Ардақ Әбітов сынды өнерпаздарын ұлытаулықтар мақтан етеді.

Халқымыз “Ел іші-өнер кеніші” демей ме! Соның ақиқаттығына аудандағы “Ұлытау” фольклорлық-

этнографиялық ансамблінің жұмыстары арқылы көз жеткізуге болады. Бұл ансамбльдің мүшелері сан түрлі мамандық иелері. Шаруашылықтың түрлі саласында еңбек ете жүріп өнерден қол үзбеген жандарға еріксіз риза боласың. Сол өнерпаздардың тынбай ізденісінің, талпынысының нәтижесі — өткен (1994) жылы “Ұлытау” ансамблі шетелге, алыстағы Италияға сапарға шығып, өз өнерлерімен Сардиния аралының тұрғындарын, итальяндықтарды таныстырып қайтты. Сардинияда өткен фестивальде ұлытаулық өнерпаздар оларға (итальяндықтарға) қазақ халқының халық әндері мен күйлерін, билерін орындап берді. Бүгінгі экономикалық қиын жағдайда өнер ұжымы демеушісіз аяғын аттап баса алмайтындығы айтпаса да түсінікті болар. Міне осындай тұста ансамбльдің шет елге шығуына Ұлытау, Шеңбер ұжымдық шаруашылықтары көмекке келіп қолдау көрсете білді.

Осы биылғы жылдың (1995) наурыз айында, “Наурыз-мейрамы” мерекесінде “Ұлытау” фольклорлық-этнографиялық ансамблінің құрамы астанамыз Алматыда өнер көрсетіп қайтты. Алматылықтар ансамбль мүшелері:

Молдахан Мыңбаев, Анар Әбішева, Антонина Бабская, Клара Есімсейітова, Сәли Байболов, Зере Ғазизова тәрізді өнерпаздардың өнерін ризашылықпен қол соғып қабылдады.

Бүгінгі уақыттың қиындығы туралы аз айтылып жүрген жоқ. Қиын екені де рас. Бірақ сол қиындыққа қарамастан мәдениет саласына қамқорлық жасауды аудандық әкімшілік назардан тыс қалдырмайды. Тіршілік-тұрмыстың қиын күрмеуі, түптің түбінде тарқатылып, шешілер деген сеніммен болашаққа үміт арта отырып, өнерге бүгін көңіл бөлмесек, ертеңгі күні оның орнын еш нәрсемен толтыра алмайтынымыз ақиқат. Міне, сондықтан да күнделікті жұмыс барысында барлық мүмкіндікті мәдениет мекемелеріне қолдау көрсетуге, қамқорлық жасауға бағыттаудамыз. Таяуда ғана “Ұлытау” фольклорлық-этнографиялық ансамбліне 300 мың теңгеге киім тіктіріп, аспаптар алдық.

Ұлытау ауданы аумағында үш жүзден астам тарихи-мәдени, археологиялық ескерткіштер бар. Оның 282-

сі зерттеліп, тізімге алынған, 88-і жергілікті, 22-і республикалық маңыздағы ескерткіштер болып саналады. Көненің көзіндегі осы тарихи ескерткіштерді қаз қалпында ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп жеткізу-сол мұраларға қорған болу басты парызымыз. Осы ескерткіштерді жыл ішінде мыңға жуық адам келіп көріп, тамашалайды. Аудандық әкімшілік осындай туристік саяхатқа келушілерге де жағдай жасап отырады.

Қазақ халқының басын қосқан, кешегі Алтын орданың діңгегін ұстаған Едіге батыр Ұлытаудың-Кішітау төбесіне жерленген. Сол Едігенің туғанына биылғы жылы 650 жыл толады. Осыған орай, әрі Ұлытаудың үш жүздің басын қосып, қиын-қыстау заманда қазаққа төнген ауыртпалықты бірлесе шешуге шақырған бірлік ордасы болғанын ескере келіп ауданымызда үлкен ескерткіш орнатуды қолға алып жатырмыз.

Халықтың рухани жан дүниесі жұтандыққа ұшырамауын, мәдениетіміз бен өнеріміздің жетімсіремеуін ойлап атқарып жатқан істер баршылық. Бұлар болашақта да жалғасын таба береді. Айта берсек, атқарылар істер де жүзеге асырылар шаралар да бір қыдыру.

Бүгінгі уақыттың өзгерісіне ілесе отырып қасиетті Ұлытау өңірінде мәдениеттің кеңінен қанат жайып, рухани мұрамызды байыта беру бағытында атқарар ісіміз әлі де баршылық. Аудан әкімшілігі қандай қиыншылық жағдай болса да мәдениетті, әлеуметтік саланы назардан тыс қалдырмай қолдап, қорғап оны дамытуға ықпал ете береді.

*зған облыстық “Сарыарқа” газеті,
1995 жылғы 29 шілде.*

ЖАҢА ТҮРПАТТЫ МЕМЛЕКЕТТИ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ІШКІ САЯСАТТЫҢ ОРНЫ

Тарих көші тағы бір асқар белеске таяп қалды. Өткелі отырған мыңжылдыққа да, жүзжылдыққа да өкпеміз жоқ. Біреуі қос құрлықтың астасар тұсында талай қосылып, талай шашылып келген басымызды сомдап берді. Біреуі жарық жалған түгел танып, барша адамзат тегіс мойындаған іргелі мемлекеттікке ие етті. Бұл — біз үшін үстіміздегі мыңжылдықтың да, жүзжылдықтың да, ең басты оқиғасы, бізге сыйлаған ең үлкен қуанышы.

Біздің теңдігіміз бен тәуелсіздігіміздің нәрі осыдан он жыл бұрын желтоқсанда себіліп, осыдан тоғыз жыл бұрын желтоқсанда өніп шыққандай. Тоталитарлық басыбайлылық басып жаншыған боздақтардың наққа қаны азаттықтың алқызыл гүлі боп желбіреп, енді міне жас шынардай жыл өткен сайын бой сылап, егемендіктің емен бәйтерегі болып көкке өрлеп келеді.

Көмейге тіліміз, көкірегімізге діліміз, көкейімізге дініміз орала бастағанына да көп болған жоқ. Қазақтың өз топырағын өзімсініп басып, өз қандасына қысылмай-қымтырылмай күле амандаса алатын болғаны да соңғы жылдардың жүзі ғана.

Бірақ ұзақ езгіден күдеріміздің әбден үзіліп қалғаны сонша, бұның бәрін әлі күнге төбеден түскендей тосын нәрсе көріп жатырмыз. Жер болып жаншылып қалғанымыз сонша, өз тәуелсіздігімізге өзіміз тосырқай қараудан әлі күнге арылып болған жоқпыз. Әлі күнге “біздің Еліміз” деп сөйлеуден гөрі аузымыз үйреніп қалған “біздің республикамыз” деуіміз көбірек.

Енді міне, әуелдегі тез арып, тез тойынатын жылқы мінезділігімізге басып, күні кеше өзіміз тікелей араласа жүріп қол жеткізген жетістіктерімізді ауызға бірде алсақ, бірде алмаймыз. Кейде жүрегіміздің дүрсілінен

гөрі көлденең ауыздардың күңкіліне көбірек құлақ асатын сияқтымыз. Әйтпесе, біздің тәуелсіз әр жылымызда тәуелді әр ғасырымызды он орап алатындай ауқымды істер тындырылып жатқан жоқ па?!

Тек өткен жылды алайықшы. Пікір ете білсек, тәуелсіздігімізді орнықтыра түсетін саяси реформаның да, экономикалық реформаның да ең күрделі, ең бір жауапты белесін артқа тастадық. Шүкір ете білсек, онсыз да оңай емес жағдайды одан әрі насырға шаптырып алмай, үлкен сыннан үлкен абыроймен өттік.

Қазіргідей жағдайда демократияшылдық пен әлеуметшілдік басқаша көрінсе лазым. **Дәулеті бар іс адамы екенсің:** ең алдымен мүмкіндігінді жұмыссыздықты азайтып, өндірісті жандандыруға жұмса. Өзгенің жаман екенін айтып аузыңды ауыртқанша, өзіңнің жақсы екенінді іспен көрсет. Халықтың ықыласын өзіңе сондай нақты жанашырлығыңмен аудар. **Экономист екенсің:** нарықтың тұсында да аузымыз қимылдауы үшін қолымыздың қимылдауы керек екенін айтып, оның нақты жолдарын нұсқа. **Заңгер екенсің:** ең алдымен осының құқықтық жолын жасақта және оны жалпыға ұғындыр. **Саясаткер екенсің:** ауызға алалық, ішке шалалық енгізбеудің амалын тап. Әйтпесе біреуді жамандап, періште болып көрінгісі келетін аққаптал белсенділіктен аузымыз талай күйген. Қысқасы, қиқуға жүгіруден тиылып, қисынға жүгінетін кез жетті.

Біздің қоғамда жағдайды осылай жан-жақты талдап, оны түзетудің тиімді жолдарын қарастыруға тәуекелі тұратын салиқалы сарапшылдық, өтпелі кезеңнің қырық құбылма қиындықтарын қалыптасып отырған жағдайдың ырқына жіберіп қоймай, ақылға сыйымдылық ауқымында ұстап отыра алатын саяси шешімділік табылады. Демократияны тек белгілі бір процедураларды бұлжытпай орындау ғана деп түсінетіндер үшін бұл кейде беделге күш салушылық болып көрінуі де ғажап емес. Алайда, демократияны ұзақ та күрделі процесс, қоғам болашағын көп болып қауымдастырудың қарекеті деп санап, оның өрістеу жолын қырқып алмауға, кейде өзіне өзі қарсы жұмыс жасап қойып, қайыптан тайып құрдымға құлатып алмауға басты

маңыз беретін саясатшылар бұндай шешімді қоғам тағдырына деген үлкен жауапкершілік, реформа жолындағы нық табандылық деп түсінері әбден заңды. Өткен жыл басындағы Президент сайлауы тұсында халық демократия мен нарықты орнықтыру жолындағы осындай табандылық пен шешімділікке дауыс берді.

Сондай-ақ Парламент пен жергілікті өкілетті жиналыстарды сайлағанда да, жұртшылық, демократия мен нарықты орнықтыру жолындағы табандылық пен шешімділікке дауыс бергені айғақ.

Ендігі жерде біздің қоғам атқарушы биліктен де, заң шығарушы биліктен де, билік жолында күресуші күштерден де тек бір-ақ нәрсені — халыққа жаны ашығандықты көрсететін жақсы уәделерді емес, нақты істерді күтіп отыр. Халық Үкіметтен бұдан былай жеке бастың немесе топшылдық пайдакүнемдіктің жетегінде кете бермей, қордаланып қалған әлеуметтік мәселелерді бірінші кезете шешіп, ол үшін әуелі жұмыссыздықты жойып, сәбилер мен қарттарға сол арқылы қамқорлық туғызуды күтеді.

Парламентке барғандар мен жергілікті мәслихатқа сайланған депутаттар оңды-солды дау-дамайдан тыйылып, отандық қаржыны да, шетелдік қаржыны да әрбір шаңырақ жақсылығын көре алатындай тиімді жұмсаудың, өз экономикамызды өз қолымызбен қылғындыруға итермелейтін әсіре монополияшылдықты ауыздықтап, қимылдай алатын іскерлік пен бәсекешілдікті өрістетудің құқықтық негізін тездетуі тиіс.

Қаламызда Коммунистік партия, “Отан”, “Азамат” және “Халықтық кооператив” саяси партияларының бөлімшелері мен сегіз діни бірлестіктері, алты ұлттық-мәдени орталықтар тіркелген, сондай-ақ 70-ке жуық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, еңбек етуде. Өткен жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Парламенті мен жергілікті мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде ұлттық-мәдени орталықтар және саяси партиялар депутаттыққа өз кандидаттарын ұсынып, мүдделерін білдірумен қатар сайлау науқанында жоғары белсенділік, ауызбіршілік пен ұйымшылдық танытты. Сайлау нәтижесінде Респу-

блика Парламентіне кандидаттыққа ұсынылған “Отан” партиясының 12 мүшесінен, жерлесіміз Мұхамбет Көпей депутат болса, Қарағанды облыстық мәслихатына “Отан” партиясының мүшелері: Қайсар Телешев, Төлеуқұл Әбілханов, Салтанат Рахымбекова сайланды. Жезқазған қалалық мәслихатына “Отан” партиясының мүшесінен 9 адам депутат болды.

1999 жылы қала халқы қазақтың біртуар асыл азаматы, тұңғыш Академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толу құрметіне орталық алаңда Қаныш Имантайұлының ескерткішінің ашылу салтанатына, Сәтбаев көшесінің мерекесіне, сондай-ақ қаламыздың 45-жылдық мерейтойына арналған мәдени-көпшілік іс шаралардың куәсі болды. Мерекелік шаралардың жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы мен есте қаларлықтай мазмұнда өтуіне ұлттық-мәдени орталық жетекшілері және мүшелері жоғары белсенділік танытты, олар: З.С.Чумакова, В.Н.Предейна, В.А.Хан, Л.В.Шмидт, К.В.Пригодич, Г.Х.Гареева.

Қазақстанның көп ұлтты мәдениетін жаңғырту, сақтау және өркендету мақсатында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 28 желтоқсандағы Жарлығымен 2000 жыл Мәдениетті қолдау жылы болып жарияланғаны баршамызға аян. Ақпан айының 3 мен 9 күндері қала әкімі қаламыздағы мәдениет қызметкерлерімен, өнер қайраткерлерімен, ақын-жазушы және діни бірлестіктер мен саяси партия, ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдерімен кездесті. Кездесуде әңгіме арнасы қаладағы мәдениет мекемелерінің бүгінгі таңдағы тыныс-тіршілігі, өнер адамдарын толғандырып жүрген жәйіттер мен саяси тұрақтылықты, ынтымақ пен бірлікті сақтауға, ардагерлер өнегесін жастар бойына сіңіре отырып, тәрбие аясын кеңейтуге арналды.

2000 жыл — Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығы тойланатын жыл. Біздің қаламызда бүгінде Ұлы Отан соғысына қатысқан көзі тірі ардагерлердің саны — 325. Соғыс жылдары тылда еңбек еткен — 392 ардагер, соғыста құрбан болған жауынгерлердің — 47 жесірі, сондай-ақ мемлекеттік қауіпсіздік, ішкі істер және Қарулы күштердің 15 соғыс ардагерлері өмір сү-

руде. Жеңістің 55 жылдығы мерекесін лайықты қарсы алып, жоғары саяси деңгейде атап өтуді ұйымдастыру, соғысқа қатысқан ардагерлерімізді шын батыр ретінде дәріптеуіміз аса қажет.

Соңғы үш жыл бойы қала әкімінің тәжірибесінде, әлеуметтік сал мекемелерінің қызметкерлері және шағын, орта бизнес кәсіпкерлерімен, сонымен бірге жоғарыда атап өтілгендей саяси партиялар, діни бірлестіктер, ұлттық-мәдени орталықтар өкілдерімен жүйелі түрде кездесу өткізуі берік орын алған.

Халқымызда “Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарайық” деген жақсы тілеулі сөз бар. Қала әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімі де осы даналық сөзге лайық қызмет жасап, халықтың мұң-мұқтажын бірлесіп шешуге үнемі көңіл аудара бермек. 90 мыңнан астам халқы бар қаламызда саяси тұрақтылық пен халықтар ынтымағын сақтай отырып дос сүйінер, дұшпан күйінер жемісті жұмыс атқаруды да жалғастыра бермекпіз. Осы орайда адамзат үшін ең қымбат қазына — ұлтаралық татулықты, өзара түсіністікті, өзара құрмет сезімін, жарасым мен келісімді қастерлеп сақтау басты парызымыз болмақ.

*Рахыш НӘШКЕНҚЫЗЫ,
Жезқазған қаласы әкімі аппаратының
ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі
Қалалық “Сарыарқа” газеті
2000 жылғы 26-ақпан.*

РОЛЬ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ В ФОРМИРОВАНИИ ГОСУДАРСТВА НОВОГО ТИПА

Визитная карточка

Идрисова Рахыш Нашкеновна, уроженка села Корга-сын Улытауского района.

После окончания Алматинского Государственного Женского Педагогического института с 1971 года — учительница школы-интерната пос. Жезды, а затем с 1977 по 1981 год заведующая кабинетом вечернего и заочного

обучения Жезказганского областного института усовершенствования учителей. С 1981 по 1985 год инструктор отдела пропаганды и агитации, заведующая кабинетом политпросвещения Улытауского райкома партии, в ноябре 1985 года избрана заместителем председателя Улытауского исполкома районного Совета народных депутатов, затем заместитель Главы Улытауской районной администрации, заместитель акима Улытауского района по идеологическим и социальным вопросам.

В ноябре 1995 года назначена заместителем начальника Жезказганского областного департамента образования.

В настоящее время, т.е. с октября 1997 года, после ликвидации Жезказганской области, является заведующей отделом внутренней политики и социальной сферы аппарата акима города Жезказгана.

На наших глазах планетарная история вплотную подошла к еще одному знаменательному рубежу. Время ускоряет бег. Учащается биение наших сердец.

Мы без каких-либо обиняков относимся и к завершившемуся тысячелетию, и к уходящему столетию. Первое из них помогло нам изжить разрозненность, объединило нас, упрочило наше национальное бытие. Второе же во всей полноте представило нас миру, и мы являемся государством, признанным миром.

Кто бы и что бы ни говорил, но подлинную звездную пору нашей истории переживаем мы — нынешнее поколение.

Во истину декабрь стал поворотным моментом нашей истории и народной судьбы. Добрые семена нашего равноправия и нашей независимости легли в благодатную почву десять лет назад в декабре, и девять лет назад, также в декабре, они дали зримые плоды. Особо хочется подчеркнуть, что до этого мы были обделены вниманием и признанием.

Лишь с обретением независимости наши соотечественники шагнули в мир. Нынешние поколения нашего народа, чуть было не исчезнувшего с лица земли едва не ставшего манкуртом по чужой воле, пернесшего на своих плечах немыслимое число бед и страданий, получили возможность узнать во всей полноте

историческую правду о многотрудной судьбе нации. Только теперь к нам возвращаются наш родной язык, духовность и верование.

Лишь последние девять лет казахи ходят по своей родной земле как истинные хозяева и гордо подчеркивают свою принадлежность к казахской нации.

И вряд ли любой гражданин, в ком жива душа и в жилах которого течет кровь, не водица, не осознает важность и особенность ныне происходящих перемен.

Общеизвестно, что на рубеже веков возникают непростые ситуации. НЕ только разного рода пардыпланет из далеких галактик, но и вполне земные невзгоды гнетце воздействуют на наше общее морально-психологическое состояние, лишая нас порой покоя и сна.

Медленными темпами утверждается и новый порядок укрепления взаимоотношений между людьми, нациями, цивилизациями.

В сегодняшних условиях демократические и социальные приоритеты необходимо уяснить по иному.

Коль ты способен на благие дела, прояви истинную заботу о людях. Направь свое умение на то, чтобы сократить безработницу и наладить производство. Если ты **экономист**, убеди людей в том, что в рыночных условиях в достатке живет тот, кто умеет и желает трудиться. Если же ты **юрист**, объясни людям правовую основу рынка.

Создай необходимые условия для занятости населения и поведи людей за собой. Если же ты **политик**, постарайся избавить окружающих тебя людей от славословия, наносящего вред истинному делу.

Для тех, кто демократию понимает в узком смысле этого слова, такой подход является неприемлемым. А теми, кто ясно осознает, что демократия-долговременный сложный процесс, и что будущее общества всецело зависит от общих усилий его членов на созидание, такой подход воспринимается единственно верным решением, величайшей ответственностью в продвижении реформ.

С таких позиций население и горожане, в основном выступили на выборах в октябре 1999 года, в Парла-

мент и местные маслихаты. Сегодня наш народ ждет от своих избранников во властные структуры не красивых слов и обещаний, а конкретных дел.

В городе Жезказгане функционируют 4 политические партии (филиал Карагандинской областной партийной организации республиканской партийной организации “Отан”, филиал народно-кооперативной партии Казахстана, Коммунистической партии и республиканской партии “Азат”), 8 религиозных объединений (филиал областной мечети религиозного объединения духовного управления, приход святого Апостола Андрея Первозванного, община свидетелей Иеговы, христиане-адвентисты Седьмого дня, церковь “Агапе”, христианское религиозное объединение “Вифезда”, филиал Карагандинской областной благотворительной миссии “Грейс”, церковь “Божья любовь-Агапе”), 6 национально-культурных центров (городское общественное объединение “Қазақ тілі”, русский центр “Родник”, филиал общественного объединения “Видергебурт”, филиал Ассоциации корейцев Казахстана, общественно-культурный центр чеченцев и ингушей “Вайнах”, татаро-башкирский центр “Дослык”) и другие общественные объединения, как городской совет ветеранов войны и труда, ассоциации предпринимателей, деловых женщин города, женский клуб “Диалог”, клуб творческой интеллигенции. Имеются общественные объединения, находящиеся в предрегистрационной стадии, это-инициативные группы по созданию украино-белорусского культурного центра, лиги мусульманских женщин и т.д.

Вышеперечисленные общественные и религиозные объединения на законных основаниях зарегистрированы в органах юстиции и свою деятельность ведут согласно уставам и положениям. Основная их деятельность — мероприятия просветительского характера. Например: национально-культурные центры в основном занимаются изучением родных языков, организацией культурно-просветительских и благотворительных мероприятий. В этом плане показательна работа корейского и немецкого центров. Например, немец-

кий центр “Видергебурт” организовал через республиканское общество молодежный и детский оздоровительный лагерь, где поправили здоровье около 150 человек, еще 150 человек получили лекарства на сумму 2,5 тыс. тенге. Кроме того, 2 раза в неделю молодежь изучает немецкий язык, работает ансамбль “Зонненшайн”, проведен фестиваль немецкой песни и танца.

Активную работу с корейской диаспорой проводит и филиал Ассоциации корейцев Казахстана (председатель Хан В.А.). Здесь также оказывают благотворительную помощь, изучают корейский язык и участвуют в художественной самодеятельности. На республиканском смотре корейского народного творчества 9 участников фольклорного ансамбля “Тиндалле” стали призерами в разных номинациях.

Активно работают русский культурный центр (Предейна В.Н.) и татаро-башкирский культурный центр (Гареева Г.Х.).

Среди политических партий особую активность проявляет филиал областной партийной организации республиканской партии “Отан”, который во время выборов добился избрания одного депутата в Мажилис Парламента Республики Казахстан, трех в областной, девяти — в городской маслихаты. Кроме того, его городская и первичные организации участвуют в различных акциях, проводимых в масштабе.

Религиозные объединения города также ведут свою деятельность согласно уставам. Среди них нет объединений крайнего, экстремистского и радикального толков. Наряду с просветительской деятельностью они занимаются и благотворительной. С их стороны не наблюдалось вмешательства в деятельность исполнительных органов, школ, занятие политикой. Их представители участвуют во всех городских мероприятиях по приглашению местных органов.

Городской совет ветеранов войны и труда (Мусабаев А.М.) проводит активную работу со своим контингентом и по их социальной защите. Сейчас ведется работа по подготовке и проведению празднования 55-летия Победы в Великой Отечественной войне.

В феврале текущего года состоялась встреча акима города с руководителями общественных, религиозных объединений, политических партий и национально-культурных центров. На этой встрече подробно останавливались на вопросах взаимной деятельности по сохранению и приумножению общественной, политической и религиозной стабильности в обществе. Состоялся полезный обмен мнениями. Такие встречи будут проводиться регулярно.

Город Жезказган имеет развитую социально-культурную сферу. Действует городская дирекция телерадиовещания “Дидар”, Жезказган принимает 6 телевизионных программ, издаются газеты “Сарыарка”, “Жезказганская газета”, “Шарайна”, ведомственные “Подробности”, “Мысты онир”, “Улагат”.

Функционируют 11 государственных учреждений культуры, в том числе Дом дружбы и культуры народов с филиалом-сельским клубом на станции Теректи, специализированный Дом культуры “Ли́ра”, 5 библиотек, историко-археологический музей, выставочный зал, казахский музыкально-драматический театр мени Сералы Кожамкулова, филармония имени Тайжана Калмаганбетова.

При активном участии населения проводятся городские массовые мероприятия: как праздники улиц, встреча Нового года, проводы Старого года, Масленица, Наурыз-мейрамы. Традиционными стали фестивали народного творчества “Улытау уни” и “Байкыныр дауысы”, которые в 1999 году отметили свое десятилетие. Неизменной популярностью пользуются обширные праздничные программы, посвященные дням Победы, Республики, Независимости.

Регулярно проводятся различные вечера, конференции, книжные выставки, дискотеки.

В 1999 году жезказганцы праздновали столетие со дня рождения первого Академика Қаныша Имантаевича Сатбаева, в рамках юбилея проводились конкурсы на исполнение любимых песен Қаныша Имантаевича, также чествование лучших людей, живущих на улице К.И.Сатбаева. Наиболее ярко, празднично и красочно прошел праздник улицы Сатбаева, кото-

рый был организован на трех площадях города. На долго запомнятся фестиваль дружбы “В единстве—наша сила”, массовая зрелищная программа “В единой семье”, встреча корейского ового года.

Совместными усилиями, с участием национально-культурных центров отмечается ежегодно День языков. В рамках данного мероприятия прошли конкурсы чтецов на разных языках народов, проживающих в нашем городе, “круглый стол” с представителями немецкого, русского, корейского, украинского, татарского, чеченского, башкирского центров. 20 декабря 1999 года в Доме дружбы и культуры народов прошел большой вечер “Город моей судьбы”, посвященный 45- летию города Жезказгана.

Жезказганский музыкально-драматический театр имени Сералы Кожамкулова в прошлом году принял участие в международном фестивале театров в городе Бишкеке со спектаклем по пьесе Чингис Айтматова “Тополек мой в красной косынке” (режиссер—Жанат Хаджиев) и завоевал призовое место. Большой популярностью и особым уважением пользуются выступления, праздничные программы артистов филармонии имени Тайжан Калмаганбетова среди населения города. Горожане с особым удовольствием слушают семейный ансамбль Байбосыновых, также ансамблей “Каракоз”, “Жезкиик”.

Проведен первый этап международной археолого-этнологической экспедиции “Алтай—Дунай”. Караван в составе 12 участников на 12 верблюдах прошел от районного центра Кулунда Алтайского края до города Уральска, пределев 2200 километров. Второй этап экспедиции запланирован на май — сентябрь 2000 года.

В течение нескольких лет в полевом сезоне совместно с институтом археологии АН имени Алкей Маргулана проводятся археологические экспедиции в урочище “Теректи аулие” по исследованию наскальных рисунков.

Акимат города направляет свою деятельность на то, чтобы вбирать в себя идеи, которые находят место в обществе, поиск различных тактических подходов объединения народов. С этой целью проходят в городе

встречи за “круглым столом”, обмен мнениями по поводу национального согласия, обсуждается роль общественных организаций в борьбе с негативными явлениями в обществе.

Всем нам известно, что Указом Президента Республики Казахстан от 28 декабря 1999 года 2000 год объявлен Годом поддержки культуры в целях возвращения, сохранения и развития многонациональной культуры Казахстана.

В текущем году отмечается 55-летие Победы в Великой Отечественной войне. Поэтому наш долг — поддерживать участников Великой Отечественной войны, организовать на высшем уровне празднование Великой Победы.

Горькие уроки нашего прошлого и светлые надежды на наше будущее обязывают нас поддержать и укреплять единство, согласие в обществе. Поэтому общественное согласие и стабильность — единственная гарантия нашего дальнейшего процветания. Только тогда мы будем уверенными в том, что наши помысли добры и выполнимы. Сегодня мы имеем все основания для такого оптимизма.

Есть безусловная истина: “Мужество создает победителей, согласие непобедимых”.

Сегодня мы с уверенностью можем сказать, что как в Республике Казахстан, так и в Жезказгане, реализована новая формула стабильности политического общества — стабильность как результат голосования интересов всех этносов, проживающих в нашем городе.

*“Жезказганская газета”
4 марта 2000 года*

СЕРПІН СЫЙЛАР САЛТАНАТ БОЛСА

2004 жылғы желтоқсан айында Жезқазған қаласының құрылғанына 50 жыл толады. Бұрынғы Қазақ ССР-ы Жоғарғы Кеңесінің 1954 жылғы 20 желтоқсанда қабылдаған Жарлығы бойынша Қарағанды облысы, Жезқазған ауданындағы Үлкен Жезқазған жұмысшы қалашығы

облыс құрамындағы Жезқазған қаласы болып аталады. Елу жылдық тарихы бар қаламыз өз мерейтойының қадір-қасиеті қалай салмақтайды? Мерей тойға өзірлік қандай? Ұйымдастыру жұмыстарының түпкі мақсаты нені көздейді? Мерей той мәні неде? Қандай мақсатты қазық етіп ұстап отыр? Мерейтойға дайындық барысының жалпы сипатымен қатар ұйымдастыру бағытында ұстанған түпкі ойды таразыға салу мақсатымен қалалық ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бастығы **Рақыш Нәшкенқызы Ыдырысоваға** жолығып, әңгімелестік.

— **Рақыш Нәшкенқызы, мерейтойға өзірлік шараларын ұйымдастыру бір арнаға түсіп қалған секілді. Мерейтой мақсатының мән-мағынасына маңыз бере сөйлесек қайтеді?**

— Жөн-ақ. “Елу жылда — ел жаңа” деген сөз бекер айтылмаған. Елу жылдан бері Жезқазғанның келбеті де өзгерді, ішкі өмірі де өзгеше сипат алды. Келбеті көріктенді, ішкі тынысы тереңдеп, сан-салалы болды, жан-жақтылана түсті. Баршаға жар салып, екпін бере тойлауға да болады. Мән бере толғанып, жетістігін таразылап, кемшін тұсын теңдеп қарауға, тереңдеп ойлануға да болады. Қала Әкімі “Мыс алыбы”, “Мыс магниткасы”, “Өндірістің жақұты” атанған, қала тұрғынының саны 100 мыңға жететін Жезқазғанның 50 жылдық мерейтойын қаладағы өндіріс басшылары, қалталы азаматтары мен зиялы қауымын жинап, ақылдаса отырып, салтанатты түрде атап өтуді жөн көріп отыр. Облыс әкімі Камалтин Мұхаметжановқа хат жолдап, игілікті істі өткізуге ат салысуын сұрады.

Мерей тойдың мәні не? Ол думандатып, даңғырлатып, тек соңында елес қана қалатын мәнсіз тойға ұқсамауы тиіс. Айтулы мерекені нысанаға ала отырып, қаланың әлеуметтік-экономикалық жайын күшейтуге, мәдени өмірін гүлдендіруге, жетістіктерін молайта түсуге тиіспіз. Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауына жауап беретін кез осы. Бұл салмақты, салықалы мерекеболмақ. Жетістігімізді молайтуға сеп беретін, серпін беретін кезең сияқты. Қала тұрғындарының әлеуметтік-мәдени және тұрмыстықхал-ахуа-

лын жақсарта түсу-басты мақсатымыз, ой байлаған түпкі қазығымыз болып отыр.

— *Осы тұрғыда атқарылар игілікті істердің әр алуаны “50 жылдыққа—50 тартымды іс” деп аталғанын оқырман қауым жақсы біледі. Жүзеге асырудың жолы қандай болмақшы?*

— “50 жылдыққа — 50 тартымды іс” акциясын жүзеге асырудың нақты жоспары түзілді. Оның 2004 жылға дейін жүзеге асуын қамтамасыз ететін жауапты адамдар бар. Демеушілеріміз өз көмегін аямас. Мерейтойдың маңызы сол—әлеуметтік нысандар салуға, қаланың рухани келбетін көріктендіруге, рухани тереңдікке бойлай еніп, құндылықтырды саралап алуына мән берілмек. Қала көркі де, ішкі тынысы да бүлк-бүлк соғар тамыр лүпіліндей жанда түсуі ләзім. Бұл бағытта 50 игілікті істің қолға алынып, аяқталуы мерейтойға жасалар нағыз тарту болмақ.

— *Ол тартулардың негізгі жобасын көзге елестетіп көрейікші.*

— Жезқазған қаласында жалғызлікті үлкен кісілер жиі-жиі бас қосатын ардагерлер үйін салу, соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған арнайы дүкен ашу-қарттарымызға көрсетілер құрмет. Жас жұбайларға арнап қаланың 50 жылдығы атындағы Неке сарайы салынбақ. Тәуелсіздік монументінің салынуы қала келбетін айбындандырап, қала тұрғынының патриоттық рухын көтеруде ерекше орын алатындай. Жұмыссыздарды еңбекке тарту мақсатымен жаңа жұмыс орындарын ашуға септігі тиер тоқыма фабрикасының қайта жарақтандырылып, іске қосылуына ынталы болып отырмыз.

Кеңес беруші мемлекеттік емхана ашу, аймақтық медициналық бірлестік жанынан диабеттік-ақпаратты сараптама орталығын ашу, “Жүрек” кардиологиялық орталық жанынан 20 орындық пульмонологиялық бөлімше ашуды ұйымдастыру, Сәтбаев қаласындағы диагностикалық кеңес беру емханасын Жезқазған қаласына көшіру және оны толыққанды жабдықтау, Жезқазған мен Сәтбаев қалаларындағы емдеу, алдын алу мекемелеріне арнайы аппараттар мен жаңа қондырғылар алу қаламыздың денсаулық сақтау жүйесін жетілдіре

беру, сөйтіп, тұрғындардың денсаулығын нығайту арқылы оларға жан-жақты қолдау көрсету мақсатын көздеп отыр. Тұрғындардың демалысын қызықты ұйымдастыру мақсатымен мәдени, ойын-сауық орындарын ашпақтыз. Алғашқы құрылысшылар алаңында салынатын аквапарк, Орталық стадион мен Спорт сарайының қайта жарақтандырылуы, “Степлаг” тарихи мұражайының ашылуы, Достық үйі жанынан көп ұлтты Қазақстанның мәдени мұраларының бірінғай қалалық орталығын ашу, Сералы Қожамқұлов атындағы қазақ сазды драма театрының ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу, қала мәдениетіне салтанат үстемелемек, көркіне шырай кіргізбек. Мұнан өзге аз қамтамасыз етілген отбасыларға, зейнеткерлерге, қарт тұрғындарға, балаларға жасалар құрмет мерей тойдың алтын арқауы болмақ. Жалпы қала құрметіне жасалар 50 тартымды істі санамалап тауыса алмаспын. Ал мерейтой салтанатын 2004 жылғы 22 қазанда өтетін “Жезқазған— ірі индустрия орталығы” ғылыми-практикалық конференциясы, “Олар—Жезқазғанның мақтаныштары” деген атпен жарық көретін кітап, әзірленіп жатқан “Жезқазған” энциклопедиясы, фотоальбомдар, 2004 жылдың 15 желтоқсанында өтетін салтанатты жиналыс, қала құрдастарына көрсетілетін қошамет, мұшайра, жастар слеті асқақтата түспек.

— *Жезқазған немен мақтанады?*

— Өнерлі ұл-қызымен мақтанса, орынды. Республика көлемінде ғана емес, одан тыс жерлерге қаланың абыройын асқарлы етіп жүрген әнші, күйші, бишілеріміз көп. Бүгінгінің сал-серісіндей өңшең өнерлі бас қосқан Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармония қаламыздың өңірінде жарқыраған інжу-маржан алқасындай. Спортта қол жеткен табыстарымыз ерен. Қаланың атын әлемге әйгіліген жүзден жүйрік, мыңнана тұлпар шыққан спортшыларымыздың жеңісін айтып қалай мақтанбасқа! Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің шоқтығы биік. Осы жоғары оқу орны қаламыздың өндіріс саласына керекті мамандарды оқытып шығарып, өз аймағымызды білікті кадрмен қамтамасыз етіп отыр. Жаңа буын тәрбиелеп, білім нәрін себетін орта мектептердің білім беру деңгейі

заман талабына жауап беруге ұмтылысымен ерекшеленеді. Қазақ-түрік лицейінің өрендері білім олимпиадаларында сан мәрте алтын медаль олжалап, қаламыздың рухани биік келбетін күн сүйдіріп жүр. Әлеуметтік-экономикалық жағдайымыз өзгелерге қарағанда көшілгері. “Қазақмыс” сияқты ірі өндіріс алыбы халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруды алдыңғы кезекке қойып отыр. Толымды табыстарымыз, “тәуба” дерлік тіршілігіміз бізді кемел келешекке ынтықтырады. Елге, жерге “қызмет ет” деп ынталандырады.

— Көңіл толтыратын жетістіктермен қатар қала азаматы ойлана жүретіндей қандай жетімсіздіктер бар? Архитектуралық келбеті көзге сәл қораш сезілетіндей ме? Архитектуралық айқын айшықтар, әсем нақыштар солғындау ма...

— Дұрыс айтасыз, осы үш жүздің басын қосқан ұлт астанасы — Ұлытауға аңсап жетер қауым әуелі Жезқазғанда ат шалдыруы анық. Бейнелеп айтар болсақ, “Жезқазған — ұлттық астанамыз Ұлытаудың қақпасы”. Егер олай болса, Жезқазғаннан ұлттық үрдістер мен қазақы айшықтардың иісі аңқып Ұлытауға “кел, кел” деп тұрмас па? Ұлытауға жетелейтін ұлттық рух Жезқазғаннан бастау алып жатса, қандай тамаша! Жезқазғанға ұлттық реңк беру үрдісін қала архитекторлары назарға алса, ұтар ек.

Супермаркет, қазіргі талапқа сай, әдемі безенген дүкендер бар-ақ. Архитектуралық шешімді батыл енгізетін жаңа құрылыстар салынбаған соң, қала ажары да солғын таратыны рас. Ал қолымыздан келгенше қаланың көркін келтіретін көркем безендірулер — бильбордтар, брантмауэрлор, тривиждар орнатуға көңіл бөліп отырамыз. Қала ажарының айшықты көріністерін, сурет, плакаттарды, мерекелік безендірулерді мемлекеттік тілде сөйлетуді қадағалап жүрміз. 50 тартымды істің қатарында қала келбетін жаңғырту, “Мен өз қаламды сүйемін” тақырыбымен көрнекілік құралдарды жаңғыртуға күш салынбақшы.

Қаланың мұнтаздай тазалығы көңіл желпіндіретіні рас. Түнгі Жезқазғанқандай әсем! Көше бағаналарының басында тізілген, жұлдыздай жымындап, жарық шашқан жарықтар қала келбетіне сұлулық сыйлайды.

Қаланы әрлендіру, әсемдеу мақсатында, көшелер мен автокөлік жолдарын қайыра жабдықтау мен жөндеу бағытында біраз іс тындырылмақшы.

Жалпы мерейтойға әзірлік жұмыстарының бет алысы, ұйымдастырудағы ұлағатты істер, қаламыздың 50 жылдық мерейтойын лайықты қарсы алуға біздің ынта-ықыласымыз да бар, мүмкіндіктеріміз де жоғары, рухымыз да асқар екенін аңғартады.

*Журналист — Гулишат Хамит
“Мысты өңір” газеті
2003 жылғы 4-шілде*

ЮБИЛЕЙНЫЙ ГОД СТАВИТ ПЕРЕД НАМИ НОВЫЕ ЦЕЛИ

*Нынешний год — год 10-летия независимости Республики Казахстан — серьезный повод для оценки пройденного и определения задач на будущее. Главная цель 2001 года, о достижении которой постоянно говорит Президент, — это улучшение социально-экономического положения большей части населения, чтобы люди почувствовали, а главное осознали, что улучшение их жизни связано с независимостью страны. Что уже сделано и делается в Жезказгане в этом знаменательном для страны году нашим читателям рассказывает начальник отдела внутренней политики и социальной сферы аппарата акима города **Рахыш Нашкеновна Идрисова**.*

— Основные направления работы отдела внутренней политики аппарата акима города в текущем году определяются, исходя из поручений Президента, данных им акимам всех уровней.

В комплекс социальных программ включена борьба безработицей и бедностью, проблема занятости и общественных работ, создание новых рабочих мест, в том числе за счет развития малого бизнеса. Большую перспективу в этом плане дает развитие общественных работ. Благоустройство города, его озеленение, ремонт дорог — немало возможностей для того, чтобы дать людям работу.

Жезказганцы уже привыкли к чистоте и порядку на улицах города. В год 10-летия независимости эта красота нам тем более необходима, и поэтому акимат города мобилизует людей для поддержания чистоты и уюта в каждом дворе, подворье, на территориях предприятий, учреждений, организаций, на улицах и площадях города. Работы по очистке и благоустройству, озеленению и ремонту дорог проводятся согласно принятым программам по ремонту и содержанию дорог, по благоустройству, санитарной очистке и озеленению города, программе “Фасад”.

Широкое распространение в нашем городе получило движение “Добрые дела—10-летию независимости страны”. Конечно, нынешний юбилей—это большой праздник, и нужно дать хоть частичку радости тем, кому сегодня действительно тяжело. В жезказгане большие масштабы приобретает адресная материальная помощь за счет благотворительности. Созданы фонды поддержки малоимущих, куда ежеквартально отчисляются свои однодневные заработки сотрудники городских организаций и учреждений. Предприятия “Казахмыс” постоянно поддерживают малообеспеченных, не огранчиваясь оказанием помощи к праздникам и знаменательным датам. На объектах корпорации “Казахмыс” практикуют форму сбора средств в постоянно действующие, специально предназначенные для этого урны. Восьмого февраля текущего года впервые в области и республике телеканал “Дидар” провел телемарфон в поддержку малообеспеченных жезказганцев. Все собранные средства были перечислены в фонд поддержки малоимущих “Кайырымдылык”. В 2000 году была проведена значительная работа по развитию учреждений культуры, укреплению их материальной базы. И они не остаются в долгу, работают серьезно и слаженно. Из 18-и художественных самодеятельных коллективов города пять имеют звание “народный” или “образцовый”. Театр имени Сералы Кожамкулова за пять месяцев посетили свыше семи тысяч зрителей, здесь показано 64 спектакля. В этом году труппой подготовлены две новые постановки, а со спектаклем по пьесе А.Тажимаева “Котерилген кум-

без” артисты театра ознакомили зрителей Астаны и Караганды. Первыми из театров в республике “кожамкуловцы” подготовились к участию в республиканском фестивале театров, который пройдет в октябре месяце в Петропавловске. Постановка глубокой исторической драмы “Кетбугы” была посвящена 10-летию независимости республики и стала серьезным событием в культурной жизни города. Хорошо поработали и артисты городской филармонии имен Тайжана Калмаганбетова. Первым в области жезказганский городской архив приступил к выпуску архивных фотоснимков на лазерных дисках. Сейчас во всех учреждениях культуры реализуются планы, разработанные в связи с празднованием 10-летия независимости Республики Казахстан.

Давая свои поручения, Президент заострил внимание на важности повсеместно и всеми средствами пропагандировать здоровый образ жизни, физкультуру и спорт. В нашем городе в этом направлении сделано немало. Четвертый год подряд проводится общегородская спартакиада по 15 видам спорта между сборными командами общеобразовательных и профессиональных школ, казахско-турецкого лицея агротехнического колледжа. Впрошедшем учебном году в спартакиаде участвовали около двух тысяч юношей и девушек. Особое внимание в городе уделяется развитию национальных и нетрадиционных видов спорта, таких как кикбоксинг, таэквэндо, казакша курес, тогызкумалак и др.

Третий год подряд в Жезказгане в январе-марте проводятся спортивно-массовые мероприятия. Каждую субботу и воскресенье проходили Дни здоровья работников бюджетных организаций, предприятий корпорации “Казахмыс”, Жезказганского университета имени О.А.Байконырова. Широко практикуют в нашем городе спортивно-массовые мероприятия в честь празднования знаменательных дат республики, которых участвуют горожане независимо от возраста.

Традиционны спортивные мероприятия в дни проводов молодежи в ряды Вооруженных Сил Республики. В нынешнем году отделом по делам молодежи,

туризма и спорта совместно с отделением партии “Отан” корпорации “Казахмыс” при горвоенкомате открыт военно-патриотический клуб “Отан”, где получает знания и навыки по начальной военной подготовке. Этой же цели было подчинено проведение массовых соревнований среди учащихся “Улан” и “Калкан-Щит”. Впервые в этом году проведена военизированная областная спартакиада.

10-летию независимости Республики Казахстан был посвящен региональный фестиваль самодеятельного народного творчества “Улытау уни”. В рамках фестиваля были проведены презентация книги доктора педагогических наук, профессора, ректора Жезказганского университета имени О.А.Байконырова Жумагали Наурызбая “Врата жизни”, конкурсы “Анши балапан”, “Кумис конырау”, “Жулдыз-2000”, айтыс акынов, юбилейный концерт ансамбля “Ак ажелер”, творческий вечер певицы Розы Байбосыновой “На крыльях песни”. Очень ярко и значимо прошли в городе мероприятия, посвященные “Наурыз-мейрамы”, 56-летию Победы, Дню памяти политических жертв репрессий, Дню защиты детей. Юбилею независимости республики были посвящены международные Байконурские чтения “Проблемы образования и науки в условиях разгосударствления экономики страны”, проведенные на базе Жезказганского университета имени О.А.Байконырова.

Целая серия мероприятий прошла в рамках празднования Дня единства народов Казахстана. Особенно интересным был фестиваль малых народов, в котором приняли участие татаро-башкирская, украино-белорусская, русская, корейская, чеченская, таджикская диаспоры. В нашем городе проживают люди более 100 национальностей разных религий, вероисповеданий, но открытие православного храма Андрея Первозванного в год юбилея независимости принято доброжелательно всеми и стало знаменательной вехой в истории Жезказгана. И это очень ценно, ведь именно в нынешний юбилейный год необходимо сблизить и теснее сплотить все группы общества. Когда все сообщество готовят праздничные мероприятия, укрепляется

чувство локтя, растет уверенность в своих силах и силах страны. Именно совместная работа не только при подготовке праздников, но при решении каждодневных проблем, дает почувствовать людям, как сказал Н. Назарбаев, гордость за себя и свой Казахстан, укрепляет патриотизм и гражданскую позицию человека, уважение к государству и его символам, его достоинству.

Конечно, работы еще немало, престоит выполнение множества запланированных мероприятий и решение задач, посвященных и юбилею нашей независимости. Но главное сейчас — не написанное на бумаге, главное — каждый почувствовал свою причастность ко всем нашим достижениям, гордость за то, что сделано за десять лет независимости. Теперь как сказал Нурсултан Абишевич, надо двигаться дальше, развивать и укреплять экономику, решать задачи безопасности страны и улучшения благосостояния людей, как это предусмотрено долгосрочной стратегией развития Казахстана до 2030 года. А нам, на местах, предстоит еще более сплоченно добросовестно работать и в нынешнем, юбилейном, году и в последующем, укрепляя государство, делая лучше нашу с вами жизнь.

*Журналист — Валентинова Одинцова
“Жезказганская газета”
4 августа 2001 года*

ҚАМШЫЛАСАҢ АЛЫНБАЙТЫН ҚАМАЛ ЖОҚ

Иә, сәтін салса, тұғырға қонған туған тіліміз топшысын одан әрі бекітіп, өзінің мәртебесіне сай көпшілік жүрегінен берік орын алмақ. Олай дейтініміз, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгелі талай жылдар өтсе де іс қағаздарын жүргізу баяғы қалпынан өзгермей, ресми тілдің басымдылығы алдымызды кескестей беретін. Тәуелсіздігіміздің он жылдығына жеткен тұста енді осы қылықтың орнын толтырарлықтай нақты істер қолға алынуда. Соның айғағындай, Қарағанды облы-

сы әкімиятының қаулысымен Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасына сәйкес облыстың аудандары мен қалаларының іс қағаздарын мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіру кестесі бекітіліп, бұл бойынша Жезқазған қаласы 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап көшпекші.

Бұл шараны жүзеге асыруды біз мезгілі жеткен мәселе деп түсінеміз. Оның үстіне бұл алғашқы рет қолға алынайын деп отырған, былайша айтқанда тақыр жерден басталатын шаруа емес. Оның негіздері жылдар бойы жасалып келеді. Қала әкімінің шешімімен “Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған қалалық бағдарламасы” 2000 жылғы 11 желтоқсанда бекітілді. Одан әрідегіні айтпағанның өзінде? Осы бағдарлама шеңберінде де талай істер атқарылды. Облыс әкімиятының қаулысын жүзеге асыру міндетіміз. Таяуда өткен Жезқазған қаласы әкімиятының мәжілісінде “Қазақстан Республикасының Тіл туралы” Қазақстан Республикасы Заңының орындалысын ұйымдастыру жұмысы туралы” мәселе қаралғаны осы міндетке байланысты. Рас, іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшірудің бірден даңғыл жолға түсіп кетуі оңай болмайды. Соны ескере отырып, алғашқы кезеңде аса қажеттілік туған жағдайда жоғары тұрған мекемелермен құжат алмасуды ресми тілде жүргізу қарастырылған. Негізінде, 2002 жылдың аяғына дейін іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшуді толық аяқтауды қамтамасыз ету міндеті белгіленген.

Іс тетігін кадр шешеді демекші, мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік мекемеге қызметке қабылдауда олардан тіл даярлығын талап ететін мезгіл жетті. Елбасы мен Үкімет тарапынан оның тетіктерін белгілеген құжаттар жеткілікті қабылданды. Алайда, бізде өлі де немқұрайдылық, самарқаулық етек алып келе жатқанын айтпасқа болмайды. Жасыратыны жоқ, көбінесе өз қандастарымыз тартыншақтайды. Кеңес дәуіріндегі талапқа сай тәрбие мектебінен өткен кадрлар іс қағаздарын орыс тілінде жүргізіп, жазуға әбден машықтанып алған. Енді содан ана тілімізге көшейік десек, олар үшін бір алынбас қамал алдында тұрғандай боп

көрінуі үлкен кедергісін келтіріп жүргені де жасырын сыр емес. Осындайда намысты қамшыласақ талай қиындықтар алынатыны сөзсіз.

Осы жерде қала әкімі аппараты мен кейбір мемлекеттік мекемелердегі орыс тілді азаматтардың уақыт алға қойған бұл маңызды міндетке түсіністікпен қарап, мемлекеттік тілді меңгеруге құштарлық танытып жүргендерін сүйсініспен айтуға болады. Жақында облыс орталығы Қарағанды қаласында әкім аппараты қызметкерлері арасында өткен (өзге ұлт өкілдерімен) “Мемлекеттік тіл – менің тілім” конкурсында жезқазғандықтар жүлделі үшінші орын алып келді. Сондықтан да біртіндеп бұл мәртебелі істі де ойдағыдай меңгеріп кетерімізге сенімдіміз. Тек кері тартпай, бері тартуымыз керек.

*2002 жылдың 1 - қаңтары
Жезқазған қалалық “Сарыарқа” газеті*

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ КӨТЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Ең алдымен қажеттілік тудыру керек. Қажеттілік болмаған жағдайда, екі қазақ бір-бірімен өзара ана тілінде сөйлеспейінше ол тілдің көсегесі көгермейді. Мемлекет трапынан қабылданатын қаулы қарарлар қағаз жүзінде қалмай, оның іс жүзіне асуын әр мекеме басшысы, атқарушы орындар, іс басында отырған азаматтар қадағалауы қажет. Әрбір адам “Мен Қазақстан Республикасының азаматымын, мен Конституцияны орындаймын, оның мүлтіксіз орындалуына күш саламын” деген пиғылда болуы керек. Сол патриоттық сезімді терең сезінулері қажет.

Мемлекеттік тілдің мүшкіл халде болуы – өзіміздің намысымыздың жоқтығынан дер едім. Әйтпесе, мемлекет тарапынан тіліміздің мәртебесін көтеруге бағытталған ресми құжаттар жеткілікті. Тек азаматтық намысымыз бен ұлтқа деген сүйіспеншілігіміз жетпей жатыр.

Мектепте қазақ тілін үйрететін, оқытатын маман

шын мәнінде тілге жаны ашитын, ұлтжанды азамат болуы керек. Қазіргі күні мемлекеттік тілдің көсегесін көгерту үшін не істеудеміз дегенде тек мереке қарсаңында ғана науқаншылық жасаудан әрі аспай, ұятқа қалып жүрміз.

Мемлекеттік тіліміз үстемдік етуі үшін қаулы-қарарлармен қатар қаржылай қолдау да керек. Жиналыс, мәжілістер тек қазақ тілінде өткізіліп, ілеспе аударма жасайтын техникалық жарақтармен қамтамасыз етілуі керек.

Бір таңқаларлық жайт, қазір өзге ұлт өкілдері мемлекеттік тілді үйренуге көңіл қойып, ықылас танытып жатқан кезде, өз қара көздеріміздің өзге тілде сөйлеуге әуестігі. Әлгінде өзім айтып өткен намыссыздыққа жатқызамын мұны. Көре-біле тұра мән бермеу, өз тіліне өзінің жаны ашымау деп ойлаймын.

Қазақ азаматы ретінде айтар болсам, ана тіліміз асқақ болуы үшін өзіміз жанталаспасақ ештеңе де өнбейді.

*“Мысты өңір” газеті,
2001 жылғы 21- қыркүйек.*

ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ – ПАРЫЗ

– Рақыш Нәшкенқызы, Әділет саласындағы министрлігі саласының өкілдерін жинаған республикалық семинарға Жезқазған қаласы әкімдігінің шақырылуы қалай?

– Қарағанды облысы әкімшілігінің 2001 жылғы 30-қазандағы №4/2 қаулысын басшылыққа ала отырып, 2001 жылдың 26 желтоқсанында Жезқазған қаласы әкімдігінің “Қарағанды облысы әкімдігінің Жезқазған қаласы әкімінің “Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заңының орындалысын ұйымдастыру жұмысы туралы” 2001 жылдың 30-қазандағы №4/2 қаулысын іс жүзіне асыру мен орындау туралы” №3-1 қаулысы қабылданған болатын. Осы қаулыға сәйкес 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап Жезқазған қаласындағы мемлекеттік мекемелерде іс қағаздары, жоғарғы және төмен-

гі тұрған мекемелермен хат-хабар алмасу мемлекеттік тілде жүргізіліп отыр. Бұл бағытта біздің қалада жүргізіліп отырған жұмыс айтарлықтай. Сондықтан да болар облыстық әкімдік, республикалық семинарға Жезқазған қаласында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында жүргізіліп жатқан істермен таныстырған жөн деп шешіп, мен осы семинарға қатысып қайттым. Республикалық семинарда біздің қаламызда мемлекеттік тілге байланысты атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде әңгімелеп бердім. Біздің қаланың тәжірибесіне назар аударушылар көп болды.

— Семинарда айтқан әңгімеңізді газет оқырмандарымен де бөліссеңіз...

— Жезқазған қаласында “Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы” Заңды жүзеге асыруға бағытталған ауқымды шаралар қолға алынып отыр. Қала әкімінің аппараты қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, білім беруде де өзіне лайықты тұғырдан орын алуына барлық жағдайды жасауда. Бұл үшін біз мемлекеттік тілді меңгеруге қажеттілік тудыру керек деп санаймыз. Сондықтан қалада іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу қолға алынған. Қала әкімі аппаратының әрбір бөлімінде және қала әкімінің дербес атқарушы органдарында мемлекеттік тілде құжаттар дайындайтын мамандар анықталып, бекітілген. Мұндай мамандар қаладағы басқа да мемлекеттік органдарда, мекемелерде анықталған. Қала әкімінің 2000 жылғы 11-желтоқсандағы №593/12 шешімімен “2001-2010 жылғы мерзімге арналған тілдерді қолдану мен дамытудың” қалалық бағдарламасы бекітілген. 2002 жылғы 18-қаңтардағы Жезқазған қалалық мәслихатының XIX сессиясының шешімімен тілдерді қолдану мен дамытудың 2002 жылға арналған қалалық бағдарламасы бекітіліп жұмыстар атқарылуда. Қала әкімінің аппаратының атқаратын жұмыстары туралы Ереже, қала әкімдігінің регламенті, қала әкімінің дербес атқарушы органдары туралы ережелер мемлекеттік тілде әзірленді. Істер номенклатурасы екі тілде жасалынады. Қала әкімі аппаратында іссапар куәліктерінің бланкілері, жұмыс уақытын санау табелі, кеңейтілген аппараттық кеңестер жүргізу тәртібі, жер бөлу, кадр сұрақ-

тары бойынша әкім мемлекеттік тілде дайындалады. 2002 жылдан бастап мемлекеттік қызметке қабылданатын азаматтардың мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтауды конкурстық комиссияға жүктейтін болдық. Әкімдік құрылымдарында мамандардың мемлекеттік тілде іс жүргізуге даярлығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік мақұлдаған 180 сағаттық бағдарлама бойынша мемлекеттік тілді үйрену курстары ұйымдастырылып отыр. Ал негізінен қала бойынша бүгінгі таңда мемлекеттік тілді оқытатын үйірмелер мен топтар саны 31, ондағы тыңдаушылар 570-тен астам адам болып отыр.

Қалада “Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы” Заңның 21 – бабының орындалуын қадағалау үшін жұмысшы тобы құрылған. Бұл жұмысшы тобы көрнекі ақпараттардың Заң талабына сай толтырылуын бақылап, қадағалап отырады. Жақында жұмысшы тобы қаладағы бірқатар жекеменшік кәсіпорындарды аралап шықты. Тексеріс нәтижесінде орын алып отырған кемшіліктерді жоюға ұсыныстар жасалды. Сондай тексерістерден кейін Сәтбаев алаңындағы “Шарм”, “Люкс” және басқа да дүкендер өздерінің көрнекті ақпараттарын Заңның 21-бабына сай етіп жасады. Тоқсан сайын осындай тексеріс нәтижесі бойынша қаладағы мемлекеттік мекемелердегі істің жайы жөнінде қала әкіміне анықтам беріп отырамыз.

Мемлекеттік мекемелерде аптаның әрбір сәрсенбісі “мемлекеттік тіл” күні болып бекітілген. Осы күнгі кеңес, жиналыс, отырыстар, “Бақылау күні” және басқа да іс шараларды қазақша жүргізу тәжірибеге енгізіліп отыр. Таяуда қалалық әкімдіктің мәжіліс залына ілеспе аударма жасайтын құрал-жабдық сатып алынды. Ілеспе аудармашылыққа екі тілді бірдей жетік білетін тәжірибелі маман тағайындалды. Соңғы уақыттарда мәжіліс залында өтетін кеңестер мен мәслихаттар мемлекеттік тілде жүргізіліп, ілеспе аударма жасалынып отырылады.

Біздің қаладағы мәдени-көпшілік іс шаралардың 70-80 проценті мемлекеттік тілде жүргізіледі. Қалалық мәдениет бөлімі, кітапханалар, Тайжан Қалмағанбетов

атындағы филармония, тарихи-археологиялық мұражай алғашқылардың бірі болып іс қағаздарын мемлекеттік тілде дайындауға көшкен. Жезқазғандағы 21 мектептің алтауы қазақ мектептері, 10-ы аралас мектептер, 5-еуі орыс тілінде оқытатын мектептер. Орыс тілінде білім беретін мектептерде мемлекеттік тілді игеруге зор мән беріледі. Аптаның әр сәрсенбісінде орыс мектептеріндегі оқушылар мен мұғалімдер бір-бірімен қазақ тілінде сөйлеседі.

Айта берсек, біздің қалада мемлекеттік тілді өзіне лайықты тұлғарға қондыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар көп. Мен осы жұмыстар жөнінде семинарға қатысушыларға жан-жақты түрде баяндап бердім.

— Жаңа әңгіме барысында мемлекеттік тілге байланысты біздің қалада жүргізіліп отырған жұмыстарға назар аударушылар көп болды дедіңіз ғой.

— Иә, дәл солай. Семинарға қатысушылар, әсіресе біздің қалада мемлекеттік тіл саясатын түсіндіру, насихаттау мақсатында жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүргізіп отырған жұмыстарымызға үлкен ықылас танытты. Мен осы семинарға біздің қалада шығатын газеттерді алып барғанмын. Жезқазғанда шығатын алты газеттің төртеуі қазақ тілінде екенін, ал орыс тілінде шығатын газеттердің беттерінде ұдайы қазақ тілінде де мақалалар мен ресми құжаттардың үлгілері басылып тұратыны таруалы айттым. “Жезказганская газета” бетіндегі қазақ тіліндегі мақалалар мен ресми құжаттардың үлгілерімен танысуға ықылас танытқандар болды. Мен сол жерде осы газеттің жеке-леген нөмірлерін семинарды ұйымдастырушылар мен қатысушыларға таратып бердім. Сондай-ақ қазақ тілінде шығатын газеттердің де ұдайы және жүйелі түрде жарияланып тұратын мемлекеттік тіл саясатын түсіндіру бағытындағы мақалалар да семинарға қатысушылардың назарын өзіне аударды.

— Республикалық семинар оған қатысушыларға не берді деп ойлайсыз?

Бергені көп. Мұндай семинарлар қажет. Жер-жерде осы бағытта не істеліп, не тындырылып, жатқаны туралы біліп отырғанның, тәжірибе алысқанның берері

үлкен. Менің өз басымды республикалық семинарда бізге ұсынылған компьютердегі аударма жобасының бағдарламасы қызықтырды. Семинарға негізінен аудармашылар қатысты. Олар өзара бір-бірімен пікір алмасып, тәжірибелерін бөлісіп жатты. Әрине мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мәселесі тек бір ғана осындай семинармен шешіле қалмайды. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуді терең жүргізу керек. Бұл жұмыс бірді-екілі іс шараны мемлекеттік тілде өткізіп, іс қағаздарын қазақ тілінде дайындаумен шектеліп қалмауға тиіс. Бұл жоспарлы да жүйелі түрде атқарылатын, науқангершілікке жол берілмейтін күрделі де қиын іс. Біз мұны жақсы түсінеміз.

Сұхбаттасқан: Сара СМАҒҰЛ,
“Сарыарқа” газеті,
2002 жылғы 21-қыркүйек.

СБЛИЖАЕТ, А НЕ РАЗДЕЛЯЕТ

Язык-духовная сила и богатство народы

22 сентября – День языков народов Республики Казахстан. Язык – это жизнедеятельность нации, уровень ее культурного развития. Язык – это еще и национальные традиции, обычаи, быт и устои. Язык, в конце концов, это само государство.

Закон “О языках в Республике Казахстан” в одной из своих статей предусматривает организационные и технические условия, которые необходимы для свободного и бесплатного изучения государственным служащими государственного языка.

В целях реализации и контроля за выполнением “Государственной программы функционирования и развития языков на 2001-2010 годы.” нами разработана городская программа, которая рассчитана на 10 лет и охватывает все направления языковой политики.

Основные направления этой программы: компьютеризация всего процесса изучения, оборудование

залов для синхронного перевода, составление и постепенное исполнение графика перевода делопроизводства городских государственных учреждений на государственный язык.

При аппарате акима города действуют курсы по изучению казахского языка, для чего был заключен договор с Жезказганским университетом им. О.А.Байконурова. Программа городского акимата предусматривает также организацию ускоренных курсов обучения по 120-часовой программе.

С недавнего времени на официальных заседаниях, совещаниях, встречах в большом зале акимата города выступления, звучащие на государственном языке Республики Казахстан, сопровождаются одновременным переводом на русский язык. Это сало реальным благодаря приобретению на бюджетные средства аппаратуры для синхронного перевода “Реко-Век” российского производства стоимостью 1,5 миллиона тенге. В качестве переводчика, в совершенстве владеющего казахским и русским языками работает Абай Тайырович Тайыров.

В аппарате акима города 39 компьютеров, из них 37 оснащены казахским шрифтом. Фирменные бланки изготовлены на двух языках, а тексты печатей штампов-на государственном языке.

Кроме того, ответы на обращения граждан готовятся на языке обращения. Часть правовых актов и ответов аппарата гражданам готовятся работниками соответствующих отделов аппарата акима города на казахском языке самостоятельно.

Специалист по переводу оказывает им необходимую методическую и практическую помощь. На этажах, в служебных помещениях размещены таблички и указатели на государственном языке.

Сегодня проявляется большой интерес к изучению языка и традиции казахского народа. Причем даже у тех, кто не является гражданином Казахстана. Прекрасно владеющий казахским языком американец Джоэл Адамсон, работающий в Атырау говорит: “Если у человека есть стремление и интерес к языку, то нет проблем выучить его. Язык — ключ к взаимопониманию”.

В нашем городе работает 21 школа, из них на казахском языке обучение ведется в семи. Государственный язык школьники изучают с 1-го по 11-ый классы, согласно учебным программам, предусмотренным Государственным стандартом.

Свой вклад в возрождение народных традиций вносит созданный в городе клуб женщин “Ақ босаға”, задача которой, воспитание девушек в рамках национальных традиций. Одна из важных сторон клуба — организация воспитательной работы с детьми, обучающимися в русских школах, а также с их родителями: встречи на вечерах в клубе, на айтысе акынов, на конкурсах “Жигіт сұлтан”, “Қыз сыны”. В будущем планируется открытие отделения клуба в школах.

В городе много мастеров прикладного искусства, в том числе умеющих изготавливать домбру, кобыз, сундуки и др. Их надо объединить, показать что творчество народных умельцов необходимо обществу, как одно из направлений развития национальной культуры. В этих целях существует координирующий орган культурно-этнографический центр, который пропагандирует также разнообразие национальных обычаев, традиций. Такая же работа возложена на городскую отдел культуры, общество “Казак тили” и местные СМИ.

На телевидении ведется авторская (программа) передача “Торт босаға”, а также демонстрируются рекламные ролики, направленные на развитие языка через историю, обычи, традиции, искусство казахского народа. Проводятся телепередачи, встречи в студии, диспуты с участием представителей других национальностей, владеющих казахским языком: “Донгелек устел”, “Тикелей эфир”.

Отрадно, что на своих страницах “Жезказганская газета” практикует публикацию материалов истатей, различные формы деловых бумаг на государственном-казахском языке.

В целом по пропаганде государственного языка, народных обычаев, традиций и культуры проводится немало мероприятий. Следует отметить городской

конкурс “Казакшаныз калай?”, проводимый среди населения некоренной национальности, а также городскую олимпиаду учителей казахского в школах с русским языком обучения, конкурсы на лучшее знание обычаев народов, населяющих наш город, а также подготовку и проведение Наурыз-мейрамы, Дня Республики, Дня Независимости Республики Казахстан. Городской отдел по делам молодежи, туризма и спорта регулярно проводит состязания по национальным видам спорта “Казакша курес”, “Тогыз кумалак”.

Большую работу выполняет в этом плане городской отдел культуры. Накануне Дня языков, 5-6 сентября 2002 года, в областном центре-Караганде на базе областного Департамента юстиции проводился Республиканский семинар, в котором мне довелось принять участие и поделиться опытом работы по внедрению государственного языка в государственных учреждениях, а также по переходу делопроизводства на государственный язык.

Сегодня перед местными правительственными и исполнительными органами поставлены конкретные задачи по внедрению в делопроизводство и расширению сферы применения государственного языка. Необходимое условие функционирования государственного языка-обеспечение его востребованности. Сохранение своего национального “Я” и патриотизм по отношению к стране, гражданами которой мы являемся, — такова модель развития всех национальных диаспор Республики Казахстан. Реализация языковой политики должна основываться на чувстве патриотизма. Только тогда мы можем рассчитывать на успех.

*“Жезказганская газета”
21 сентября 2002 года*

НА УРОВНЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ СТАНДАРТОВ

С большим вниманием и интересом жезказганцы продолжают изучать Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева. С целью разъяснения президентского обращения информационно-пропагандистская группа, созданная при акимате города Жезказгана, побывала в организациях, учреждениях, учебных заведениях. Советник акима города Рахыш Нашкеновна Идрисова при встрече в Жезказганском гуманитарном колледже старалась донести до каждого идеи и мысли Послания Президента страны, обобщая и анализируя их. В Послании народу Казахстана перед обществом поставлена цель-войти в число 50 наиболее развитых стран мира. Это непростая задача, требующая от каждого казахстанца, прежде всего, высокой самооценки, уровня образования, отвечающего мировым стандартам качества.

— В городе, — сказала Р.Идрисова, — в соответствии со стандартами ИСО, международные сертификаты качества имеют пять организаций и предприятий. Это РГП “Жезказганредмет”, завод “Каскат” ТОО “Корпорация Қазақмыс”, Жезказганский филиал АО “Национальный центр экспертизы и сертификации”, Жезказганский университет им. О.А.Байконурова, ЧП “Даулетбаева”. И предстоящая цель-увеличить число подобных предприятий, учебных заведений и организаций. Войти в ряды 50 конкурентоспособных стран мира-путь не из легких.

“Жезказганская газета”

24 мая 2006 года

Собкорр газеты: Сагынкул Жантүрина

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА – БАСТЫ НАЗАРДА

Ғасырлар бойы ата-бабамыз армандап аңсаған тәуелсіздік туын көтергенімізге он жыл толғалы отыр. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметі “Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы” қабылдауының он жылдығын мерекелеуге даярлану мен оны өткізу туралы” қаулы қабылдағаны белгілі. Осы қаулыны басшылыққа ала отырып Қарағанды облысы әкімі шешім шығарды. Одан соң үстіміздегі жылдың 9-ақпанында Жезқазған қаласы әкімінің шешімі шықты. Қала әкімінің шешіміне сәйкес Жезқазғанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығын мерекелеуге өзірлену және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті құрылды. Комиссия 9 бөлімнен тұратын іс-шаралар жоспарын жасап бекітті. Жоспар ұйымдастыру және ақпараттық насихаттау, идеологиялық шаралар, әлеуметтік саланы дамыту, кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес, шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту, заводтардың құрылысы және оны қайта жаңғырту, автомобиль жолдарын салу және жөндеу, нашақорлықпен күрес, мәдени-көпшілік, спорт шараларын қамтиды.

Қалада Республика тәуелсіздігінің 10 жылдығын мерекелеу шараларының алғашқы шымылдығын ақпан айында дәстүрлі “Ұлытау үні” фестивалі ашты. Фестиваль аясында республика тәуелсіздігімен құрдас “Ақ әжелер” ансамбілінің он жылдық мерейтойы атап өтілді. Жергілікті әнші, Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармонияның артисі Роза Байбосынованың шығармашылық кеші, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры, педагогика ғылымының докторы, профессор Жұмағали Наурызбайлың “Өмір қақпасы” кітабының тұсау кесер рәсімі ұйымдастырылды.

“Ұлытау үні” фестивалімен басталған Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған мәдени шаралар жүйелі түрде жарасымды жалғасын тауып келеді. Қаламызда үстіміздегі жылғы өткізіліп жатқан даталы күндерге, кәсіби мерекелерге байланысты шаралардың барлығы да тәуелсіздік тақырыбын арқау етіп отыр. Осы тақырып мектептер мен орта арнаулы білім беретін оқу орындарындағы, Жезқазған университетіндегі тәрбиелік шаралардың алтын қазығына айналды. Ө.А.Байқоңыров атындағы университет, қалалық мәдениет, жастар ісі, туризм және спорт бөлімдерінің, кітапханалар, мұражай, көрме залының жыл бойғы жүргізіп келе жатқан мәдени-көпшілік шараларының барлығы да республика тәуелсіздігінің 10 жылдығы шеңберінде өтіп, тартымды да мазмұнды жұмыстармен астасып жатыр. Мәселен, Ө.А.Байқоңыров атындағы университет ұжымы екі жылда бір Марғұлан оқуларын ұйымдастрып тұрады. Биылғы Марғұлан оқуларының тақырыбы “Қазақстандағы тарихи үрдістердің өткені, бүгіні мен болашағы деген” мәселені арқау етіп, республика тәуелсіздігінің маңызы туралы орамды ой тоғады. Ел өміріндегі осы бір маңызы зор іргелі оқиғаға қалалық “Сарыарқа”, “Жезказганская газета” газеттері мен “Дидар” телерадиохабарлар тарту дирекциясы да өзіндік үлес қосып, көпшіліктің тарихи танымын, ой-санасын кеңейтіп, дамытуда ауқымды істер тындыруда деп айтуға болады. Газет беттері мен теледидар хабарларында тәуелсіздіктің он жылдығын ашып көрсететін арнаулы айдарлар ашылып, жүйелі түрде мақалалар жарияланып келеді, хабарлар ұйымдас-тырылып отыр. “Дидар” телерадиохабарлар тарату дирекциясы ақпан айында республика тәуелсіздігінің он жылдығына арнап телемарофон өткізді. Телемарофонға қаладағы барлық мекмелер мен кәсіпорындар, жеке кәсіпкерлер белсене қатысты.

Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Серәлі Қожамқұлов атындағы қазақ сазды драма театры да үлкен ізденіс жолына түсті. Олар Камал Әбдірахмановтың “Кетбұғы” драмасын сахналап, көрермендерді көне тарихтың беттерін тағы да бір парақтап ойлануға шақырып, тарихи сананы қалыптастыруға, өткенді

танытуға талпыныс жасады. Бұл спектакль республика тәуелсіздігінің он жылдығына арналған облыс, республика көлеміндегі алғашқы қойылымдардың бірі.

Әлеуметтік сала бағытында да арнаулы жасалған жоспарға сәйкес жасалып жатқан жұмыстар баршылық. Осы мерзім ішінде қаламызда екі мәрте қайырымдылық акциясы өткізілді. Жекелеген мекеме, кәсіпорын, ұйымдар бір күндік жалақысын тоқсан сайын “Қайырымдылық” аударуды тәжірибеге енгізді. Үстіміздегі жылғы әлеуметтік салада ұстанып отырған негізгі бағыт — әр отбасының ең кемі бір адамының жұмысқа орналасуын қаматамасыз ету. Сондай-ақ балалар үйінен тәрбиеленіп шыққан әрбір жас жігіт пен қызды және ата-ана қамқорлығынан шет қалған балаларды жұмысқа орналастыру мәселесі де бірінші кезектегі міндет болып отыр. Жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмысқа жұмылдыру жағы да назардан тыс қалып отырған жоқ.

Жезқазған — көп ұлтты қала. Соған сәйкес қаламызда әртүрлі діни сенімді ұстайтын халықтың өкілдері тұрады. Тәуелсіздікке 10 жыл толып отырған тұста қаламызда шіркеудің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Бұл басқа дінді ұстанатын адамдар тарапынан оң қабылданды.

Тәуелсіздіктің 10 жылдығын арқау етіп жүргізіліп жатқан мәдени-көпшілік, іс шаралардың қай-қайсысына болмасын қаладағы мекеме, кәсіпорын, ұйым жұмыстары үнемі белсенділік танытып, ат салысып келеді. Дегенмен де бұл тұста әлі де жетілдіретін жақтар бар. Әсіресе, тұрғылықты жердегі мөлтек аудан Кеңестері мен жекеменшік пәтер иелері кооперативтері, үй шаруасындағы әйелдер мен зейнеткерлер тобын көпшілік жұмыстарға тартуда кемшіліктерге жол беріп отыр. Бұл алдағы уақытта түзету шаралары қолға алынбақ.

Үстіміздегі мерейлі мерекелі жылдың алғашқы жартысында қаламызда міне, осындай мәдени-көпшілік жұмыстар атқарылды. Бұл жұмыстар бұдан былайғы күндерде де жарасымды жалғасын таба бермекші.

*“Сарыарқа” газеті,
2001 жылғы 3-тамыз*

ӨЗ НАУРЫЗ – ІЗГІЛІК МЕЙРАМЫ

Табиғат – Ананың тамырына қан жүгіртіп, тамаша күйге енгізетін өз Наурыз-ұлы мейрам, жаңару, жаңару мерекесі. Тәуелсіздіктің он жылдығын тарту еткен Жылан жылымен риза сезімде қоштасып, адами армандарды әппақ нұрға бөлей жеткен жарықтық Жылқы жылымен қауышып отырмыз. Иншалла, Отанымыз тыныштық пен ынтымақ жағдайында дамып, әлеуметтік-экономикалық қуаты күннен күнге нығайып келеді. Байтақ елдің бар байлығы оны мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың ортақ ырыс несібесіне айналуда. Жалпы Қазақстан мен Қарағанды облысы көлемінде өзіне тән орны бар құт мекеніміз-Жезқазған қаласы да замана ырғағымен үндестік тауып, өркендеу үстінде. Төменде газетіміздің арнаулы тілшісінің сауалдарына орай, Ұлыстың ұлы күні қарсаңында, сондай-ақ мерейлі мерекеге орай атқарылған және атқарылуға тиісті мақсатты шаралар туралы Жезқазған қаласы әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бастығы Рақыш Нәшкенқызы Ыдырысова әңгімелейді.

– Ұлыстың ұлы күні-Наурыз мейрамы басқа артықшылықтарын айтпағанның өзінде, ұрпақ санасына ұлттық болмысты сіңіру үрдісімен де ерекшеленеді. Себебі, наурыздың символы – Қызғалдақ. Ал қызғалдақ әдеміліктің, сұлулықтың, нәзіктіктің нышаны. Бабаларымыз бұл күннің басты шарты ретінде Қайырымдылық, Татулық, Тазалық, Ізгілік секілді ұлы ұғымдарды ұстанған.

Кеңес дәуірі үстемдік құрған кезеңнің бастапқы сатысында, дәлірек айтсақ, 1926 жылға дейін тойланып, кейінірек керітартпа, өзәзіл саясаттың кесірінен тиым салынған мейрам араға аттай алпыс екі жыл салып барып, 1988 жылы қайта оралды. Санамызға сілкініс ала келген Наурыз тойының көмескілене бастаған көне дәстүрлерді, салиқалы салттар мен ұлағатты ұғымдарды жаңғыртуға өлшеусіз жәрдем еткені ақиқат.

Сөйгүлік жылымен сән-салтанатты жағдайда, көтеріңкі көңіл күйде қауышу мақсатында қала әкімінің аппараты арнайы бағдарлама жобасын даярлап, соған сәйкес жоспарлы шаралар ерте бастан қолға алынды. Бұрынғы жылдары көпшіліктің көңілінен шыққан қажетті шаруалардан өзге батамашыл жаңалықтарды енгізу жолдары қарастырылды. Мемлекеттік кәсіпорын, ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, банктер тарапынан қайырымдылық түстіктері ұйымдастырылды. Жалпы қала бойынша қазіргі таңда кедейшілік шегіндегі 575 отбасы тіркелген. Ондағы адам саны – 2703. Осылардың әрқайсына 700 теңгенің азық-түлік бумалары тапсырылды. Қалыптасқан дәстүр бойынша әр тоқсан сайын ерікті негізде Қайырымдылық қорына бір күндік еңбекақы есебінен қаржы аударылып тұрады. Мұқтаждың мұңын жете ұғынатын парасаты мол, көңілі кең азаматтар баршылық, әрине. Айталық, биылғы жылы осындай ізгілікті шаруаның көшбасынан Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті (Ж.Наурызбай), “Қазкоммерцбанк” (В.Б.Ким), “Выбор” дүкені (М.Жармағанбетов), “БанкЦентрКредит” (Р.Ш.Мусина), “Дәулетбаева” жекеменшік шағын кәсіпорыны т.б. көріне білді.

Қала әкімі Ж.Ибаділдин ардагерлер мен жастар ұйымдары өкілдерімен арнайы кездесулер өткізді. Наурыз мейрамын мерекелеу аясында жарияланған “Үздік аула”, “Үздік дәліз”, “Үздік үй”, “Үздік көше” номинациялары бойынша байқау қорытындысы шығарылды. Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармония мен Серәлі Қожамқұлов атындағы қазақ сазды драма театрының өртістері қаладағы қарттар үйі мен балалар үйінде қайырымдылық концерттерін берді. Мектептер мен колледждерде, мәдениет ошақтарында өткізілген тақырыптық кештер мен байқауларды, танымдық бағдарламаларды тізбелеудің қажеті жоқ шығар, сірә. Бүгінгі мерекелік коцерке де танымал өнер ұжымдарымен қатар білім беру мекемелерінің өнерпаздары, отбасылық ансамбльдер қатысқалы отыр. Театр өртістері ұсынатын театрландырылған көрінісі де мерекенің шырайлы сәттерінің біріне айналары күмәнсіз.

Жезқазғанда жүздің үстінде ұлттар мен ұлыстардың мамыражай ғұмыр кешіп, еңбек ететіні белгілі. Осы мереке аясында корей, украин-белорус, татар-башқұрт, орыс, неміс, чуваш ұлттық-мәдени орталықтарының тыныс-тіршілігі жария етіледі. Олардың өкілдері салтанаттың ресми ашылу рәсімінде өз тілдерінде құттықтау сөз сөйлемекші.

Негізгі мерекелік шаралар бедерлі бейнеде безендірілген Алаш алаңында өткізіледі. Алашахан даңғылының бойы да ұлан-асыр той алаңына айналады. Қаныш Сәтбаев алаңынан қозғалатын ардагерлер, еңбек адамдары, оқушылар мен студенттердің шеруі айтулы күннің ажарын айшықтай түседі деп күтілуде. “Алтай-Дунай” халықаралық этнологиялық экспедициясының түйелі керуені, ұлттық киім үлгілерімен жасанған Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің 800-ден астам оқытушылары мен студенттері осы шеру құрамында болады.

Өз ықыластарымен киіз үй тігетіндердің қатарында “Қазақмыс” корпорациясының жылу-энергетика орталығы, мыс заводы, байыту фабрикасы секілді құрылымдары бар. Бұл ретте ең бірінші тапсырыс түсіріп, ниет білдірген қазақ-түрік лицейінің ұжымы екенін атап өту де шарт болар деймін. Жалпы отызға тарта киіз үй тігіліп, оларда жеткілікті мөлшерде ұлттық тағамдар мен наурыз көже дайындалады. Киіз үйлерде 2200-ге жуық адамға дастархан мәзірі тартылады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ, ауқымды спорт шаралары ұйымдастырылып, оған бұқаралық мән беріледі. Киіз үйдің тігілуі, ішкі жасау жабдықтары комиссия сараптамасынан өткізіліп, тиісінше жүлделі орындарды иеленгендер марапатталады.

Ұлыстың ұлы күніндегі шадыман шаттық жыл бойына жалғасын таба берсін, ағайын.

*Әңгімелескен, журналист
— Ахат ҚҰРМАНСЕЙТОВ
“Сарыарқа” газеті
2001 жылғы 22-наурыз.*

КӨРГЕНДЕРІМ МЕН КӨҢІЛГЕ ТҮЙГЕНДЕРІМ...

1981 жылдың маусым айында Ұлытау ауданының орталығы — Ұлытау селосында “Қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі” тақырыбында республикалық жиын ұйымдастырылды. Жиынға Қазақстан Республикасының Мәдениет Министрі — Жексембек Еркімбеков қатысып, қазақша құттықтау сөз сөйлеген еді. Негізгі баяндаманы қазақ тілінде (ол жылдары компартияның қылышынан қаны тамып, Кеңес үкіметінің дәуірлеп тұрғанына қарамастан), сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы — Жаманқұл Шайдаров жасаған болатын. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған идеология, үгіт-насихат саласында қызмет етіп жүрген партия, Кеңес қызметкерлері өзара тәжірибе алмасып, Ұлытаудың табиғатын тамашалап, қазақтың ұмытылып бара жатқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерінің жаңаруына, өмір жүзіне белсене енгізілуіне жол сілтеп берді. Ұлытау аудандық партия комитетінің сол уақыттағы үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі — Жолаушы Қасымбекұлының осы іс шараның ұйымдастырылуына көп тер төгіп, жиынға қатысқандардың әрқайсысына жеке-жеке көңіл аударып, жағдай жасап, Ұлытауды терең тануларына мүмкіндік тудыра, зыр жүгіре еңбек жасағаны әлі күнге көз алдымда. Менің осы саладағы еңбегімнің, ұйымдастырушылық қабілетімнің мысқылдай да болса нәтижесі, жетістігі бар болса, сол Жаманқұл Шайдаров пен Жолаушы Қасымбекұлынан үйреніп, дарыған деп білемін.

1989 жыл, тамыздың 19-20-ы Кезінде “Тасбұлақ” баурайы мен “Қыземшек тау” етегінде 60-70 шақты ақ шаңқай киіз үйлер тігіліп, театрландырылған көрініспен басталып, айтыс, аламан бәйге, қыз қуу, теңге алу жарыстарына ұласқан, Ұлытау ауданының құрылғанына 50 жыл толуына арналған үлкен іс шара өткенінің куәсі болып, бел ортасында жүргенім мен ұйымдастырылуына қатысқанымды, өз басым, әрдайым мақтан етіп, құрмет тұтамын. Қазақстанға кеңінен

танымал, көптеген қайраткер-азамат аға-аналар: Кәкімбек Салықов, Сапар Байжанов, Күләш Бейсенбиева, Фариза Оңғарсынова, Ақселеу Сейдімбеков, Шерхан Мұртазаев, Сахи Романов және Ұлытаудың төл тумалары: Торекелді Шарманов, Камал Смайылов, Мұханбетжан Қаратаев, Ермановтар жанұясы-Жүрсін мен Бақытжамал сол мерейтойда Ұлытау халқының ең ардақты да, құрметті қонақтары болды.

Осы жолы Алматыдан жырдан шашу ретінде Фариза Оңғарсынова “Ұлытауым” атты өлең жазып әкелген. Бір түн ішінде жергілікті әуесқой композиторымыз Жағыпар Әлімханов сол өлеңге ән жазып, алғаш рет 50-жылдық той сахнасында Ұлытау аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы—Мұрат Абдуалиев тамаша орындады.

1989 жылдың қыркүйегі Ұлытаулық публицист-жауынгер, жазушы-жерлесіміз Баубек Бұлқышев 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тауып, Украина топырағында жерленгені мәлім жәйіт. Сол себептен өзара туысқандық, бауырластық орнаған Днепрпетровск облысының Баубек жерленген селосына ауданнан делегация барып, одан соң ол жақтан делегация келген болатын. Делегацияны Днепродзержинск қаласының бірінші хатшысы басқарып келіп, “Славуч” атты бандуристтердің ән-би ансамбілін ала келген. Украиндық бауырластар Баубектің туған жері-Кішітау баурайындағы Сарлық ауылында да болды. Ұлытау халқының қонақжайлылық пейілдеріне дән риза болған украиндықтар елдеріне кетіп бара жатып алғыстарын жаудыра қош айтысты. Біздер, аудан басшылары: Сабыржан Досанов, Майтон Алпысбаев, Шахман Асансейтов, Шакар Досанова, Гүлбану Сүлейменова және мен сол делегацияны Жезқазған қаласына дейін барып, ұшакқа отырғызып, шығарып салдық.

1990 жылдың 9 ақпаны Жезқазған облыстық “Ұлытау үні” атты фестиваль аясында, Жезқазған қаласындағы Халықтар достығы мен Мәдениеті сарайында, жерлес бабамыз Тайжан Қалмағанбетұлының туғанына 110 жыл толуы атап өтілді. Осы мерейтойға, Көкшетаулық — Үкілі Ыбырай ұрпағы, ақын Тайжанның нағашы жұрты болып келетін белгілі

“халық ақыны” — Көкен Шәкеев, өзінің шәкірті айтыскер — Айтжан Оразбаевамен келіп, Ұлытауда және Тайжан Қалмағанбетұлының кіндік қаны тамған жері— Айыртауда болып қайтты. Мерей той салтанатының айтыс шымылдығын Көкен ағамыз арнаумен ашып, Тайжан ақын жайында естелік айтып, шығармашылық кештің өнін кіргізіп жіберген еді. Көкен ағаның осы сапарында, келгеннен кеткенінше, қасында еріп жүріп, Ұлытау-Айыртауда дәмдес болып, әңгімесіне қанықтым. Мына төмендегі өлең Көкен Шәкеев ағамыздың сол кеште айтқан арнауы еді.

Тайжан ақын тойына

Ұлытау, бас иемін ұлысына,
Қазақтың дем беретін тынысына.
Есіне асыл жанда алып жатыр,
Ризамыз заманың мұнысына.

Саңлағы Сарыарқаның ақын Тайжан,
Бата алған он бесінде Ыбырайдан.
Еншіге нағашыдан өлең алып,
Ұлытау, Көкшетауға атын жайған.
Ақырған арыстандай айтыстарда,
Кездескен ақындары ашса майдан.
Жиенді бүкіл Көкше еркелетіп,
Үлгі алған Ақан, Біржан, Есенбайдан.

Балаған аспандағы жұлдызына,
Балталы, Бағаналы, Қоңырат найман.
Өлмейтін өлең-өмір аңғарғанға,
Нұр түсер көкірегіңе күн мен айдан.

Ру қуып табаққа таласпаймын,
Ұрпаққа тарих болар осындайдан.
Қарауыл, Шөкейұлы, атым Көкен
Демессіздер мені де “келді қайдан”.

Тажекен қазақ жерін аралаған,
Өзінің заманында саналы адам.
Ленинге сол кездерде жыр арнаған,
Байқасақ ең қазақтан самалы адам.
Жыр арнап Қарағанды Қарсақбайға,
Көз салсам жаңа құрылыс, әрбір жайға.
Сергоны Орджоникидзе құрметтеген,
Қазақта дәл осындай ақын қайда.

Арқада арқалы ақын Шеген, болман,
Айтысқан намыстарын бермей қолдан.
Бас иген Тайжекеңнің дарынына,
Дегізбей “аға-бордан, іні – зордан”

Жүз он жас Тайжан ақын мерекесі,
Ақындар басын қосты ел еркесі.
Ескеріп елдің ұлын есіне алса,
Болмайды жақсылықтың ерте-кеші.

Бұл тойды ұрпақтары көзбен көрсе,
Ел болып асылдардың сөзін терсе.
Тарихта өмір-бақи қалар еді,
Бір жерге Тайжан ақын атын берсе.

Ақындардың атынан өтінерім,
Бұл сөзге ел баспысы көңіл бөлсе.
Сауыры Сарыарқаның Жезқазғаным,
Көңілден еш кетпессің өле-өлгенше.

*Көкен Шөкеев,
Қазақстанның халық ақыны,
1990 жыл*

1990 жылдың 18-23 ақпаны Ұлытаудың қақаған сары аязы мен боранды күндерінде әнші Мәдина Ералиева бастап, “Адырна” фольклорлық-этнографиялық ансамбілі гастрольдік сапармен ауданымыздың Аманкелді, Қаракеңгір, Егінді шаруашылықтарында болып, малышыопан, механизатор қауымына концерттер қойды. Осы жылдың мамыр айында республика үкіметі Мәдина Ералиеваға “Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс” атағын берген еді.

1991 жылдың шілде айында Ұлытау ауданы мектептерінің өмірінде, тұңғыш рет №2 Қорғасын орта мектебін 1966 жылы бітірген түлектер, менің класстас-достарым бастама көтеріп, Кездесу кешін ұйымдастырдық. Бұған дейін аудан мектептерін бітіргендердің ешбірі де мұндай іс шара өткізбеген екен. Кездесу кешіміз Шеңбер ауылындағы №2 Қорғасын орта мектебінің қабырғасында өтті. Кезінде бізді оқытқан, тәрбиелеген, сабақ берген, көзі тірі ұстаздарымыз: Құсайын Ибаділдин, Мұбарак Тәжібаев, Сара Ондыбаева, Күлназия Кәрібаева, Махами Жапаров, София Әбді-

Ғалиева, Күлзия Мүсабекова, Шоқан Оспанбеков, Нұрсәли Тасмағанбетов т.б. қатысты. Кеш өте мазмұнды да тартымды өткен сияқты, кезінде Жезқазған облыстық “Дидар” телерадиосы мен облыстық “Сарыарқа” газеттерінде көрініс тауып жазылғаны көпшілікке мәлім. Мектеп түлектері өмірдің ағымымен жан-жаққа тарап кетсе де бірі — Алматы, екіншісі — Ақмола, үшіншісі — Арқалықтан келіп, бас аяғы 85-90 пайызы жиналды.

1992 жылдың 7—8 шілдесі Ұлытаудың егіз қозыдай, қос ұланы Камал Смайылов пен Төрелелді Шармановтың 60 жасқа толу мерей тойы құрметіне “Қаражол” жайлауына ақшаңқай киіз, екі қатар ұзын саны—50 шақты, үйлер тігілді. “Камал ауылы” және “Төрелелді ауылы” деген атаумен әдемі де, сәнді көшеге айналып, келген көпшіліктің көзін тартар жайлауға орналасқан тамаша қазақ ауылының куәсі болдық. Бұл тойға шақырылған қонақтар Алатау мен Атырау, Қаратау ман Алтай не керек, Оңтүстік пен Солтүстік, Батыс — Шығыс облыстардан, қысқасы Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиылған болатын. Камал мен Төрелелді ағаларымыздың достары, шәкірттері, сыйластары қысқасы үш жүздің өкілдері, қазақтың ең маңдай алды зиялы қауымы екендігі даусыз.

1992 жылдың қыркүйек айы. Біздің Қазақстан мемлекеті егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздігін алғаннан соң, шет жерде жүрген қандас бауырларымыздың ата мекенге келуіне жол ашылды. Соның бір айғағы болып табылатыны—қазақтардың құрылтайы ұйымдастырылып, алыс шет елдегі қазақ бауырлардың бастарының қосылуы еді. Осы оқиғаға мен де куәгер болғанымды мақтанышпен еске алып, айналамдағы жандарға әңгімелеуден жалықпаймын. Алматыға шақырылған құрылтайдың алғашқы күндерін Ұлытауға тәу етіп, Түркістандағы Ахмет Яссауи мавзолейін аралаудан бастаған қандас-бауырларды біздің Ұлытау халқы қуанышпен қарсы алды. Сол кезде аудан халқы мен басшыларының қандастарымызды (олар отырған автобус керуенін) “Күміс бұлақ” басынан қымыз-сусын таратып, бауырсақ, құрт-ірімшіктен шашу шашып, ән айтылып, күй тартылып, би биленіп дегендей, күтіп алғанының

куәсі болғанмын. Ауданымыздың ақсакалы-Кәкім Жүнісов, Түркиядан келген қандасымыз, белгілі қайраткер-ғалым... Халифа Алтай атамыздан бата сұрап, ақсарыбас қой шалу рәсімі жасалынды.

Осы сәттен кейін, қонақ-бауырлар аудан орталығы-Ұлытау селосының орталық алаңына беталып, сонда жиналған халықпен салтанатты жағдайда кездесті. Онан соң қандастарымыз отырған автобус керуені, Ұлытаудың күнбатыс жақ беткейінде орналасқан "Нөгербек дарасы" деп аталатын көк шалғынды, табиғаты әсем, бұлағы бар жерге тігілген 30-40 шақты ақшаңқай киіз үйлерге беттеді. Сонымен қатар құрылтайға келген бауырларымыз "Хан Ордасы" мен "Алтын шоқыны" аралап, ата-баба жерімен қауышқан сәттерінде, жата қалып жерді сүйіп, көз жастарын тыйя алмай, уыс-уыс топырақты (арнайы дайындалған, бір ұшында кестеленіп "ҰЛЫТАУ" деп жазылған) орап алып жатқандарын көргенде толқымау мүмкін емес еді. Ұлытауда болған бауырлардың саяхат-сапары одан әрі тарихи ескерткіштер Алашахан, Жошыхан, Домбауылды аралаумен жалғасты. Бұдан кейін, құрылтайға келген делегация өкілдері кешкілік арнайы ұшақпен Алматыға аттанып кетті. Сол ұшақта біз де, Ұлытаудың сол кездегі әкімі — Серік Тілеубаев, мен (ол кезде аудан әкімнің орынбасары болып қызмет ететінмін) және Егінді кеңшарынан апарылған киіз үйге иешілік етіп, қызмет көрсетуге бекітілген кісілер: Мұхтар Бәйменов, Зере Ғазизова, Қоныс Смайылов, Ботакөз Есімсейітова т.б. аудан өнерпаздары: әнші-күйшілер болдық. Шетелден келген қандас бауырлармен қарым-қатынасымыз Алматыдағы жиында және өзіміз апарып тіккен киіз үйлерде де жалғасқан болатын.

1992 жыл, 15-қыркүйек Кезінде әруақты ата-бабаның өз ұрпағының, бүкіл қазақтың басын қосып, елдігімізді, мемлекеттігімізді сақтауға, халықтығымызды бүгінгі күнге жеткізуге ұйытқы болған, ұлы үрдістің куәсі-бұл өңір, тарихи-мәдени мұраға бай, шежіре-сыры тұнып жатқан киелі де қасиетті жер Ұлытауға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұңғыш рет ат басын тіреді. Президенттің "ҚАЗАҚСТАН" деген жазуы бар арнаулы тік-

ұшағы Жезқазған әуежайынан бірден Жошыхан мазарына бет алды.

Нұрсұлтан Назарбаев және оның зайыбы Сара Альпысқызы, сондай-ақ, Республика Премьер Министрінің орынбасарлары—Сыздық Әбішев пен Сергей Кулагин VIII—XIII ғасырлардың тарихи ескерткіші — Жошы және Домбауыл мазарларының салыну ерекшеліктерімен, тарихымен, жүргізіліп жатқан қайта өңдеу жұмыстарының барысымен танысты. Жошы мен Домбауыл ескерткіштерінің ел тарихындағы орны туралы Жезқазған облыстық Тіл басқармасының бастығы Қайырбек Сәдуақасов түсінік беріп еріп жүрді.

Одан соң Президенттің назарын аударған ескерткіш — Алашахан мазары болды. Ол жерде Сарыкеңгір шаруашылығының директоры — Әбілжан Сүлейменов пен ауылдық Кеңестің төрайымы Зағира Хамитбекова бір топ ауыл өкілдерімен Мемлекет басшысын салтанатты жағдайда қарсы алды.

Сонан соң Елбасы қазақ елінің тарихында елеулі орны бар ХАН ОРДАСЫНА келді. Едіге, Тоқтамыс, Абылай ту тігіп, хан тағын көтерген осы тарихи орында Аманкелді атындағы совхоздың өкілдері: Сабыр Қыдырманов, Жақыпбек Дайыров, Қазинаш Тоқпанбетовлар қарсы алды. Бұл жолы жоғарыда аталған тарихи орындар жөнінде облыс әкімінің орынбасары— Әлихан Бәйменов Ел басы мен оның жанына ерген сапарластарына толық әңгімелеп берді. Хан ордада тігілген хан шатырына кірген Президент Нұрсұлтан Назарбаев ақ кигіз төселген хан тағына отырғызу ырымдалды. Елбасының үстіне хан шапаны жабылып, қолына хан таяғы ұстатылды. Одан кейін ауданның ақсақалы — Ахмет Арыстанов Президентке мына мазмұнда бата берді.

Ассалаумағалейкум, аяулы халқым менің!
Ассалаумағалейкум асыл туған перзентіміз,
Мәртебелі Президентіміз, Нұрсұлтан балам!

Ер көгерер деген бар,
Үлкендерден бата алған.
Жер көгерер деген бар,
Жаңбырменен қашаннан.
Алмағайып заманда,

Маңдайға біткен бағымыз.
Қасиетті ордада,
Тілекті қабыл алыңыз.
Тасымыз өрге домалап,
Тәуелсіз болған шағымыз,
Елдіктің туы асқақатап,
Тұғырлы болсын тағыңыз!
Еліміз сенген биліктің,
Тізгінін мықтап алыңыз.
Тарихи таңдау тұсында
Көш бастап шырақ жағыңыз!
Тірліктің жалғыз шарты сол-
Бірлікті сақтап бағыңыз,
Арман болған ақ жолда
Сізбенен бірге жанымыз!

Қайда жүрсең есен бол,
Мүдірмейтін шешен бол,
Қиыннан қисын табатын
Заманнан озған көсем бол!
Қияға құлаш сермейтін бол,
Басқаға тізгін бермейтін бол!
Беделмен өлем таныған,
Халқынмен бірге өрлейтін бол!

Қадамың құтты болсын, Тұғырың мықты болсын!
Алдағың аянды болсын, Бақытың баянды болсын!
Бар жаһанның иесі, Қарт Ұлытау киесі қолдай

берсін, әумин!

1992 жылдың қыркүйек айы. Біздің Қазақстан мемлекеті егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздігін алғаннан соң шет жерде жүрген қандас бауырларымыздың ата мекенге келуіне жол ашылды. Соның бір айғағы болып табылатыны-қазақтардың құрылтайы ұйымдастырылып, алыс шет елдегі қазақ бауырлардың бастарының қосылуы еді. Осы оқиғаға мен де куәгер болғанымды мақтанышпен еске алып, айналамдағы жандарға әңгімелеуден жалықпаймын. Алматыға шақырылған құрылтайдың алғашқы күндерін Ұлытауға тәу етіп, Түркістандағы Ахмет Яссауи мавзолейін аралаудан бастаған қандас-бауырларды біздің Ұлытау халқы қуанышпен қарсы алды. Сол кезде аудан халқы мен басшыларының қандастарымызды (олар отырған автобус керуенін) “Күміс бұлақ” басынан қымыз-сусын тара-

тып, бауырсақ, құрт-ірімшіктен шашу шашып, ән айтылып, күй тартылып, би биленіп дегендей, күтіп алғанының куәсі болғанмын. Ауданымыздың (Шеңбер ауылынан келген) ақсақалы-Кәкім Жүнісов, Түркиядан келген қандасымыз, белгілі қайраткер — ғалым Халиф Алтай атамыздан бата сұрап, ақсарыбас қой шалу рәсімі жасалынды.

Осы сәттен кейін, қонақ-бауырлар аудан орталығы-Ұлытау селосының орталық алаңына беталып, сонда жиналған халықпен салтанатты жағдайда кездесті. Онан соң қандастарымыз отырған автобус керуені, Ұлытаудың күнбатыс жақ беткейінде орналасқан “Нөгербек дарасы” деп аталатын көк шалғынды, табиғаты әсем, бұлағы бар жерге тігілген 30-40 шақты ақшанқай киіз үйлерге беттеді. Сонымен қатар құрылтайға келген бауырларымыз “Хан Ордасы” мен “Алтын шоқыны” аралап, ата-баба жерімен қауышқан сәттерінде, жата қалып жерді сүйіп, көз жастарын тыйя алмай, уыс-уыс топырақты (арнайы дайындалған, бірұшында кестеленіп “ҰЛЫТАУ” деп жазылған) орап алып жатқандарын көргенде толқымау мүмкін емес еді. Ұлытауда болған бауырлардың саяхат-сапары одан әрі тарихи ескерткіштер Алашахан, Жошыхан, Домбауылды аралаумен жалғасты. Бұдан кейін, құрылтайға келген делегация өкілдері кешкілік арнайы ұшақпен Алматыға аттанып кетті. Сол ұшақта біз де, Ұлытаудың сол кездегі әкімі — Серік Тілеубаев, мен (ол кезде аудан әкімнің орынбасары болып қызмет ететінмін) және Егінді кеңшарынан апарылған киіз үйге иешілік етіп, қызмет көрсетуге бекітілген кісілер: Мұхтар Бәйменов, Зере Ғазизова, Қоныс Смайылов, Ботакөз Есімсейітова т.б. аудан өнерпаздары: әнші-күйшілер болдық. Шетелден келген қандас бауырлармен қарым-қатынасымыз Алматыдағы жиында және өзіміз апарып тіккен киіз үйлерде де жалғасқан болатын.

1993 жылдың қазан айы. Аудан орталығы Ұлытау селосында Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың достығының символы-ескерткіш бой көтерді. Баубек пен Мұқанның туған жерлері қатар жатыр. Баубек туған Сарлық пен Мұқан туған Қызылүйдің арасында Қосшоқы тұр, сол Қосшоқыдан Кененбай

тоғанына дейін созылған қырлар сілемі бар. Жазық даланың ортасында көгілдір Ұлытаудың қос інісі секілді сол екі қоңыр шоқыны көргенде, маған әрдайым осы кең жазық даланың екі тамаша ұлын, мақтаныш перзентін көргендей сезім ұялайды. Кең даланың төсінде, еркін жел құшағында, көгілдір аспан астында туған, Ұлытау баурайында өскен екі азамат ауылдың ұлы болып туып, халқының ұлдары бола білді емес пе? Мұқан Иманжанов пен Баубек Бұлқышевтың достығы тек бір ауылда туып, бір класта оқып (бір ауылда туып, бір класта оқыған балалар көп қой), бірге өскендіктен ғана дос емес еді. Ол болашаққа арманның бірлігінен, өмірге ұмтылыстың ұқсастығынан, ой-пікірдің, дүниеге көзқарастың түйіскенінен туған, шыныққан нағыз достық болатын. Баубек пен Мұқан, екеуі де Ұлытау саясында туып, Алатау аясында тамаша жазушы азаматтар болып қалыптасты.

1997 жылдың 19–21 мамыры. Алматы қаласына Жезқазған облысының дарынды-оқушы балаларын Республика Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен кездесуге бастап апардым. “Горное солнце” лагеріне орналастық. Республика бойынша 200-дей дарынды оқушылар жиналды. Мамыр айының басында біздің Жезқазған облысымыз жабылып, Қарағандыға қосылсақ та, сол кездегі облыстық білім Департаментінің бастығы – Қайыржан Рақымжанұлы Мәдиев жігерлі басшы, білім саласының нағыз жанашыры дәлеліндей бес оқушыны кездесуге апаруды маған жүктеді. Олар: Медетов Рүстем (осы жылы математика пәні бойынша халықаралық Олимпиадада Алтын медаль алған), Битенов Ануар (физика пәнінен Халықаралық Олимпиада жүлдегері) – екеуі де Жезқазғандағы қазақ-түрік лицейінің 11-сыныбын бітіріп жатқан түлектер болатын. Қалған үш дарынды оқушы Балхаш пен Сәтбаев қалалары мен Ағадыр ауданынан еді. Дарынды балалардың Президентпен кездесуі өте тамаша ұйымдастырылып, сәтті өтті. Көптеген қоғам қайраткерлері, өнер саңлақтарлары, спортшы, ақын-жазушылар қатысып, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген дарынды-оқушыларымызбен дастархандас болды. Ел Басымен ескерткіш суретке түсіп, ашық жарқын әңгіме-дүкен

құрып, балалар көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, жауаптар алды. Бізден барған оқушы Рүстем Медетовтың қойған сұрағына Нұрсұлтан Әбішұлы өте риза болды. Кездесу бейнетаспаға түсіріліп бір-бірден ескерткіш ретінде таратылып берілді. Біздің Жезқазғаннан келген делегация құрамының дастарханында ақын-Тұманбай Молдағалиев пен Білім Министрлігінің сол жылдардағы Департамент қызметкерлерімен бірге отырып дәмдес болдық. Кездесуді басынан аяғына дейін Нұрлан Өнербаев пен Светлана Кокавинец жүргізіп, Жәния Әубәкірова, Айман Мұсаходжаева, Роза Рымбаева, Секен Тұрысбеков т.б. қазақ өнерінің майталмандары концерт берді. Бұл жолы менің өз басымның, Нұрсұлтан Назарбаев пен Сара Алпысқызымен 1992 жылы Ұлытауда жақын жүздесіп, Хан Ордасы мен үш жүздің бірлігін бейнелейтін белгі тас қойылған төбеде өткен жиыннан кейінгі екінші кездесуім еді. Ел басымен көдімгідей қол алысып сәлемдесіп, ол кісінің “Ұлытау қалай?” деп сұрағанына (қаншама ел-жер аралап жүрсе де) Ұлытаудың мен сияқты кішігірім азаматтары есінде қалғанына өте риза болғанымды айтып жеткізуге сөз таба алар емеспін.

2005 жылдың 15 қыркүйегі. Қасиетті қарт Ұлытау баурайында Қазақстан Мемлекетінің тұтастығы мен халықтары бірлігінің нышаны Монументінің ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Бұл салтанатқа Астанадан зиялы қауым өкілдері, танымал қоғам қайраткерлері-азаматтар: Әбіш Кекілбаев, Оралбай Әбдікәрімов, Мырзатай Жолдасбеков, Фариза Оңғарсынова, Қамза Жұмабеков, Кәкімбек Салықов, Қажымұрат Нағыманов, Мұханбет Көпеев, Қойшығара Салғарин, Әкім Тарази, Ақселеу Сейдімбек, Еркеғали Рахмадиевтер келді.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Ертеректе өз басым жоғары лауазымды қызметке ұсынылғанымда, бекуге барғанымда, облыстық партия комитеті мен Совет атқару комитетінің мүшелері алдында болып әңгімелесуден өткенімде, бюро мүшелері

мен партия комитетінің хатшылары “орысшаға қалайсың?” деген сұрақ бергеніне куәмін. Ал қазіргі уақытта, өз қолымыз өз аузымызға жеткен кезеңде, әсіресе мемлекеттік қызметке келушілерден неге “қазақша білесің бе, оқып-жаза аласың ба, сөйлейсің бе?” деп неге сұралмайды.

— Мемлекеттік тілде, өз ана тілің-қазақ тілінде сөйлеу, жазу және ойлай білу деген керемет емес пе?

— Тілді білу бар да, оқу бар, меңгеру бар. Менің ойымша, бүгінгі таңда мемлекеттік тілге бет бұрыс бар болғанымен, оны мойындау жоқ. Қазақ тілінің қажеттілігін арттыру ісі өте төмен дәрежеде. Осындай жәйттер мені қатты қынжылтады.

— Меніңше өзін-өзі құрметтейтін әрбір Қазақстан азаматы, қазақ халқы мен қазақ тілін де құрметтеуі тиіс. Сонда ғана ана тіліміздің көсегесі көгеріп, мәртебесі жоғарылайтындығына еш күмәнім жоқ.

— Еш жасырын сыр емес, біздің елден өз тарихи отандарына кетіп жатқандарды, әсіресе Германия өз еліне апарғанда да туған тілін (осы жерде-ақ оқытым) білгізін апарады емес пе?

— Ал Ресей Президентінің мінбелерден айтып жүрген “орыс тілін білмесең азаматтық бермейміз” дейтін талабын кім білмейді, тамаша ғой?!

— Кей-кейде отырып мынадай жәйттерге қайран қаламын. Біріншіден, мемлекеттік қызметтегі жоғары лауазымды қазақ ұлтының азаматтары: “мен қазақша сөйлей бастадым, қазақ тілін оқып үйреніп жүрмін” деп үлкен мінбелерден жариялап жатады. Екіншіден, сол азаматтардың “қазақ тілін оқып үйренуге қаржы бөлгізін, курстар ұйымдастыруды қолға алдық”, - деп даурығып жататындықтарына. Өзі қазақ азаматы бола тұра ана тілін білуге міндетті емес пе, соны неге түсінбейді екен бұл пақырлар?!...

— Біле білген адамға мемлекеттік тіл - патриотизммен де тығыз байланысты ұғым емес пе? Қазақ жерін, Қазақстан елін шын сүйетін азамат (ұлтына, нәсіліне қарамай) қазақ тілін де сүйеге, білуге міндетті дер едім...

— Халық даналығында айтылғандай: “Өзіңді өзін жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін..” деп, мейлі

балдыр батпақ болса да, ең әуелі өзімізбен өзіміз ананың сүтімен бойға дарыған АНА тілінде сөйлесейік. Сенікі бала болғанда, менікі балшық болып па демекші, өзгенің тілі тіл болғанда біздің “толғауы тоқсан- қызыл тіл” қазақ тіліміз “тіккенек” емес шығар... деп ойламын кейде.

— Менің өз ойымша, мемлекеттік тіл-қазақ тілінің мүшкіл халде болуы өзіміздің намысымыздың жоқтығынан. Әсіресе, азаматтық намысымыз бен ұлтымызға деген сүйіспеншілігіміз жетпей жатқан сияқты. Намыссыздық, өз тіліне өзінің жаны ашымауы, осы бізді құртатын кесел. Менің бір білетінім, қазақ азаматы ретінде ана тіліміз асқақ болуы үшін, өзіміз жанталаспасақ ештеңе өнбейді.

Сонау жылдары Ғабит Мүсірепов ағамыз айтқан екен: “Халықтан, халықтың әдебиетінен, тілінен үлкен ешкім жоқ” деп. Оның арғы жағында, қазақ тілінің реформаторы, қазақ тілі ғылымын дамытқан ұлы ғалым, АНА тіліміздің АТАСЫ — Ахмет Байтұрсынов “Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады” деп айтып кеткен.

Қорыта келгенде, осы ой-пікірлерді әрбір қазақ азаматы есте ұстаса “нұр үстіне нұр” болар еді.

* * *

Зейнеткерлік хақында. Ұлы Отан соғысы кезінде жауға қарсы кеудесін оққа тосқандар бүгін де саусақпен санарлықтай болып барады. Қазіргі уақытта жасы 80-85-ке жеткендері ғана, бүгінгі күннің рахат-қызығын қал қадірлерінше көріп отыр.

Еңбек етіп жүрген жандардың, орташа есеппен алғандағы, өмір сүру жасы 55—60-тан аспайтыны анық. Мұны арнайы ғылыми тұрғыдан зерттеп, анықтаса да болады дер едім. Осыларды сараптай келе, зейнеткерлікке шығу жасын қайра қарау қажет-ақ деген ой көп мазалайды. Ер адамдардың жасы 60-тан аспай жатса зейнеткерлікке шықты не, шықпады не?

... Бала туып, еңбек етіп, оған қосымша экология-

лық зардаптары мол ортада өмір сүріп жатқан аналардың жасы да ұзаққа бармасы айқын жәйіт емес пе? Ендеше Қазақстанда тұратын барша халықтың өмір жасын ұзартатын тұрмыстық жағдай жасап, сонымен бірге зейнеткерлікке шығу жасты қайта қарау қажеттілігін өмірдің өзі-ақ дәлелдеп, көрсетіп беріп отырған жоқ па? Бұл жөнінде Үкімет пен халық қалаулылары ой қорытып, шешім қабылдайтын мезгіл де жетті ғой.

* * *

Қазақ жастарының жөй-күйі алаңдатпай қоймайды. “Еліміз егемендігін алды, тәуелсіздікке қол жеткіздік” деп бөрікімізді аспанға лақтыра, мәз-мәйрам күй кешіп жатқанымызға да 17—18 жылға аяқ басты. Менің айтпақ жөйім, бүгінгі егемен, еркін елде өмір сүріп жатқан қазақ жастарының мәдениет, әдебиет, өнер, білім ғылым жолындағы қадамдары мен іс әрекеттері жөнінде болмақ. “Жастарымыз еліміздің болашағы” деген ұран сөзді аузымызға жиі аламыз. Бүгінгі тәуелсіздік пен егемендікті өрмен қарай нығайтып, берік ұстап тұратын да, дамытатын да осы жастар екені даусыз. “Заманың түлкі болса, тазы боп шап” демекші қазіргі жастарымыз нарық заманында өмір сүріп жатырмыз, бұл заманның басты мақсаты ақшалы болу, бай болу деген сияқты бір жақты, жалаң ой-пікірмен қоректеніп жүрген жоқ па? Оқу, білім, өнер, ғылым дегендерді екінші кезекке қойып, қалай да көптеп ақша табу, баю жолдарын ойлап, кәсіпкерлікпен шұғылданғанның жөні осы екен деп қарақшылық, кісі тонау, кісі өлтіруге (нашақорлық жолға түсу жөйін айтпағанның өзінде) бару сияқты келеңсіз іс-әрекеттерге барып жатқан жоқ па? Жастардың көркем әдеби кітаптар оқу, мәдениет ошақтарына бару (кино, спектакль, әдеби-мәдени кештерге қатысу деңгейлерін айтамын да...), ғылымға бетбұрыстары алаңдатпай қоймайды. Мүмкін менің Кеңестік және компартиялық жүйеде тәрбиеленіп ойлауымнан ба? Әйтеуір

қазақ жастары алдыңғы қатарлы, дамыған елдердің жастарындай өмірден өз орындарын тауып, тәуелсіз мемлекетіміз— Қазақстанды алға апарушы, егемендігімізді нығайту жолында нәтижелі іс атқарушы болса деген ниет.

Менің саналы өмірімнің басым көпшілігі жұмыспен, оның ішінде көпшілікпен, қайнаған қызу халықпен және жастармен араласта өтті. Сонда көзбен көріп, байқап аңғарғанымды сараласам, талдасам осы ойлар оралады.

ҚОЛТАҢБАЛАР – СЫЙЛАСТЫҚТЫҢ КҮӘСІ

Менің осы жасаған өмірімде өзара сыйлас, сырлас, достық қарым-қатынаста болған жандарым біршама баршылық. Бұл кісілердің шығармаларын іздеп жүріп оқимын, сатып аламын, үйімдегі жеке кітапханамнан өзіндік орын алған авторларым екендігін әр кез мақтан етемін

Қамза Жұмабеков — қоғам қайраткері, ғалым, ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты, ұзақ жылдар (1972-1988ж.ж.) бойы Жезқазған облыстық атқару комитеті төрағасы қызметінде болған азамат.

Қадірлі Рақыш Нашкенқызы! Алғаш ұйымдастырылған кезінен қызмет атқарған Жезқазған облысының еске алып, осы бір шағын еңбегімді өзіңізге ұсынамын. Ағалық ниетпен Қамза Бижанұлы.

“Бақытты аймақ” кітабында

* * *

Айналайын Рақыш! Отбасың аман болып, бақытың өссін. Берекелі болып,наның өссін. Ақ ниетті тілекпен ағаң Қамза Бижанұлы.

1995 жылдың 4 желтоқсаны
“Адамды заман билейді” кітабына жазылған

* * *

Қадірлі қарындасым Рақыш Нәшкенқызы! Оқу-білім, мәдениет салаларына еңбегіңіз сіңіп, еліміздің құрметіне бөленіп, халқымыздың жүрегінен орын алған Сізге осы кітабымды сыйладым. Отбасың аман болып, тілеген

жақсылықтың орындалсын. Ағалық ниетпен Қамза Бижанұлы.

2003 жылдың 7- тамызы
“Ісің ізіңмен қалады” кітабына жазыпты

* * *

Қалтай Мұхаметжанов — Қазақстанның халық жазушысы, белгілі қаламгер-драматург

Қадірлі Рақыш қарындасыма бақыт-береке, ұзақ ғұмыр тілеймін.

28.05.1993 ж.
Бауырым Рақышқа. Ата-бабаларыңның шежіресі
29 қараша 1993 жыл Алматы

* * *

Шерхан Мұртаза — Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері

Рақышқа ағалық естелік ретінде.

1990 жылдың 6 —наурызы
“Жұлдыз көпір” кітабында

* * *

Жазушы ағаларына рақымы мол, бауырмал, қадірлі қарындас Рақыш ғұмыр бойы бақытты бол. Рақыш қарындасыма құрметпен.

1998 жылдың 23 желтоқсаны
“Қызыл жебе” және
“Елім, саған айтам, Елбасы сен де тыңда”
деген кітаптарына жазған

* * *

Камал Смайылов — танымал қоғам қайраткері, жазушы, журналист, Ұлытаудың гумасы.

Қадірлі қарындас, қайраткер Рақышқа

1992 жылдың 7-шілдесі

* * *

Сонау жас кезінен идеология, мәдениет, тәрбие саласында жемісті жұмыс істеп жүрген Рақышқа көп табыс, қуаныш тілеймін.

1998 жылдың 29- желтоқсаны
“Елім, саған айтам, Елбасы сен де тыңда”
кітабына жазған

* * *

Кәкімбек Салықов – белгілі қоғам қайраткері, ақын.

Қарындасым Рақышқа! Ағалық ақ тілекпен сыйға тарттым.

1999 жылдың 5-қаңтары
“Көкжиекке тартқан көш” кітабынан

* * *

Қалқам Рақыш! Өмірің әндей сұлу болсын.

2005 жылдың 14-шілдесі
“Отырар сазы” кітабында жазылған

* * *

Фарица Оңғарсынова – Қазақстанның халық жазушысы, қайраткер, ақын.

*Құрметті Рахыш сіңілімізге! Ең жақсы тілектермен.
Фарица.*

1979 жылдың желтоқсаны, Алматы
“Сенің махаббатың”
кітабында жазылыпты

* * *

*Дорогой Рахыш, с чувством глубокого уважения. Фарица
апай.*

20.08.1989 года
Книга “Гончая птица”

* * *

*Қымбатты сіңілім Рахышқа ылғи жақсылық тілеймін.
Фариза апай.*

Рахышқа, әдемі жарасты ғұмыр тілеймін. Фариза ана.

1989 жылдың тамыз айы.

Ұлытау 50 жылдық салтанаты.
“Дауа”, “Жүрек күнделігі” кітаптарында

* * *

*Қарғам Рахыш, аман жүр, сенің амандығың керек бізге.
Тілекші—Фариза ана*

2002 жылдың 7-маусымы

“Қыз ғұмыр” кітабына жазған екен

* * *

*Рақыш, саған деген ықыласымды өзің туралы жазған
мақаламда жазғанмы. Әлі де сол пейілдемін. Фариза апай.*

2004 жылдың 15-қыркүйегі

“Сөзімді тыңда, биліктім”

кітабына жазған

* * *

*Асқар Сүлейменов — Қазақстанның мемлекеттік
сыйлығының иегері, жазушы, белгілі әдебиетші*

*Бауырым Рақышқа, ой көзіңнен айналайын сол. Асқар
Сүлейменов*

2002 жылдың 23-қарашасы

“Адасқақ” кітабына жазып берген

* * *

*Разия Үрістембекова—ғалым, филология ғылымының
кандидаты*

Қымбатты сіңілім Рақышқа! Маңдай терін, жанын аямай

ағасының (Мұқан Иманжанов) тойына ат салысқанына
үлкен ризашылық көңілден. Автор

1991 жылдың 1-тамызы
“Қазіргі қазақ әңгімелері” кітабында

* * *

Жұмағали Наурызбай — ғалым, ғылым докторы, академик,
профессор, қайраткер-ақын

Жанашыр қарындас, әрі әріптес Рақышқа үлкен құрметпен — автор

1998 жылдың 9-наурызы
“Этнокультурное образование” кітабы

* * *

*Өлеңді ақыннан кем түсінбейтін, өнердің нарқын білетін
Рақыш Нәшкенқызына үлкен ізетпен. Автор*

2006 жылдың 6-мамыры
“Күз көңіл” кітабына
жазған қолтаңба

* * *

Жүрсін Ерман — ақын, Мұқағали Мақатаев атындағы
сыйлықтың иегері.

Қадірлі Рақыш !Өздерің (Бақытжамал екеуің) Ұлытаудың ұланы болғанға қалай мақтансаңдар, мен де өзімнің сол өңірдің суын ішіп өскенімді мәртебе көрем. Елдің сөзін сөйлеп, сол елдің мерейі деп шыр-пырың шығып жүретін өзіңе Ұлытаудай киелі таудың қасиеті жар болсын. Дүние тұрғанша тұр. Автор

1991 жылқы жылының 8-наурызы.
“Ұлытауға бардың ба?”
кітабына жазып берген

* * *

Сейіт Кенжеахметов — этнограф-ғалым

Ұлытаудың ұлағатты қызы Рақышқа бақыт денсаулық,
абырой тілеймін.

1992 жылдың 13-наурызы

* * *

Қуаныш Ахметов—танымал ақын, жазушы, журналист

Замандасым Рақышқа! Ұлытау шыңдарынан қаққан
қанатың Жезқазған жерінде де талмасын, мықты денсаулық
тілеймін.

Автор 08.02.2001

* * *

Рақышқа тілектес көңілден ұсындым.

2002 жылдың 15-наурызы

* * *

Қадірлі Рақышқа! “Ұлытау қызына” ауылы жайлы
еңбегімді адал жүректен сыйладым.

2003 жылдың 27-тамызы

* * *

Рақышқа! Жемісті еңбегің жетпіске жеткенше үзілмесін
деген тілекпен.

2004 жылдың 10-қазаны
“Кенесары хан ұлытау өңірінде”,
“Ұлы даланың Ұлытауы”,
“Ұлытау” атты кітаптарында

* * *

Иген Хасенұлы —әдебиетші, жазушы

Қаршыға қарындасым Рақышқа. Автор

“Тобылғылы дала толғауы”
кітабында, 2002 жыл

* * *

Жеңіс Қашқынов — белгілі ақын

Рақыш қарындасыма ағасы автордан — Жеңіс.

2002 жылдың 19-шілдесі
“Алыптар мен Арыстар” кітабында

* * *

Сапарғали Омарбеков — профессор, академик, филология ғылымының докторы

Қадірлі қарындасым, ер азаматтың үлкен жұмысын ел ағасы боп атқарып отырған, Рақышқа абыройыңа тілектес ағаң Сапарғали.

1993 жылдың 8-маусымы
“География фонетических различий
казахской речи” еңбегінде

* * *

Айгүл Исмакова — ғалым, филология ғылымының докторы

“Ұлытау қызы” — Рақыш апайыма, Мәдина туралы лебізімен “Жас Алашты” тебіrentкен замандасыма, ақ ниетпен.

2001 жылдың 16-мамыры
“Казахская художественная проза”
кітабына қойылған қолтаңбасы

* * *

Ғалым Жайлыбай — танымал ақын, журналист, Алаш сыйлығының иегері.

Қадірлі Рақыш апай! Сізге осы кітабымды туысқандық, достық көңілмен ұсынамын. Өміріңізге өлеңдей сұлулық, үйлесім тілеймін. Ұлтымыздың болмысы Ұлытаудың

ұлылығын бір басыңызға сыйғызып жүргеніңізге ризамын.
Інілік ізетпен—автор.

Алматы, 2002 жылдың қаңтары
“Құс қанаты” жыр
жинағы кітабына жазылған

* * *

Кәмила Құдабаева — танымал жазушы-журналист.

Қымбатты Рахыш! “Достықтың төлеуі — достық” дейді
екен халық. Сенің достық көңіліңе менің жауабым сондай
жоғары, биік, жақсы ниет-тілек болса керек. Бақытты
болуыңа тілектеспін...

К.Құдабаева 23.04.1976
“Қызыл көйлекті қыз” өңгімесі
“Жалын” журналының 1974 жылғы №3 саны

* * *

Жанының пәктігі үшін өзім жақсы көретін Рахышқа
ескерткіш.

К.Құдабаева
1993 жылдың 24-қыркүйегі
“Рақмет саған ұстазым” атты кітап,
Қарақалпақ тілінен аударылған екен
(аударған Кәмила Құдабаева)

* * *

Әлия Бөпежанова — белгілі театр сыншысы, қаламгер

Қадірлі Рақышқа! Терең ілтипатпен. Автор

* * *

Әсма Асқарқызы Сүлейменова мен Әлия Бөпежановадан

Қадірлі Рақышқа! Терең ықыласпен ұсынамыз.

2001 жылдың 13-желтоқсаны
“Болмыспен бетпе-бет” атты Асқар
Сүлейменовтың
жазбаларынан жинақталған кітап

* * *

Тоғанбай-қажы Құлманұлы — Жезқазғандық журналист.

Қадірлі Рақыш Нәшкенқызына! Ұлытау өңіріндегі ата-баба өңгімесі негізінде жазылған еңбегімді тарту етемін.

2001 жылдың 21 қарашасы
“Жыр түйғыны” кітабы

* * *

Нұрперзент Домбай—ақын, журналист

Ардақты да аяулы Рахаңа, сыйлас күндерімізден ескерткіш болсын. Автор—Нұрперзент

2003 жылдың 19-маусымы
“Ел басы және Ел”
кітабына жазып берген

* * *

Зулпа Чумакова — жазушы, ақын, Қазақстанға еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.

Рахыш Нашкеновне! Желаю вечной молодости и удачи во всех начинаниях. Да хранит Вас Аллах. Автор—Зулпа Суньяновна

2004 жылдың 6-наурызы
“Далектика души” кітабы

* * *

Идрисовой Рахыш! Пусть судьба щедро наградит тебя за доброе сердце, оградит от всех бед. Желаю удачи во всем.
Автор

2004 жылдың 20-желтоқсаны
“Иволга” кітабына жазыпты

* * *

Қалас Жамалов—ғалым, ғылым докторы

Рахаңа үлкен құрметпен және ізгі ниетпен ұсынамын.
Автор

2003 жылдың 30-қарашасы
“Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік тағылымы”
кітабына жазылған

* * *

Сағындық Қожамсейітов —қоғам қайраткері, журналист,
ұлығтаулық.

Қарындасым Рақыш! Бір ауылда туып, аралас —құралас өмір сүріп жатырмыз. Бір-бірімізге тілектес адамдармыз, қашан да өзара сыйластық, құрметтеуде қылаутүскен жоқ. Сондықтан да осы кітапты өзіңе шын ниетпен ұсынамын.

“Мұратымыз: жер, ниет, ар тазалығы”
кітабында
2004 жылдың 23-наурызы

* * *

Аппаз Қаражігітов — Жезқазғандық-жерлес, белгілі
жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Қасиетті қарындасым Рақа! Атыңды еркелетіп, жақсы пейілмен зор бақыт тілей отырып, осы еңбегімді өзіңе тартуға ұсынамын.

Ағаң автордан 1994 жылдың 20-сәуірі
“Майқоңыр” кітабында жазылыпты

* * *

Қадірменді Рақышқа!

*Ұлытаудың ұлар құсындай,
Ұмытылмас қиял құсымдай.
Мәңгілік менен көңілден кетпе,
Қиялым болып қала бер көкте.*

**Мұса Тілеуов — Ақын, ауылдас, мектептес дос.
“Думаным ұласып ғасырға” атты жыр кітабы
Сәтбаев қаласы, 2002 жылдың 22-қарашасы**

АРНАУЛАР

Қарындасым Рақышқа!

Теңеу сөзді таппадым саған айтуға,
Мен үшін келдің халімді біліп қайтуға.
Жүрегің қалқам, ғажап-ау төңірім жаратқан,
Аялап өтсін өмірде сені бар тума.
Бақ құсы сенің төбенді ұшып торласын,
Намысың болсын, арың болсын жолдасың.
Кішкентай ғана бозторғайдай құлыным,
Бабамның сені әруағы қолдасын.

Ағаң— Жаңабай ӘБУСАҒЫҚОЖАҰЛЫ
Астана қаласы, аурухана бөлмесі
2005 жылдың 17 желтоқсаны

Қарындастарым Сарқыт пен Рақышқа!

Салынбайын десем де қайғы мұңға,
Тағдыр мені салып тұр қатал сынға.
Жазуы бір алланың осы шығар,
Кім қарсы тұра алады ажал “сұмға”.

Сарқыт-Рақышпенен бауырларым,
Жаныма батса дағы ауырғаным.
Жан дүнием жәй тапқандай болды менің,
Сезгенде мені іздейтін бауыр барын.

Рахмет айналайын қарындастарым,
Жарасып бірге ұшқан қарлығаштарым.
Бақ берсін бастарыңа хақ тағалам,
Тіршілік деген осы, бір “қас қағым”

Ат байландар жақсылықтың басына,
Жоламаңдар жамандықтың қасына.

Ар намысқа табыныңдар өр қашан,
Жаны таза адам деген осы да.

*Жаңабай ӘБУСАҒЫҚОЖА ҰЛЫ,
Астана қаласы, аурухана
2007 жылдың 9 мамыры*

Рақышқа!

Қашан да маған мәлім адал жаның,
Асықтың алғы күнге алаңдадың,
Арманың тыншу бермей жүрегіңе,
Жастығың алау болып жағар жалын.
Тілемеймін мен саған тапшылықты,
Тілеймін жарқын күлген жақсылықты.

Рақышым, ақылды жан, тілектесім,
Аларсың еске талай жыл өткесін,
Ақкөңіл жаныңменен, барыңменен
Қашан да қайда жүрсем жүректесін.

*Марфуға АЙТҚОЖИНА – белгілі ақын.
1979 жылдың 17- ақпаны*

Қымбатты Рахыш-апай!

Сағынышын өнге қосып, құс та келер алыстан,
Кең даланы күйге бөлер тай құлындар жарысқан.
Көп кешікпей қызғалдақтар бой қылтитып қалар-ау,
Көктем-таяу, шегінді қыс қабағынана қар ұшқан.
Сол көктемнің хабаршысы – арулардың мейрамы,
Анық оның бөрімізге тек қуаныш сыйлары.
Тілеймін мен осы күні аппақ адал көңілмен,
Аналар мен арулардың мұнсыз болғай дидары.
Кейбіреудей жүрген жоқсыз күнкөріс пен нан үшін,
Жоғары ұстап жүрген жансыз қазағымның намысын.
Денсаулығыңыз мықты болып (басты байлық – денсаулық)
Жемісті боп, еңбегіңіз, ел-жұрттымыз танысын!

* * *

Ардақты Рахыш Нәшкенқызына!
Көңілі аппақ қар жамылған даланы,
Сезімі пәк бейкүнә жас баладай,

Гауһар тастай сан қырымен жаркылдап,
Жүрген жансыз ортамызда аңқылдап.
Күллі қазақ басын иген киелі,
Тауда туған, тау қызысыз,
Сізді жаным сүйеді,
Құтты болсын жаңа ғасыр—XXI
Жыр арнайын, тілек айтып жылма-жыл

*З.ӘМІРҚЫЗЫ, журналист
2000 жылдың 31-желтоқсаны*

Қымбатты Рақыш Нәшкенқызы!


Жаның сырлы, нұрлы арал,
Фариза айтқан бір қызсың...
Халқыңа сүйкімді жез марал,
Ұлытаудың жұлдызысың.
Жаныңды жақсы түсінген,
Інің боп мәңгі қалаайын,
Азаматтық әрбір ісіңнен,
Өмірлік үлгі алайын!
Ерден де қымбат бағаңыз,
“Ұлытау қызы”, тау мүсін,
Эдельвейс сияқты бас ием,
Бас ием Сіздей қыз үшін!

Қадірлі Рақыш Нәшкенқызы!

Өршілдіктен жаралған қаны жаны,
Ұлытаудың қызысың танымалы,
Дархандық пен кеңдіктің белгісіндей,
Өмірің маздай берсін мағыналы.

Туған елінің мерейін көкке өрлеткен,
Жұлдыздай болып жанады бағаң әлі,
Кісіліктің қадірін тани білген,
Қүдіретіне бұл інің табынады.

*Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫ, журналист.
Жезқазған—2001 жыл*



Мәкеш Аманқызы



Сарқыт, Ережеп



Света, Багила, Райхан



Асылбек пен Жұпар немересі Алмаспен



Шакар, Гүлмаржан, Зура



Бақытжамал, Тамара, Рахыш



Сәлияш, Рахыш



Ұлытауда өткен мектеп оқушыларының «ақындар айтысында», облыстық Білім департаментінің басшысы Қайыржан Мәдиев сыйлық тапсыруда. 1990 ж.



Насихатшылардың аудандық слетінде баяндама жасап тұрған Рахыш. Ұлытау, 1984 ж.



Наурыз мейрамының дастарханы, мерекелік киіз үйдің ішкі көрінісі.



Жерлес студенттер кездесіп қалыппыз... Отырғандар (солдан оңға қарай): Өрін, Рахыш, Қайыр, Күлзия, Марат. Түрегеліп тұрғандар (солдан оңға қарай): Шоқан, Мұрат, Қожанбай. Алматы, 1970 ж.



Қазақтың талантты журналист қыздары: Әлия Бөпежанова, Зәмзәгүл Қоңырова, Заря Жұмановалармен өңгіме-дүкен құрудамын. Алматы, 2006 ж.



Зүлпа Чумакова, Рахыш, Төлеутай Рахымбеков, "Ұлытау үні" фестивалін тамашалауда. 1999 ж.



«Жібек жолы» және «Алтай-Дунай» экспедициясының жетекшісі
Бақтияр Қожахметов және «Ұлытау қызы» Рахыш. 1991 ж.



Рахыш пен Күләш Мұхтарқызы. 2007 ж.

Құрметті Рақыш!

Жаңа жылдың әр таңы болсын тіпті тәттірек,
Жүректерден жүрекке жетіп жатсын жақсы леп!
Жаңа жылды әрдайым қарсы ала бер жайдары,
Жаңа жырман өзінді құттықтаймын- сәт тілеп!

Көңіл шіркін көгершін боп самғасын,
Тағдыр лайым жақсылығын алмасын!
Жақсы күнге көзайым боп бар ғалам,
Жүректерді жылы ағыстар жалғасын!

*Сабыр САУЫТБАЕВ, 1991 жыл
Жезқазған облыстық “Сарыарқа”
газетінің редакторы*

**Аса құрметті, һәм Ұлытаудың шоқтығы биік ұлары-
Рақыш Нәшкенқызы!** Мерейлі мерекеңізге орай шын
пейілден, адал ниеттен шыққан лебімізді қабыл-
дағайсыз! Бүгінгі төл мерекеңізге адал еңбек, маңдай
теріңізбен жетіп отырсыз, сол адал еңбегіңіздің
зейнетін көріңіз, денсаулығыңыз мықты болсын.
Туыстарыңыз бен достарыңыздың арасында беделді
де қадірлі бола беріңіз. Шаңырағыңыздан шаттық
үзілмесін, ән-күй тарқамасын, дастарханыңыз мол
болсын!

Ешкімге ұқсамайтын қайталанбас тұлғаңызбен
ортамызда жайраңдап, жасарып жүре беріңіз! Шын,
адал достық ниетіңізді қадірлей білетін достары-
ңыздың қатары күн сайын көбейе берсін!

*Ізгі тілекпен Елордасы
Астанадан – Жұмағали, Әйгерім.
14. 03. 1998 жыл.*

* * *

Аяулы әріптесіміз Рақыш Нәшкенқызы! Сізді туған күніңізбен құттықтаймыз!

Бүгінгі күн Сіздің қуанышыңызға ортақтасқымыз келіп отыр. Қасиетті Ұлытау өлкесінің өнегелі мектебінен өткен, үлкен-кішісінің бетіне келмей, қалтқысыз қызмет еткен Сізге халқыңыз разы. Сондықтан шығар өзіңізді “Ұлытау қызы” деп аялап, әлпештеп келеді әлі де. Ел тілегіне қызметтестеріңіз де қосылады. Басыңыз аман, деніңіз сау болсын Раха!

Туған жерге еңбек сіңіру ұлағатты ұрпаққа сын. Тұлымы желбіреген қаршадай қыз трактор айдап, шөп шапса бір кәдеге жарағысы келгені болар. Жоғары оқу орнын бітіріп елге оралса, тау бұлағын білім бұлағымен молайтқысы келгені болар. Иә “талаптыға нұр жауары” сөзсіз екен. Бірте-бірте ел ісіне араласа білдіңіз. Ұлытаудың ұлылығын насихаттап, ұл-қызының ірілігін дәріптеп ұзақ жылдар ауданның өркендеуіне зор үлес қостыңыз. Енді міне, мысты өңірдің келешегінің кемелденуі үшін Жезқазған әкімшілігінде жемісті еңбек етудесіз.

Қымбатты Рақыш Нәшкенқызы! Мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілейміз!

Жезқазған қаласының әкімі — Жұмамәді Ибаділдин
1998 жылдың 20-наурызы

* * *

Қамза Бижанұлы Жұмабековтың “Ізің ісіңмен қалады” кітабының 153-бетінен алынды: “Ұлытау аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып, ұзақ жылдар мәдениет саласына жетекшілік жасап, талантты ұйымдастырушылық қабілетімен, дарынды даралығымен көпке танымал болған - Рақыш Нәшкенқызы қарындасымыз, кейінірек Жезқазған қаласы әкімі сенім артқан, жасапты қызметтер атқарып жүрген кездерінде, Ұлытау өңірінде тұратын туған-туыстарымен, аға-апа, жеңгелерімен таныстырып, жақындатқан болатын. Соның жалғасы Қарағандыда өт-

кен бір мерейтойда Рақыштың ағасы— Рахат Нәшкенов “алдымыздағы ағамыз, асқар таудаы бағаңыз, тату болып арамыз, туысқа бізді санаңыз” деп жинақтап жүрген ата-бабаларымыздың шежіресін қолыма берген еді...”

Жезқазған қаласының тұрғыны — Ұлытаудың тумасы, жаны жайдары, адал көңілді, еш адам баласына қолынан келген жақсылығын аямайтын, үлкенге қарындас-сіңілі, бауыр, кішіге өр тұлғалы апа бола білетін

Рақыш Нәшкенқызына!

Ұлытаудың ұланы боп келдің апа өмірге,
Көкке өрлеп қалықтайсың қыран боп,
Үлкенге де, кішіге де қамқор жансың қашан да,
Сөйтіп жүріп өміріңді қызметке арнадың.
Қызметте кішіпейіл, адал ізгі жан болдың,
Сол үшін де жастар Сізді үлгі тұтар өрдайым,
Жаны жомарт, сертіне мәрт, қазақ қызы кім десең,
Нәшкенқызы Рақышты көріп жүрсің күнде сен!

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ РАХЫШ НӘШКЕНҚЫЗЫ ЫДРЫСОВА ТУРАЛЫ

Оқушы кезінде қара қылды қақ жарып әділдікті айтар заңгер болсам деп армандайтын. Уақыт өте келе өмір толқыны өз дегеніне бағындырып, жас бойжеткен Алматы қаласындағы мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, мұғалім мамандығын алып шықты. Бар жоғы екі жыл мұғалімдік қызметте болған жас маманның бойындағы алғырлық пен қабілетті байқаған басшылар оны Жезқазған облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының әдістеме кабинетінің меңгерушілігіне шақырды.

Осыдан кейін басшылық қызметтің баспалдағымен өрлеу басталған. Алғашында аудандық атқару комите-

ті төрағасының орынбасары, Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары, Жезқазған облыстық білім Департаменті бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған Рахыш Нәшкенқызы, 1997 жылдан бері Жезқазған қалалық әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің бастығы.

Басшылық жұмыс, қызмет бабы ерекше қаталдықты талап еткенімен, осы жан жүрегі мейірімге толы, айналасындағыларға жылылығымен, поэзия мен әдебиетті, жалпы өнерді сүйетін нәзіктігімен ерекшеленеді.

Қызметтен сәл тыныстаған сәттерінде өлең өлкесі мен әдебиет әлеміне бой ұрады. Замана саңлақтары: Мұқтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Мұқағали Мақатаев, Қалтай Мұханбетжанов, Оралхан Бөкеев, Асқар Сүлейменов, Фариза Оңғарсынова, Олжас Сүлейменов сынды ақын-жазушылардың шығармаларын жан серігіне айналдырған. Рахыш Нәшкенқызы бос уақытында театрға барғанды ұнатады және Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Мәдина Ералиева, Нұрғали Нүсіпжанов, Нұрлан Өнербаевтың орындауындағы өндер мен халық күйлерін тыңдауға дағдыланған.

Қызмет атқару саласындағы жетістіктер мен марапаттар жайлы сөз бола қалса, Рахыш Нәшкенқызы тынымсыз еңбектің куәсіндей болған “Еңбек ардагері” медалі мен “ҚР оқу ісінің озаты” белгісін емес, біртуар ақиық ақын Фариза Оңғарсынованың “Ұлытау қызы” атты очеркінің бас кейіпкері болғанын мақтан тұтады.

Журналист — *Жанар Көркенова*
“О милых женщинах” газеті,
2005 жылдың қазан айы

ОБ ИДРИСОВОЙ РАХЫШ

Рахыш Нашкеновна, в детстве мечтала быть юристом. А сделала прекрасную карьеру совсем в другой области. Окончив Казахский Государственный Женский педагогический институт города Алматы, по специальности “учитель казахского языка и литературы”, учителем

проработала всего два года. Потом перспективную юную выпускницу ЖенПИ заметили и пригласили на должность заведующей методическим кабинетом Жезказганского областного института усовершенствования учителей. А дальше - партийная работа, должности заместителя председателя райисполкома, заместителя акима Улытауского района по социальным вопросам, заместитель начальника Жезказганского областного Департамента образования по воспитательной работе. Десять лет с 1997 по 2007 годы работала начальником отдела внутренней политики Жезказганского акимата.

Несмотря на то, что работа у этой женщины — руководить, в душе она человек мягкий, любящий поэзию и литературу. Среди ее любимых писателей и поэтов — Мухтар Ауэзов, Ильяс Есенберлин, Мукагали Макатаев, Калтай Мухаметжанов, Олжас Сулейменов, Фариза Онгарсынова, Ораяхан Бокеев и многие другие. Лучший отдых для этой всегда занятой женщины — посетить театр, перечитать любимые стихи или послушать хорошую музыку, кюй или песни в исполнении Розы Баглановой, Бибигуль Толегеновой, Мадины Ералиевой, Нурлана Онербаева, Азидоллы Ескалиева, Рахым Тажибаева и Айгуль Уркенбаевой. Больше всего Рахым Нашкеновна, по ее собственному признанию, гордится не званием отличника образования Республики Казахстан и даже не медалью “Ветеран труда”, а тем, что стала героиней очерка “Улытау қызы” Фаризы Онгарсыновой.

Автор, журналист — **Валентина Одинцова**
Из буклета “Жезказган и его женщины” 2004 года

ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда...
Қасым Аманжолов

Менің өмірбаянымның өзге де Кеңестер дәуірінде,
Ұлы Отан соғысынан кейін дүниеге келген ұрпақтан
(барша өз замандастарымнан) еш айырмашылығы жоқ.

Қарапайым, жетім-жесір отбасында дүние есігін ашыппын. Әке тәрбиесін көргенім жоқ. Анам Хадшаға аға-апа, бауырларымды және мені өз қатарымыздан қалдырмай, мектепке беріп, одан соң жоғары оқу орнында оқып білім алуымызға жағдай жасай алғанына перзенттік алғысым шексіз. Біздердің өсіп-өніп осы күнге жетуімізге, мектеп бітіре салып бұғанасы қатпастан жұмысқа орналасып, анама көмекші болған үйдің үлкені— ағам Рахаттың еңдегі де баршылық. Шиемтей, шикі өкпе, сегіз баланы (біз бір отбасында үш ер бала, бес қыз баламыз) тап-тамаша етіп өсіріп, тәрбиелеп, ер жеткізген анамыз үш шөбересін көріп -75 жасында дүние салды. Анамызға үлкен демеу болып, көмек қолын созған ағалары: Қамзақан, Құсайын Қазығұловтар жиендерінің (біздерді айтып отырмын) алдында нағашылық парыздарын шын мәнінде абыроймен өтеді десем артық айтқандығым емес. Бұл күнде ол кісілердің балалары: Орынбасар, Гүлманат, Ғалияш, Марат, Бәтеш, Қуандық, Мұраттар әкелерінің шаңырағанда түтін түтетіп отырған, үйлі-боранды жандар.

Нағашым— Ғабдолла Жанықұлов, оқыған көзі ашық, іскер де қабілетті, өте бауырмал, байсалды азамат. Кезінде ол кісі Алматы қаласында ірі құрылыс - жол салу кәсіпорынының кәсіподақ комитетінің төрағасынан бастап, партия комитетінің хатшысы, сол мекеменің бастығы қызметіне дейін көтеріліп еңбек еткен жан.

Қазіргі уақыттың өзінде Ғабекен, өзі де ата-анасынан ерте айрылып, жетімдік пен жоқшылық көріп өскендіктен бе екен, жас кезінде Қамзақан ағасының тәрбиесінде болған, жасы жағынан менің үшінші ағам— Аманаймен шамалас болса да, өзінен үлкенді-кішілі жиендері бізге қиналған сәттерімізде, қол ұшын беріп, әлі де қамқорлық жасап отырады.

Анамнан көп жыл бұрын үлкен апайым-Күлназия, отыз-ақ жасында ауыр сырқаттан қайтыс болды. Апайымнан Ерден, Айтбек, Аяулы есімді үш бала-жиендерім қалған, сол кезде олардың үлкені— 10 жасар, екіншісі— 8 жасар, үшіншісі— 5 жаста еді. Апайымнан соң үш ағамның ең кішісі—Аманай ағам, қырық жасында жол апатына ұшырады. Ағамның артында жеті бала (үш ұл: Сағат, Сәбит, Думан, төрт қыз: Айнұр, Әсем,

Шынар, Самал) қалды. Бүгін де “аллаға шүкір, тәубе” ағаларым: Рахат пен Қуаныш, апаларым: Рахияш, Рәпіш және өзімнен кіші сіңілім Бақытжан, сондай-ақ жеті баламен жастай жесір қалған жеңгем-Розаның отбастары және бала-шағалары—бәріміз де ақаршақар, біреуден ілгері, біреуден кейін өмір кешіп жатқан жайымыз бар.

Мен, Ұлытау ауданының Шеңбер ауылында Құрылыс деген қыстақта туғанмын. 1966 жылы №2 Қорғасын орта мектебін бітіріп, мектепте алған мамандығым бойынша (малшы-механизатор) 1966-1967 жылдары алғашқы еңбек жолымды совхозда механизатор болып бастадым. Ол кезде он бір жылдық білім аттестатымен бірге (малшы-механизатор деген) кәсіптік бағдар куәлігі қоса тапсырылатын. Содан соң, 1967 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Институтына оқуға қабылданып студент атандым. Осы оқу орнының 1971 жылы “Орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі” мамандығы бойынша аяқтадым. 2002 жылы Талдықорғанның заң колледжін оқып бітіріп “заңгер” мамандығына да ие болдым.

Институтта бір группада—топта 25 қыз оқыдық. Кураторымыз — Ғайни Ластайқызы Мадина есімді керемет аяулы ұстазымыз болды. Қазіргі қазақ тілі (практикалық курс) пәнінен сабақ берді. Біздің группаның қыздары өте ұйымшыл, сабаққа да жақсы филология факультеті (қазақ бөлімі) бойынша алғыр, ең алдыңғы қатарлы еді. 1969 жылы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының құрылғанына 25 жыл толуына орай, сол жылғы “Қазақстан әйелдері” журналының қыркүйек айындағы санында біздің кураторымыз Ғайни Ластайқызының көлемді мақаласы жарияланды, осыдан-ақ аңғаруға болады 3 мың қыз оқитын, сан-салалы маман дайындайтын оқу орнынан Ғайни Ластайқызына таңдау түсіп, мақаласын жариялау тегіннен емес. Сол мақалада, біздің топтың группаның старостасы болған— Мәнишүк Бөкеева (белгілі жазушы-қаламгер Оралхан Бөкеевтің қарындасы) және менімен бір бөлмеде тұрып, төрт жыл бойы жұбымыз жазылмай, оқуда озат болған достарым: Күлзия Жұма-

ділова, Рахат Омарова, Мәжеш Мұхаметқалиева, Әсемкүл Әбдірахманова және менің фамилияларымыз аталған еді.

Институт қабырғасында оқып жүргенімде, қазақ тілі мен әдебиетінің майталман мамандары, ғұлама ғалымдар: Зәки Ахметов, Төлеубай Қордабаев, Қаратай Құттыбаев, Ахмеди Ысқақов, Әмина Сүлейменова (Мәншүк Мәметованың анасы), Алтай Аманжолов (Тіл білімінің атасы, белгілі ғалым-Сәрсен Аманжоловтың баласы), Хадиша Қожахметова, Мүлипа Дүйсенбаева және жоғарыда аталып кеткен кураторымыз—Ғайни Ластайқызынан дәріс алдым. Студенттік шақта біздің осы оқытушыларымызбен ара қатынасымыз туған ата-анамызбен қалай болса, сондай болды десем, артық әсірелеп айтқандығым емес, имандай шыным. Бізге лекция оқып, сабақ берген ұстаздарымның көпшілігі бүгін де бақилық болып кеткені өкінішті-ақ. Амал нешік өмірдің аты өмір, табиғаттың заңына ешкім де қарсы тұра алмақ емес. Қандай ғажайып, керемет аяулы, жандар еді!!!

Студент кезімде “Дос-Мұқасан” ансамблінде әнші бола жүріп, кейіннен Шәріп Омаровпен тұрмыс құрған Құрманай Әжібаева-Омаровамен көршілес бөлмеде тұрдық. Ол өзі филология факультетінің орыс бөлімінде, яғни бізбен бір(параллел) курста оқыған. Институтта өтетін факультетаралық көктемгі көркемөнерпаздар байқауында, сол Құрманайдың арқасында (өйткені ол “Дос-Мұқасан” ансамблін алып келіп ән салатын) біздің филология факультеті, музыка факультетінің өзіне де жол берместен, үнемі жүлделі бірінші орынды жеңіп алатын еді.

Сондай-ақ, институтымыздың музыка факультетінде оқыған студент-қыздардан құрылған “Айгүл” эстрадалық-ансамблінің (жетекшісі—Марат Балтабаев болған) алғашқы ұйымдастырушылары, мүшелері Галина Қарамолдаева, Ағайша, Сақыпжамалдармен де курстас және бір жатақханада тұрып, студенттік өмірдің қызығы мен шыжығын бірге өткеріп, қара шайы мен қара нананың соңғы бөлшегін бөліп жегенбіз.

Оқу орнын 1971 жылы бітіріп жан-жаққа тарап кетсек те, күні бүгінге шейін, жекелеген бір топта

оқыған қыздар: Мәкеш Аманқызы, Сандуғаш Темірова-Ибраева, Шакизада Оразбаева, Зәуреш Сұлтанова, Күләш Кенжеғарина, Әсемкүл Әбдірахманова, Бақыт Рақымбекова, Әлия Сәдірмековалармен отбасылық араласуымыз, қызық-тойларына қатысуымыз, өлі күнге үзілген жоқ. “Достықтың төлеуі-достық, достықтың биік шыңы” деген осы болар деп ойлап қоямын. Мен үшін “дос” деген ең қасиетті ұғым. Сондықтан да болар мектептес, класстас (қазіргі уақытта сыныптас деп те аталып жүр) және группалас достарыммен байланысым, достық көңіл, адал да шынайы достығым үзілмесе екен...

1991 жылы менің №2 Қорғасын орта мектебін бітіргеніме ширек ғасыр — 25 жыл толды. Ол кезде Ұлытау ауданында еңбек етіп жүрген болатынымын. Мектеп бітірген соң өмірдің өз заңына орай, түлектер шартарапқа тарап кеттік емес пе? Біздер, 1966 мектеп бітірген класстастарым, өзіміз оқыған “Шеңбер” совхозындағы №2 Қорғасын орта мектебімізге жиналып “Кездесу” кешін өткіздік. Ұлытау ауданы бойынша мектеп бітірген түлектердің кездесу кеші осы күнге дейін ұйымдастырылмапты, біздер алғашқы қарлығаштар іспетті болдық. Кездесуге келген ұстаздарымыз: Мұбарак Тәжібаев, Оңдыбаева Сара, Шоқан Оспанбеков, София Абдугалиева, Махамид Жапаров, Құсайын Ибаділдин, Күлназия Кәрібаева, Тұрар Омаров, Күлпан Құлжабаева, Күләш Ақтаукенова, Нұрсали Тасмағанбетов, Күлзия Мұсабекова т.б. өздерінің 1966 жылғы түлектеріне арнаған жүрек жарды асыл сөздерінде, аудан төңірегінде бірінші болып осындай үлкен іс-шараға ұйтқы болып жоғары дәрежеде ұйымдастылғандығы үшін айырықша атап өтті. Мектеп түлектері: Нәбиева Сарқыт, Оңдыбаева Орынтай, Жаппасбаева Аманкелді, Ақышбекова Баия, Өскенбаев Хафиз, Бөгенбаев Өміртай, Баймағанбетова Жамал, Бұқарбаев Ғазиз, Жабаева Күләш, Еламанов Темірхан, Әбдіғалиев Бақыт т.б. өз кезегінде қадірлі де, ардақты ұстаздары алдында осыдан 25 жыл бұрынғы шәкірттік қалыпта құрметпен бас иіп, есеп беріп, қазіргі таңда қай салада, нендей еңбек иесі болып жүргендіктерін баяндады.

Осы шараны ұйымдастыршы деп қолқа салып, ұсыныс жасаған, өткізуге бастамашы болған класстас достарым Жұпар Жақанқызы мен Райхан Ізбасарқызы болды. Олар мектеп бітіріп, жан-жаққа оқу-білім іздеп ауылдан сол 1966-1967 жылдары кеткен, одан соң тағдыр айдап, отбасын құрып Алматы, Арқалық қалаларында тұрып жатқан болатын. Кейіннен, яғни 2004 жылдан осы екеуі де Астанаға көшіп келді.

Институтты тамамдаған соң, сол оқу орнының жолдамасымен 1971-1977 жылдары Жезді ауданының орталығындағы мектеп-интернатта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және аудандық “Білім” қоғамының жауапты хатшысы болып еңбек еттім.

Ал, 1977 жылдың қазан айынан 1981 жылдың сәуіріне дейін Жезқазған облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында методикалық кабинеттің меңгерушісі қызметін атқардым. Облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында еңбек еткен жылдары, сол институттың директоры Хакима Тайырқызы Жомартбаевамен қоян-қолтық, тығыз араласа еңбек еткен күндерімді ғұмыр бойы ұмытпаймын деп ойлаймын. Хакима Тайырқызы менің жүрек түкпірімнен, туған анамнан-Хадишадан кейінгі орынды иеленді десем артық айтқандығым емес. Хакима Тайырқызы нағыз туа біткен ұстаз, нағыз басшы-ақылшы, тәрбиеші жан. Киім киісі, жүріс тұрысы, ақыл-парасаты, білімі, қабілеті, сөйлеген сөзі, іс қимылы бәрі-бәрі үлкен өнеге еді мен үшін. Ол жылдары мұғалімдердің білімін жетілдіру институты облыстық білім бөліміне қарайтын. Білім бөлімінің басшысы — Қабден Шыңғысұлы Шыңғысов-ағайдан көптеген тәлім-тәрбие алып, басшылық жұмыстан тәжірибе жинақтадым. Олай деуімнің себебі, облыстық білім бөлімі мен мұғалімдер білімін жетілдіру институты коммунистері бір партия ұйымының есебінде тұрды. Мені методикалық кабинеттің меңгерушісі қызметіне келсімен, партия жиналысында осы екі ұжым коммунистері біріккен бастауыш партия ұйымының хатшысы етіп сайлады.

Хакима Тайырқызы мен Қабден Шыңғысұлын үлкен жүректі, тума талант ұстаздар деп танымын.

1981 жылдың сәуірінен бастап, еңбек жолым мен

Ұлытау ауданы 1962 жылы оңтайландыруға душар болуы себепті Жездімен біріктірілген болатын, кейіннен 1972 жылы Ұлытау Жездіден бөлініп, өз алдына қайрадан ениісін алып шықты. Сол 1971-1973 жылдар аралығында Жезді ауданына Алматы, Қарағанды, Қызылдорда қалаларында оқып, жоғары оқу орнының жолдамасымен келген біздер, бір топ жас мамандар: Роза Өмірзаққызы Сағындықова (орыс тілі мен әдебиеті пәнінің), Күнжан Әшірбекқызы (ағылшын-неміс тілдерінің маманы), Тыныштық Меңдібайқызы Хасенова, Зауреш Өтепбайқызы, Нұрлығайым Әбсаттарқызы Жәнібековалар (педиатор-бала дәрігері), Тұрар Мейірманқызы Тайжанова (кітапханашы), Бикен Бейсембайқызы (қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы) бүгінде алды құрметті еңбек демалысында болса да табысты еңбектерімен Ұлытау-Жезқазған аймағына қадірлі де, кеңінен танымал болған азаматшалар менің достарым екендігін мақтан етемін.

Мектептен, институт қабырғасынан достасқан және Жездіге бір жылда жолдамамен жас маман болып келген, жоғарыда аттары аталған, дос қыздарыммен бас қосуларда немесе ұзақ уақыт жүздеспей қалсам мына бір ән жолдары ойыма жиі орала береді, тіптен үнемі ыңылдап, айтып та жүретін кездерім көп.

Сағынып жүрмін достардың қалың арасын,
Шуақты күндер қай жаққа кетіп барасың?
Достарға арнап олең мен әннің сарасын,
Ұмытушы едік көңілдің мұң мен наласын.

Келіңдер достар жаным,
Еніңдер достар бағым,
Әзілмен көтер көңілді,
Шырқайық бірге тағы да
Өздерің әнім барында,
Жалында достар, жалында.

Келіңдер достар, ортамыз қайта маздасын,
Өткенді айтып, бір ойді бір ой қозғасын.
Жазылмай қалған көңілдің кірі тазарып,
Періште сезім мөлдіреп қалсын, тозбасын.

Келіңдер достар, шырқайық бірге әнді де,
Достарсыз өмір сәнді ме, сірә мәнді ме?
Ортаға алып дастархан толы тағамды,
Таусылмай жатсын әңгіме біздің мәңгіге.

өмірім туған жерім, қасиетті Ұлытауыммен тығыз байланыста өрбіді. Себебі, Ұлытау аудандық партия комитетінің (сол жылы ауданды басқаруға, бірінші хатшы болып келген- Жаманқұл Шайдаров деген азамат-басшы, жан-жақтан жергілікті — Ұлытаулық тума-кадрларды жұмысқа алдыртты) шақыруымен 1981-1995 жылдар аралығында Ұлытау аудандық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы қызметінен бастап, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудан әкімінің өлеуметтік салалар жөніндегі орынбасары қызметінде болдым. Осы жылдары Ұлытауда өткен мәдени-көпшілік іс шаралардың бел ортасында жүріп, көптеген тарихи тұлғалармен жүздесіп, араласып, танысуымның сәті туды. Ұлытау селосының қақ төрінде орналасқан жерлестеріміз Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың ескерткішінің бой көтеруіне үлес қостым. Алматы қаласынан атақты мүсінші — Төлеген Досмағанбетовты (ескерткіштің авторы) ауданға шақырып әкелген едім. 1993 жылы Ұлытаудың егіз қозыдай қос ұланына ескерткіш жасалынып, қазан айында ашылуы салтанатты жағдайда өтті. Бұл ескерткіш, кейінгі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа, жеткіншектерге достықтың биік парасатының дәлелі және жастарды достыққа (осы екі ағадай дос болуға) баулуға ықпал ететініне сенемін.

1992 жылы қазақтың біртуар жазушысы, драматург, әзіл-қалжыңның атасы десек те болады, Қалтай Мұхаметжанов Жезқазғанға іссапармен келіп, облыс орталығы Жезқазғанда “Қазақстан-Түркия” достық байланыс қоғамын ұйымдастырған жиынына Ұлытаудан арнайы шақырылып қатысқанмын.

Облыстық осы қоғамның төрағасы болып, білім департаментінің бастығы- Қайыржан Рақымжанұлы Мәдиев, хатшылығына мен сайланған болатынмын. Сол жылдан бастап Қалтай-ағамен тығыз араласта болған күндерде көптеген әзіл — қалжыңын естіп, сусындап едім. Қал-аға бірде жеңгеміз — Фаридатәтені ертіп келіп, Ұлытауды аралап қайтқан-ды. Сондағы кездесулердің бірінде, шай дастарханында отырып Қал-ағаның өз аузынан естіген мына бір әзіл-қалжыңы

әлі күнге жадымда. “Рақыш-ау, мына жеңген Фарида маған ылғи “сенде ми жоқ, ми жоқ, өйткені өзіңнен төмен де, жоғары да ақын-жазушылардың бәрінде дерлік зәулім коттедж үйлері бар, қос-қостан мәшине мініп жүреді, сенде осының бірі де жоқ” деуші еді. Менде ми бар екен, бірде қыс айы болатын, тайып жығылып аяғымнан мертігіп, ауруханаға түскенімде дәрігерлер рентгенге түсіріп, тексеріп миың шайқалған деген диагноз қойды. Содан медбибі қызымнан “қалқам анау телефонға қол жалғап жіберші, үйге телефон шалып хабарымды білдірейін дедім де: Бәйбіше, сен маған үнемі миың жоқ деп ұрысушы едің ғой, менің миым бар екен, мындағы дәрігерлер маған миың шайқалған деп жатыр ғой, кәне миымның жоғы” дедім, дегені бар емес пе?..” Осыны естігенде ішек-сілем қатып, жерге домалап күлгенім-ай... Кейіннен көптеген бас қосуларда, Қал-ағаның аузынан, өз құлағыммен, естіген бұдан да басқа қалжыңдарын ұдайы айтып жиналған қауымды күлкіге батыратын сәттерім де болып қалады. Қалтай аға мен Фарида тәтеймен араласым тығыз жағдайда әлі күнге жалғасып келеді. Алматыда болғанымда, іссапар кезінде, үйлерінде қонақта болып, Қал-аға мен Фарида-тәте балалары Алтай және Жәмиламен де таныстырды, туысқан болып кеттік. Әттең, Қалтай ағаның анау жылдағы аяғының ауыруы ұшынып кетті ме екен 2000 жылы дүние салып кеткені өкінішті-ақ.

Ұлытау ауданы көркемөнерпаздарының, әр салада еңбек ететін (бірі механизатор, бірі сауыншы, бірі медбибі, бірі мұғалім, бірі құрылысшы т.т.) жастарынан құрылған “Ұлытау” фольклорлық-этнографиялық ансамбілінің, 1994 жылы аудан өмірінде тұңғыш рет шетелге, Италия мемлекетіне, шығып өнер көрсетуіне де аз тер төкпедік. Бұл істе өзіндік ықпалы болып, тікелей шешімді көмек көрсеткен Жібек Әмірханова еді. Жібек Әмірханқызын Қарағандының педагогикалық институтын бітіріп, жолдамамен Жезқазған қаласында жас ұстаз, одан соң қалалық комсомол комитетінің хатшысы қызметтерінде жүрген кезінен таныс, сәлеміміз түзу жандар болатынбыз. Бірде орайы келіп, Жібек Әмірханқызы Қазақстанның шет елдермен Достық байланыс орнату қоғамының төрайымы

Қызметінде жүрген жылдары қолқа тастаған едім. “ Біздің ауданда тамаша өнерпаз жастарымыз баршылық. Бүгін де өз қолымыз өз аузымызға жетіп, егемендік алып, тәуелсіздігімізді алыс жақын шет елдіктер мойындап жатқан осы шақта киелі де қасиетті қарт Ұлытаудың өнерпаздарын шетелге шығару, қазақтың қаймағы бұзылмаған қазақи салт дәстүрін сақтағандығын көрсетудің орайын келтірмес пе екенсіз?” деп. Күндердің күнінде Достық қоғамының шақыру қағазы, жолдама келе қалмасы бар ма? Сонымен дәм тұзымыз көтеріліп, өнерпаз жастардың тасы өрге домалап Италия еліне сапар шегіп қайту мүмкіндігіне ие болғанбыз.

Бұрынғы Жезқазған облысы өңірінде, оның ішінде Ұлытауда бір салада (халыққа мәдени-өлеуметтік қызмет көрсету) табан аудармай 10 жыл бойы еңбек етіппін. Ұлытаудың сан қырлы ауа-райының қиындығын, апталап соғатын боранын басымыздан өткеріп, 1985-1995 жылдары алыста (қыстақтарда) жатқан шопан, малшы, егінші, механизаторларға мәдени-үгіт автопоездарын басқарып апарып, көшпелі кітапхана мен дәрігерлік қызметтер және үгіт бригадаларының әр кез жаңа концерттік бағдарламаларын, кинофильмдер көрсетуден шаршаған емеспін.

1985-1990 жылдары аралығында бірнеше мәрте Ұлытау аудандық Кеңесінің депутаты, аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланғанмын.

Қазақтардың 1-ші құрылтайына келген қандас бауырларды қарсы алып, шет жерде жүрген бауырымыз — Мұстафа Өзтүрік отбасымен, яғни анасы, енесі, жұбайы және балаларымен, Ұлытауға келгенде қызмет жасап, аудан халқының бауырлармен қауышу сәтінің куәсі болғаным мен үшін зор бақыт!

Жалпы алғанда 1981-1995 жылдары аралығында Ұлытауға бүкіл елге танымал қазақтың зиялы қауым өкілдері, атақты қаламгерлер, ғалымдар, өнші-күйші, актерлар: Роза Бағланова, Әзидолла Есқалиев, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Жексенбек Еркінбеков, Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова, Мырзатай Жолдасбеков, Қуаныш Сұлтанов, Еркеғали Рахмадиев, Шерхан Мұртаза, Қалтай Мұхамбетжанов, Зейнолла Қабдолов, Асқар Сүлейменов, Мағираш Қожажметова,

Сапар Байжанов, Күләш Бейсенбиева, Нұрлан Оразалин, Нұрғали Нүсіпжанов, Ескендір Хасанғалиев, Сайраш Әбішева, Сәбира Майқанова, Райымбек Сейтімбетов, Асанәлі Әшімов, Жанат Хаджиев, Әлия Бөпежанова, Болат Атабаев, Илья Жақанов, Шәміл Әбілтаев, Роза Әшірбекова, Нүкетай Мышбаева, Ғазиза Әбдінәбиева, Досқан Жолжақсынов, Лидия Кәденова, Меруерт Өтекешова, Мәдина Ералиева, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова сынды, бір сөзбен айтқанда ұлтымыздың асыл да, құрметті, әрі дарабоз ұлдары мен қыздары шығармашылық және гастрольдік сапарлармен келуі себепті, етене жақын жақын араласқан сәттерімді ұмытуым мүмкін емес жәйт. Күні бүгінге шейін өзара кездескен уақытта, Ұлытауда жолығысып, танысып - біліскенімізді ұмытпай, сені қайдан көрдім демей (өйткені бұл кісілер көп жерді аралап жүреді емес пе?...) шұрқыраса әңгіме-дүкен құрысамыз. Бұл деген, осы қазақ азаматтарының биік парасаттылығының, жоғары адамгершілік қасиеттерінің дәлелі емес пе? Қандай ғанибет!!!

Бұдан әрі қарайғы өмірім, 1995 жылдың қараша айынан бері Жезқазған қаласында өтуде. Жезқазған облыстық білім департаментінің шақыруымен (білім департаменті бастығының орынбасарлығына) Жезқазғанға қызмет ауыстырып кетсем де өзімнің туып-өскен жерімнен, Ұлытау ауданының тұрғындарынан қол үзген жоқпын.

1997 жылы Жезқазған облысының жабылуы себепті, қала әкімі аппаратына ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бастығы қызметіне ауыстым.

Жезқазған қаласында еңбек еткен жылдарымда көптеген қазақтың бетке ұстар білімді, парасатты, іскер, кішіпейіл ұл-қыздарымен қызметтес болдым. Олар: Қанат Сұлтанұлы Балмағанбетов, Базарбай Әлеуханұлы, Мұса Тұрманұлы Танабаев, Сәбитбек Тұрсынұлы Медебаев, Кәмеш Шакарманқызы Маханова, Ерлан Ерболатұлы Аймұрзинов, Аманкүл Қандылдақызы Оспанова, Жәнібек Өмірзақұлы Жанбосынов, Қазыбек Қасабекұлы Аманбеков, Нұрлан Көкенұлы Дүйсенбаев, Марфуға Қасабекқызы Мусина, Айып Асылханұлы Байқасынов, Аманғали Әбдіқалықұлы Мұхамбедин, Кенжетай Қабыкенұлы,

Рақыш Шахмұратқызы Мусина, Қабжан Мұхтарұлы Досмақов, Құсайын Далабайұлы Жанаев, Қасқырбек Достанбеков, Манат Байсейітұлы Ақылбаев, Берік Шакижанұлы Сүлейменов, Серік Сайлауұлы Әбжанов, Қазыбек Қасабекұлы Аманбеков, Салтанат Сүлейменқызы Нұрлыбаева, Қуат Еспенұлы Тілегенов, Нұргелді Айдарбекұлы Қасымов, Қуандық Мамытұлы Стамбакиев, Айбек Дүйсенбекұлы, Таңатар Балабиұлы Жанаев, Жақып Құрманұлы Смағұлов, Есентай Шайарыстанұлы Мұсағұлов, Нұркен Әлиакпарұлы Қасымжанов, Ерғали Өмірзақұлы Құсжанов, Төлеутай Махмұтұлы Қазанғап, Нескен Әбдіхамитқызы Битенова т.б.

Бүгін де (2006 жылдың сәуір айынан) Жезқазған қаласы әкімінің Кеңесшісі қызметіндемін.

1986 жылы “Еңбек ардагері” медалімен, 1997 жылы “Қазақстан Республикасының білім беру ісінің озаты” белгісімен марапатталдым. 2004 жылы Қарағанды облысы Әкімінің Құрмет грамотасына және Жезқазған қаласы әкімінің Жезқазған қаласына 50 жыл толуына арналған “Күміс медаліне” ие болдым.

Кезінде, яғни 1991 жылғы “Лениншіл жас” газетінің 6-шілдедегі санында жарияланған, белгілі қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, қазақтың біртуар ақын қызы — Фариза Оңғарсынованың “Ұлытау қызы” атты эссе-очеркінің басты кейіпкері болғанымды үнемі мақтан етіп жүремін. Мен үшін кез келген үкімет наградасынан аса қымбат осы мақала.

Қосымша анықтама:

ЖЫЛЫМ — тышқан

Жұлдызым — балық

Сүйікті тағамым — қазақша ет

Сусыным — қымыз және газдалмаған минералды су “Ұлытау”

Әншім — Мәдина Ералшева, “Айгүл” және “Дос-Мұқасан” ансамбльдері

Актрисам — Әмина Өмірзақова, Сәбира Майқанова, Әнуар Молдабеков

Кино — Қыз Жібек, Менің атым-Қоржа

Сүйікті ісім — кітап оқу, ән-күй, айтыс тыңдау,

театрға барып спектакль көру, табиғатқа шығып серуендеу

Сүйікті мейрамым — *Наурыз—мейрамы*

Шежіре — қастерлі қазынамыз

Шежіре — арабша Шаджарад деген сөзден шыққан, бұтақ, тармақ деген сөз. Қазақша мағынасы үрімбұтақ тізбесі дегенге тура келеді екен. Әр адам өз ұлтының тарихын, шыққан тегін білуге міндетті деп ойлаймын. Сондай-ақ ертеде өмір сүрген ата-бабаларынан шыққан дарынды даналарын, батырларын, шешендерін, ақындарын, ел басқарған азаматтарын қастерлеп құрметтеуі жөн-ау.

Сонымен бірге шежіре — халықтың қасиетті мұрасы, атадан балаға, баладан немере-шөбереге, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, ауызша да, жазбаша да халық жадында сақталып қалған қазынасы және рухани азығы, рухани мәдениетінің маңызды бір саласы деп білуіміз ләзім.

Еліміз егемендік алғалы бері жеті атасын, арғы түпкі ата тегін білуге үлкен бетбұрыс жасалынып отыр. Бұл өте дұрыс, іс! Өйткені, өзінің отаршылдыққа дейінгі дәуірінде партия дегенді естіп білмеген қарапайым халқымыздың береке-бірлігі, өмір тынысы, елдік қасиеті, тәлім-тәрбиелік істері ерекше болды. Отанын сүю мен қорғау міндеті, ынтымақтастығы, жомарттығы, бауырмалдығы, ерлік қимылдары, өнер мен мәдениетке құштарлығы, ата мұраға жанкүйерлігі мен беріктігі, қан тазалығын сақтаудағы мызғымас бағыты т.б. көптеген жақсы қасиеттеріміз тек рулық дәстүрде сүтпен кіріп, сүйекке сіңген.

“Еліне пайдасы тиген ерлерді айтпасаң, ертең өсетін бозбала бордай үгіліп, өз жерінде өгей бала болады” деген екен Көпей Мәшһүр Жүсіп. Шежіре білу — қазақ үшін ежелден келе жатқан дәстүр. Тіпті ол қажеттілік деп айтсақ та артық болмас. Жеті атасын білу-әркімге де парыз. Қазақ жүзге, руға, атаға бөлініп, бәрі де бір атаның ұрпағы, бір тамырдың бұтағы деген ұстаным бойынша өсіп өркендеп отырған. Шежіресін

білетін қазақ қай жерде жүрсе де туысқандарының арасында жүргендей еркін сезінген. Бұл-бірліктің негізі. Шежіре ұрпақ жадына бабаларының кім болғанын тоқыса, сол аталарымыздың ерліктері мен жеңістері турасындағы таным ұдайы дем беріп, жеңілістері мен бейнеттері әр уақытта сабақ болғандыр.

Шежіре де тарихтың бір тармағы. Ұлттың өзін-өзі тануы, өзіне тән қазына-байлықтарын, өткенін қастерлеуі мансұқ етілген Кеңес дәуірінде талай мәселеге тиым салынып келді емес пе? Қазақ халқының байырғы тарихына, әйгілі тұлғаларына деген салқын көзқарас, біздің замандастарымыз бен бізден де кейінгі жастарымызға өз батыры мен бағыланы болмағандай, өзгенің “богатыры” (ол сөздің өзі “баһадүр” сөзінен шыққан) мен “князін” оқытты ғой. Қазақ тарихында “жабулы қазан” күйінде қалып келген салалардың бірі—шежіре тарқату. Қазіргі уақытта біздер шежіре тарқату үрдісіне мәдениетті, өз билігі өзіндегі елдерде тарихтың орнықты бір тармағы болып қалыптасқан дәстүрлі сала деп қарауымыз керек.

Ықылым заманнан бері қазақтың белді бір тармағы ретінде жасап келе жатқан қожа рулары жөнінде аздықөпті оқып, білген жайыттарым мен Ыдырысқожа ұрпағы Нәшкенқожаның арғы ата-тегі жөнінде ағаларым Рахат пен Қуаныш Нәшкенұлдарының жиған-тергендерін оқырман қауымға ұсынуды жөн көріп отырмын.

Қожа атауы араб тілінен аударғанда “ағартушы” деген мағынаны білдіреді. Ал, түркілер мен парсылар сұлтан, әмірлерді де қожа деп атаған. Сондай-ақ оқымыстыларды да қожа деп құрметтеген.

Біздің түпкі тегіміз Қажы Мәдіқожа (Диуана) болады. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің өркендеуіне қожалардың айырықша үлес қосқанына тарих куә. Басқаны былай қойғанда Қожа Ахмет Яссауи ғимаратынан бастап, қазақ жеріндегі барлық көне кесене - ескерткіштердің салынуы, сонау УШ ғасырдан бергі қыруар әдеби-тарих бай мұраларымыздың араб жазуымен хатқа түсуі қожалар әкелген озық мәде-

ниеттің көрінісі. Қожалардың Ұраны—Алла, таңбасы—Құран—Көрімнің бірінші әріпі — “Әлиф” таңбасы.

Көне шежірелердің көрсетуі бойынша Әзірет Әліден тарайтын ұрпақтардың ішінде, заманында халық әулиелігіне, бойындағы ерекше бас игізер кереметіне (қасиетіне) байланысты, Диуанақожа атанған, біздің Мәді Қожа бабамыз екен. Мәдіқожаның —Қожжанқожа (9 ұл баласы болған), Қылышқожа (10 ұл баласы болған), Пірзадақожа, Бақмұхаммедқожа атты төрт ұлы болған. Біздер солардың ұрпақтарымыз, яғни тікелей Мәді қожаның бірінші баласы —Қожжан қожаның жетінші бел баласы —Қажымұхаммед (Әжіқожа)-дан тараймыз.

Елімізге танымал атақты ғалым, қаламгер ағаларымыз: Мәдіқожаның екінші баласы — Қылыш қожадан — Қалтай Мұхамеджанов тараса, бізбен жақын аталас, яки Қожжан қожаның бірінші баласы Қожакәләннен — Мұрат Жұрынов тарайды екен.

Енді әрмен қарай тарататын болсақ, Мәдіқожаның (Диуана қожа) жетінші баласы Қажымұхаммед (Әжіқожа) біздердің атамыз болып табылады. Әжіқожадан (екі ұл)-Байторы мен Батса; Байторыдан (екі ұл) — Күнқожа мен Қиғаш; Күнқожадан (үш ұл)—Тұрсын(Келгенбай), Ашамай, Қорғанбай; Тұрсыннан(Келгенбай)(бес ұл) — Ханқожа, Арғынқожа, Әлқожа, Балқожа, Қыпшаққожа; Ханқожадан (бес ұл) — Ыдырыс, Ысқақ, Иса, Балта, Смағұл; Ыдырыстан(бес ұл) — Махметқожа (төрт ұл—Науханбай,Тәжікен, Қазыкен, Терлікбай), Әбусағықожа (екі ұл—Совет, Жаңабай), Зейнелқожа (бір ұл —Ахат), Нашкенқожа (үш ұл—Рахат, Қуаныш, Амандық* Аманай*), Мәжитқожа (бір ұл—Хамза);

Сонымен Нәшкенге де жеттік-ау деп ойлаймын... Бүгінде Әжіқожаның Ханқожасынан тараған ұрпақтары, турасын айтқанда Ыдырыс, Ысқақ, Иса, Балта, Смағұлдың балалары Арқалық, Ақмола, Ұлытау, Жезді, Жезқазған, Қызылорда, Шымкент елді мекендерінде ғұмыр кешуде.

Ата-баба шежіресін терең оқып, талдап, зерттеп, ізденудің арқасында Мәдіқожа бабамыздың үшінші баласы—Пірзада ұрпағы, Жезқазған қаласындағы қара

шаңырақ, академик **Өмірхан Аймағанбетұлы Байқоңыров** атындағы университетте қызмет ететін, ғалым-математик **Сәрсенбай Жүсіпназарқожаұлы Сыздықов** ағайымызды таптым.

Сонымен бірге **Әжіқожадан тарайтын Ханқожамен** біртуған бауыры **Арғынқожа** бабамыздың балалары **Әбіштен** туған **Кәрім** мен **Айтқожа** ағаларымызды да (осы өңірдегі **Ыдырысқожа** ұрпақтары, бізбен арамыз үш-ақ ата, жақын емей немене?) тауып алдық. Бұл туысқандарымыз және олардың балалары **Түркістан, Жаңақорған, Қызылордада** тұрып жатыр, 1997 жылдан табысып қазіргі уақытта барыс-келіс араласымыз бар ағайынбыз. Бұл да болса **Шежіре** тарата білудің арқасы!

Өз кезінде **Жезқазған облысында** ұзақ жылдар облыстық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған **Қамза Бижанұлы Жұмабеков** (Павлодар өңірінің тумасы), **Жезқазған облыстық Білім департаментінің** бастығы болған **Қайыржан Рақымжанұлы Мәдиев** (Солтүстік Қазақстан облысының тумасы) ағайлардың да **Мәдіқожа** ұрпағы екендігін шежіре таратудың нәтижесінде танысып, біліскен едік.. Бұл кісілер **Жезқазған облыс** болып ашылған жылдары (1972) коммунистік партияның жолдамасымен осы өңірге жоғары қызметке жіберілу себепті келген болатын. “Өзім туралы” тарауымда айтып өткенімдей **Қалтай Мұхаммеджанов пен Асқар Сүлейменов** ағалармен де руымды білу және айту арқылы туыстасып, отбасылық араласта болып жүрмін. Ал осы өңірдегі **Ұлытау, Қарсақпай, Жезқазған, Жаңаарқалық қожа** туысқандармен туа бітті, білісбіз, бауырласпыз...

Қажы Мәдіқожа **Түркістан өлкесінде** **Қожа Ахмет Иассауиден** кейінгі екінші тұлға болған. Кезінде білімділігімен танылып, керемет иесі болған жан. **Түркістан өлкесіндегі қазақ, карақалпақ, өзбек т.б. түрік тектес халықтар** таныған. Тарихтағы **Жоңғар қалмақтары қазақтарды қойдай қырған атақты “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама”** оқиғасы заманында қалмақ ханы **Қалден Церен** **Түркістанда** **Қожа Ахмет Иассауи** кесенесін 25 жыл астана етіп зорлықшыл өкімін жүргізген. Осы кезде мұсылман діні нашарлап, халықтар арасында имандылық жайындағы

т.б. жөніндегі басшылығы, беделі әлсіреген. Халықтардың сана- сезімі, салт-дәстүрі, мұсылмандық қағидалары бұзылған. Халық “боза” деген қолдан жасалған ішімдікке салынған. Қалмақтар Қожа Ахмет Иассаuidiң кесенесін, жер астындағы үйін жергілікті халықтардың сұлу қыз келіншектерімен көңіл көтеретін жезөкшелер үйіне айналдырған. Осы кезде Қажы Мәді (Диуана қожа) ерекше әулиелік кереметтерімен қалмақтардың адамгершілікке жатпайтын жаман қылықтарын тоқтататқан. Ол кісінің кереметі (қасиеті) үш бейнеде болыпты. **1.Киік. 2.Бүркіт. 3.Жолбарыс.**

Қалдан Цереннің (*Қалмақ ханы*) Қожа Ахмет Иассаuidiң жер асты үйіндегі мәжілісіне Қажы Мәді-Диуана қожа кіріп барғанда хан жасауылдары мен жасақтары білмей де қалыпты. Сол кезде қолындағы **бүркіті** шаңқылдап, ханға қарай талпынып, **жолбарысы** атылатындай айбатпен гүжілдеп, шабынып, ал **киігі** олардың ішіп отырған тамақтарын төгіп, аударып шашқан көрінеді. Қажы Мәді-Диуана қожа қалмақ ханының қасына барып: “Неге дініме, тіліме зорлық қыласың. Оған сен түгілі Шыңғыс хан да зорлық жасамаған. Астындағы тағынды алайын ба, әлде басындағы бағынды алып, қара жерге қағайын ба?”— деген екен.

Сонда қалмақ ханы: “Дініңе де, тіліңе де еркіндік. Менің бақытымның иесі, бүркітіңнің қолында кетті. Соны босатып бүркітіңді шақырып ал “-депті. “Онда дініме, тіліме бостандық берсең өзінді босатайын. Бірақ қара месінді бүркіт қақ айырып, жырттып тастады. Енді есің барда елінді тап, күнің өтті. Бақытың қайтты.”—деп бабамыз қылуы жайдан шығып кетіпті. Содан кейін дінге қысым жасалмаған, діни әдеттерге, ұлттық салт-санаға, дәстүрге ерік беріліп, халық қайтадан ақ жолына түсіпті. Әлсіреген мұсылман діні қайта тірілген екен.

Сол көне шежірелердің көрсетуі бойынша заманында халық әулиелігіне, бойындағы ерекше бас игізер кереметіне байланысты “Диуана қожа” атанған Мәдіқожа бабамыз сапарда жүргенде Ауғанстандағы Балық шаңарының патшасы Досмұхаммедтің қызына

үйленеді. Одан Бахмұхаммед деген ұлы дүниеге келген екен. Бахмұхаммед 13-14 жасқа келгенде әкесі Сәдіқожа: “Балам мен Меккеге кетемін, сенің Сыр бойындағы Сығанақ қаласында Қожжан (біздердің атамыз осы кісіден тараған деп жоғарыда айтып өттім), Қылыш (Қалаға Мұхаммеджановтың аталары), Пірзада деген ағаларың бар, анаң екеуің барып табысыңдар,” - деп өзіне шапанын жауып, **сәлдесін, жүзігін, таяғын** беріп “үшеуін үш ағаңа өкеңнің аманаты деп тапсырарсың” - дейді. Бақмұхаммед Сығанақ қаласына келсе халқы бір - бірімен қоштасып, көрісіп жатқан жағдайға душар болады. Жағдайды сұрастыра білсе, осы елдің бұрынғы патшасы (ол өз кезінде “қожаларды” жақсы құрметтейтін болған көрінеді) дүниеден өтіп орнына баласы патша болыпты.

Бала патша: “”Қожа”, “Әулие” болсаңдар көрсетіңдер, ортаға сексеуіл үйемін, 40 күн ішінде кереметтеріңмен шырпысыз тұтандырып жағасыңдар. Олайша (отсыз) жақпасаңдар сендердің әулиеліктерің бекер. Бәріңді жойып жіберемін” деп шарт қояды. Шарттың бітуіне екі күн қалғанда Бақмұхаммед бабамыз Қожжан, Қылыш, Пірзада ағаларын тауып, әкесінің аманаттарын тапсырып, бауырларымен табысады. Екі күннен соң, патшаның уәделі 40 күні бітіп, халықты жинап, әскерме қоршап тұрады да: “Әулие болсаңдар жағыңдар!” -деп өмір береді. Сол кезде Бақмұхаммед бабамыз ортаға шығып, сексеуіл жанына барып “Я, һу” деп қолын сермейді, сол сәтте сексеуіл қағаздай лаулап жанып жүре береді. Сонда патша аттан қарғып түсіп, қасиетті бабамыздың қолын алады. Сөйтсе, патшаның мақсаты -халықты қыру емес “әулиені” табу екен. Содан патша ол кісіні хатшы етіп алған, кейіннен ішкі-сыртқы жағдайды саралап отыратын ақылшы-кеңесші, әрі қысылғанды жол табатын іс жүргізушісі болған деген де тарихи деректер бар.

Бұның бәрін кеңірек жазу себебім, біздер қазіргі қожа тұқымы осы бабалардың 47-ші ұрпағы болсақ та бабалар қасиеті дарыған әулетпіз. Бізден де кейінгі бауырларымыз өзінің тарихын, шыққан тегін, халыққа қызмет еткен ата-бабалар есімін құрмет тұтып, есте сақтаса деген ой. Нәшкенқожаның ағасы-

Әбусағықожа әкеміз де ерекше қасиетімен Ұлытау, Жезқазған, Торғай, Атбасар, Есіл, Ақмола аймағына танымал болған жан. **Әбусағықожа** әкеміз өзімен бірге туған бауырлары Махмет, Зейнел, Нәшкен, Мәжиттерден қара суды теріс ағызу, талма (ел арасында “жынды” деп те атайды ғой) аурулардан айықтыру сияқты қасиеттерімен ерекшеленетін. Әбусағықожа әкеміздің осындай қасиетін көзіммен көргенмін. Ол кісі 1959 жылы дүниеден өткенде мен он жастағы бала болсам да есімде, жан-жақтан (берісі Ұлытау-Жезқазған аймағы, арғысы Атбасар, Есіл, Торғай, Ақмола өңірінен) көптеген адамдар келіп емделіп сауығып кетіп жататын. Осымен қожалар жайлы әңгімемді аяқтаймын.

Ұлттың негізі атаға қарағанда, АНАда басымдау екенін ескеріп, енді анам-Хадишаның ата-бабаларының шығу тарихы мен шежіресіне тоқталсам.

“Киіз үйдің жақсысы ағашынан, жігіттің (адамның, азаматтың) жақсысы нағашыдан” деп халық даналығында айтылғандай, біздің анамыз — Хадиша Қазығұлқызы **Арғынның** ішіндегі **Жәдігер** руынан.

Мен өзімнің нағашыларымның **Арғын** руынан шыққанын мақтан етемін. Шежіре дерегінде алты арыс елді құрайтын бүкіл Орта жүз Қазақтың ортаншы баласы **Жанарыстан** тарайды екен. Арғынның таңбасы — көз (қос шеңбер), Ұраны—**Ақжол, Аманжол**.

Қазақтың бәрі де ғажап ақылды, оқымысты, дарынды, талантты, парасатты болғаны тарихтан белгілі. Алайда, арғын руына әр кез ерекше ілтипат, қошемет пен құрмет көрсетілетіні, әсіресе білімділігіне, парасаттылығына, ерлігіне қатты байқалып тұрады. Халық арасында мынадай өзіл әңгіме бар ғой: “Жамбыл Жабаев атамызға “Жәке, немістерді жеңдік” деп, қуанышты хабар жеткізген кісіден, Жамбыл баба “немістерді жеңгендеріңді білемін, арғындарды қайтпексіндер?” деп сұраған екен. “Арғын руының аса құдыреттілігінен емей немене деуге болады” деп ойлаймын кей сәтте !!!

Ел аузындағы әңгімеге зер салсақ, **Жанарыстың** екі әйелі болыпты. Бірақ екі әйелі де көпке дейін бала

көтермеген. Осыны ойлап **Жанарыс** күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалады. Әуелгі мақсатым ұрпақ өсіру деп білетін бабаларымыз соңына көп тұяқ қалдыруды ойлайды. **Жанарыс** өмірден перзентсіз өтемін бе деп ішкені ірің, жегені желім болып жүргенде, бір күні үйіне ел аралап жүрген алты қожа келіп қонады. Үй иесі қонақтарын барынша құрметтеп күтіп, алты қой сойып ас береді. “Кір қондарынды жудыр, аттарынды тынықтыр. Сойылған қойлардың етін тауыспай жібермеймін” депті **Жанарыс**. Бұған қатты риза болған қожалар алдарына үй иесі мен оның әйелдерін шақырып алып, баталарын беріп, жаратқаннан осындай ақ ниетті адал жандарға перзент беруін тілейді. “Атымызды бердік алты ұлға ата боласың” десіпті қонақтар кетерінде. Содан қожалардың тілегі қабыл болып, **Жанарыстың** әйелдері арыстай алты ұлды өмірге әкеледі. Алтауына алты қожаның есімін беріпті.

Бөйбішеден туған төрт бала—Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа. Тоқалдан — Есімқұлқожа (Смағұлқожа), Қасымқожа.

Қарақожадан—**Арғын**, Аққожадан—**Найман**, Ақтамбердіқожадан — **Қыпшақ**, Дарақожадан — **Қоңырат**, Есімқұлқожадан(Смағұлқожа)—**Керей**, Қасымқожадан—**Уақ** тарайды екен.(Бұл деректер М.Ж.Көпейұлының Қазақ шежіресі., А.,1993; Қ.Салғарұлының Қазақтың қилы тарихы.А.,1992 атты еңбектерінен алынды.)

Мен жоғарыда өз ата-бабаларымыз **қожа** екендігінен хабардар еттім, енді анам—Хадишаның түп тамыры **Арғын** атаның дүниеге келуіне де қожалардың қатысы болғанын айтып отырмын. Мына сәйкестікке таңқалмасқа шарам жоқ!!!

Ары қарай тарата түсіп, нақтырақ анамның руы—**Жәдігерге** жақындасам артық болмас деп ойлаймын. Қазақтың **Арғын** руы арасында Төртуыл атты ел бар, халық аузында “төрт ұл”, “төртауыл” деп те атап кеткен. Бұл төрт ағайындының, туыстың ұрпағы дегенді білдірсе керек.

Төртуыл деп Мейрамсопының **Сүйіндігінен** тараған ұрпақтарды атайды екен. Төртуылдың көпшілігі **Суғыншы** мен **Қаржастан** тарайтын көрінеді.

Суғыншының **Шуманақ** деген ұлының және **Қаржастың** ұрпақтары Баянауылды мекендеген, ал Суғыншының Мәжік деген ұлының ұрпақтары Ұлытау, Арғанаты тауларын, Қаракеңгірдің бас жағынан солтүстікке қарай, Терісаққан өзенінің бойын, әсіресе сол жағалауын, Есілге құяр жеріне дейін қоныстанған.

Мәшнұр Жүсіп бабамыздың жазуынша: “Шуманақпен бір туысқан Мәжіктен Малай, Жәдігер. Жәдігерден Бәйтiк, Шоқай, Сары. Бұлар Малай-Жәдігер ұрпағы” (Көпейұлы М.Ж.Қазақ шежіресі.,А.,1993)

Малай, Жәдігердің Шоқайынан — Қосан, Қосаннан — Байбол, Байболдан — Пұсырман, Пұсырманнан — Шыныбай, Жанықұл;

Шыныбайдан — Қазығұл (менің анамның әкесі), Қазығұлдан — Қамзақан, Құсайын, Хадидша, Молдахмет;

Қамзаханнан — Орынбасар, Ғалияш, Құсайыннан — Марат, Бәтеш, Қуандық, Мұрат, Молдахметтен — Гүлманат;

Жоғарыда “*Өзім жайлы*” деген тарауда айтып өткенімдей, Қазығұл нағашымның ұрпақтары, анамның көзі тірі бауырлары, яғни Қамзахан мен Құсайын, Молдахметтің балалары осы Ұлытау—Жезқазған аймағында өмір сүруде.

Ал, *Жанықұлдан — екі қыз: Қайролла, Рақыш, бір ұл Ұлмұқан, Ұлмұқаннан — бір қыз Жәмила, бір ұл Ғабдолла* туған.

Нағашы апаларым: Қайролла мен Рақыштың (өзіммен аттас) балалары, менің бөлелерім—Рахметолла мен Рәбиға; Мүгілсім, Бөкей және Өмірзақтар Жезқазған-Сәтбаев қаласында бала-шағалары және немерелерімен тамаша ғұмыр кешуде.

Елден жырақта, ағайын туғандардан алыста жүрген нағашымыз *Ғабдолладан (Қабылдаш) — Ермек (Ермектен — Думан), Еркін (Еркіннен — Қуаныш), Беркін (Беркіннен — Ұлан), Мақсат, Жан* туған. Ғабдолла—нағашымыз жанұясы, бала-шағасымен 1970 жылдан Алматы қаласында тұрады.

Нағашы апамыз Жәмиланың балалары: Ақмаш, Ахат, Биғайша, Ғайша, Анарлар Жезқазған қаласында тұрып жатыр. Данышпан қазақ халқымызда “*екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату*” деген

I. Қажы Мәдіқожа

(Диуана) - 5 бала

Қожа Жақан(Қожжсан қожа), Қылыш,
Ғабдырахман, Пірзада, Бақмұхаммед

II. Қожжан қожа(қожа Жақан) – 9 ұл

1. Қожакәлән

1.2. Заманнан – 4 ұл (Қарақожа, Ханқожа,
Әлімқожа, Файзоллақожа)

1.3. Сүлейменнен - 4 ұл(Асқар, Арыстан, Үббі,
Махмұт(Мамұт)

1.4. Қылуеттен – 2 ұл (Нұралы, Ералы)

1.5. Нияздан - 3 ұл(Жошыхан(Жайнақ),
Мосыхан(Мойнақ), Қошақанқожа

1.6. Болаттан - 5 ұл

(Нәубет, Сапар, Момын, Арғынбай, Аппақ),

1.7. Қажымұхаммедтен(Әжіқожа) - 2 ұл

(Байторы, Батса)

1.8. Бақмұхаммед(Бабақожа) - 1 ұл(Қалмұхаммед)

1.9. Сайдмұхаммедтен(Ерсейітпенбет) - 10 ұл

(Шоң, Әбдіжаппар, Мырзақожа,

Сұлтанқожа, Батыр, Алмас, Міржан, Әбді,

Дәлу, Қамбатыр)

1. Қожакәләненінан – 9 ұл;
Бірінші баласы *Әбдіқожадан*-4ұл;
Әбдіқожаның бірінші баласы
Абайдулладан(Абылақожа) - 7 ұл;
Абайдулланың екінші баласы *Садыққожадан*-
3ұл;
Садыққожаның бірінші баласы
Жабазақожадан – 7ұл;
Жабағықожаның алтыншы баласы
Омарқожадан-2ұл;
Омардың бірінші баласы *Сүлейменқожадан*-
1ұл;
Сүлейменқожаның жалғыз баласы *Жұрыннан* -
1ұл;
Жұрынның жалғыз баласы **Мұраттан** – 3ұл
(*Мәлікзатхан, Ғалымжан, Мүсіреп*);

7. Қажымұхаммедінен(ӘЖІҚОЖА)-2ұл

(*Байторы, Батса*);
Әжіқожаның бірінші баласы *Байторыдан* - 2 ұл
(*Күн қожа, Қизаш*);
Байторының *Күнқожасынан* - 3 ұл
(*Тұрсын“Келгенбай”, Ашамай, Қорғанбай*);
Тұрсыннан(*Келгенбай*) - 5ұл
(*Ханқожа, Арғынқожа, Әлқожа, Балқожа,*
Қыпшақ);

7.1.Тұрсынның (Келгенбай)

Ханқожасынан-5 ұл (*Ыдырыс, Ысқақ, Иса, Балта, Смағұл*);

7.1.**Ыдырыстан** – 5 ұл (Махмет, Абусағы, Зейнел, Нашкен, Мәжит);

7.2.**Ысқақтан** - 1қыз (Шәмсия);

7.3.**Исадан**-дерек жоқ;

7.4.**Балтадан** -1ұл (Тобық - әрі қарай басқа дерек жоқ);

7.5.**Смағұлдан** – 1 ұл, 1қыз (Насреддин, Қальш);

1.Ыдырыстың Махметі:

1.Махметтен – 4ұл (*Науханбай, Тәжікен, Қазыкен, Терлікбай*)

Науханбайдан – 4ұл (*Темірхан, Теміржан, Орынбек, Қорғанбек*)

Темірханнан – 1ұл (*Нұрлыбек*);

Теміржаннан-2ұл (*Жайнабек, Сарқытбек*);

Орынбектен -1ұл (*Ислам*)

Тәжікеннен-3 ұл (*Әмірғали, Мұратбек, Әмірбек*)

Әмірғалидан-2ұл (*Дәуренбек, Олжас*);

Мұратбектен-2ұл (*Елдос, Жандос*);

Әмірбектен – 1ұл (*Мұхаммед*)

Қазыкеннен -2 ұл (*Бақытбек, Маратбек*)

Терлікбайдан -1ұл (*Серік*)

II. Ыдырыстың Абусағысы:

II. Абусағыдан - 2 ұл (Совет, Жаңабай)

1) Советтен - 5 ұл (Нұрлан, Нұрман, Құрман, Нұржан, Тілеужан)

Нұрланнан - 1 ұл (Ардақ);

Нұрманнан - 1 ұл (Алмас);

Құрманнан - 1 ұл (Азамат);

Нұржаннан -

Тілеужаннан -

2) Жаңабайдан - 2 ұл (Дархан, Дәурен)

III. Ыдырыстың Зейнелі:

III. Зейнелден - 1 ұл, 1 қыз (Ахат, Зәкен)

1) Ахаттан - 2 ұл (Серік, Октябрь "Серікбай")

Серіктен - 3 ұл (Жасұлан, Марғұлан, Еркебұлан);

Октябрьден (Серікбай) - 2 ұл (Жомарт, Елдос)

IV. Ыдырыстың Нашкені:

IV. Нашкеннен - 3 ұл (Рахат, Қуаныш, Амандық*Аманай*)

Рахаттан - 4 ұл (Талғат, Болат, Қанағат, Дулат);

Талғаттан - 1 ұл (Фархад);

Болаттан - 2 ұл (Асхат, Құрмет);

Қанағаттан - 1 қыз (Үмітжан);

Дулаттан - 1 ұл (-----);

Қуаныштан - 2 ұл (Бағдат, Қанат);

Бағдаттан - 2 ұл (Сағадат, Санжар);

Қанаттан - 1 ұл (Нұрқожа)

Амандықтан (Аманай) - 3 ұл (Сағат, Сәбит, Думан)

Сағаттан - 2 ұл (Бақдәулет "Нұрдаулет", Дидар)

Сәбиттен -

Думаннан -

V.Ыдырыстың Мәжиті:

Мәжиттен - 1 ұл, 1 қыз (Хамза, Альфия)

Хамзадан - 2 қыз (Гүлмира, Ырысты)

7.2.Ханқожаның Ысқағы:

Ысқақтан - 1 қыз (Шәмсия)

7.3.Ханқожаның Исасынан (дерек жоқ;)

7.4.Ханқожаның Балтасы:

Тобық-ұрпағы жоқ

7.5.Ханқожаның Смағұлы:

Нассрадиннен - 4 ұл (Ертай, Мықбай, Қоныс, Жүніс)

Ертайдан - 5 ұл (Тілеу"Төкеш",
Болат, Қуаныш, Жанат, Талғат)

Тілеуден(Төкеш)1қыз(Сәуле);

Қуаныштан-2ұл (Дәулет, Қайрат),

Талғаттан-1ұл (Бейбіт);**Болат** ; **Жанат**__

Мықбайдан - 2 ұл (Серік, Айдос)

Серіктен -2 ұл (Айдар, Данияр); Айдос__

Қоныстан-5ұл (Қанат, Марат, Бағдат, Сағат,
Мұрат)

Қанаттан-1ұл(Арман);Мараттан-1ұл(Талғат);

Бағдат; Сағаттан-1ұл (Абай); Мұрат_____

Жүністен - ұрпақ жоқ

7.2.Тұрсынның(Келгенбай)

Арғынқожасынан(Арын)-2 ұл

(Әбіш, Нұрғали)

Әбіштен -2 ұл (Кәрім, Айтқожа)

Кәрімнен – 4 ұл (Марат, Болат, Шадат, Алмат);

Мараттан-2 ұл (Асылхан, Асқат);

Болаттан-1ұл (Мейрамбек);

Айтқожасынан-1ұл(Самат)

7.3.Тұрсынның(Келгенбай) Әлқожасынан-

ұрпақ жоқ

7.4.Тұрсынның(Келгенбай)Балқожасы

Балқожадан-3ұл

(Құрмансейіт, Жазыпар, Қожамсейіт)

Құрмансейіттен-2ұл(Мұхиден, Жеңіс)

Мұхиденнен-3 ұл

(Қуанышбек, Асқар, Болат);

Жеңістен -1ұл(Арман)

Жазыпардан-1 ұл (Назкен)

Нәзікеннен – 3 қыз(Орын, Мереке, Мәрия)

7.2.Тұрсынның(Келгенбай)

Қыпшаққожасы-2 ұл (Нәби, Сәтім)

Нәбиден – 1 қыз (Сарқыт)

Сәтімнен - ұрпақ жоқ

нақыл сөз бар ғой. Менің бөлем Ақмашпен араласымыз бен туыстық жақындығымызды, сыйластығымызды, өзімше аса жоғары бағалауымымнан болар, туыстар бас қосқан жерде “Ақмашқа риза болғаным үшін осы мақалды былайша өзгерттім” деп күлдіремін көпшілікті “екі аяқтыда бөле тату, төрт аяқтыда бота тату”.

Жалпы шежіре тарата білуге байланысты айтайын дегенім: ұлтымыздың өзгеден ерекшелігін бейнелейтін, қан тазалығын сақтаудағы дәстүрі де рулық тәлім-тәрбие негізінде қалыптасып шыңдалған десем артық айтқандық болмас. Негізінде “Малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы” деген халқымыз ар-намысты барлық сезімнен жоғары қойған. Оған да рулық дәстүрдегі тәрбие ерекше үлес қосқан. Қарапайым халқымыздың ақ пейілді ақсақалдары ұрпақтарына руды білуді үйреткенде өз араларынан ажырататын “жік” табу үшін емес, керісінше бір-бірімен жалғасатын “жіп” табу үшін үйреткен. Сол жіп арқылы туыстық пен құда-жекжаттыққа қол жеткізген халық емеспіз бе? Сондықтан да “Қарға тамырлы”, “Қарын бөлелі” қазақпыз деген нақыл сөз қалған ғой. Сонымен шежіре жайлы ойымды. ақын Иран-Ғайыптың “Бұқар-қазақ, Абай-қазақ, Мен-қазақ” деген өлеңінің мына бір жолдарымен аяқтаймын:

Өзірейіл келіп алсын мейлі жанымды,
Күнімді үлтеп, атырмасын таңымды.
Ұлтым қазақ екенімді жасырман,
Жасыра алман руымды, қанымды.

ТОҚСАН АУЫЗ СӨЗДІҢ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІНІ

Ұлытау — қазақ халқының ұлы мекені. Ұлытау— шежірелі өлке. Менің қолыма қағаз-қалам алып, осы жазу-сызуларды бастағандағы мақсатым, кітапшаны оқыған көпшілікке Ұлытау жайлы сәл-пәл де болса мағлұмат беру.

Өзім сол өңірдің тумасы болған соң, өскен ортам және қызмет еткен кезеңде куә болған жайлардан сыр шертіп, қазіргі дәуірде, яғни ХХ-ХХІ ғасырда Ұлытауда өткен оқиғалардың есімде қалғандарын баяндау. Көзі қарақты оқырмандардың Ұлытау тарихын әлі де біле түскісі келетіні болса, бір қажеттеріне жарар деп ойлаймын.

Себебі, Ұлытауды қанша аралап, Ұлытау жөнінде қанша оқысаң да таусылмас өңгіме, түбі терең тұңғыық сыр.

Бұл кітапты қолына алып оқыған көпшілік аз да болса, Ұлытаудың тарихы мен сол жерде қызмет атқарған ел азаматтары жайында хабардар болар деген сенімдемін.

Мен бұл еңбегімді анам **Хадиша Қазығұлқызының** рухына және қасиетті де, киелі топырағында туып-өсіп, еңбек еткен жерім— Ұлытау ауданының 70 жылдық мерей тойына арнадым.

Осы кітапты жарыққа шығаруға қолдау көрсетіп, демеуші болған азаматтар **Жезқазған қаласының әкімі Қанат Сұлтанұлы Балмағанбетовке**, Ұлытау ауданының әкімі **Жаңбырбай Әбдіжәмнитұлы Дәрібаевқа**, Астананың кәсіпкер **Сәлімжан Тілеуұлы Ысқақовқа** алғысым шексіз.

МАЗМҰНЫ

Ойлы оқырманға бірер сөз.....	3
Қойнауы-тарихқа, бауыры байлыққа толы, қазақтың құтмекеніжайлы толғаныс.....	5
Елбасы Ұлытаутуралы.....	14
Ұлытаудағы бірлік Монументінің ашылуы салтанатына қатысушыларға.....	18
Ел бірлігінің белгісі.....	20
Ән шашу: Ұлытауым.....	21
Ұлытаудың ұландары жайында білгіңіз келсе.....	25
Ұлытау қызы. <i>Фариза ОНҒАРСЫНОВА</i>	79
Мұқағали мұң шаққан Фаризаның сіңілісі.....	89
Сағындым, сағым жылдар.....	96
Рақыш.....	103
Дочь Улытау.....	107
Бірі—туған апамдай, бірі—туған сіңлімдей болған қазақтың аяулы қыздары.....	110
“Ұлытаудың” үнін Сардиния тыңдайды.....	114
Ұлытаудың мөлдір бір бұлағы.....	116
Жездідегі тау-кен және балқыту ісі мұражайының ашылу салтанатында сөйлеген сөзім.....	118
“Елі бар ер есімі ұмытылмайды”, — дейді	
Рәзия Рүстембекова апай.....	119
Мәдениетті қорғаймыз.....	122
Жаңа тұрпатты мемлекетті қалыптастырудағы ішкісаясаттың орны.....	126
Роль внутренней политики в формировани государства нового типа.....	130
Серпін сыйлар салтанат болса.....	137
Юбилейный год ставит перед нами новые цели...	142
Қамшыласаң алынбайтын қамал жоқ.....	146
Мемлекеттік тілдің мәртебесін қалай көтеруге болады?.....	148

Тәжірибені тарату—парыз.....	149
Сближает, а не разделяет.....	153
На уровне международных стандартов.....	157
Әлеуметтік сала — басты назарда.....	158
Әз наурыз - ізгілік мейрамы.....	161
Көргендерім мен көңілге түйгендерім.....	164
Қолтаңбалар-сыйластықтың куәсі.....	179
Арнаулар.....	190
Өзім жайлы.....	197
Шежіре—қастерлі қазынамыз.....	208
Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.....	218



“ЕЛ-ШЕЖІРЕ” ҚҚҚ – 2008 жылда

Бұл жылы Қор жанынан мынадай кітаптар жарық көреді.

“Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша “Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы” көптомдығы

- 8-том. Тұтас һәм мәңгі Түркістан идеясы.
- 9-том. Тұтас Түркістан идеясы үшін күрескендер.
- 10-том. Жетісу. 1916 жыл.
- 11-том. Жетісудағы жер мәселесі.
- 12-том. Ресей Отаршылдығы және дін мәселесі.

“Алаш мұрасы” сериясымен:

- 1. Алаш қозғалысы. Движение Алаш, 4-том.
- 2. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Көптомдық шығармалар жинағы, 7 – 8 – 9-томдар.
- 3. Телжан Шонанұлы. Шығармалар жинағы.
- 4. Тұрсын Жұртбай. Ұраным – “Алаш”. 1 және 2-том.
- 5. Кәрібай Таңатарұлы. Шығармалар жинағы.
- 6. Қайым Мұхамедханов. Көптомдық шығармалар жинағы. 6 – 7-томдар.
- 7. Шерубай Құрманбайұлы. Алаш және терминтану (1910-1930)
- 8. Діқан Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры.



“ЕЛ-ШЕЖІРЕ” ҚҚҚ

“Ел-шежіре ” қайырымдылық қоғамдық қоры (ҚҚҚ) әдеби, мәдени ортадан алыста жүрген қаламгерлер мен кітап шығарғысы келетін кез-келген азаматқа көмек ретінде, олардың жазған шығармаларын 20 – 30 % шамасындағы жеңілдікпен кітап етіп шығарып беретінін еске салады.

Кітап шығаруға байланысты кез-келген мәселе бойынша мына мекен-жай мен телефондар арқылы хабарласуға болады:

050009 Алматы қ., Абай даңғылы, 143-үй,

528 және 609-бөлмелер.

Телеф. 2-43-33-44.; 2-77-92-89.

Электр. почта elshezhire@mail.ru

*“Ел-шежіре” қоғамдық қорының президенті
Дидахмет Әшімханұлы*

РАХЫШ НӘШКЕНҚИЗИ

Ұлытауға тағзым

Редакторы З. Жұманова
Техникалық редакторы Ж. Айдос
Корректоры С. Темірова
Компьютерде беттеген Д. Оралгазыұлы

ИБ № 44

Теруге 15.05.2008. берілді. Басуға 27.06.2008. қол қойылды. Пішімі
84x108¹/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Times Kaz”.

Басылымы офсеттік. Көлемі 14 б.т.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс № **255**

“Ел-шежіре” қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 609-бөлме

ISBN 978-601-7011-26-0



9 786017 011260



**Ыдырысова Рахым
Нәшкенқызы**

«Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» «Еңбек ардагері» медалінің иегері.

Еңбек жолын 1971 жылы Жезді поселкесіндегі мектеп интернатта ұстаздықтан бастаған. 1977-1981 жылдары Жезқазған облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында әдістеме бөлімінің меңгерушісі.

1981 жылы Ұлытау аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы.

1985-1995 жылдар аралығында Ұлытау аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудан Әкімінің орынбасары.

1995 жылы Жезқазған облыстық білім департаменті бастығының орынбасары.

1997 жылдың қазан айынан бастап Жезқазған қаласы әкімінің аппаратында ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімін басқарған.

Қазіргі кезде Жезқазған қаласы Әкімінің кеңесшісі

